

Ж. Махметов

# Махмет Оразалин

Екінші кітап

Роман



Председатель Наурзумского райисполкома  
(1928-1930 гг.)

Астана 2018

Ж. Махметов

# **Махмет Оразалин**

Екінші кітап

Роман

Астана 2018

ББК 105 Каз.2-39

Ж84

Ж. Махметов

Ж-84. Махмет Оразалин. - Астана 2018.

Екінші кітап. Роман.

**ISBN 7528-23-872-7**

Ж 584672024-51 2018 400(07)-05

ББК 105.Каз.2-39

Астана.2018

**ISBN 7528-23-872-7**

Алдында аздап мызғып кетсе керек, түні бойы көз ілмеді. Кешеғана қаладан оралған беті, обылыс басшысының қабылдауында болып: Махмет Оразалин жолдас! Жаңа құрылған аудан тағыдырын, тек қана саған сеніп тапсырып отырмыз, мынау сол болашақ ауданның картасы, 18 ауылдық советтен құралады, «жаппай колхозға» көшіру үкімет бұйрығы, деп біліңіз, көшпелі қазақтарды тоқтатып, елді мекенге айналдыру, бүгінгі күннің «партия талабы» тәжірибең бар, қолыңнан келеді, әлі жассың!-деп екі қолымен құшақтап бауырына қысып, қоштасты.

Стол үстінде жайылған сол карта, тігілген алты қанат ақотаудың, көл жағасындағы «штаб» кеңсесі, жатақ орныда сол болатын.

Махмет обылыс орталығынан оралғанша, Төлеміс ұйымдастырып, отауға іргелес, кигіз үйлер тіккізген. Құмға оранған Науырзым кенті, аудан орталығы болып бекіді. Көлдің әсем жағасы, болашақ аудан орталығына лайықты болып, жазық дала беткейімен ұштасып, аспанмен таласқан зәулім қарағай ағаштары, орманды алқапқа жайылып, көл жағасына төне түсіп, сұлу бейнесін, дала өңірімен жалғай түскен. Көгілдір тартқан тамаша келбеті, ауа толқынымен ілесіп, таза ауаның жұпар иісі, түнектен түсіп, көңіліңді жай еткендей сезінесің.

Қауырт жұмыс алда тұрды. Тез арада, бастап кетуге бекінді. Бұрыннан өзіне таныс досы, партия қызыметкері Михайловқа Төлемісті, жіберіп, құрлыс маманын алдыруға, көмек сұрап, сәлемін жолдады. Өз ат арбасын беріп, пары атпен, қара жорғаны, түпке жеккізіп, тез оралуын тапсырды. Жүйіткіген аттар, қыр мен дөңес асып, ауылды белді басып, қалаға келіп бас тіреді. Бірден Михайловты тауып алып, Махметтің сәлемін жеткізіп, істің тез арада шешілуін күтті. Михайловта обылыста болғанда Махметке сенім артып, бар көмегін беруге уәде еткен.

Ол Сезовты шақырып алып, аудан құрлысына баруды тапсырып, әдейі арнаулы көлікпен келгенін ескертіп, баруға дайын етті. Сезов білікті құрлыс маманы, Ресейден бітіріп келіп, қаланың үлкен ғимратын салуға қатынасқан. Ақыл тоқтатқан байсалды жігіт көрінеді. Тұс ауа бере жолға шығып, Науырзым бағытымен қара жолға, шыққан ат жүрісі, екпіндеп желіп отырды, қанша алыс болғанмен қара жорғаның адымды қадамы, дөңестерді басып, Көкбие аймағынан асып түсті. Құлазыған даланың жалпақ жазық беткейі, қалың өскен көдемен жусан аңқыған дала төсі, жұпар иіске молайтып, көңіліңді ала берді, Сезовтың бұл даланы бірінші көруі, аң-таң көз алмастан жан-жақты байымдап қояды. Ойында бар көшпенділер жері осы екен, деп ой түйгендей болады.

Расында, құстан басқа, жан адам баспаған аймақ, қазақ жерінің кеңдігі осында еді. Енді міне, елді мекен орнап, тұрақты жер, колхоз орнамақ, жайлым малда, егінде осында болмақ, бұл жана «дәуірдің» алғашқы қадамы болмақ. Төлеміс екеуі, әңгіменің байланысын осы өңірге арнады. Сезовта білгір, айанып қалмаудың жолын айтып, жаңа орталықты салуға сөз берді. Күн ұясына бата бергенде, алыстан

мұнартқан, қалың ағашты көріп, жарқыраған көлді көріп, табиғаты сұлу жердің мекенін сөз етіп, істің оңға басатынын, біраз әңгімеледі. Төлемісте қуанған рай танытып, оның әрбір сөзін қосшап отырды. Асыға күткен жергеде келіп, ақотауға бас тіредік. Махмет бірден қарсы алып, қонағасы бергізіп, алдағы жұмысты түгел баяндап, жаңа орталықты салудың, жоспарымен таныстырды.

Жайылған картамен біраз танысып, осы тұрған аймақты бірден қалап, тамаша орталық болатынына сендірді. Ертеңіне үлкен ғимраттардың орнын белгілеп, қазық қағып, құрлысты бастап ала жөнелді. Жаңа ауданға, жаңа жерге ағылған жұрт, алыс-жақыннан келіп, құрлыс бригадаларын жасақтап, сала бастады. Қоғабайда естісімен мәселе қозғап «студентік-отрядымен» келіп, мектеп құрлысына кірісіп, жаңа оқу жылына дайын етуге сөз берді, оп айдалып саман басылып, аз уақытта қабырғасы көтеріліп, төбесі жабылды.

Қоғабайдың жұбайы Ғалия сылақшыларды ұйымдастырып, сылап үлгірді. Сезовтың Ресеймен байланысы үзілмеді, бірнеше көлік легін жіберіп, Челябыден есік пен терезе үлкен ғимратқа алғызды, «пиларама» әкеліп, ағаштың құрлысқа керекті, материалдарын көптеп тілгізіп, тоқтаусыз жұмыстың барысын бақылап, Төлеміс екеуі дамыл таппады. \* \* \*

Махметте тез салудың жолын көрсетіп, бүкіл басшылықты осыларға сеніп тапсырды. Жаңадан бірнеше көше бой көтеріп, жұрт жаңа қонысқа кіре бастады, қырдағы ескі үйлерді тастап, құмды көшкін басқан, әр жердегі топ үйлер құлатылып, жаңа орталық көл жағасынадағы жазық алаңнан орын алды, сұлу келбетін көргендер таң қалып, жаңа заманның көрнісі деп бағалады. Мектеп пен Аудан кеңсесі бітіп, жаңа орынға кіре бастады.

Жаңа оқу жылыда таяп қалды, Махмет Төлемісті шақырып алып: Сен көп күткен жарыңды әкел, мен арбамен көсемдеп жеккен қара жорғаны дайындатып қойдым, Ақжарқын өте білімді, ақылды қыз, мынау жаңадан салынған мектепке директорғып бекітемін, Шиліге барып, үй біткенше, осы отауға түсір, Құндызға айтып, жеке күйгіз үй дайындатып қоямын!-деді. Құндыз бүкіл қыз-келіншектерді ертіп, отау ішіне кілем ұстап, төсек төселіп, төсағаш қойылды, жұмсақ мамықпен жастықтар тасталып, ішін әсемдеп үлгірді. Ғалияда әпкесіне көмегін аямады, кигіз үй түгелдей ақ матамен қапталып, танымастай өзгерді.

Қара жорға Шилі өңіріне өзі бастап, желіп отырды. Төлемістің алып ұшқан жүрегі, бойын қуаныш билеп, сүйген жарының, енді сәті түскендей, көп жылдар, аралары үзіліп, кездесе алмағанын ойымен қорытып «орамалын» қолына алып, Ақжарқынды сендіруге бекінді. Отырған қыз атансада Төлемістен күдерін үзбеді, қаншама жігіттерде сөз айтып көндірудің амалын таба алмай, қапыда қалғандар қаншама? Ақжарқын өте сұлу келбетті қыз, Жігітте ақшыл жүзді, әдемі тұлғасымен қыз қызығатындай, әсем біткен бейнесі бар, жігіттің төресі дерсін.

Махметпен бірге өскен туған ауылы, алыстан мұнартқан қалың орман ағашы, биік өскен теректер аспан мен таласқан көрністері, сарқырап аққан бұлағы, қырат толған көк майса шөптері, гүл өскен ауыл маңы, қызыл-сары түске боялған келбеті, жұпар иісі аңқыған дала жақтары бірден бойынды алып, басқаша рай танытады. Келген бетімізде осы еді, көше бойлап қыз үйіне барып бас тіредік. Жарқырап көрінген, ат арбаның келбеті, қоңыраулы ат жүрісін, бірден көрген ауыл адамдары, қоршап алды.

Бұл Махметтің қара жорғасы, деп танып, жинала бастады. Бірі Төлемістің бетінен сүйіп жатса, бірісі көрісіп құшақтап аймалап жатты. Жиналған жұртты бірден байқап қалған, Ақжарқын тез киініп, басына камшат бөркі, қызыл көйлегі, беліне жарасқан камзелі, қалың шашын артына беріп, сұлу жүзімен есіктен шыға келгенде, қалың жұрт танымай тұрып қалды, Төлеміс әдемі киінген келбетімен қарсы жүріп, құшағын жайып Ақжарқынды құшақтай алды, көзіне жас алған қыздың мөлдір көзінен аққан тамшы, жігіттің қолына тиіп су қылды, үзілген махаббаты су сепкендей басыла қалды.

Ақжарқын ашылып, бойын суытқандай қалып танытты. Төлеміс қолын алмай : Жаным саған не болды? Өте сағындым!-деп жетектеп үйге кіре берді. Төлеміс шыдап тұра алмады, оңаша болғанын сезініп Ақжарқынды құшақтап, аузынан сүйе бастады, бауырына тартып асыл денесін, белінен ұстап өзіне жақындата берді. Ақжарқын күлімсіреген жүзін көрсетіп: Сен тұра тұршы, осы уақытқа дейін қайда жүрдің? Неге хабарласпадың?, ат түзіңді салмай кеттің, мол кеттің!-деп тағыда жыламсыраған қалып танытты.

Жоқ жаным мен сені ешқашан, ұмытқан емеспін, мынау берген сертің «орамалың» ылғида ойыма түсіріп, күніне бетімді бір сүртіп қоямын, жұмыс көп, Махметке жаңа аудан тұрғызу жүктелді, жаңа мектеп жаңа оқу жылына дайын етілді, сені сол мектепке директорлыққа бекітті!-деді Төлеміс. Распа?-деді Ақжарқын көзінің жасын сүртіп, жылы қабақ танытқандай болды. Мен енді сенсіз жүре алатын емеспін, бүкіл халық далада күтіп тұр, екеуміздің қосылып, үй болуымызды қалап, шығарып салғысы келіп «ақ жол»тілейді емеспе?-деді Төлеміс құшақтап аузынан сүйді. Ақжарқында қолымен мойнына оралып, бетін Төлеміске бере түсті, екеуі біраз сүйісіп мауқын басқан соң, даладағы ел-жұртпен қоштасып, жыласып айрылды. Ақжарқынды жұмсақ арбаға отырғызып, көсемдеп жеккен аттар желісімен екпіндеп ауданға бет түзеді.

Самал соққан жел бағыты, баюлап барып, бетке соққандай, жылылық танытып қояды. Алыстай беріп, сұлу табиғатымен, орманды ағашымен, көк жасыл гүл өскен, аймақты артқа тастап, дала сағымымен жалғасып, қара жол бағытын ұстап, салып келеміз.

\* \* \*

Төлеміс Ақжарқынды белінен құшақтап, өзіне тартып, тамағынан сүйіп қояды, сағынышы басылмаған жарының, сұлу жүзіне қарап, қапалансада бақытты етуге

уәдесін беріп, көңілін аулай берді. Ақжарқында шын жүрегімен сүйетіндігін айтып, Төлемістің құшағына еніп, бетін жақындатып, жұмсақ ернін тоса берді. Отырыстары күлкімен жалғасып, қыздың асыл денесін бойынан шығармай, құшағын айырмады. Жүрек толқыны лаулаған оттай болып, жалынды дене қызулары басылмады, өрши берді, бұлда бір көп жылғы сағыныштың белгісі болғандай болды. Алыстан көрінген, қалың қарағайлы алқап, көкке бой алған мұнарлы ауа толқыны көзінді алып, тамаша рай танытқандай елес береді. Көк аспан күмбезі, жарқырап шыққан күн көзінен нәр алып тұрғандай, жаздың әсем күндерін ерекше толқытып, кең аймаққа нұрын шашып қояды.

Жазық даланың бейнесіде өзгеріп, көк басқан жер беті, қалың өскен шөбімен, гүлдене түскен. Жас жұбайының сымбатыда, жарқыраған құлағындағы тағымы да, мойнына оралған асыл тасты мойыншағы да, көрік беріп, сұлу жүзін аша түскендей, елес береді, бұлда болса жарының сымбаттылығын көрсеткендей болды. Төлеміс сол келбетін қатты сүйді, асыл жарының, көңілін бір сәт түсірмеуге уәде етіп, сөзбен бөлісіп отырды.

Арман бигі қалықтаған айдың көлдің аққуы құсап, «мәңгілікке» махаббат сырын, аша түсті, енді айрылмасқа бекініп, бірін-бірі сүйумен жалғасын тапты. Камшат бөркінің үкісі, маржан мен алтын тағымы, қима беліне жарасқан ою-өркешті желетке сәні, мойнына қызыл ормалын байлаған, сұлу жүзі құлпыра түскен Ақжарқын келеді. Оның бейнесінде шапақ атқан ал-қызыл қуаныш ажары бар. Маңдайы жарқырап, бақыт босағасын шын теңімен жаңа ғана, осы сәтте ғана аттағалы келе жатқандай. Жүрегіде асыл денесінің, бойындағы «қыз бақытын» бүгін ұзақ жылдар бойы күткен жарына, ашылуы болды.

Арман ойы да, осы кезді күткен еді. Көңілді бейнесімен жарасқан екі жас, арбаның жұмсақ төсегінде, бірін-бірі құшақтап аймалаумен сағынышын басқандай, сүйумен шектеле берді. Ақжарқын кеңінен ашылып, өзінің шығарған «Сағыныш» әнін, жарына арнап шығарған керемет дауысымен шырқата жөнелгенде, алып ұшқан қос жүрек, кең даланың бойына жетіп, бақыт құшағында болғандай, әсем толқынмен балқи түсті.

Әп-сәтте дала өңірінен, қалай келіп қалғанын бірақ білді. Қоңыраулы жарқыраған алтын жалатқан қара жорға бойындағы әбзелі, күмістей күн шұғыласымен беттескендей болып, кимелі арба, «ақотауға» барып кілт тоқтады. Ал-қызыл сәнді маталармен ұсталып, безендірілген отаудың іші-сырты, кісі танымастай өзгеріп, ішіне ақ батсайыдан шымылдық ұсталып, дайын еткен. Соларды ұйымдастырып, тамаша еткен Құндыз қыз- келіншекті өзі бастап, арбадан Ақжарқынды түсіріп алып, басына ақ шалы жауып, есіктен кіргізіп, шымылдық ішіне жайғастырды.

\* \* \*

Ән-жырда айтылып, күмбірлеген домбыраның назды үні, алысқа шығып, түні бойы толастамады. Бағылан сойылып ас берілді, ойын –той түн ауа аяқталып,

көңілді-күлкімен тарасты. Ақжарқын мен Төлеміс оңаша қалды, маңайда тыныштық орнап, жағадағы көлдің самал лебі, жел мен қоса толқып, отаудың түнегінен түскен жұпар иіс, бірден бойларын алып, ширатып тастады. Қандай тамаша ауасы, бойынды селдіртіп, көңілінді өсіріп жіберді!-деді Ақжарқын. Төлемісте бұл керемет!-десті. Төлеміс Ақжарқынды жалма-жан белінен құшақтап, ақ төсекке қарай жылжыта берді. Қызда кимін шешіп жеңілденіп, қалғанын байқаған жігіт, құшақтаған бойы, жылжумен жұмсақ мамыққа жатқыза берді, басына қос жастық салып, көңілін ала түсті.

Аймалап, еркін құшағын жайып, асыл денесін баурына тартып, ыстық ернінен сүйе бастады. Қызда қолымен мойнына оралып, қызу денесін, жарының бойына бере түсті. Қуатты жігіт шыдамады, алып денесін, қос қыраттың арасына бейімдеп, қыз денесін бойына тартып, лаулаған жалын оттай балқыған қызуы, алтын бақтың ішіне кіргендей болып, нұр сәулесіне шомылғандай болды. Қос жүрек бір-бірімен табысып, бақытты өмір жолына қарай беттей берді...

Махмет жол үстінде. Жол бойы ауыл-сол ауылдан өте бергенде, қоңыр тартқан кара үйлер, малды ауыл деп қаласың, сұрқы бөлек, мал қоралары да байқалмайды. Өзен жағасына тігілген кигіз үйлер, құрым кигіз, жүдеу, жырттық, қоңыр тартқан. Ауыл айналасында ірі қарада сирек. Қотанда қойдың сауатын желіде жоқ. Анық ауыр жоқтықтың, кемтар кедейліктің кейпін танытады. Бұл Көктал ауылы болатын. Келген соң, бағытымызда осы болатын, елге соғып, халықпен тілдесіп, совет құрып, колхоз ұйымдастырып күн-көріс жағыдайын жасап, жұрттың жоқшылығы, житін наны жоқ- ашаршылық, әліпті таяқ деп, білмейтін қараңғылық басқан ауылдың келбеті, бәріде бұл өңірдің осындай болып, азып-тозғанын есіне түйіндеп, орталық алаңға жиналуды Махмет бұйрық етті.

Жиналған адам көп болды, елді мекен, қоныстардан түгел жиналды. Кең маңдайлы, ажарлы жас жігіт, алаңда алдарына шығып сөз алды: Махмет бірден өзін таныстырып, қасындағы жаңа құрылған Науырзым ауданның орган адамдары мен НКВД қызыметкерін таныстырып өтті. Махмет Алғашқы күннен бастап, ауданның бүкіл саладағы қызыметкерлерін бекітіп үлгірген. Біз көрген көлеңсіз жағыдай, аштық пен жалаңаш, жоқшылық пен кедейшілік, сауатсыздық пен надандық орын алғанын бірден байқадық. Бұлай өмір сүруге болмайды, ұйымдасып бір тіршіліктің көзін ашу керек, әйтпесе құрдымға кетесіндер, біз көріп тұрып бұл жағыдайға жібере алмаспыз, ұйымдасқан колхозға кіру керек «көп түкірсе көл болады» деген қазақ, сонда ғана «житін наның болады,- алдыңда малың болады». Өздерің жиналған көп дауыспен, кімді қалайсындар, біз сол адамды, колхоздың председатілі етіп бекітеміз.

Бір ғана бұл жерде емес «жаппай колхозға көшіріу» үкімет бұйрығы, ал барлық жер, қонысты аймақтың бәрі, колхоздың қарамағына өтеді, өзінің жекешеленген шекарасымен бөлінеді, барлық іс өздеріңнің «правлениесімен» ақылдасып шешетін боласындар. Сондықтан уақыт өткізбей, қолдағы барын біріктіріп «ортаға салып»



жұмыла өздерінің күн көрісін үшін, пайдаланғаның дұрыс!-деді Махмет көпшіліктің назарын өзіне аударып, жиналған халыққа жеткізе білді. Сонда ғана нанда –етте болады!-деді. Топ арасынан егіде тартқан, көпті көрген, көне кісі жұрт алдына шығып: Менің атым Сырым, кешегі байсымақтардың малын бағып, жалшылықпен күн өткіздім, сондағы алғаным бір-екі малымды, қыста сай –жыраға паналатып, көтеремғып, әрең шығардым беретін шөбім болмады, қорада жоқ, сайды ықтасын еттім, жалғыздықтың күні құрсын, мен бүгіннен бастап колхозға кіремін.

\* \* \*

Бірақта, бәрі бірдей колхозды керек етпейді, біз сыяқты соры шыққан, кедей емес, Сарықопаны Байталы деген, ағайындарымен иешілік етіп, маңайына халықтың малын жолатпай, барса қағып тастап, шетінен бау кеспе ұрылар пана еткен, бүкіл жайлымды орап алып, қысты өзеннің қалың қамысына қыстатып, үйір жылқы мен ірі қараны, топтап ұстап, ешкімге бағынбай, кеудесін ұрып «екі-үштен»катын алып, жендеттерімен сайрандап жүр!-деді Сырым батылдық танытып, айтқан сөзіне бәріде ризалық білдіріп қол соқты. Сырым біздің өткір, сөзге шешен, айтатын жерін біледі!-десті.

–Махмет салған жерден: Байталы бар ма? Әлде ағайындарынан кім бар?-деді. Ешкімде жоқ!-десті жұрт шу ете қалып. –Тағыда жұрт алдына Қоңыр деген жас жігіт шығып: Біз бәрімізде мүше боламыз, әкеден қалған өгізді арбасымен пайдалануға беремін, өзім байталыммен оп айдап, саман басып, үй тұрғызамын!-деді. Сөйлеушілер көп болды, жаңа өмірді түсінген халық лек-легімен келіп, мүшелікке өте бастады. Жиын қызу үстінде өтіп жатты.

Әлден соң, көше жағынан жылаған қыз дауысы қатты шығып «құтқарындар»деп, жан ұшырып, жүгіріп келеді. Елең еткен бүкіл жұрт, екіге жарылып жол берді. Үстіне киген көйлегі түк тамтығы жоқ, паршасы шыққан, боюдай жылаған, көз-басы ісініп кеткен, денесінде көкпеңбек таяқтың орны, зорлықтың құрбаны болған, қызды айап кеткен қалың жұрт ашуға басып «дүр» сілкінді. Өне көрмейсіңдер ме? Аюанның ісі осы!-десті, қызды көргендер шошып, үстіне қалындау шапанын жапты.

–Махмет жалма-жан милиция тобын жіберіп, қарулы жасақтар оларды бірден ұстап қолдарына кісен салып, алаңға топтап айдап әкеп тастады. Байталы күйездік танытып: Мені босатындар, сендерге мұқтаж емеспін, «өз малым, өз жерім, өз жайлауым» бар!-деді. Тоқтат аюан! Сенің көксеген заманың біткен, қос-қостан қатын алып, мынау жылап тұрған жас қызды, алып қашып келіп, зорламақ болғаның, таяқпен ұрып денесін боюдай еткенің, шыдая алмаған қыз өзінің өжеттігімен қашып шығып, алаңға келіп пана тапты. –Мынау тұрғандар кедей халық, өмір бойы жапа шегіп, әркімнің қол астында болып, жалшылық пен жоқтықтың зарын тартып, келеді.

Сен болсаңдар сайрандап, халықтың күн көріп отырған жалғыз сиырын, айдап әкетіп, ұрлықпен көздерің шығып, бүкіл жайлымын тартып алып, үстемдігінді орнатып, осылайша күн көрем деп, ойладың ба? Жоқ! Біз ондайға жібермейміз, мынау сот шешімі: Байталы бастаған топ өздерінің ағайындарымен, «конфескация» кезінде, бүкіл малын ағайындарына таратып беріп, «тығып» жайлау асырған, көптеген үйір жылқылары мен ірі қаралар табынымен, қойларға дейін көптеп ұстаған, солардың бәрін, бірінде қалдырмай жаңа құрылған колхозға табыс етілсін. Өздерін қазірден бастап, Сибирьге жер аударылсын!-деді Махмет қатты дауысымен оқып шығып, әрбіреуінің құлағына жеткізе білді. Бір-бір ат мінген қарулы милиция тобы, алдына ат арба жүргізіп, соңынан Байталыларды, қосақтап айдап, алып кетті. Сол кеткеннен мол кетті, біреуіде қайтып оралмады. Махмет жиынды қайта жалғады, өзімен қатар Қоңырды колхоздың басқармасы етіп сайлады, ауылдық советке Кенжені бекітті.

Махмет қыз Ақмаралға: Сен енді жалғыз емессің, оқуыңды бітірдің, ауылға мұғалім бол «бүкіл халықты сауаттандырып, хат танып, жаза алатындай білімге қол жеткізуіміз керек!»-деді. Ақмарал бірден келісіп, ауылына мұғалім болуға сөз берді. Махметтің ашан, сұлу жүзі ашылып, жұрттың назарын өзіне аударып: Міне енді сіздер қиындықсыз өмір сүретін, боласыңдар жанадан өздеріңнің тілектеріңмен сайланған, басқарма Қоңырға сенім артып, көмектеріңді аямандар, саман басып оп айдап, үй тұрғызыңдар, ең бірінші мектеп үйін салуға ат салысыңдар, олар болашақ азаматтар, келешекте сендердің орындарыңды басады, колхоз өмірін алға сүйрейтінде солар болады, басқарма Қоңырға айтарым: осындағы барлық кедейлердің күн көрісі үшін, «бұзаулы сиыр» таратып беріндер, олар еңбек адамдары, қайда жіберсең сонда барады.

Жұмыла кірісіп, мал шөбін дайындап, кедейдің малын қамтамасыз етуді ұмытпа, көктемгі егіске дайындалып, өгізді көбейтіп жер өңдеуді іске асырыңдар, тұқым береміз, халыққа нанды көбейту керек!-деп Махмет қатаң тапсырды. Тындаған көпшілік «бір кісідей жұмылатындығына» уәде етіп шығарып салды. Сонымен алғашқы «Көктал» колхозы құрылды, енді бүкіл аймақтарды аралап, тез арада «жаппай» колхозға көшіру жұмысы басталды. Осы аймақтың бәріне ат шаптырып, алаңға жиналуына, жанадан бекітілген ауылдық советтерге хабар жіберіп, бірін қалдырмай, тайлы-таяғымен жинауды бұйрық етті, ертең сылтау етіп, қиастық жасап, колхозға қарсы шығып, кіруден жалтарып, басқаны да үгіттеп, колхоз малын ұрлап, жайлымға от салуы мүмкін «жау қайда деме-жаныңда» болуы әпден. Сондай хабар қыз ауылына да жетті.

\* \* \*

Кимелі арба қос ат жегілген арбаға Ақмаралды отырғызып, Шөптікөл ауылына бет түзеді. Даңғыл жол, желіген екпіндеп, шыққан ат жүрісі, қалың өскен шөпті басып, Көктал өзенінің терең су беткейімен, ызғып келеді. Жадыраған жаздың толқынды ауасыда желмен қоса соғып, бетінді ала берді. Бұлтсыз аспанда

көгілдір тартып, көк жиекпен құлпыра түскен. Асау толқынды өзенде бүгін, сыр етпей, күн сәулесімен жарқырап, күмістей су беті келбетін беріп, әсемдене түскен. Өзен терең жағалы қамыс болғанмен балыққа толы екенін Махмет бірден аңғарды. Жағаға жақындай түскенде, ойнаған балық, су бетінен көтеріліп барып, шомп етеді. Құста аз емес, ұшып келіп жатқан қаздардың, тізбегі көзінді алады.

–Ақмарал бұрынғыдай емес, көңілді күйімен, ашылған жүзін көрсетіп, ауылының тұрмысын айтып сөз етіп қояды. Пысық қыз, басынан өткен, кешегі оқиғаны Махметке жайып салды. Мен оқуымды бітіріп, ауылға келгенімде сол еді, қас пен қабақта, ойымызда ештеңе жоқ анам екеуміз алдымызға шайды ала бергенде, денелі үш кісі кіріп келіп, маған бас салды, қол –аяғымды байлап, аузыма орамал тығып, араша тұрған анамды, кеудесінен итеріп жіберіп құлатты да, текеметке орап, даладағы тұрған қос атқа өңгеріп салып, төтемен бел асып, ауыл шетіндегі қатар тігілген кигіз үйдің біріне апарып, тықты.

Жылаумен көп жаттым, сыртқа күзет қойып, ешкімді жолатпады. Түн мезгілінің бірінде, есікті ашып, шал кісі, көзінде тыртығы бар, үстіне жеңіл шапан жамылған, жиде-дамбалымен, маған жақындай түсті. Зорламақ болған ойын түсіндімде, денемді ұстаған қолын тісіммен қыршып алдым, түні бойы менімен алысып, шаршаған болуы керек, ұйықтаған бетте сылтып шығып, бір үйге барып паналадым. Боюдай болып жылаған түрімді көріп, шошып кетті, үсті басым бәріде дал-дал. –Сол кісілер: алаңға бүкіл халықты жинап жатыр, осы қалпыңмен тез жет, аудан басшылары!-деді. Үйден шыға салып, жүгіргенімде сол еді.

Міне енді бақытым ашылып, анамды да қуантып, сіздей сүйеніш ағамыздың арқасында, аман қалып, бақытыма қол жеткізіп тұрғанымға қатты қуанамын!-деді Ақмарал. Ақмарал десе-Ақмаралдай екен, өте сұлу келбетті қыз, көзінің мөлдір кірпігімен жараса түсіп, қонды қара шашы бұйраланып барып, алдына түскен, аппақ бетінің ажары ашылып, сәулетті нұрын шашқандай бейнесі, көзге түсе берді. Қыз аулына келіпте қалдық. Махмет бірден: үйінді көрсет, жеткізіп салып, ананды қуантайық!-деді қызға қарап. Ақмарал алыстан үйін көрсетіп, ат айдаушыға нұсқады. Лезде келіп бас тіредік, ат дүбірін біліп, жүгіре шыққан анасы Ақмаралды көріп, дауыс қылып, құшақтай берді. Ақмарал анасының құшағынан шығып: Мына тұрған ағамыздың арқасында аман қалдым!-деді көзіне жас алып. Анасы құшақтап Махметтің бетінен сүйіп, батасын берді. Сол кезде совет бастаған бір топ адам, Махметті қоршап алып «рахметін» жаудырды.

\* \* \*

Әлден соң арбаға отырысып, жиналған алаңға бет түзедік. Халықта көп жиналған, жаңа үкіметтен бір хабар естігісі келген жұрт, аландаумен аудан басшысы Махметтен көз алар емес. Жұрт алдына ақ құба жас жігіт шыға келгенде, қол сокқан ауыл адамдары бірден қарсы алып, мол баққыттың, «жаңа өмірге» жетелеп келе жатқандай, ойы бөлінді. Махмет сөз алып: –Әліде ел ішінде,

бұра тартып, жас қыздарды «тоқалдыққа» алып, қатын етіп, өміріне балта шауып, қыз бақытын аяққа таптап, болашақ өмірін құлатып «күнғып» ұстап, аюшылық танытпай «ұрып-соғып», қара түнек өткен заманның бағытын ұстап, жаңа заманды менсінбей, ұрлықпен мал жинап, үкімет жерін меншіктеп, бәрін өзіне қаратып, белсенділігін жүргізген, көрші ауылдағы Байталы сыяқтылар, арамызда әлі бар «айлакерлік» жасап «конфескация» кезінде малын тығып ұстап, шалқып өтемін деп, жас қыздарға ауыз салған.

Сол Байталының іс-әрекеті әшкерленіп, Сибирьге жер аударылды, бүкіл малы колхоздың қарамағына өтті. Ақмаралды құтқарып, анасына табыс еттік!-деді Махмет. Қалың жұрт естігенде көзіне жас алып, бәріде «лағнат»айтып, Байталыға сол керек!-десті. Жиналыс алаңда басталған соң, біраздан кейін, ат үстіне мінген, жуан қарын, алып денелі, шоқша сакалы бар, қара кісі, егіде тартқан, бой күйездік танытып нөкерлерімен сау етті. Бұл осындағы аты шулы Иса!-десті. Қабағын түйіп жиналған жұртты менсіңкіремей, атынан түспей, айтылған сөзді естігісі келмей, сырт айнала берді.

\* \* \*

Махмет шыдамады: Келген екенсің, сөз баста!-деді. Иса ат үстінде қалтасынан шақшасын алып, насыбайын атып алды да: Бұл колхоз кімге керек, мынау отырған қара кедейлерге мә? Әлде тындап отырған қалың жұртқа ма? Мен ешқашан кірмес едім, өз жайлауым, өз қонысым бар, малым жетеді, колхоздан ештеңе сұрамаймын, бұрыннан жекешеленіп алғанмын!-деді Иса сөзін келте қайырып.

Тоқтат сөзіңді! Сен кімге керексің! Бүкіл малды ұрлықпен жинап, айлаңды асырғың келе ма? Жоқ біз ондайларға жол бермейміз! Маңдай терімен таппаған мал- кісі малы, үстемдік жасап момын халықты зар илетіп, күн көрісін кемітіп, жалғыз сиырын, тартып алып, жылатқаның жетер енді!-деді Махмет ашуға басып. Атының басын бұрып, нөкерлерімен кете бастады. Махмет жалма-жан қарулы милиция тобына, ұстауға бұйрық берді. Махметінде білдіртпей асынған қаруы бар, осы ауданға келерде обылыс басшысының өзі: «Сақтықта –қорлық жоқ» деп, колхозды ұйымдастыру кезінде «бүлікшілер» тобы қастандық жасап, өлімге дейін барады!-деп ескерткен.

Бірден ортаға қамап алды, Исаны атынан аударып түсіріп, қолына кісен салды, жендеттерімен қоса айдап әкеліп, алаңға ығыстырып тастады. Топ ішінен Салғара-қария сөзін бастап: Махмет шырақ! Манадан айтқаныңның бәрі дұрыс, өте орынды, сен өзің мен бірге «бақытты –заман қуанышын» ала келдің, бүкіл халықтыңда күткені де сол еді, колхозға ұйымдасып «көп түкірсе көл болады» деген қазақ, бәрі бір кісідей жұмыла істеп, бақытты ел қатарына қосылып, тек қана еңбек ету ғана қалды «еңбек –етсең орасың»деген, осы айтылған сөзім, бүкіл осындағы көпшіліктің ойында «мәңгілікке» сақталса екен дегім келеді.

Менің тағыда айтарым: Мынау тұрған Иса жендеттерімен, «конфескация» кезінде айдаған малдың табынын аңдып, Қамысты-қопадан өте бергенде,

камыстың арасынан шыға келіп, айдаған малшыны бірден мойнына қыл арқан салып, қылқындырып өлтірді, бірнеше жылқының үйірін бөліп алып, ірі қараны табынымен қамыстың арасына тықты, пайда еткен бүкіл мал бәрі қазір өзінде, жайлымы көп, суы мол үлкен қонысты үстемдікпен меңгеріп алып, маңайына жан жолатпай, сайрандап жүр.

Осы отырғандар біледі, бірақ айтуға қорқып, менің айтып жеткізгенімді қалады. Бұрын бай қарамағында жалданып малын баққан болып «ұрлықпен» атағы шыққан «баукеспенін» өзі!-деді Салғара байсалдылық танытып, сөзбен жеткізді. Әлден соң, көп ұзатпай органның адамдары жауаптап, шешім қабылдады. Махмет сол шешімді оқып, қалың жұртқа таныс етті. Малың түгелдей колхозға аударып, он жылға жер аударып, «еңбек- түзеу колониясына» кесілді. Көпшіліктің ұйғаруымен Шөптікөл колхозының басқармасы сайланып, ауылнай бекіді. Жиналыс аяқтала бергенде, жолмен жылжып, соңына ерген жаюлаған, адамдары бар, ат арба ауыл шетіне кіре берді.

\* \* \*

Таңырқаған адамдарда: Бұл кім екен?-десіп тұрып қалды. Қызыл орамалын қолына ұстап, белгі беріп, алдынан жүгіре шыққан Ақмаралды көпшілік көріп көзі шалды. Әлден соң, арбаның соңына ерген жігіт қарсы жүгіріп, Ақмаралды құшақтап, қуанып қалды, біреулер оның жігіті!-десті. Махметтің уақыты шектеулі, жаңа ғана жайсыз хабар жіберген Түбек колхозына бет ала бегенде, қолына ұстап былғаған қызыл орамалымен, ат арбаның алдына шыға келген Ақмаралды бірден байқап қалып, кілт тоқтады, жаңа ғана қалың жұртпен «қош» айтысып, қоштасқаны да солақ еді, енді міне қыз не айтпақ? Ойын ешкім білмеді.

Жайдарлы жүзімен қасында, келбетті жігіті бар, Ақмарал арбаға жақындап: Махмет аға! Қандай қиындық болсада, сіз бәрін жеңе білдіңіз, мені өмір аузынан құтқарып қалдыңыз! Біз әдейі сізге арнап, бағылан сойып, тамақ ішіп кетуіңізді күткен едік, жүріңіз!-деді қыз жылы жүзімен.

Содан соң жігітін таныстырып: аты Сырымбет «ауыл инженерлігін» жаңа ғана бітіріп шыққан беті, біздің ауылға келді!-деді. –Ендеше колхозға инженер болып орналассын, ал сен осы жердегі оқу орнын басқарып, бүкіл халықты оқытып, сауатын ашып, білімді ғып шығарасың, мен саған сенемін, қандай қиындық тусада, көмектесетін боламын, бұл бір емес, әлі бірнеше рет Шөптікөлге келемін!-деді Махмет, ас ішіп болғаннан кейін Түбекке жол түзеді.

Алыстан мұнартқан қалың орман, жол бойына созылған көк шалғында, жалпақ даланың, әсем жүзін көрсетіп қояды. Соққан жел бағыты, баюлап барып басылғандай болады. Жаздың ыстық лебінде, күн көзінің сәулесімен беттесіп, көк аспанның мөлдір жүзімен жалғасқандай, келбет танытады. Қара жорғаның алып аяқтары, тұяғымен жерді ойып тастап, шаң боратып, артқа қалдырып келеді. Тоқтаусыз екпінді жүрісі, кимелі арбаны зырғытып, қара жол үстімен салып келеді.

Жол бойында бауыр тарқан дөңестерде, сырт қалып, буылдыр сағыммен қоса жарысқандай, толқып барып қалып келеді.

Байтақ даланың алтын төсі, шексіз жатқан сай-жырамен жалғасып, тұтаса біткен, өңірді құрап, қаншама аймақты алып, созыла түскен. –Бұл қалай болғаны? Бұрын-соңды тыныш жатқан ел еді, ауыл азаматтарыда орнықты, келіспеушілік неден болғаны би мәлім, неде болса барғаннан соң, көреміз!-деп іштей тұжырымдады. Қайда барсаңда арпалыс дүние, тар заманның тарылып, ұшқын атқан озбырлық, дауыл тұрып бораған құмды борасын «байсымақтардың» етектен тартып, сол дауылдан кедейдің көзін ашырмауы, өздері билеп, өрескел істері, ауылдардан орын алып, әліде тазармауы, жас қыздарды қатын етіп, қойнына барып «қыз абройын» кетіруі «тар жол тайғақ-кешудің» заманын жасап, бойыңды ала берді.

Қажымас-қайрат қайда?, қарсы тұрар жастық қайда? осы-ой жетелеп, Махметтің албырт жастығы басым тұрды, қайтседе серпіліс жасап «қас жауларын» табанға салып, жеңу болды, сонда ғана батыл жігіттің соңына ерген халық, лек-легімен, өркендеген ел болып, қатар түзейтін, өскелең ауыл аймаққа айналдыру еді, жер бауырайы нанға толы, жайлымы шалқыған малға толы тамаша тіршілікті қалады.

\* \* \*

Бұл Махметтің осылайша басталған алғашқы қадамы еді. Түбекке кіре бергенде, көз алдында ащы түгін, буылдыр тартқан бұлтпа дерсің аспанды алып тұтаса түскен, ауылды басып көрінбестей тұман басқан дала құсатып, берекесін алған. Биік орманды ағаштарда, бұрынғы қалпын кетіріп, жалын шарпығандай, бүрісе түсіп, бойауын өзгерткен.

Сол орманға іргелес, мал қорасыда, маңайындағы қоныс үйлерде отқа оранып, жоқ болған. Келген ат арбаны көрісімен көшенің алаңына жиналған жұрт, үйлерінде біреуде қалмай, маңайдағы қоныстардан, бәрі осында жиналған. Махмет бірден арбадан түсе салып: Не болған сендерге? Колхоздың малын құртып, үкіметке қарсы ма едіңдер!-деп түйлігіп, басқарма мен ауылнайға бас салды. –Жоқ олай емес, біздің ешқандай қастығымыз жоқ!-деді басқарма ыршып түсіп. –Ендеше неге қараусыз қалдыңдар, көз алдындағы қораны бақыламаған, жауапсыз адамдардың бұл ісі «халық жауы»деп айыпталады!-деді Махмет қатулы дауысымен. –Егіде тартқан,толық кісі, жақында ғана сайланған колхоз басшысы, жұрт алдына шығып сөз алды: Сонау жылдары «конфескация» кезінде, осы төңіректе бай атанған Күлекейді жер аударып, Сибирьге аттандырып, баласы Мұқан Қарағандының ФЗО-сына айдалған болатын.

Сол Мұқан колониядан қашып шығып, осындағы бұрынғы жолдастарымен «қалың орманға» тығылып, бір-бір ат сайлап алып, жайлымдағы малға жауша тиіп, айдап әкетіп, ағаш арасына жасырынып «ит тұмсығы» өтпейтін жерді қалап, ізін суытып отырған. –Астұртын адамдар естіп қалып, сондағы Мұқан: Мен колхозды

«жер мен жексен қыламын» әкемнің жайлаған жерін, ешкімге билетпеймін, осылай істесем халықта бұл жерге тұрақтамай, тастап қашып кетуі әптен, жер түгелдей атадан қалған дәстір бойынша, өзім билейтін боламын!-деп көкіді.

–Төпелеп жауған жанбырдан, ығып кеткен малды, айдап әкеліп бұзауы өліп қалар деп, қораға пана еткен едік!-деді басқарма. Махмет НКВД-нің қарулы жасақтарына, орманды түгелдей сүзіп шығуына, бұйрық берді. –Өзінің шешендік тілімен, халық алдына шығып: Жоқ бұлай біз жұмыс істей алмаймыз, колхозды сеніп тапсыратын, қолынан іс келетін, осындай «тартыс-шабысқа» қарсы тұра алатын, күші басым адам керек, әйтпейінше жауыздар «нанша илеп»қорқытып тәуелді етуі ғажап емес, сондықтан мен сіздердің орталарындағы Сұлтанды колхозға басқарма етіп тағайындаймын, өздерінде қарсы болмассындар!-деді Махмет, жұрт қол соғып «қошемет» көрсетті.

Ауылдық советке басқа адам бекіді. Біз Мұқанның көзін құртамыз, ендігі мақсаттарың, егістік жерді дайындап, халыққа нан керектігін ұмытпандар, мал басын өсіру керек, қалған қоныстағы малдарыңа ие болып, төл алу жағыдайын жасаңдар, мен мына көрші колхоздан бірнеше пар өгіз алдырып, құрлыс үй мен қора салуларына, «оп айдап –саман бастырып» кіріскендерің дұрыс, ал қонысы жанып, үйсіз қалған кедей от басына Көктал колхозынан оншақты бұзау сиыр бергіземін!-деді Махмет, арнаулы адам жіберіп, тез айдап әкеліп, от басына беруді Сұлтанға тапсырды. Әлден соң, қолдарына кісен салынып, Мұқан бастаған топты ұстап, алаңға сау етті.

Органның адамдары жауаптап, Қостанай түрмесіне жөнелтті. –Сол кеткеннен мол кетті, Мұқан қайтып оралмады. Ұйымдасқан халық тез арада, саман басып, үлкен іске кірісіп кетті. Үйлердің қабырғалары бой көтеріп, жаңа көшелермен толықты, халық қуанысып, жаңа үйлерге кіре бастады, мектепте салынып бітті.

\* \* \*

Махмет аймақтарды түгелдей аралап, жаңа колхоз дәуірі, қанатын жайып, көшпелі қазақтардың бәрін бірдей қабылдап, үлкен аймақты құраған, елді мекен орнатты. Тұтасқан қалың ел, өз алдына, ошақ құрып, колхоз атанды: Данабике, Тірсек, Жарық, Октябрь, Жалаңаш, Саға, Қараменді, Жаркөл, Құмжата, Қайғы және басқада, барлығы аудан көлемінде 18 колхоз болып орнады, 18 ауылдық совет құрылып, шекарасымен бекіді.

–Махмет жаңадан салынып біткен «Мәдениет үйіне» түгелдей жаңа сайланған басшыларды жинап үлкен жиналыс өткізуге шақырды. –Ауданды алғаш көруі, салынған тамаша ғимраттарды көріп, таң қалысты. Аз уақыт ішінде қаншама үйлермен әсем көшелерді көрді. Жаңа заман-жана өмірдің алғашқы қадамы!-деп ой түйді. Ауданның атқару комитетінің үйі. Биік әсемдеп салынған, сұлу келбетімен есігі айқара ашылып қонақтарды қабылдай бастады, Сырты қалай безендіріліп көркем етілсе, іші одан асқан тамаша, кең зал, әдемі орындықтар қойылып, терезеге

қымбат маталардан перде ұсталып, төбелері айшықтармен әсемделген, сахнада қызыл оюланған қазақтың ұлттық өрнектерімен тігілген, керемет шымылдық бірден көз тартып, сұлу түрімен құлпыра түскен.

Таң қалған адамдар, залдың бейнесінен көз алмай «бұрын-соңды көрмеген» ғимраттың бейнесін, айтып мақтауын асырып жатты. –Зал іші сыққасқан ауыл адамдары, колхоз басшылары мен советтің адамдары. –Әлден соң, сахна төріне Махмет бастаған, басшылар орындыққа отырысып үлгірді. Бірден Махмет орнынан тұрып «мінбеге» келіп сөз бастап ала жөнелді. Өзінің шешендік тілімен қалың жұртты бірден өзіне қаратты. –«Алғаш аудан құру, оңайға түскен жоқ, құмды жер, ескі ауыл орны, жапа үйлер, әр жерде ретсіз салынған, үйлерді белуардан құм басып құмды боранмен көмілген. Не істеу керек, облыс басшысы сенім артып, тек сен ғана сол өңірде туып өстің, табиғат жағыдайын, халық тұрмысын жақсы білесің деп, қолыма мына картаны ұстатып Бұл жаңа орнайтын Науырзым ауданы!»- деп, табыс етті.

–Келісімен Қостанайдағы Михайлов досыммен хабарласып «құрлыс маманын» жіберуді өтініп, бірінші орынбасарым Төлемісті, ертеңіне жібердім. Таланымызға қарай, күшті маман Россия жерінде оқып шыққан, іс-тәжірибесі мол Сезов деген азамат міне алдарыңда, бүкіл ғимратпен салынып жатқан құрлыстың бәрі осы кісінің «жобасымен» атқарылуда!-деді Махмет. –Естіген жұрт орындарынан тұрып ұзақ қол сағып «қошемет» көрсетті.

Махмет сөзін қайта жалғастырып: Біз енді өзіміздің күнделікті шаруа басына көшелік. –Жағыдай өте ауыр, қыспаққа түскен кедейлердің ішерге тамағы жоқ, күн көріс жалғыз сиырына дейін, жендеттер айдап әкетіп «бау кеспе ұрылар» жайлым мен қоныстарды бермей үстемдік жасап, қарапайым халықты қыспаққа алған. Тіпті оның сорақысы, жаңа ғана ұйымдасқан Түбек колхозының бір табын ірі қараны бұзауымен өртеп жіберген.

\* \* \*

Тағы толып жатқан жайттар, күн санап өршіп келеді. Біз оларға жол бермеуіміз керек, қырағы болғанымыз дұрыс, совет үкіметінің бұйрығын орындап, «аюандық істерден» қарапайым халқымызды сақтап, колхозды өркендетіп, егін салып, мал басын көбейту керек, сондықтан осы отырған ел басшылары «қасықтай қанымыз қалғанша» ішкі жаулармен күресіп, ауылдарды «зұлымдардан» тазартуымыз керек, сонда ғана шаруамыз алға басып, халық тұрмысы жақсара түседі. –Житін нанымызда, етімізде болады!-деді.

–Тағы бір мәселе халқымыздың сауатын ашу «әліде жер-жерде әліпті таяқ» деп білмейтіндер көп. Ең бірінші мектеп салу, жиналыстан соң көресіндер аудан орталығынан салынған ғимрат мектеп директоры Ақжарқын өздеріңді таныстырып көрсететін болады, Шөптікөл колхозы мектептің жана диреторы Ақмарал жаңа оқу жылына өзі бас болып жүріп «үме» жасатып ауылдың бүкіл қыз-келіншектерін жұмылдырып, түгелдей қарапайым халықтан бастап, оқуға тартқан, олар қазір «хат



оқып –жаза»біледі, Ақжарқында жақын ауылды мекендерді жинап сабақ оқыта бастады. Бізге білімді адам керек, ол болашақ өмірді алға сүйрейді, сонықтан ауылдарына оралысымен қазақ қыздарын түгелдей қалаға оқуға дайын етіндер, Төлеміс барып бәрін оқуға түсіріп, жатаханаға орналастырады, облыспен келісіміз бар.

Осының бәріне ұйымшылдық пен қатаң тәртіп керек, орыстың оқымыстысы Ушинский: «Сусыз дермен жүрмейді, тәртіпсіз-істі күрмейді» деген, сол тәртіпті орнату, істелетін жұмысты қадағалап орындату бүгінгі күннің талабы «жалқаулыққа салынып» қолынан жұмыс келмейтіндерді бір сәт ұстамаймыз, олар бізге кедергі жасауы мүмкін, сондайдан аулақ тұрыңдар!-деп қатаң түрде катуланып, әр басшының құлағына құйып жеткізді.

Махмет сөзін жалғастырып: Біздің алдымызда қаншама жұмыс болғанымен, соңымызда бүкіл ел-жұрт бар, солардың тұрмысын көтеріп, табиғаттың берген байлығын «халық үшін неге істемеске?» Өздерің қарандаршы, бізде сонау Сармойын көлі, толған балық пен құс базары, Көктал өзені балықтың ордасы, Саршығанақ жеріде балыққа бай, неге осыларды ұйдастырмасқа «Керегін біз-тауып береміз: ау керек па? Қайық керек па? Оқ- дәріде болады, тек сендердің «құлшыныстарың» керек!-деді Махмет. Аудан басшысының әрбір сөзіне, қол соғып, жаңа өмірдің бағытын ұстаған Махметтің іскерлігіне сүйсініп «бұлжытпай» орындауға уәде етті.

Жиналыс соңынан Данагүл мен Ақжарқынның концерті Мәдениет үйінде жалғасады деп хабар етті.

\* \* \*

Ағылған жұрт, кодхоз басшылары Мәдениет үйіне бет алды. –Алыс емес жаңа ғимрат, тез бітіп, берілгеніде сол еді. –Алыстан гүмбірлеген домбыра үні, ауа толқынымен қалықтап, Құрманғазының күйі бойыңды алып, тамаша көрніске жетелей берді. Данагүл осы Мәдениет үйіне келісімен, Құрманғазы оркестірін, өнершіл жастардан өзі құрды, ауыл-елді аралап, аспаптар жинап, қобызға дейін назды үнін қосып үлгірді.

–Бұл өте керемет жас қыз болып, бәрін істеуі таланттың барлығын бойына жинаған!-десті. Ғимраттың іші тамаша көркемделген, сахнада қызыл сырмалы қазақтың ұлттық оюларымен көркемделген, терезе шымылдығы қытай атыласынан тігіліп, желбіршек өнерімен әсемдеп, жарқырата түскен. Күн сәулесінің жарығымен ашылған атлас түрі күмістей сәуле шашып, үлкен залдың келбетін аша түсіп, нұрға толтырғандай сезінесің. Қаз-қатар қойылған орындықта, әдемі түрін көрсетіп, келген қонақтар жайғасып отыра бастады. Бұл өңірде бұрын сонды болмаған көрініс «кейбіреуге өңі ма? Әлде түсі ма?» деген ой салумен, таңырқай түсті.

–Қонақтар мен бірге келген Махмет: Осылардың бәрі-сізер мен халық үшін, болашақ жастар үшін жасалып жатқан шаруа, әліде басқаны көріп тамашалайтын

боласындар, бұл тек бастамасы ғана!-деді көпшілік назарын өзіне аударып. Өлден соң сырғып барып ашылған қызыл шымылдық, алдына шыға келген сұлу қыз Данагүл: Сіздерге әдейі арнап, қазақтың ғасырлық мұңы бар «Баян мен Қозы-Көрпештің» келбетін жасап, сонау өңірден алғызып, Тамаша ажарымен, сұлу жүзіне қызыққан «байсымақ-шал Байталы» тоқал қылып, алып қашып, қызға зорлық жасап, көйлегіне дейін жыртып, денесін жарақаттап, білгенін істеп бақты «бірақ айласы түкке аспады, қыздың өткірлігімен қайраттылығы шалға» қарсы тұрды «қыз абыройын сақтады» сол сұлу қыз Ақмарал алдарында, өжет Баянның өзі дерсің, сүйген жігіті Сырымбет-Қозы-Көрпештің ролінде!-деді Данагүл. Бүкіл жұрт орындарынан тұрып қол соғып, құрмет тұтты.

Басына камшат бөркі, қима беліне жарасқан көк қамзелі, үстіне киген ақ көйлегі, қолаң ұзын шашын алдына жіберіп, мойнындағы ақ маржан мойыншағы, сұлу келбетін одан сайын аша түсіп: Менің осындай бақытымды ашқан, Махмет ағамызға рахмет, ол кісі болмағанда шалдың құрбаны болып «тоқалдықпен» күнім өтетін еді!-деді Ақмарал көзіне жас алып, залда отырған әйелдерде «қоса жыласып» жұбатқандай болды. –Құрманғазы оркестірі «Саржайлау» күйімен назды әуеніне басып, бойды билей бастады. Сахнаға екі жасты, түрлі –түсті маталармен көркемдеп алып, Данагүлдің салған әні, екі жастың қиыншылық, басынан өткен назды мұңы Баянның Қозыға арнаған зарлы әнін естіген жұрт, көздеріне жас алып «заман-ай»!-десті. Ақмарал мен Сырымбетке арналып, «үйлену-тойының» бастамасын қыз-келіншектермен қосылып «Ғашықтық» жырын айтып, Данагүлдің бастауымен тамаша ән, кең залды ала түсті, шалқыған әнде отырғандардың бойын алып «екі жастың көрсетіліміне» ұласты.

Ақжарқында қосыла шырқап, оркестірдің жетелеуімен қаншама әндер айтылып, көпшіліктің көңілінен шыға бастады. Риза болған халық қол соғумен Данагүл мен Ақжарқынға, алғыстарын білдіріп, өмірінде көрмеген, адам айтып естімеген ән-жырды жастарға арнап шырқай түскені, ұмытылмас «қос жүректің» махаббат әлеміне шарлағандай «бақытты өмірдің»құбылысын көрсете білді. Ақмарал Сырымбетпен ауылына оралып, «үйлену-тойын» жалғастыруды қалап, үй жанына ақотауды тіктіре бастады. Сырымбет оқуды жүріп, темір жолда қара жұмыс істеп, тойға жетерлік қылып жинаған ақшасын Ақмаралға ұсынып, болашақ жарының көңілінен шыға берді.

Анасыда қарсы болмады «Ақмаралын өзінің сүйгеніне шыққанын» қалады. Сырымбетті алғашқы күннен бастап, көрген бетте бірден ұнатқан «қызының таңдауына сүйсінген» болды. \* \* \*

Сырымбет өте көркем, жігіттің төресі, ақшыл жүзі, ақылымен пара-пар, сондықтанда сұлу қыз, өзі ұнатып «ғашықта» болып қалды. Сырымбеттің әкешесі ертеде өліп, аға-жеңгесінің қолында өсті, оқуын бітіріп оралған беті, колхоз инженері болып қызымет істей бастады. Махмет жастардың осылай ауылға келіп, еңбек етуіне, кең жол ашты, колхоз басшыларына тапсырып, олардың өз теңдерін

тауып «үй» болғанын қалады, келешекте «колхоз өмірін» осылар сүйрейтін болады!-деп жиындарда талай айтып ескерткен болатын. Мәдениет үйіндегі өткен алғашқы Ақмарал мен Сырымбеттің «үйлену тойы» жастардың алғашқы бастамасы, енді осыдан бұлай «ғашықтар» тойы осылай өтетін болады!-деді Махмет, естіген сөзіне бүкіл жұрт қуанысып қалды.

–Кешкі уақыт. Отау маңына жиналған жұртта есеп болмады. Жан-жақтан ағылған өнершіл жастар, құйқылжыта тартқан домбыра үнімен қосылып салған қыздар үні, дала төсіне жайылып, маңайды орап алды. Ақотау ауыл жастарының көмегімен іші-сырты көркемделіп, кілемге оралған. Кигіз үйдің сырты аппақ матамен танымастай өзгерген, Сырымбет осында келерде, сол матаның бір будасын алып келіп, іске жаратқаныда сол еді, Ақмарал осының бәрін болжап жұрт көңілінен шығуға тырысып, сымбатты қалпын беріп қоятын. –Ән қыздар мен жігіттер кезектесіп, бірін-бірі сынамаққа жарыса түсіп, назды дауысымен барынша шырқады. Арасында күйде тартылып, көңілді босатып, мұңды назға ұласқандай қалыппен шыққандай сезінесің. –Бірнеше бағылан сойылып, ас ішкен соң тарай бастады. –Отау іші ұсталған атлас шымылдығы, қалың төсек, жерге төселіп «екі жастын» келуін күткендей болды. Ай сәулесі түскен, түндікте жабылып қараңғы орнады. Сырымбет есіктен кірісімен Ақмаралдың артынан ұстап жіңішке белінен орап, өзінің денесіне жақындатып, түйістіре берді. –Қоя тұршы жұрт аяғы әлі басылмаған, құшақтауыңа түн жетеді ғой!-деді Ақмарал құшағынан сылтып шыққысы келіп. –Оған көнсін ба? Сырымбет құшақтап бекіп алған, қызуы шыдатар емес. Мен сені көп сағындым, көңіліңді бұзбайын деп, талай кездесуді құр жіберіп, сағыныш сезімімді білдіре алмадым, енді маған кезек келді, оныға көне қояр мен жоқ!-деп қызды көтерп алып, жер төсекке апарып салды.

–Бұл болмас, айтқанынан қайтпас!-деп қыз ыңғайына көне бастады. Сырымбеттің күткеніде сол еді, қыздың бетін өзіне бұрып, мың бұралған белін өзінің денесіне жақындатып, ыстық ернінен сүйе бастады. Қызда қарсы болмады, жігітке икемделіп бар денесін жылжыта түсті. Сырымбет шыдамады, жалма-жан асау бойын қыздың шалқыған ақ дөңесіне, бойын икемдеп, қызу қалпын сақтап, кіре берді, балқыған дене жалын атып, лаулаған оттай болып, жабыса берді. Тәттілік сезім орнағандай болып, бірін-бірі сүйумен, құшағын алмастан, жата берді, жата берді...-Мектеп үйі салынып бітісімен Ақмарал бүкіл халықты жинап, Махметтің тапсырмасымен қараңғы халықты сауаттандыру үшін, оқытуды бірден қолға ала бастады, ауыл адамдары түгелдей кірісіп «заман талабы»деп түсінді. Көп ұзамай олар хат танып, жазу жазатын болды, кейбіреуі кітап оқитын дәрежеге жетті, бұл Ақмаралдың алғашқы қадамы болатын, дамыл таппады.

Ақмаралдың іс-тәжірибесін бүкіл аудан мектептері құптап «жаппай сауаттандыруға» оларда көшті. \* \* \*

–Махмет елді қоныстардағы, колхоздың жұмыс барысына арнаулы адамдар жіберіп «уәкілдерден» жұмыс барысын түгелдей бақылап отырды, үкімет

қаулысын орындамағандарды табанда жиналысқа салып, жұмыстан қуды. Көлеңсіз жайыт тағыда Данабике колхозынан шықты. –Бұдан бір-екі жеті бұрын; Жұлдыз деген жас қызға құда түсіп, алмаққа келген құдалар бірнеше күн қона жатып «айтыс пен тартыстың» шеткі үйдегі, ешкім біле бермейтін, оңаша қалған баспақ үйде болатын.

Қыз әкесі өте қатал, айтқаннан қайтпайтын Дәурен өткен жылы күйеу жағына барып малды болып қайтқан көрінеді. –Мал біткесін көңіліде өсіп: Биылша қоя тұрындар, қызға айтып көндіре берермін, әке сөзін тастамас!-деген болатын. Қыз ер жетіп оң-солын таныған соң, атағы жайылып, ақылдылығымен ауызға іліге бастады. Қызда көркем, әдемі болып өсті. Өнерге жақын, өз киімін өзі тігіп, мүсіндей етіп, киіп алатын. –Құрбылары: Жұлдыз сен киімді қаладан алғызасың ба? қалай сәнді, денеңе құйып қойғандай, жараса түскен!-десті.

Жұлдыз естігенде күліп қана қоятын. –Бас құда Құрмаш деген үлкен кісі бастап, қасында күйеу-шал Шөкей деген, бір топ аттылар, кешкілік Дәурен үйіне сау етті. Күн жаңа ғана бата бастаған. Қызғылт бұлттыда тарап үлгірмеген. –Бұлтсыз аспанды, қою қара бұлт басып, жел тұрып айналаны шаң етіп, ауылдың есін алды. Баяғы қазан ошақта жершақ басында, құмға көмілгендей «астан-кестені» шығып күлімен бұрқырап, маңайды алып кетті. Бас сауғалап үйге тығылған жұрт тосын, табиғаттың құбылысына таң қалды. –Қоқсыған төбедегі қораның шөбінде сыпырып, жүйткіген дауыл аспанға көтеріп, көше бойын, тұмандатып жіберді. Әлден соң жел басылып, қара бұлт, жауынға ұласып жоғарыдан құя салды. Көңілі жадырап шыққан ауыл адамдары, қуанысып, көптен болмаған жауынның, нөсеріне карамай даладағы малымен бола берді. –Құрмаш сөзге шешен, әптен ысылған, осылай жер-жерлерді аралап, уағыз айтып, қыз жолында кәсіп еткеннің өзі болды.

Қазірде өзі бастап, төрге шығып, шапанын шешіп тастап жеңілденіп, сөз жарысына ықшамдалып, екі иығын көтере сөйлеп, ешкімге жолын бергісі келмеді. Қарсы шыққан адамда болмады, тек өз-өзімен Дәурен құданың құлағына құйғандай, әлде бір әңгіменің басын шалып, өзінің ісін мақтанышпен жеткізе білді. Қасындағы күйеуді мақтап «конфескация» кезінде, малының жартсын, Дәурен құдаға айдап әкеліп тоғытқанын есіне алып «берудің де-алмағы бар»деп ескертіп, шалып қойды.

\* \* \*

Содан бері біраз жыл араға салып, қоңыр күздің талайын өткізгендей есіре сөйледі. Құт береке айтумен шаруа бітпеген, қалып танытқан құдалар «қыз дауын» қыздырып, асан түйенің керуеніне, ілескендей бар байлықтың жырына көшіп, көлемді істің көрінбей қалуын, сөзбен байыптап түсіндірумен әрекетке көшті. –Біз жалғыз емеспіз «құдайға шүкір-қорғанышымыз» бар «берсең жолындамыз-дос жаранның соңындамыз, қуаныш байлық өзінде болады, араластың амалын тапсаң біз бәрімізде сендікпіз» -деді Құрмаш, насыбайын атып ерніне салды да, шақшасын қасына қойды.

Күрең атқан дөненін мақтап, Шөкей-күйеу: Барған соң құданың өзіне мінгізіп, еліне оралып, қандай жүйрік тұқымын алғансың деп, жұрт айтатын болады!-деді күйеу. –Дәуреннің айтары болмады, ертеден белшесінен былығып, көп малдың, көлеңкесінен шыға алмады. –Оларды көрсетпей қамысты жерге ұстап, бақташыға бес-алты бие беріп көңілін алып алаңсыз күй кешумен, өз жағыдайын сақтаумен болды. Құрмаш осылардың бәрін біліп, келерде тізбектеп ойға түйген болатын. Айтар сөзге келсе бәрін жайып салуға, дайын тұрды. –Бірақ әліде «әліптін» артын күтіп, сөз сарабын құданың өзіне биімдеп, ертедегі «уәдесін» айтқызбаққа қадам жасаумен болды.

–Қоңыр үй май шам, төр бөлмені, көлеңкелеп отырған отырыстары, жарық сәуленің болмағаны жандарына қатты батты. –Енді кедей болып керегіне, бар мал өзінде, пайдаңа асырып, шалқып тұрар кезің емеспе?! Біз саған аз бермедік-мол бердік «шағын байдың-өзісін» жұмсап рахатын көрмейсің ба?-деді Құрмаш сөзбен іліп түсіп, сақылдап күлдіде Шөкейге иек қағып, сен не айтпағың бар дегендей болды. –Келген құдалар кетер емес, бір жола бекіп алғандай, біраз күнге жалғастырып, қызды бір жола алмаққа бекіді.

Ауылдың шетіндегі жалғыз үй, ешкімде қатынап жатқаны байқалмайды. Оңашалығы құдаға ұнап, көсіле түсіп қонағасын жеп, маз-майрам болған қалыппен «қыз дауын» одан сайын жалғай түсті. –Келген көршілеріне бет қаратпай Құрмаш өзі сөйлеп, тонды өзі пішіп, келтелі сөздің мағнасын, даумен жалғады. –Ауыз бөлмеден кірген қыз шешесі Гүлбике көзіне жас алып: Менің қызым әлі жас, күйеу іздеп отырған жоқ, оқу оқып, адам болғысы келеді, ал сендер сыртынан тон пішіп, айтылмаған дауларың, сапырмаған сөздерің қалған жоқ, менің айтарым: дау деп бастарың пәлеге қалмасын, қызды қорғайтын үкімет бар!-деді де Гүлбике бөлмені тастап, есікті тарс жауып шығып кетті. –Сол кеште дау арты басылмаған соң, Жұлдыз басына ақ жаулық салып, анасының бейнесін жасап жасырынып, жүгіре басып, құрбысының үйіне барып кірді. –Жылаған түрін көріп үй іші, шошып не болғанын сұрап, білді. Құрбысы Фариза бұлай қалдыруға болмайды: Тез ауданға жетуіміз керек, сондағы Данагүлге айтып, хабар етеміз!-деді. Фариза дөңгелек жүзді қыздың сұлуы, ақылдысы болатын, бірден шешімін айтып, тез жетуге бет түзеді.

–Даудың арты тартысқа ұласып «зорлықпен» сені алып қашуы мүмкін, олар сайланып келгенге ұқсайды!-десті құрбысының ата-анасы. Көршілерден ат сұрап, алып беріп, екеуі жолға шығып қараңы түнді жамылып ауданға бет алды. Жасынан екеуіде атқа үйренген, бірден салып отырып, қара жол бойымен, біраз жүріп аудан орталығына келіп, Данагүлдің үйіне бас тіреді. Құрмаш қаталдығына басты, қызды тауып бер, бермесен бізден көресің!-деп қокан-лохы көрсетуге кірісті.

Қараңғы бөлмені пайдаланып, Дәуренге ұмтылып, арасына түскен көршілері: бұларың не арсыздық, опасыздық жасап зорлықпен алмақсындар ма?-деп араша тұрды. Дәрменде қапаланып: Мен білмеппін, мұндай залымдарды, білсем

маңайына жолар ма едім!-деп ашуға басты. Жендеттері есіктен сығалап, Құрмашты қорғамак болып, қолында бір-бір камшы, тай түйенің буындай болып ісініп алған. Дәуренді қоршап алып, тағыда қыздың қайда екенін білмекке, Құрмаш белсеніп өзі араласа бастады.

Кейбіреуін түйгіштеп, ауыл адамдарын шығарып, онаша қалуды көздеп, бір әрекетті ойластыруға, адамдарымен ақылдасып, үйге біресе келіп, далаға шығумен болды. Қыз көрінсе болды, алып қашуға дайын тұрған жендеттерді байқап, көршілері аңдумен болды. –Жаңа өсіп келе жатқан сұлу қыз Жұлдызды еңкейіп, есі кеткен, кәрі құртаңға, беруді қиғысы келмеді, соңына түсіп қарақшыларды аңдумен болды. Қолдарына сойыл- қаруды да дайындап, қыз жолында өлуге бекінді. –Аласапран заманның сарқылмас «кедірі» бойларынан кетпей, бүліншілікті қалап, ел тыныштығын қашырды. Құрмаштың сұқ қолы Гүлбикеке де тиіп, ауырсынып жылаумен жатып қалды.

–Дәуренді оңаша сықтырып, жендеттерінің қарулы қолы, денесін жарақаттап, аюшылық танытпады, бәрін ойластырған Құрмаш өктемдігін асыра берді. –Жоқ! Бұлай болмас! Тез арада қызды табыңдар!-деп камшысын қолына алып, ызалы кейіппен, есікті тарс жауып, айғаймен далаға шыға бергенде Құрмаштың алдынан, қарсы тұра қалған Жұлдыз: Іздегенің менмін!-деді. Құрмаш қолын созып шап беріп, ұстай бергенде, желкеден соққан жұдырық, бірден оның дымын өшіріп, тоңк етіп жерге ұшырып түсірді. Денесін біразға дейін жинай алмай, қалбалақтап тұра бергенде, қолына кісен салынып, НКВД-нің адамдарының ортасында қалғанын бірақ білді, сол бетімен аудан түрмесінен бірақ шықты, малы түгелдей үкіметтің қарамағына өтті. –Суық хабарды естіген бойы Данабикеке бет алды, келісімен Махмет түгел ауыл адамдарын жинауға бұйрық етті.

–Алаңға Жұлдыздыда алғызды. Жиналған жұрттың бірі қалмай, сонау қоныстағы адамдарға дейін осында болды. Жиналыс көпке созылды. Жұрт алдына шығып: Біз қашанғы, етекпен тартқан ескінің, заңына бас иіп, жас қыздарымызды жылатып, «еңкейген қауқары жоқ, алып айтар күші жоқ, енді жасайтын дәурені жоқ!» Бітіп отырған шалға қалай ғана келісіп сөз беріп, «түйдектеп малын алып» бойына сіңіріп, «қызымды беріп, бар бақытты, басына орнатамын деуің қалай?»- Қыз әкесі Дәурен мырза, жұрт алдына шығып, жауап беріңіз!-деп бұйырды. Басын төмен салып, ақырын басып жұрт алдына жылжи түсті. –Көбі естімеген болуы керек: Барлық кінә, сол кісінің өзінен!-деп шуласты.

–Менің өмірде жасаған қаталығым, не бұйырсаңдарда көнемін!-деді. Махмет қатуланып: Сіз білдіңіз, жас қызыңның бақытын құлаттың, өмірін өш қылдың, болашағын өшірдің, келешегін кестің, басына қара түнек орнатып, қайғыға батырдың «малға сатып» көп пайда тауып, шалға беріп, байлықпен шалқып өтемін деп ойладың!

\* \* \*

Жоқ біз ондайға жол бермейміз, қазір сізді айыптап түрмеге тығып, Құрмаштың жолын құштырамыз!-деді. Ыза кернеген халықта: Әрине солай!-десті. Бірақ қызыңыз жас, әке керек, енді олай істемеске, кешірім сұрап, мынау жиналған халыққа сөз беріп, от басыңызды сақтап, Жұлдызды оқытуға сөз беріңіз, сонда ғана кешірім болады!-деді Махмет. Дәурен: Мен енді құдай алдын да, халық алдын да сөзімді беремін, өлгенімше өз от басымды асырап, қызымды оқытып, құтты жеріне қондырамын, кешір мені жиналған қауым!-деді сөзін аяқтап. –Жұлдыз құрбысымен менімен кетеді, ертең ауданнан жиналған қазақ қыздарымен оқуға түсуге аттанады, сендерге мұғалім болып оралады.

–Мен осыған дейін салынып жатқан құрлысты аралап, қаншама үйлер бой көтеріп, мектеп салынған, сол мектепте ертең барлығыңда оқитын боласыңдар, қараңғылық «сауатсыздықтан» құтылуымыз керек. Білімді оқыған болсаңдар мұнандай «қыз дауына» жібермей «заңды біліп-тең праволылығын» айтып, бет қаратпау керек еді!-деді Махмет сөзін бүкіл жиналған жұртқа жеткізе білді. Көрікті ауыл сәніде, кең аймақты ел қонысына айналғаны байқалады. –Міне көрдіңдер ме? Күш біріктіріп, адал еңбектің жемісін, қырда егінде пісіп бой көтерген «халықта нан болады»!- деген Махмет халықтың көңілін көтеріп, ауданға жүріп кетті.

–Аудан орталығы күн санап, жаңа үйлер мен ғимраттарға толы бола бастады. Ақотау «Штаб» болып бекіді, Сезов пен Төлеміс құрлысты басқарып, Ресейден көптеген құрлыс материалдарын, кезек-кезек барумен, тасытқызып іс барысын шешіп отырды, көбіне жергілікті материалдарды ұқсатып жаратты. Тағыда дүбірдің кереметі, сонау Жалаңаш колхозынан шықты. Бауырайын жыртып, ауылға жақын дөңестен егін салуға жер дайындап, парлаған қос өгізбен соқа салып, жыртып жатқанда, себетін тұқымның қолды болып, жоқ болғаны, бүкіл елді қайыстырды «енді қалай күн көреміз»!-десті.

Бұл жағыдай ауданға жетті. –Махмет естісімен орган адамдарын алып, жолға шықты. Жүйіткіген ат желісі, қара жол дөңесімен сыдыртып отырып, кең жазық далаға бет түзеді. Асыл жер танабы, жайлым басқан көк майса, көзінді ала берді. Мал көбейіп жайлымды басқан, ең даланың байлығын қашан меңгеріп, ие боламыз «әлде ұрлық-тырныққа» бас иіп, иешілік қыла алмаймыз ба? Осы ой түйіндеп, арба үстіндегі Махметті тежеулей берді. –Бұл ойымыз қате! Неде болса тас бұзатын кезіміз «аюандық» істерін тауып алып бетіне басып, жұрт алдында масқара етіп, ауылдан «қуу», сонда ғана, халықтың тыныштығы сақталып, адал еңбек жолында жүретіні әпден!-деп ой қорытты. –Белестерді басып, өзен бойына қарай келе бергенде, ауыл үйлері, қоңыр тартып, шағын көшелерді құрап, өзенге жақын салынған бейнесін беріп, тал шыбықтар мен көмкеріле түскен.

–Өзенде тыныш, буырқанған асау толқыныда жоғалған. Тек көде басып жиекті, жағасымен өзенді жалғаған. Жағадан оң қазылып, бірнеше жерден, өгіздің балшық басып, адамдардың саман құйып жатқаны байқалады. –Бұл бастамасыда құп аларлық!-деп іштей ой түйдік. Көшенің қақ ортасына барып ат тіредік, бірден

Махмет бүкіл халықтың жиналуына бұйрық етті. Ағылған жұрт легі, алаңда ине шаншар жер қалмады.

\* \* \*

–Қатулы түрі, жұрт алдына шығып: Сендердің бұларың не? Осындағы жаста-үлкенінде, біз халықтың тоқ болып «аштықтан» қалай құтқарамыз деп жүрсек, сонау Ресей жерінен қандай қиыншылықпен, сұрап әкеп тұқымды сеуіп «бір үзім нанды»ешкімнен сұрамасын, деген оймен, сендерге сенім артып жүрсек, «істегендерің мынау, бір қапшық бидай қалдырмай» бөліп әкеткендерің дұрыс емес. –Сұралатын басшы жоқ деп ойладыңдар ма? Тез арада тұқымды табындар, қашып құтылам дегендерің құр әурешілік «милиция тобы» ауылды түгел қоршап, ешкімнің шығуына жол жоқ!-деді басшы.

–Ауыл ақсақалы, көпті көрген көне кісі Бүкенбай: Осында келген бөтен екі ағайынды, сонау Батпақарадан келіп, еш жерде жұмыс істемей, ауыл адамдарын үгіттеп, түні бойы жатпай «не істеп жүргені белгісіз, түрлері өте суық»-деді. –Кәне ортаға шығындар!-деп айғайға басты. –Мойнына су кеткендей, үсті басы «алба-жұлба» қоңыр қара тартқан, екі ағайынды ортаға қарай жылжи берді. –Сендер кімсіңдер? Қайдан келдіңдер? Немен шұғылданып жүрсіңдер? Істейтін кәсіптерің не?-деді сауал тастап. –Күмілжіп ештеңе айталмады, айтпасаңдар саған айтқызатын орын бар, қазір екеуіңді қамап, сайрайтын боласындар!-деді.

Жоқ! Біз айтамыз, күн көрісіміз, житін тамағымыз жоқ, Батпақарадан әрең келіп, ондағы қырылған халық «бір үзім нан таба алмай» босып кетті, алды өліп қалды, болмаған соң, осы жақтың жағыдайы жақсы деп естіген соң, келген бетіміз еді!-деді үлкен ағасы. –Ендеше қандай қақың бар, халықтың житін нанынан қағатын, қазір милициямен барып, тыққан тұқымның «биттайын шашыратпай» әкелетін бол, ауыл адамдарынан кімді ертіп, бірге ұрладың, біреуінде қалдырма, осы алаңға әкеліп тапсыратын бол?!-деп Махмет қатаң айтып тапсырды. Көп ұзамай, өгіз арбаға тиеліп, алаңға келіп тоқтады. Мынау бидайды бүкіл ел адамы бір кісідей жұмылып, жыртылған дайын жерге себетін болындар, биыл көктем жаман емес жауын-шашын болып тұр «нан болса-әнде болады»!-деді басшы. –Біз мұндай жағыдайға төзе алмаймыз, әкелген тұқымға ие бола алмаған қандай басшы?! Қолынан келмейді, бүгін оны жұмыстан бостамын, жаста болса, қолынан іс келетін, сонау қырдағы егістік жерді бір өзі пар өгізбен жыртып дайын еткен, Қазбекті колхоз басқармасы етіп тағайындаймын!-деді Махмет. Жиналған жұрт қол соғып «қоштай» ала жөнелді. –Колхоз деген ұйым «барлық жұмысты бірігіп, көптеп-көлемдеп» атқару деген сөз, бүкіл халықпен істелетін-іс!-деді басшы. –Арнайы көлікпен ағайынды екеуін, баратын жеріне жеткізіп салды, колхозға енді, көлденең бас сұғатын, адамды жолатпауды қатаң тапсырды.

–Колхоз жұмысы Жаңа басшы келісімен жұмыс дүрілдей бастады, жаңа үйлер қатар түзеп, мектеп пайдалануға берілді. Мал басыда өсіп, қоралар салына бастады, егін мол болып «нанда» көбейді. –Жұлдыз құрбысымен мұғалімдік оқуға түсіп, жатаханадан орын алып, оқи бастады. Қолынан кітабы түспей, көп дайындалды.



Еңбегі зая кеткен жоқ, мұғалімдікті бітіріп өзінің туған ауылына оралды. –Жаңа салынған мектептің басшысы болып «жаппай» сауаттандыру жолында бүкіл елді оқуға тартып, қоныстарды аралап, малшы қауымға сабақ берді. Жалынды жас қыз, бірден ауызға ілініп, беделге ие болды. –Ауыл жастарын тартып, өзі бастап ән айтып «ансамбль» құрды, концерттер беріп, халықтың «қошеметіне» ие болды. – Махмет Жұлдызды ауданға басшы етіп, көшіртіп алды.

–Сұлу қыз, әсем киінген қызыл көйлегі бойына жарасып, өнерлі оюмен тігілген желеткесі, қомды шашымен жарасып, жарқыраған бет әлпеті, ақ мүсіндей болып, ерекшелене түсті.

\* \* \*

–Қызықпаған адам болмады. Жұлдыз десе жұлдыздай болып, аспандағы жымың қаққан, ай сәулесімен жымындасып, сәулесін шашып, күмістей болып жарқырай берді. –Жұлдыздың барған беті, жаңа орын, жаңа қызымет, ауылдан келушілер көп болды, оларды қабылдап, оқу ісімен бөлісті. –Алыс ауылдан келген жас жігіт, бұрыннан естуі бар, Жұлдызды әдейі көру үшін, жұмысына келуін күтіп жүрді. Жігіттің төресі, сұлу тартқан келбеті, ақшыл жүзі, бірден назарын аударып, талай қызды ғашық еткенге ұқсайды. –Жана салынған ғимрат алдында, Ғанижан, сәнді киінген бойы, қыздың бірден келе жатқанын байқап, есіктің алдына қарай ығыса бастады.

–Алып ұшқан жүрегі бір сәт толастамай, қыздың жүзіне қараумен болды. Көз қиығын тастап өтіп «сәләматсыз ба?» деумен өте шықты. –Ғанижан иек қағып та үлгірмей қалды. Қыздың жас сәулелі жүзінде, кішілеу қара көзі, әсіресе естен кетпестей болды. Аса сыпайлы қарайтын ойлы, нұрлы көзінде бөлек бір шұғыла жатыр. Жаңа жеткен жастық, тазалық шағында, ақ жүзді, ақ сұр жүзді, қара көз қыздың оқта-текте кездесетін шұғыла нұрға толы, жарқырай түсіп, шапағат атқан. Қара көз сұлу көп болса да, бұл бітім қасиет анда-санда біреуде ғана болатын, сол бітім Жұлдыздың ғана бойында еді. –Көлденең жігіттерде сол бітімге қызығып қарайтын. –Ғанижанда көргенде-ақ, көзімен сүзіліп, ажарынан көзін алмай тұрып қалды, Айтар сөзінде болмады, есі кетіп аузынан суы құрып, сұлу бейкештің бейнесіне елітіп, «қайран шіркін тамаша» едің деумен ой түйе берді. –Ғанижан сондағы құрлыстың маманы, бұрыннан құлағы шалып, естіп жүретін, бірақ бір кездесуге зар болып, уақытын ойлаумен өткізетін. –Енді міне сәтінде келді, қыз осында...-Шын ғашық болған жігіттің, амалы таусылып, қалайда кездесу жолын іздеді. Түн жүрді, күн жүрді, реті болмай тұғырыққа тіреліп, арпалысқан жастық шақ, бойын билеп мазасы кетті. Неде болса, жолда аңдып, таныссам екен, бірақ көшеде ұятқой «мен сізді білмеймін» десе, не деп жауап беремін?!-деп шектеле берді. –Бүгін Мәдениет үйінде «үлкен жиналыс»-ашылу салтанатын атап, өту белгіленген соңында Данагүл мен Ақжарқынның концерті!-деп хабарланды.

–Енді міне сәті түсті, түн ұйқысын төрт бөліп, дайындық үстінде болды, қызға гүл шоғын беру үшін даладан «тюлпан» гүлін тауып әкеліп, қыздың тағыда келер жолын күтті.

\* \* \*

–Әлден соң басында камшат бөркі үкісі бар, үстіне киген қызыл көйлегі, желеткесімен жараса түскен, қара шашы өріліп бұрымына жіберіп, мойнындағы аппақ мойыншағы жарқырап, сұлу өңін аша түсіп, қасында құрбысы бар, қасынан өте бергенде «мынау сізге арналған гүл» деп ұстата салдым. Сәл тоқтады да «сіз кім боласыз? Менің атым Жұлдыз!» деп қолын ұсына берді. –Менде қарап қалмадым, іздегенім сол еді, атым Ғанижан!-дедім.

–Солақ екен, қыз күлімсіреп: Ғанижан онда бәріміз бірге отырайық!-деді сызылып. Мен құп алып, қыз соңынан ере бердім. Үшеуміз орын алып, кең әсем залдың, тамаша көрністерін көріп, таң қалумен отыра бергенде, «үлкен қызыл шымылдық» айқара ашылып, безендірілген сахна төрі, адам танымастай өзгерген. Жұлдыз бірден: Осының бәрі менің жерлесім Данабике қызының басшылығымен жасалған, ол жасынан өнерге құштар, салған әнін бүкіл жұрт сүйіне тыңдайтын, бүгінде сол бастап айтады!-деді. Ғанижан Данагүлді бұрыннан білетін: Ол халықтың сүйікті әншісі!-деді. –Осы гүлді соған берейік!-деді қыз.

Бір кезде сахна төріне сұлу ажары бар, ұзын бойлы, ақшыл тартқан жігіт, Махмет шыға келіп бірден сөз бастап кетті: Бүгін біз жаңа Мәдениет үйінің алғашқы ашылу салтанаты, Наурызым жерінде, тұңғыш рет салынған ғимрат. Бірақ жиналған жұртқа айтпасқа болмайды, ақуал өршіп тұр, қаншама жерлерде адамдардың аюандық істері, жаңадан ұйымдаса бастаған, «жаппай колхоздастыру» деген, үкіметтің қаулысына қарсы шығып, ауылдарға іріткі салып, қораларын өртеп, малын ұрлап, әкелген тұқымдарын жоқ қылып, қыздарын құрбан етіп «тоқалдыққа» берумен, малға сатып «ойран» салуда.

–Біз бұлармен күресе отырып, халықты біріктіріп, 18 колхозды ұйымдастырып, ауылдық советтерді бекіттік. Татарстаннан тұқым алып, «соқа» мен «ловрейка» алғыздық, қанша қиын болсада, жер жырттып «пар» өгізбен егістік жерлерді жырттып, дайын еттік. Халықты нанға қолын жеткізу «жоқшылық пен жаманшылықты» ел ішінен алып тастап, қыран көзіндей қырағы, жолын ашу керек!-деді басшы. Қиындыққа қарамай егін мен мал шаруашылығы қалыпқа келе бастады. Осының бәрі қарапайым қазақ халқының «ұйымдаса білгеннің арқасы-солардың адал еңбегінің арқасы»!-деді Махмет. Бүкіл жұрт орындарынан тұрып қол соғып «уралап» қошемет көрсетті. –Арты концертке жалғасты. –Сұлу жүзімен шыға келген Данагүл Құрманғазы оркестірінің жетелеуімен «Анама» деген әнінен бастап, шалқыта салған асқақ дауысы, мұнды сазды өлеңін естігенде барлығыда көзіне жас алып, бойларын балқытты. Ақжарқынның ашық дауысы бүкіл аумаққа естіліп, халықтың көңілінен шыға бастады. –Екеуін қайта-қайта шақырып, ән шырқады. Соңынан Құрманғазы оркестірінің орындауында «Саржайлаудан» басталып, көп күйлер тартылды. Ұмытылмастай із қалдырған жастарға риза болып, қимастықпен тарасты. –Бұл жаңа аудан орталығында-алғашқы «тұңғыш» концерті болатын. –Жер-жерден келген колхоз басшылары мен еңбек адамдары тамашалады, соңынан «қонағасы» берілді.

Махмет колхоз басшыларын кеңсесіне жинап алып «күндіз-түні» қырағы болуды қатаң тапсырды: «Еккен егінді» көздің қарашығындай сақтап, халықта «нан болатын болсын!» қандай қиындық болмасын тез хабар жіберіп, айтып отыруды естеріңнен шығармаңдар, ұмытсаңдар «бастарыңмен жауап беретін боласыңдар»!- деді Махмет тағыда қатулы түрде ескертіп, шығарып салды. Жұлдыз концерт бітісімен Данагүлге гүл ұсынды. \* \* \*

Ақырын жылжып залдан шыға берді. Құрбысы қоштасып үйіне бет алды. Қыз Ғанижанмен бірге шығып, көл жағасына қарай, самал желдің бағытымен, аяндап жүре түсті. Жігітте бойын жинақтап, қызбен қатарласып, жарқыраған көлдің ай сәулесіне қызықтап қарап, келе жатқан Жұлдыздың, қолынан ұстап: біз енді таныс болдық, бірге жүріп кешкілік осылай кездесіп тұрсақ екен? Көңіліңе алмасаң, менің айтар ойымда, іздеген арманымда табылғандай болды!-деді жігіт ыстық қолын қыса түсіп.

Қызда қолын алмай: Бірақ сенің іздегенің кім еді?-Кім болушы еді, сенің өзінді, қаншама күндер күтіп, бір ауыз сөз алалмай уайымға батып жүрдім!-деді жігіт. – Мен бұрыннан естіп, ауылыңа талай рет жұмыспен барып, кездестіре алмадым, сен онда оқуда болдың ба? реті келмеді. Сағыныш сезімім ылғида бір өзіне орала берді. Жылдар күттім, сұлу жүзіңде «ғашық» болдым, оқып жүргенде қаладан көзім шалып қалып, жүгіріп тез келсем де, орнында жоқ болып шықтың, бақсам көлікпен кетіп қалғаныңды, бірақ білдім «сұрастырғанмен ешкім айта қоймады» таба алмай сан ұрып қалдым!-деді жігіт. –Мен жалғыз қыз емеспін ғой, сендей жігітке тез табыла қоятын?!-деді қыз әжуалап. Жоқ олай деме! Әркімнің өз сүйгені болады «Сұлу-сұлу емес, сүйген сұлу» деген, жылдар күткенім «сол сұлуым өзің боласың!»-деп қыздың қолын ұстап, жақындай түсті.

–Жұлдыз: әлі де сен ойластыр, табылып қалар, болмаса өзім көмектесермін!-деп тағы күліп әжуалай бастады. Сонда қалай? Өзінді менен аулақ салғың келе ма?! Мен жүрегімді сен үшін «мәңгілікке» байлап жүрсем!-деді де, сағынышы үзіліп барып, тұрып қалды. Қолын жіберіп, өзіне тартып алды. Біразға дейін аралары бекімеді, құм сепкендей басылып, аулақтай бастады. –Неге бұлай болды? Қыз әлде мені ұнатқысы келмеді ма? Түсініксіз жайт жігіт бойын ала берді. Көл жағасы тынық су, шағалалардың су бетімен ұшып, жалт-жұлт еткен аппақ қанаттары, күмістей жарқырап, су бетінің сәулесімен дамылсыз ұшып «сыр-сыр» қағады. Желпіген желдей болып, аспанмен таласа біткен биік ағаштың саясы, көлге түсіп, әсемденіп бой тартады. Жиек толған көгілдір шөп, жаз самалымен қоса ілесіп, алысты орайды, Жұпар иісі аңқыған, осы аймақ, көгілдір тұман құсап, нұрын шашқандай келбетімен өзінді тартып, орап алғандай сезінесің. Табиғат сұлу деп осыны айт. –Махметте алғашқы келген бетте, аудан орталығына, қалаған жері, осы аймақтың өзі!-десті.

Сондықтан ба? Ерекше көрінген келбеті, салынған ғимраттар әсемденіп, көлеңке бейнесі суға түсіп, күмістей жарқырап, кең аймаққа жайылған түрімен,

көзінді алып тамаша райға батқандай болып, «алтын сарайда» жүргендей сезінесің. Екі жастың жүрек толқыныда бір-біріне ілесе түсіп, бойларын жақын ұстап, жігіттің жүзіне қызыға қарап, көзін алмай, мөддір көзінің қиығын молғып тастап, жылы бейнесін жігіт бойына ұсына түсті.

Ғанижан бірден сезіп, ыстық қолын ұстай алып, өзіне қарай тартқандай болды. Қызда қолын алмады, жылжыған бойы, денелері жақындап, сағыныш сезімдері шыдатпай, екеуіде, бірін-бірі аймалағандай, құшақ жайысып, бір орнында тұрып қалды. Жігіт батылдық танытып, оймақтай аузына, ернін апара берді. Қызу тартқан денесін өзіне тартып, еркін құшақтап, жібектей созылған денесін, бауырына жылжытып, сүйе бастады. Жігіттің лаулаған дене қызуы, қыздың бойын ысытып «арманда» болған сағынышын баса алмады, біріне-бірі жабысып айрылмады, құшақтасқан бойы қолдарын алмай, ұзаққа созылған жағадағы тұрысы «ғашықтық» сезіммен орала берді.

Қыз үзіліп барып, жігіттің баурынан шығып: Мынау саған арнайы, арнаған «кестелі орамалым» мәңгілікке беріп айнымас «серт» болып, қайда жүрсеңде, бетінді сүрткенде есіңе түсетін болсын деп бергенім!-деді. Ғанижанда орамалды қолына алып, жарқыраған сағатын қыз қолына таға бастады, менің өзім қасыңда болмасамда, уақытты көргенде есіңе түсіп, кездесетін кез еді деп асығарсың!-деп аузынан қайта-қайта сүйіп, кеш болсада жібергісі келмеді. Соққан жүрек қайталаумен қызды қимай аймалап, үйіне шығарып салды. Қыз махаббаты «мәңгілікке» созыла берді.... \* \* \*

Махмет тағыда жол үстінде, Суық хабар, сонау Қайғы колхозының Қарасу қонысынан, үйір жылқы жоқ болды, «әккі ұрылар» Қызбел асырған көрінеді!-десті. Қасында аудан соты мен прокурор және НКВД-нің қарулы «қызыл жағалылары» бірге аттанысты.

–Қалайда қолға түсіріп, үкімет малын талан-таражға салғызбай ұрының жолын кесу еді. Қара жорға, екі шетінде «парошке» жегілген, кимелі арбаны алып ұшып екпіндеп, Қайғы өңіріне бет түзеді. Самал жел толқыған лебі, жаздың жадыраңқы жылы ауасы, бетіңе баю соғады. Жалғанған дөңестер мен қырат бойлары, алыстан сағымданып, жарыса біткен толқынды бейнесі көзінді қаратпай, мөддір мүсінді булдыр тартып, есіңді ала берді. –Махмет «қызыл жағалыларға» түгелдей ат мінгізіп, қарулы топтың болғанын қалады, арпалыс кезінде үкімет мүдесін тек қана солар ғана қорғап шығатынына сенді «қандай операция» болмасын, әділдікпен шешіліп «қас дұшпанды бүктеп аяқ астына салғанда» солардың өзі!-десті. Ой-шұқыры көп, жазық даланың, алыс жатқан беткейін басып, өзенді жерімен сабылтып келеміз. Әр жерде бір бұта, ағашта өспеген. –Құлаң күздің боюындай, дабыл қаққан сар даланың бүгінгі келбеті, адам айтса нанғысыз, күңгірт болып бұлт басқандай, қоңыр сәулесін бере түсті.

Сырға толы жер бетінің, қуарып шөлмек құсап, жаз бойы бір тамшының болмағаны, асыл дүниенің тозып біткен, қалпын көрсетіп құлазып сала берді. – Махмет табиғат сырына бекем болып, осы өңірдің, ертең-ақ жаңарып шығатынына сенімі мол болды. – Сол бетімен қонысқа кіре берді. Жиналған аз адам, әңгіме басын бірден, болған оқиғаның, жайын айтып, түсінік берді. – Махмет қасындағы басшыларға тапсырма беріп, орталыққа бет түзеді. Қарулы топ, бірден Қызбел тауынан асып «үңгір – аялдама қорғанын» тауып алып, топ жылқының үстінен түсті. – Жан адам білмейтін, аяқ басып ешкім келмейтін жерді пана етіп «қорған» жасап үлгірген. Қаншама ұрлық малдың, тұрмысы жоқ кедей сорлының жалғыз сиырыда, халықтың күнгөріс малыда, осында тығып ұстап, өздері шылқыма байып Тоқан бастаған «аюанды топты» бірден осы жерде- қолға түсіріп, бүкіл малды Қайғы ауылына айдап апаруға бұйрық етті.

– Тоқанның жайлымдағы тыққан бүкіл малын, қоса айдап, көшкен ел құсатып «қызыл жағалылар» атпен сабылтып, қарсыласқандарды, мылтықпен атып «қорқытып» тез жеткізуді мақсат тұтты. Кеш алаңға жиналған халықтың көзінше түгел малды айдап, көшеге тықты. Таңырқаған жұрт қуанысып, жоғалған малдарын танып, үкімет малын колхозға табыс етті. Тоқанның малын санап, түгелдей үкіметке өткізді. – Махмет аудан көлеміндегі, нашар отбасымен сөйлесіп, күн көріс малы жоқтарға түгелдей бұзаулы сиырды бергізіп, үкіметке өткен бүкіл малды колхоздарға таратып, мал басын өсіруді қатаң тапсырды. – Қуанысқан халықта шек болмады бәріде алаңға жиналып, ылғида Махметтің келуін күтіп «бір жақсылықтың» болатынын біліп, дархан жүздерімен қарсы алуды әдетке айналдырды. – Жиналған халық, біздің мандайымызға біткен!- десті.

Тоқанды аялдатпай, аудан түрмесіне тобымен тықты. Дархан дала төсі жадырап сала берді, өрістегі малдарыда көбейіп көңілдері өсе түсті, қарапайым халықпен қоштасып, ауданға бет түзеді. – Махмет Төлемісті Татарстанға жіберіп, Шариф жолдасына сәлемін жеткізіп, егін орағына керекті, «ловарика» алғызды. Шариф Төлемістің барған күні, бүкіл өзінің колхоз басшыларын жинап алып, Төлемісті таныстырып: Сендер ойламаңдар, Қазақстандағы қазақ халқы біздің бауырлас- ағайынымыз, қазір олардың жағыдайы ауыр «бір үзім нанның» жоқтығынан бүкіл халқы аштықтан қырылуда, малмен күн көріп отырған жалғыз сиырын Голошокин Сталинге жағынып бүкіл малдарын тартып алып етке өткізген «асыра сілтеу болмасын- аша тұяқ қалмасын» деген саясат жүргізіп, елін қырып салды, міне енді өз бетімен батылдық жасап, менімен кезінде бірге оқып, бір төсекте жатқан жолдасым Махметке қол үшін беруге жинаған едім «кімде не бар» ең бірінші тұқым, халықты қалайда аштықтан сақтау керек, жер жыртатын соқа керек, егін оратын «ловрика» керек, аяғынан тұрып кетсе сендерге бар көмегін оларда аямайды!- деді Шариф. – Тыңдаған қалың жұрт тіке тұрып: Бізде аянбаспыз, тұқымда, техника да, шөп шабатын «косилканы» да береміз!- десті. – Күн сапап, ауыл өңірінде жер жырттылып, түгелдей егінде салып үлгірді. Пар өгіз жегіліп косилкамен шөп дайындауға кіріскен халық, тобымен оп айдап, жаңа үйлердің

қабырғасын тұрғыза бастады «бұрынғы көшпелі қазақ» тұрақты ел болып, ауыл үйлері молайып көркейе түсті. \* \* \*

Қаладағы Михайлов досының арқасында, ауылдың қазақ қыздары «мұғалімдікті» бітіріп келіп бүкіл халықты «сауаттандыру» ісіне кірісті «үлкенді-кішіні» жинап мектепке оқытып сауатын ашты, хат танып, кітап оқитын болды. Махмет колхоз басшыларын ауданға жинап: Бізде қаншама сулы аймақ өзен мен көл жетерлік, іргедегі балықты ауламай-жалқаулық танытып, жүргендер «жай іргедегі халыққа керек-тамақты» ойламай, іскерлікке қатынасын мүлдем ұмытқан сыяқты, әйтпесе сыбанып жіберіп, қолынан іс келетін адамдарды тауып алып, ау құрып, қайық беріп, ұйымдастырудың керектігін айтып, тағыда тапсырамын, келесі кездесуде нақтылы сұралатын болады, орындамағандар орынды босатып кеткені дұрыс, біз ондайлармен істесе алмаймыз!-деді қатыуға басып. Махмет сөзін жалғастырып: Төлеміс нағыз балықшыларды Тобыл өзенінің жағасынан әкеліп, Сармойын өзеніне қондырды, оларды кигіз үйге орналастырып, ауданның халқын балықпен қамтамасыз ететін болады!-деді.

–Махмет көп ұзамай, бүкіл басшы біткендерді Түбек колхозына жинады, кең алаңға бүкіл ел жұрт шақырылды, сол төңіректегі Құмжата колхозынан бастап, қатынасты. Жиналыс көпке созылды, басталмас бұрын, колхоздың басшысы Сұлтан Алменов, барлық жұмыстарымен таныстырып, жаңа үйлермен көшелерді, мал қонысындағы сарайларды, егіс алқабын көрсетіп, бітік шыққан егінді тамашалады, шөп алқабында болып «косилкамен» шабылған жердің шөбін маялаған бүкіл жұртты кездестірді. Бірнеше жерден оп айдалып, дайын саманын құрлысқа жіберіп жатқан көшін байқады. –Әр бір от басына қырманнан «еңбек күнін есептеп» төрт-бес қапшық бидай алып жатқан жұртты көрді.

Сұлтан Тасобаға арнаулы көлік жіберіп, тас алғызып, «қол дирмен» істетіп, халқына таратқан. Олар нанды еркін жеп, колхоз шаруасын бұрқыратып, қарқынды еңбек етіп жатқан, қарапайым халықты өз көзімен көрді. –Махмет сөз бастап: Міне көрдіңдер ме? Аз уақыттың ішінде Сұлтан Алменов басқарған колхоз танымастай өзгерген, біздің сендерді шақырып отырғанымыз «адал еңбектің-жемісін көзімен көрсін, ұйымдастыру басшылықтың арқасында, осы өңірдің бәрін басып озып, аяқтағы ағып жатқан бұлақты бөгеп, «тоған» салған, жерін жыртып дайындап «көгеніс» егуді қолға ала бастады, өзеннің балығын аулауға арнаулы адам қойып, балықты молайтқан. \* \* \*

Жиналыстан соң қонағасы ретінде, сендердің алдарыңа, астауға салып тартатын болады. Неге біз салғырттық танытып, мойын бұрмаймыз «үкіметтің жаңа талабын орындамаймыз?, Әлде жалқаулыққа па?-Қолынан келмейтін сауатсыздық па? Өздерің ойлаңдаршы, бүкіл жұмыс сол бишара қарапайым халықтың мойнында, ерте тұрып, кеш жатады, дамылы жоқ күні бойы «өгізбен» арпалысып, онсыз жұмыста бітпейді «бәрі қолымен» істеледі, ендеше сол адамдардың тамағын тоқ қылып, көңілін бір сәт көтеріп, от басына сиыр беріп,

тамағын мол ету, қолдарыңнан келмесе, бірыңғай жас жігіттерді қоямын!-деді Махмет бар дауысымен бүкіл басшылардың құлағына құйып, қатаң ескертті.

Бұл сөзім аяқсыз қалмас үшін, әсіресе Көктал, Данабике, Қайғы, Шөптікөл, Саршығанақ, Қарасу колхоздарында, толқынды өзені бар, сарқырап аққан былағы бар, сай салада суы бар жерлерді пайдаланып, Түбек сыяқты өңірді өзгертуді, талап етемін, келесі жиын сол істелген колхозда өтетін болады!-деді басшы сөзін аяқтап. Күн батып, қас қарая бергенде, ауданға бет алып, ауылдың шетінен шыға бергенде, алдарынан салт атты шығып «суық хабарды» жеткізіп үлгірді. Бұл сонау Қызбел тауының ар жағында Саға колхозында бірдей бір табын қой отқа оранып жанып кеткен. Кім екені белгісіз, колхозға қарсы біреудің ісі ғой деп, топшылады. Махмет ауданның заң басшыларымен «қызыл жағалыларды» ертіп, түн ішінде соған тартты. Таң сәулесі, жарық аймен жол бойын көрсетіп, қара жорға «парешкіленіп» екпін деп, салып отырды. Жылы ауа толқыны дененді орап, суытпады бұлда жаздың әсем күндерінің бірі болатын.

–Жолай шағын ауылдар, жылтыраған май шамдары көрініп қалып, артта қалып отырды. Махметтің катулы жүзі, ешкімде сыр беріп, сөйлемеді. –Қобалжыған қалыппен, келбеті өзгеріп, бір сазарып, бір ақшыл тартып, бойына сыймай «аюандарды»өлтiруге бекiнгендей, ыңғай тартып, тиысызданып қояды. –Бұл жағыдай бұл емес, қасарысқан жаудың қылығы, үкімет малына қол салып «жермен жексен етуі» жаңа орнап біріккен халқтың жүрегіне «қылау» салуы «етектен тарқан ескінің, жағадан алған жауыздың» құршағында қалған сорлы халықтың күні не болмақ? Кім не ойлады? Әлде әдейі ұйымдасқан «қулар»ма? Осы оймен, бет түзеп Сағаға кіре берді. Өзен бойы, көк түтін, әлі жанып бітпеген, қойдың тері жүндері, лаулаған жалын, бұрқыраған қара түтін, ауылды басып, демін алдырар емес. Халықта тез жиналып, қалай болғанын сұрастырып, Махмет бірден көпшіліктен жекелеп сұрап білуге тырысты.

–Күдікті барма? Бар болса осында жеткіз деп бұйырды. –Оларда би хабар, ауылдың ортасындағы базды неге бақыламасқа? Үкімет малына кім жауап береді!?-деді Махмет.

\* \* \*

«Қызыл жағалылар» барған бетте түгелдей ауылды қоршап, ешкімді шығармады, қатаң тәртіп орнатты. Органның адамдары жеке-жеке жауап алып, болған істің қалайда «кім істегенін» білуге тырысты. Өзеннің тік жарына жасырынып, екі-үшеуі қашып бара жатқан, адамдарды көзі шалып қалған, «қызыл жағалы» ат үстінде тұрып, мылтық атып, бірден сол жерінде тоқтатты. –Қашуға шамасы келмей, байлаулы тұрған аттарына мініп, қашу еді. –Олардың бір бөлегі, отардың жартсын айдап қыр асырған, мынау үшеуі тағда, отардан қойды бөліп алғысы келіп, жасырынып қора маңын шарлап, күн батуын күткен. Оқиға былай болды: –Шауылдеген иттердің дауысынан, үйінен малшы жүгіре шығып, қолында май шамы, биаланы кигізе салған бойы, қой жатқан албардағы дүрілді естіп,

айғайға басты «жау келді, жау келді!» -деп дүрсе қоя берді. Қараңғыны пайдаланып, малшыға екеуі жабыла түсті.

–Малшыда алдырар емес, қарулы екеуін екі жаққа лақтырып тастады, үшіншісі келіп артынан мойнына қыл арқанды салып жіберіп, қылқындырып жерге құлатты, қолындағы шамның биаласы сынып, қуарып жатқан қоқыстың үстіне түскен от бірден тұтанып, албардың өні бойын бірден алып кетті. Лаулаған от жалыны, отар қойдың үстіндегі жүнін шарпып, аяқ-қолы байлаңған малшыны, бірге қосып, қара түтін бұрық етті. Жалынның кереметтігі сонша ешкім маңына бара алмады, малшы-кедей отар қоймен бірге жанып кетіп, жоқ болды. Қайғылы қаза ауылды «дүр» сілкіндірді. Есінен адасқан адамдар не істерін білмей әлекке түсіп жатқан жерін де, Махмет адамдарымен түні бойы жүріп, келген бетіде сол еді. –Олар ешқайда ұзаған жоқ, тез жолын кесіндер деп!-бұйырды.

Көп ұзамай, жолдарды бөгеп тұрған «қызыл жағалылар» қолдарна кісен салып үшеуін бірдей жиналған топқа сүйретіп әкеп тастады. Көрген халық: Өтеңелеттерге сол керек, өмір бойы малымызды ұрлап, талай санымызды соқтырған қулар ақыры ұсталдыңдар ма? Сол керек сендерге, енді өмір бойы өкінетін боласындар!-деп беттеріне түкіріп, қарғыстарын жаудырды. –Тексеріс басталды, прокурор аттатпай жауаптап, шындығын айтқызуға тырысты. –Бұдан бірнеше шақырым жер, қалың орман, ит тұмсығы өтпейтін, жиі шыққан қайың-терекпен көмкерілген аймақтың ішінде шағын сулы көлі бар «барса келместің»кейпін жасап, Түкібай бастаған «ұрының» ұйымы, өздерінен басқа жан баспаған жерге жасырынып, маңайды тонап, қарапайым халықтың «тіршілігін» кескен.

–Мұны ешкімде біліп, сезбеген. –Жыл сайын жайлымнан, өздерінің нөкерлерін жіберіп, топ атты бүкіл малдың жылқы мен сиырын, қой мен ешкісін, түгелдей бірін қалдырмай сыпырып отырған. Осының бәрін жауаптау кезінде, қыспаққа алып, «қолын қайырып», шындығын айтып, жайып салды. –«Қызыл жағалылар» қаруын алып атқа қонды, екеуін бір атқа мінгестіріп, жол бағытын көрсетуге биім етті. Біраз жүрген соң, үлкен дөңестің бауырайын ала, шыққан қалың орманды көзі шалды. Жағалайы толған аласа бұта талдар, үлкен ағаштармен қоса біткен, кірер ауыз көрінбей, дөңгеленіп барып, тапталған арба кіретіндей жол табанымен ішке кіре берді. –Айтса айтқандай еккен, жарқыраған көл, тігілген кигіз үйлер мен жер қапа шымнан салынған қоңыр үйлер, ағаштың арасы толған мал, қалың шөп, кісі бойындай «қысы-жазы» осында мекен еткен көрінеді.

Жеке дара тұрған қос үй, Түкібайдың екі тоқалымен тұрған үйі!-деп меңзеді. Бәріде жиналып барып, түгелдей қоршап алып «Түкібай! Далаға тез шық!-деп айғайға басты. Тоқалының қойнынан шошып оянған Түкібай: Мынау кім өздері! Қайдан келген пәле! Кім әкелді мұнда ертіп!-деп адамдарына пәле салды. Қозғалар емес! Жоғарыдан гүрс еткізіп, екі-үш рет атып жібергенде, жиде-дамбалшаң, үстіне қаптал шапанын жамыла салып, кигіз үйден атып шықты. Қоршаған милиция тобын көріп «шошып» кетті, жақтастарын түгелдей ұстап, қолдарына кісен салып,



каз-қатар, алдынан шығарды. Түкібайды ұстап, қолына кісен салып, арбаға отырғызып, Сағаға бет түзеді.

Ұсталғандарға түгел малдың бірін қалдырмай, айдап табынымен арбалы көштің соңынан қалмауды ескертіп, қадағалап отырды «жалт» беретіндер «бірден оққа ұшатындығын айтып», өздері соңынан еріп отырды. Түгелдей мал айдалып, Саға ауылының маңына иірді, арнаулы комиссия құрылып, түгелдей үкіметке өтті. Ауыл адамдары өз малын алып, көңілі жайланды, сиыры жоқ от басына комиссия бір-бір сиырдан бергізді. Махмет түгелдей ауыл адамдарын жинап алып: Енді осы берген малды көздің қарашығындай сақтап, мал басын өсіріп, күш көлігін көбейтіп, шаруашылыққа өгізді пайдалануды тапсырды. Түкібай жақтастарымен, бірнеше жылды аркалап, Қарағанды колониясына жер аударылды.

–Колхозға жаңа басшы сайлап, Махмет ауданға бет алды. Саға колхозының жұмысы дүркіреп ала жөнелді. Кең дария толқынына ұласқан өзен бейнесі, жағаға қонған балықшылардың назарында болды. Құсқада бай, жайыла ашып, жаға толқынымен ұласқан қаз-үйректі бірден байқайсың. Өрісінде кең жазық даланың, көгал тартқан жер беті, жауыннан кейін қайта құлпырып, көктемнің күмісіндей болып, жайнап шыға келді.

\* \* \*

Қымбат шак, кедей үшін, осы кез болатын, күнкөріс малының күтіміде, қойнау толған жайлымнан басын алмай, оңалуда сүт молшылығын от басына берудің жолы болғандай, қуанысады. Жайлымға тігілген, кигіз үйлерді көріп Махмет: Тез арада қойларды қырқып, ауыл әйелдерін жинап, кигіз бастырып «туылдырық-жапқыштарын» жаңартуды тапсырды, олар қашанғы суық, жел саулаған қоста отырмақ, түгел жамаумен қымтап, брезентті жапсыра тігіп, құн жауы кеткен, қоқыр-соқырда отырмақ, адал еңбектің иесі солар, ендеше үйлерін жаңартып, бүтін етіндер!-деді Махмет кетерде.

Заман талдауы болсада, халық үшін аянбайтынын көрсетті. Жаңа аудан орталығы, -Жұлдыз үйінде жалғыз, ән айтып, терезе маңынан шықпады. Шалқыған ән әуені алысқа естіліп, жібектей созылған жіңішке дауысы, мұңды үнімен, маңайды елең етті. Асығып келе жатқан Ғанижанда, естісімен үйге кірмей, сыртта тұрып әнін тындады. Бұл бірінші рет естуі еді. –Ғажап дауысына таңғалып, Жұлдызды керем сағынғанын жеткізгісі келіп, ән біткенше айалдаумен болды. – Біршеше күннен бері, аудан құрлысына, Бас Науырзымнан ағаш дайындап, өгіз арбамен «көш» легі құсатып, жеткізгені сол еді. Апасына айтып: осы үйге келінді түсіремін сондықтан тез оп басып, саман құйып, қабырғасын бірақ күнде көтеремін!-деді Ғанижан үй ішін қуантып. Жігіт мұндай жұмысқа әптен ысылған, зор денелі, кеспе мойын, қақ жаурынды, жас жігіт дамыл таппады, ойлаған мақсатын тезірек іске асыруға тырысып, үйдің тек төбесін жабу ғана қалды, сылаққа «үме» жасап, бір жетіде үйді бітіруге сендірді. –Осы ойымен Жұлдызға айтып, қуанышпен бөліспек болды. Жұлдыз өзі шығарған «ғашықтық» мұңын әнінің назына қосып «Қайда менің сүйгенім?! Мұңымды айтып күйгенім? Күтумен

болдым аландап, Сағынышым сен Жаным!-деп көзіне жас алғандай, мөлдір мойыншақ құсап, терезе алдына сырт-сырт еткендей, үзіліп барып, аққандай болды. Шыдамы таусылғандай Ғанижан жүзі бір қызарып, бір сұрланып өңі қашқандай, кейістікпен Жұлдыздың әнді мұңына ұйып, аюмен болды.

Енді аймалап, ешқашан бұлай ұзақ кетпеуге сөз берем!-деп іштей тұжырымдады. Бір сәт ән айтуы басыла берді, бірақ терезе алдынан шықпай, жағалай көз салумен елендей берді, сағына күтті, көп күндер күтті....Лаулаған дене толқыны, ерік бермеді.

\* \* \*

Бойын тез жинап алды да, жабық тұрған есікті қағып: Жұлдыз! Жұлдыз!-деп, айтқанша болған жоқ, есікке жүгіре шығып, ашып жіберісімен қарсы келген Жұлдызды көтеріп алып, құшақтап оймақтай аузынан қайт-қайта сүйіп, бөлмесіндегі төсегіне апарып алды. Сағынған қызда, мойнына оралып, жігіттің құшағына жылжи түсті. Қос жүрек, жаңа тоғысқандай, бір-бірін аймалаумен, жалынды қызуын баса, алмады. Жігіт шыдамады, Жұлдызды баурына тартып, асыл денесін бойына жаратып, алғашқы жарының қос қабатты ақшыл денесіне, бойын еркіндеп апара берді, балқыған денелері нұрға толы «ғажайып»оттың арасында жүргендей болып, жұптарын жабыстырып, айрылмады. Көп жатты, армансыз сүйісіп «сағынышын»баса алмады.

Алғашқы «үйлену тойын» тұңғыш рет, жастардың тойын Мәдениет үйінде өткізуді, Махмет әдейі Данагүлді шақырып алып тапсырған еді. Сол хабар бүкіл елге тарады, халық қызықтап көруге асықты. Кешкі уақыт. Мәдениет үйіне ағылған жұрт, лек-легімен толастар емес. «Ғашық» жастар тойы. Күмбірлеген Құрманғазы оркестірі! «Саржайлау» күйі, бүкіл әлемнің бойын алып, алысқа естіліп, шарықтай түсті. Данагүл бастап: Гакку әнін асқақтата салып, қызылды-жасыл оранған Ғанижан мен Жұлдызды, Төлеген мен Қыз Жібетің бейнесін жасап «қойылым»жасалғанын көрген халық, бірден орындарынан тұрып, қайран қалысты. Шырқалған ән Гаккумен жалғасып, қосылған қыз-келіншектер, керемет дауысымен алысты шарлады, олардың сұлу жүздері, сол заманның Қыз Жібек пен Төлегені!-десті. Толассыз шырқалған ән, бойында ала берді.

Данагүлдің керемет дауысына таң қалған жұрт, бұрын болмаған «үйлену тойы», жаңа заманның алғашқы бастамасына риза болып, енді бүкіл жастардың бәрі өз сүйгенін алады деген болжам жасады. Бұл өте қуанарлық іс болып бекіді. Алыстан келген өнершіл жастардың бәрі риза болып, қуанышпен ауылдарына тарасты. Осылай өткізуге шешім қабылдап, өз ауылдарын той-думанға толтырып, халық көңілін көтеруге бекінді.

\* \* \*

«Қойылым» аяқталысымен, жаңа салынған үйге кіргізіп, жас келіннің бетін ашып, шашу шашылды. Той тағыда әнмен жалғасып, Данагүл мен Ақжарқын кезекпен шырқай түсті, назды дауыстары, көпшілікке бірден ұнап, алғыстарын жаудырумен болды. Ұзаққа созылған той, түн ауа аяқталып, тарасты. Екі жас өз

бөлмесінде, жеке қалды. Бөлменің іші әсемделіп, кілемдер төселген, тұста батсайы шымылдық ұсталып, ілінген. Жігіт шыдамы таусылғандай, жарын қолынан жетектеп, шымылдық ішіне кіргізе берді. Жұмсақ төсекке жатқызып, қыздың сұлу жүзінен сүйе бастады. Қыз қолымен мойнына оралып жігіт денесін өзіне тартып, оймақтай аузын ұсынып, жақындата берді. Қызулы жігіт, қарулы қолымен жібектей созылған денесін бірден өзіне тартып, беттесе түсті. Қыз қызуыда басталып, асыл денесін жігітке жақындатып, бойын ала барді.

Ашылған қыздың қос алмасынан өткізіп, балқыған денесімен бірге жабысып, сүйген ернін алмастан, қыз құшақтаған бойы, жігіттің денесін босатпай, жабыса ұстап, қызуын жігіттің бойына бере түсті. Мол жатты, көп жатты, ұзаққа созылған махаббат сезімі басылмай, жалғаса берді...Қыз сырыда, ұзақ күткеніде осы еді. Белесте толған, үлкен шырында, қыз ажарындағы мөлдір көзінің қарасы, тамағына біткен, ақшыл толқынды нұрыда, бүгін әсемденіп барып, сұлу келбетіне ерекше өң бергендей, ашыла түскен. Жастық жалында, от болып жанғандай, екі жастың сағыныш үміті жаңа орнағандай, бір-бірімен жаңа табысты. Сүйген жарын аймалаған жігіт, өз бойынан аулақ жібермеуге «мәңгілікке»бекіді. Ай мен күндей бақыт орнағандай, сезініп нұрлы жүздерінің, әсем келбеті, тамаша рай танытып, жастарға із қалдырғандай, олармен жұптаса берді.

Самал бұлақтың саясында болғандай, асыл арманыда оралып, жаңа өмірге қадам басқандай, дара шығып, көпшіліктің тілегімен, беделі асып, шарықтай түсті. Бұл екі жастың, өмірге деген алғашқы қадамы еді. Көрер көзге, сипатыда нұрға толы, бар арманы, осылай басталып, қол ұстасқан бойы, дала жүзіне кезумен болды. Жұлдыз комсомол комитетінің секратары болып сайланды. Ғанижан құрлыс бөлімін басқарды, Сезовпен бірге Ресейге баруға дайындалып жатты, көп ұзамай көш легін басқарып құрлыс материалдарын әкелуге жол тартты. –Махмет Жұлдызды шақырып алып: Ауылдық жердегі, қазақ қыздарын жинап алып, оқуға жіберуді тапсырды. Олардың кейбіреуі үйінен шықпай «отырған қыз» атанып, ауыл жұртынан ұялып, құлынды бие берген, егіде адамдарға шығып, бағын байлады, ата-ананың сөзінен шыға алмай, момындығынан зардап шегіп «бағым осы болды» деп шыға салуы, жилеп кетті. Белінен оралған, сауатсыздық бойын басты, айтар сөз, ақылшы болмады. Біз ондайды көре тұра, қыз дағыдырын аршып алуымыз керек, оларға жол көрсетіп, өз теңдеріне жол ашуымыз керек, бұл жаңа үкіметтің талабы, келешек ұрпаққа айтар саясаты болмақ!-деді Махмет Жұлдызға осындай тапсырма беріп, аттандырды.

Жұлдыз жасынан атқа әуес, бала кезінде тайға мініп, жарысқанның өзі, суға түсіп, құрбыларымен жарысып, күн өткізетін, ауылға ән айтумен оралатын. Махмет Жұлдыздың пысықтығын біліп, қараңғы халықты тез «сауаттандыру ісі түгелдей» ауыл аймақ пен қоныстағы малшыларды қамтып, ауыл мұғалімдеріне жүктеуді тапсырды.

\* \* \*

–Олардың алды, хат танып, сауатын ашып, кітап оқуға биімдік жасады. Бұл өте қуанарлық жағыдай!-деп Махмет жиында бағалады. –Махметті обылысқа шақырып, алып кетті. Үлкен жиналыс, облыстың басшысының алдында Махметке сөз сөйлеуге тура келді, болған істің бәрін баян етіп, өзінің тілінің шешендігімен жайып салды, бірнеше зұлымдық фактілерді келтіріп «оперативтік» істің табанда орындалғанын жеткізе білді.

Обылыс басшысы өз сөзінде қортындылай келіп: Жас комунист Махметке сенім артып, аты шулы алыс Науырзым ауданын құруды тапсырған едік, сеніміміз толық ақталды, аш-жалаңаш «жоқшылық пен жаманшылық» ел ішінде кеулеген, сауатсыздық орын алған, қараңғы халықтың көзін ашып «жаппай колхозға» біріктіріп, егін салып, мал өсіруге айқын жолын ашты, «аштықтан түгелдей ауыл адамдарын құтқарды» оларға «мәңгілік» житін «нанын» ұсынды, ескінің заманы етектен тартып, колхозды болдырмауға тырысып «аюандық» істерін жасап «қораларын өртеп, малын ұрлап, тұқымдарын бөліп алып», кісі өліміне дейін барған! Жауыздардың жолын кесіп, тыныштық өмір орната білген Махметтің еңбегі, өте айтарлықтай, халқы тұрақтанып, ауылға көп үйлер салынып көркейе түскен, бәріде үлкен аймаққа айнала бастады! Тағыда айтарым жаңадан аудан орталығы салынды, тез арада сәнді ғимраттармен толығып, тамаша қалашық бой көтерді!-деді облыс басшысы, қол соғып орындарынан тұрып Махметке «құрмет» көрсетті. –Жиналыс бітісімен досы Михайловпен кездесу үшін, тұрған үйіне бас тіреді. Терезеден байқап қалған досы жүгіре шығып, құшақтасып амандасты.

Үйге кіріп жайғасқан соң: Досым мен сенің жақсылығыңды ұмытпаймын, қаншама жастарды қабылдап оқуға орналастырдың, жатахана бергізіп, барлық жағыдайды жасадың, олар қазір мектептерде мұғалім «жаппай халықтың сауатын ашу жолында» еңбек етіп жатыр!-деді Махмет қолын қысып рахметін жаудырды. Көңілденген Михайлов: Тағыда жібер жігіттер мен қыздарды, әсіресе ауылдық жердегі «отырған» қыздарды, олар оқып жүріп өз теңін табуы сөзсіз!-деді досы. Ол ауылдағы болып жатқан жағыдаймен таныс, бәрін білетін болып шықты. Михайлов шығарып салып: Сен нағыз батырсың, бәріне қарсы тұрып, қорықпай сазасын бердің, «елді үлкен аймаққа айналдырып, тыныштық орнаттың» қарапайым халықты соңыңнан ертіп, «аштықтан» құтқардың «дұшпанның» жолын кесіп, үлкен елді қоныс орнаттың!-деді досы Махметті құшақтап, арқасынан қағып, біршама кітаптарды сиға тартты.

Көсемдеп жегілген, түбтегі қара жорға, кимелі арбаны ұшырып ала жөнелді, қара жол бағытына түсіп, екпіндеп желіп отырды. Самал желде, баю соғып ыстық ауаны әкеліп, бетіңе соққандай, баюлап барып тынады. Шалқыған дала өңірі, жалпақ жүздің кеңістігін алып жатқандай, көз алдыңа шексіз болып, ұшы-құйры жоқ сар даланың, алысқа созылған бейнесін көріп қоясың. Арбада отырып ой үстінде, біраз налыды.

\* \* \*

Кейде сұлу табиғаттың әсері ойын бөліп, қандай тамаша екендігіне көңілін жүгіртіп қояды. Балық пен құсқа бай аймақ, өзінің берерін алалмай отырғанына, қатты қынжылады. –Қараңдаршы Сармойын көлі, Көктал өзені, Данабике, Қайғы, Саршығанақ, Жалаңаш, Шөптікөл осылардың бәрі, тегін «ел ырысы» жалқаулық танытып, мойынсынбай ауыл басшыларының ісіне риза болмай қынжылып қояды. «Қаншама балық пен құстан айырлып қалып»көз алдындағы іске мойын бұрмауы, кателік!- деп іштей ойға батты. Күн өте ыстық, жол бойына жүрістен терлеген аттарды сәл суытып, суарып алу үшін, өзен бойындағы тігілген, отауларға соғып аялдауға тура келді. Бұл Данабике жері. Кең арнасымен толқыған өзен, дария теңізіндей көзді алып қояды.

Сая жай ағаштың көлеңкесін пана етіп, тігілген ақотау маңы, қазылған жершақ, кара қазан асылған толы, жаңа сойылған малдың еті, жершақ басында қаптаған әйелдер, сар самаурын қойып, ас пісіріп, шай қайнатуда. Маздаған тезек оты, жершақ басын түтінге толтырып, ерсіл-қарсыл жүрген адамдардың тобы жазылмады, бәріде жершақ басында, астың пісуін күтіп жүр. Іште жиналған көп адамдар ауыл жұрты. Ұсталған шымылдық, ішінде жас келіншек, жоқтау айтып, өзінің зарлы үнімен, тойды басым етіп, айтып қояды.

Бірақ домбыра ұстаған ән айтушылар, кезек күттірмей, өлең-жырларын айтып, үзіліп барып тоқтаумен болды. Арба үстінде, бірденені сезгендей, қасындағы Төлемісті жіберіп, анықтауға тырысты. Бақсақ айтқанындай екен, Шапиық деген шал, бар малын шашып «тоқал» алмаққа бекініп, отау үйіне Қадиша-келіншекті әкеліп, зорлықпен некесін қидырып, той жасап жатқаны байқалды. Жылаған келіншектің дауысы Қадиша болатын. Бұдан бірнеше жыл бұрын қыз әкесі мен шешесі, қызым енді «отау иесі» деп, жастай әйелі өлген болыстың жиені Жұбатқа қызын беріп, біраз малға молыққан. Жұбат көп ұзамай қайтыс болды. Қадиша келіп қалған соң арланып, кетіп қалмау үшін, «жылын» күтіп дін жолымен шығарып салды. Біз жесірімізді ешқайда жібермейміз!-деп әлек салған рулы туысы Шапиық өзінің әл-қуатына қарамай «зорлап» әкеліп той жасап жатқан жерінен бірақ шықтық. Тігілген отау соныкі болып шықты.

Махмет колхоз басшысына хабар жіберіп, алғызды. –Бәрінде бірің қалмай, жершақ басындағы әйелдердіңде жиналуын!- бұйырды. Сықасқан жұрт алдына Махмет келіп кірді. Бірден сөз бастап: Бұларың не? Кімді зорлап қатын етпексің? Жас келіншектің бақытын құлатып, жас өмірін өшіріп, өзінің қатарынан айырып, болашағына балта шауып, не ойлағаның бар Шапиық мырза?!

- Жоқ! Сенің ойлаған ісің, түкке аспайды, өмірің сенің баяғыда өтіп кеткен, қуарған түрің, еңкейген денең, ауызың опырлып бір тісің жоқ, қуатың кеткен адам кімге керек, қазір заман басқаша «жесірімді» алам дегенің, жұрт күлерлік «өзіңе қарап алсаңшы!?» - Қадиша әлі жас, мың бұралған келіншек, сұлу тартқан түрі бар, ақылды ойы бар, бізбен бірге ауданға барып, жиналып жатқан қыз-келіншектер мен қалаға барып оқуға түседі, біз әдейі қазақ қыздарының «үйінде отырып қалмауы

үшін, өз теңін, өз бақытын табу үшін -жолын аштық» сондықтан бірі қалмай, Қадишаның соңына еруді, колхоз басшысына тапсырамын, осындағы ауылнайға міндеттеймін!-деп Махмет бұйырды. Шуласқан халық! Я! Бәсе, осындай «бақытты өмірді» бір ғана өзіннен күткен едік!-десті қалың жұрт, біразға дейін қол соғып, қуанышпен бөлісті. Қадиша әлден соң, тамаша киініп, сұлу жүзіне жарасқан киімімен шыға келгенде, бәріде таңырқасып «бақытың ашылсын» деген тілекпен тарасты. Махмет Шапиықтың кәрі екенін ескеріп, кешірім жасап үйіне жіберді. Көсемдеп жеккен ат алып ұшып отырды, аудан енді алыс емес, қара жол бойымен желіп келеді. Сағымданған жер жанаты, дамылсыз көк толқынмен ілесіп, жел бағытын ұстағандай байқатады. \* \* \*

Махметтің шешендігі, сөз тауып «қас жауын» табанға салып, жеңіп шығуы «бүкіл халықтың аузынан түспей» әрбір істі халық үшін жасалып жатқанын, қалың жұрт бірден түсінді. Қай жерде, қай елде, қай ауылда болмасын, «бар істің табанда шешімін айтып», кедей отбасының «дастарханы» тамаққа толы болғанын қалады, сол үшін күндіз-түні жатпай, «балық пен құс етін, көгеніс пен арбузды» егіп шығару үшін, әдейі қаладан кореец-мамандарын алғызып, барлық жерге өсіре бастады, халық қуанып балыққа қолы жетті, құста молайды.

Алғашқы қадам осылай басталды. Қаншама жиындарда «малға» соққы болып тиген «адам қасқыры» бір шама қойылса да, енді қыста «дала қасқыры» көп айтылып, жалғыз малынан айрылып қалған кедей сорлыға бүйірден тиді, ұялы қасқырлар табынға шауып, жылқыны тобымен жоқ қылды, төбеден түскен ауыр соққы болып, мал басының өсуін құртып, бүкіл ауыл біткенді зарлатты. Не істеу керек!? Ойлы мәселе көлденең тұрып, шешімін күтті! Қыс болысымен, дөңестердің бауырайынан апан қазып алып, малға шауып дамыл таппады, қораның төбесінен түсіп, қырып кетуді әдетке айналдырумен болды. Бірлі жарым атылған оққа болмай, ұясымен жабылып, «отарды» жоқ қылды, табын сиырғада ауыз салды. Дала түзі, жазық аймақ, дөңес «шатқалы» қасқырдың билеп-төстейтін кезеңі осы қоныстарды, шарлаумен болды.

–Дала төсінде кең аймаққа созылсада, тар-заман тарлығын қоймай, тағыда дүрбелең басталды. Осы жолы қайға-қасыретті ала келген «қулар» бар амалын жасап «аюандықпен» ғашық жандарды, өлтіріп тынды. Терең өзен, тік жар, жағада қалың ұялы тал өскен, күн сәулесін жауып, су бетін көлеңкелеп, ыстық күні, сая қылған екі жас, осында кездесуге бел буды. –Ақберен сұлу тартқан ажарымен, сәнді киімін киіп, көк көйлегімен жараса түсіп, өзі сүйіп ұнатқан, сұлу келбеті бар, әдемі жігітпен бүгін өздері «уәделескен»жерге, инағаш пен шелегін алып, өзен жағасына беттей берді. Қыз ұят көріп Сағынды, қанша сүйіп сағынсада, кездесуін алғаш рет, амалсыздан баруға уәде етті.

Сағын бойын жасырып, жақын маңайдағы үйге барып, ешкімге сездірместен, уәделі уақытын күтіп, қалың талға тығылып, жағадан Ақберенге жолығуды арман етті. Екі ғашық жандар бірнеше жыл бұрын, өздері сөз байласып, бірін-бірі сүйген

еді. Қаншама тырыссада, кездесуге жолы болмай, екеуіде аңсарылып қалатын. Бірақ ел ішінде, егіде тартқан Бақан қаншама әйел алсада тұрақтамай, әйелдері қашып тынатын.

\* \* \*

Ес жерде еңбек етпей, колхозды керек қылмай «қас жауым»деп, түн баласына жатпай, жекенің қой-ешкісін ұрлап, сайрандап өмір сүруге белін буды. Оған айтар ешкім болмады, қабак түйген ашулы бейнесінен, енгезердей алып денесінен қорқып, маңайына ешкім жоламады. Сұрапыл сойқанның өзі болатын, күш деген «сен тұр мен атайынның» қожасы болатын. Ақберен білдірмес үшін қасына құрбысын алып, екеуіде иығында инағашы бар қос шелекпен, ескерусіз суға барған болып, жағадан Сағынды көруге асықты. Сағынныңда сағыныш жүрегі, дамылсыз соғып, сүйген жарын бір құшу еді, бұрын қолын ұстағаны болмаса, кездесіп тілдесуге де, жұрттан қаймығып, қатты ұялатын.

Сағын жарына айтып, қосылу сөзін жеткізуге тырысып, барлық ой арманын жайып салуды құп етті. Күмістей жарқыраған өзен беті, күн сәулесімен қоса жарқырап, көз қаратар емес. Қалың жағадағы тал, қалың өскен, биіктеп барып, аспанмен таласып, қомақты жерді, дөңгелетіп алып жатыр. Құстарды ұшып келіп дамылсыз су бетінде қалқумен, дауыс шығарып қояды. Арғы шетіне қарай арнаның көлемді жеріне барып, қос аққудың тамаша үні, кешкілік өзен бойына естілген, «сәнді дауысы» бүкіл ауыл адамына үн қатқандай, дауысын шығарады. Қасиетті құстың келуін, ырымшыл халық «жақсылыққа жорып», айтып қояды. Бақан қызды сырттай, өзіне көндіру жолын іздеп, үйінің маңын, кешкілік шарлаумен болатын. Қыздың сүйгенін біліп, жігітті қолға түсіріп көрсем деп, аңдыспаққа көшті. Жұрттан сұрастырып, білуге тырысып бақты, бірақ түк шығара алмай, өзін-өзі тежеумен күн өткізді. Ешкім білемін деп айтпады.

Үйіне дайындаған құралдың бірнешеуі, әсіресе ерекше қару, «жұмыр басты шоқпарды», жуан талдың түбірінен істеп, барған жерінде беліне қыстырып, алып жүретінді шығарды. Ауыл басшылары мұнымен жұмысы болмады, білседе сөйлесуге ыңғайын таба алмады. Өзі би, өзі қожа қалпын ұстап, еркіндеп өрге басты, ажалдан қорықпады «табанға салып, кездескенін шайт қылуға» әпден бекінді. Қызға сөз салып еді «ондайлар менің теңім емес» деген сөзіне, ашуға булығып: «көрерміз әлі, кімнің таңдаған теңі екенінді?!» деп түйіндеп, ойына сақтады. Сағын жайаулап басып, тал маңына жақындай берді, алыстан шелекпен суға бара жатқан құрбысымен Ақберенге бірден көзі түсіп, бойына қуаныш орнағандай, денесі жылынып қоя берді.

Жас жігіттің сағыныш үміті болатын. Қыздың сұлу бейнесі көз алдынан кетпей, әсем жүзін көріп таңырқап тұрып қалды. Жібектей созылған асыл денесі, көйлегімен жараса түсіп, сұлу бетін жарық еткізіп, бір қарады да, қара көзімен ой тастап, менің келе жатқанымды бірден аңғарды. Менде қызығып сұлу жүзінен еркіндеп сүйсем ба? деп, ойымды бөліп «Жаным!» «Ақберенім!» деген сөздер айтып, қалың талға кіре бердім. Сағынның ойына Ақбереннің жылап айтқан бір

сөзін, есіне ала түсті: Мен қорқамын Бақаннан, ол өте қатыгез, бәріне барады, кездесеміз деп жүріп «мерт» болып жүрмейік, андығаны мен!-деп көзіне жас алғаны есімде. Сағын ақырын басып тал ішімен жағаға жақындап «сылдыр» еткізбей үнін шығармауға тырысып бақты.

Өзен толқыны басылған, бірақ терең балдыр өскен, тік жар қарасу басып, адам шошырлық түрге боялып, мөлдір келбетін көрсетпеді. Жағаға шығып, қыздарға көз салып, бойымды көрсете бергенде, карап тұрған Ақбереннің көзіне бірден түстім. Ол құрбысын тастады да: Сен су алып, шелекті толтыра бер, мен қазір келемін!-деп жүгіре шықты. Менде шыдай алмай, қарсы жүгіріп, қос қолыммен құшақтап үлгірдім, сұлу бетінен сүйіп, оймақтай аузына жабыса бергенде, басыма «тарс» етіп шоқпардың тигенін білдім, жосадай қан бетімді жуып, көзім қарауытып, шалқалап екі бүктеліп құлай бердім. Ақберен тез қаш!-деуге ғана шамасы келген Сағын, жағадан жерге құлай берді. Қыздыңда қашуға шамасы келмей, Сағынның өліп кеткенін бірден сезіп, тік жардан терең өзенге секіріп жоқ болды.

Жылаған дауысты естісімен, өзенге түсіп жоқ болғанын, көрген құрбысы, жалаң аяқ жүгірумен, ауылдың шетіндегі үйге жетіп: құтқарындар екеуін бірдей өлтірді!-деп жылаумен есінен танып қалды. Естіген жұрт өзенге жүгірді. Жағадағы шұңқырда өліп жатқан Сағынды көріп, естері шықты, өзен бетінде Ақбереннің мойнына тартқан қызыл орамалы, су бетінде қалқумен қалыпты. Жағалай ат шаптырып, ауданға хабар етті. Дүр сілкінген халық, жан-жақтан келіп ағылып жатты. Махметте «қызыл жағалылар» отрядын алып, органның адамдарымен Көкталға жетті. Алаңға жиналған халық, екі жастың денесін, ортаға шығарып, қайғылы қазамен көрісіп жыласты. \* \* \*

Тығылған Бақанды қызылдың ішінен ұстап алып «ұрып –соғып» қызыл қанға бояп, денесін сүйретіп, алаңға әкеп тастады. Қайысқан бүкіл жұрт: «бұл лағанат әлі тірі ма?!» -деп кіжініп, өздерінің қолына беруін сұрады. –Махмет шыдамады: Бұл недеген сұмдық, екі жасты өлтіріп, өмірін тас-талқан етіп, бақытын үзіп, болашағын құртып, жас ғұмырын аяққа таптап «мәңгілік» жоқ қылғаны, недеген аюан еді, бұндайлар қашанғы жер үстінде жүре бермек. Соттың шешімімен, «атылу» жазасына кесілді.-Мен осынлағы, жиналған халыққа және жақын ауылдардан келген жұртқа айтатыным: Әр қашан сендер қырағы болындар, мына сыяқты Бақан жауыздар, колхозды құртып, егінін өртеп, малын айдап әкетіп, адам өлтіріп бәріне барды.

Сондықтан еш жерде жұмыс істемей, ұрлықпен күн көріп, отырған адамдарды, бірден бақылап «хабар жеткізгенде» бұлай болмайтын еді «қырағы» бола алмағандықтан «екі жастың өмірі қиылды» естіген бүкіл ел аймағы «дүр» сілкінді, өшпес уайым-қайғымен оралды. Біз осы кім үшін, колхоз ұйымдастырып, қолдарына нан ұстатып, алдарына мал салып, от бастарынды сақтап бала өсіріп, тәуелсіз ел қыламыз деп, «енді көшпелі қазақ емес», тұтаса біткен «Қазақ мемлекетінің» адамдары, міне сендер үшін айанбай - Үкімет пен партия елдің



мекендердің «барлық аймақтарын үлкейтіп», халықтың тыныштығын сақтап, адал еңбек етуге шақырады, біз міне сол үшін күресу жолындамыз!-деді Махмет қалың жұртқа жеткізіп, құлағына барынша құйды.

Бақан есін жиып, жүресінен тұра бергенде, қалың жұрттың арасынан ентелеп Сағынның әкесі қолындағы балтасымен, бастан беріп жібергенде, шалқалап барып құлап түсті. Жаралы Бақанды тез қалаға әкетуге бұйырды. Көтеріп алып арбаға таңып, қалаға тартты. Толқыған халық екі жасты бірге, жер қойнауына тапсырды. Ол кезде Жұлдыз, «Ән көші» мен қасына Данагүлмен топ қыздарды ертіп, бір-бір аттарымен бүкіл елді, Сағадан бастап аралап, ауыл мектебіне халықты жинап жиналыс өткізіп, артынан өздері Жұлдыз басқарып, концерт қойды, Данагүлдің әнін тыңдаған жұрт сахнадан жібергісі келмей, қайта-қайта қол сағумен болды, соңынан сауаттарын ашып, оқи бастады. Барлық жергеде, осындай көңілді концерт ұйымдастырып, жапай оқуға көшті, ауыл мұғалімдері «кешкілік мектеп» ашып, қалың жұрттың білімін көтеріп, сауатты ел қатарын құрай бастады. Қайғылы қазаны естіп, естері кетті. Жұлдыз барған ауылдың түгелдей қоныстарын аралап, қыздары бар үйлерге кіріп, оларды оқуға тартты, совет басшысына тапсырып, ауданға келуін күтті «ешкім өмірін өш қылып, өзі сүймеген адамға шықпауын ескертіп» бәрінде тізімге алып, апта сайын хабарласып отыруды, тапсырып аттанды.

\* \* \*

Түсінген қалың жұрт, ел болашағы үшін дамыл таппады, ізденіс үстінде болды. Жұлдыз сөйлген сөзінде: «Кім ізденсе-сол болады, оқыған адам оңалады, көзі ашылып білімді болып оралады» деген қағидасын жатына сақтаған қыздар қауымы, оқу іздеп қалаға ағылды, өмірінің бақытын жаңа түсінді, ауылында қалмады. Кеше ғана өмірден өткен, екі жасқа айтып, бағыт беріп жол сілтер адам болғанда, бұлай өлмеген болар еді!-десті. Сұрапыл заманның тарлығы, Бақан сыяқтылардың жолын ашып «сұрапыл дағыдырдың құрбаны» болуы өте аянышты, оралмай өмірден өтіп, жас ғұмырын жерге жасады. Жұлдыз тағыда ақбоз атымен Данагүл Нүржібек, Жансәуле, Ақжүністер ат үстінде, Қарасай колхозын тастап, Түбекке бет алды. «Ел құлағы елу» дегендей, олардың келуін күткен ауыл адамдары, барған жерде сағынышпен қуанысып қарсы алумен болды, «Ән көшінің» тамылжыған әнінде ала жүрді. Түбек колхоздың еңбір озаты, Сұлтан келгеннен бері барлық саланы камтып, өркендету жолына қарқынды аяқ басты.

Табиғатыда сұлу, орманды аймақпен қоршалып, сылдыр аққан бұлағыда, ішшең суы мыйыңнан өтеді. Алғашқылардың бірі болып, тұқым сеуіп, нанға мольққандардың өзі болатын. Жұлдыз қара жолға түсіп, қарқынды желіп отырды, қыздарда қалысар емес, жастайынан ат құлағында ойнап, таймен жарысқан көрінеді, отырыстарыда ыңғайлы, ұзын көйлектің етегін, аттың үстіне жіберіп, тізгіні қолында, үзенгіге аяқтарын жіберіп, мызғып отырып алған, шамалыға қозғалар қыздар жоқ. Мойындарында байлаған орамалдары, ажарларын ашып, сұлу жүздерін, еркін даланың төсіне беріп, соққан жел лебінің, бағытымен тыныс алып

қояды. Жұпар иісі аңқыған, дала гүлінің толқынды беті, көңілді жүздерін айқындап ашып әдемілегендей болады. Ақбоз ат үстіндегі Жұлдыз жаю бара жатқан, бір кісіні алыстан көзі шалды. Жүрісіне қарағанда, шапшаң жас сыяқты болып көрінді. Ат жүрісі қойсын ба, қатарласып барып кілт тоқтады.

Жұлдыз бірден: Қайда барасың? Қайдан келесің? Жаюлап неге асықтың, көлік болмады ма?!-деді. Жоқ! Мен көлікті күткенім жоқ, Семиозердан Қарасайға ілесіп келгеннен соң, көлік іздемедім, жаю жүріп үйренгенмін, тартып жүре бердім!-деді бейтаныс жігіт. Қайда тұрасың, туған ауылың Түбек па?!-деді Данагүл мөлдір көзін жігітке, еркін тастап. Я! Осында тұрам, туған ауылым, оқуымды бітіріп, «инженерлік» мамандық алып, келе жатқан бетім еді!-деді бейтаныс жігіт. Жұлдыз: Мынау сатып алған домбыраң ба, әдейі асынып алыпсың? Атың кім болады?-деді. Атым Ақылжан: Бұл домбыра қасиетті, осы оқытып, маған қаражат жинап, ойын-тойларда ән айтып, аяқтан төрге шығарған домбырамды бойымнан ешқашан тастаған емеспін, қазіргі жан досымда, серігімде осы!-деді Ақылжан.

Данагүлде әңгімеге қосыла кетіп: Мен сізді бір жерде көрдім, әнді домбыраңмен бірінші бастап, айтқаныңда есімде, халық қол соғып әнің құлағына жаққан соң «сар жігіт»айтсын деп, отырып алғаны ойыма жаңа түсті!-деді қыз. Бәсе менде шырамытам, Данабикеді ойын-тойда бірге болғанымыз бар, бірақ сізді бірінші көруім, мөлдір көзің әлі есімде, маңайлап танысу қайда, бүкіл жігіттер қоршап алып, маңыңнан кетпегенін білемін!-деді жігіт. Данагүл қарқылдап күлді да, ол ойын –той емес пе? Әркім өз қалағанын, таныстығын білдіреді, бәріде күнде көріп жүрген ауылдың жігіттері емес пе?!-деді қыз.

Жұлдыз Данагүлге мойнын бұрып, қасына атымен жақындап: Саған таныс болды, бұрыннан бірінді-бірін білетін көрінесіңдер, жаю жүргізбей, Түбекке жеткенше, атыңа мінгестір!-деді. Жоқ! деп жігіт киін шегініп, жаю барғаным дұрыс!-деді. Еліңе бей таныс «көк атты» біреу келсе, алдынан шығып қарсы алып, қонақ еткен қазақ емеспіз ба, отыр атына?!-деді Жұлдыз жұлып алғандай. Жігітте айтар сөз болмады, айтқанға көніп, Данагүлдің көк жорғасына мінгесіп, ауылына тартты. Сіздер мұнда не істемексіңдер, қандай жұмыспен ат сабылытқандарың не нәрсе?-деді. Жұлдыз: Біз жаңа орнаған ауданның талабын орындап, халықты сауаттандырып білімді ету, артынан концерт беріп, өлең-жырмен ән шырқаймыз!-деді. Данагүл: Сенде кел, ән айт, дауысың өте жақсы, бірге боласың!-деді қыз. Сары жігіт, сұлу келбетін ашып, күлімдей сөйлеп: Данагүл айтқаннан соң, амал барма, әрине барып, менде айтамын, халықтың мені естімегені бір жылдан асты, олар жақсы біледі «ойын-той» менсіз өтпейтінін!-деді Ақылжан.

Жұлдыз озыңқырап барып, күтіп алды міне өте дұрыс болды «концертті дүрілдетіп» өткіземіз, жұрт көңілінен шығамыз, саспандар әуелі мектепке жинап, халықпен сабақ өткізіп алғанымыз дұрыс!-деді Жұлдыз сөзін жалғастырып, бір жеті болды, колхозды аралағанымызға ауданға жетіп, екі-үшкін дем алғансоң тағыда жалғастырармыз және Ғанижанда Ресейден құрлыс материалдарымен

ораламыз деп айтқан!-деді Жұлдыз сөзін аяқтап, Дангүлге қарады. Осы шешімің дұрыс, аттанармыз!-деді Данагүл.

Бірден сөзге араласқан Ақылжан: Қай Ғанижанды айтып отырсыңдар, сендер оны білесіңдер ма? Ол кім үлкен кісі ма? Әлде жас жігіт па?-деп сауалды қыздарға үйіп тастады. Данагүл сасқалақтап: Ол жас жігіт, аты Ғанижан, ауданның құрлыс бөлімін басқарады, құрлыс маманы, Сезовпен бірге Ресейге кеткен, жаңа салынып жатқан ғимраттарға жабдықтар әкелуге тиіс, ал мына Жұлдыз соның жұбайы, жақында үйленіп от басын құрды, аудандық комсомол комитетінің секретары!-деді қыз. Ойланып біразға дейін, үн жоқ жігіт, еркіндеп сөйлеп кетті: Ол менің туған ағам, көптен бері таба алмай, іздеген жерім қалмады, Әке-шешем «тырысқақ» аурынан қайтыс болды, Ғанижан ол кезде бесте болатын, ал мен үш жаста едім, қайтарында шешем екеумізді алдына алып, көзінің жасын төгіп: Мынау ауру меңдеп барады, тірі қалуымыз екі талай Ғанижан сен кішкене ересексің, қайда жүрсенде інің Ақылжанды ұмытпассың, өз-өзіңе келгеннен соң баурыңа басып, қасыңнан шығарма, ол сенің туған інің, жалғыз бауырыңа ие бол деп, айтып кеткен еді!-деді Ақылжан. Жұлдыз бірден естіген соң, атын кілт тоқтатып, тұрып қалды: Туған баурым бар!-деп, айтқанын білемін, бірақ қай жерде, қай ауылда екені? жұмбақ болып қала берді.

\* \* \*

–Ақылжан салмақпен сөз бастап: Жетім болып қалған соң, ағамды әкемнің қарындасы бағуға алып кетті де, мен жылаумен нағашы әжемің қолына бардым, ауыл мектебін бітірген соң, қаражат жинап, оқуға түстім, бірақ ағам есімнен кетпей, анамның айтқан сөзі жетелеумен іздеуде болдым, міне қалай болды, сенерсенбесімді білмеймін!-деп ауыр күрсініп ойын тұжырымдады. Жұлдыз: Несі бар, ауылдағы жұмысты бітірген соң бізбен, аудан орталығына барып, қандай тамаша орталықта салынып жатқан ғимраттарды көріп, ағаммен табысасың!-деді Жұлдыз. Данагүлде бірден ұнатқан қалып танытып: «әрине бірге барғаның өте жақсы!» көңілді боламыз!-деді.

Мақтаған ауылғада келіп жеттік, бірден мектеп үйіне аялдап, аттан түсе бастадық. Ақылжан аттан секіріп түстіде, Данагүлдің жібектей созылған белінен құшақтап, жерге түсірді, қызда мойнына орала беріп, аппақ білегін тартып алды, қызулы денесі, бірден жылытып, жігіттің бойына, әсер қалдырды. «Ән көшін» Көрген жұрт бірден бізді танып, жинала бастады, халық легі толастамады, ауыл мұғаліміде жиналғандарға дайындық жасап Жұлдыздың ішке кіруін күтті. Жұлдыз сөз сөйлеуге бейім тартты, ол шешендік тілімен халықтың бірін қалдырмай, қараңғылықтан көзін ашып, сауатты болуын қалап «жаппай оқитындарын» түсіндіріп, осы мектептен білім алуға шақырды, көп жерлерде хат танып, кітап оқитындығын айтып, жеткізді. Жұлдыз: Білімді болсаңдар, жаңа өмірдің көшіне ілесіп, жақсы өмір сүретін боласындар «Білім-өмір былағы» деп текке айтпаған дана бабаларымыз!-деді Жұлдыз. –Алғашында әріпті жаттатып, сөз құрамын айта бастады, хат жазуға жолын ашып, оқитын дәрежеге жетті. Бұл керемет жаңалық!-

деп Махмет бағалады. Концертте бар қыздарда ән шырқады. Жұлдыз әлден соң, сахнаға қайта көтеріліп: Сендердің алдарыңда, өз ауылыңның жігіті, жаңа оқу бітіріп оралған Ақылжан шығады!-дегенде бәрі орнынан тұрып, дамылсыз қол соқты, дауысын сағынған болуы керек, зал тиыштамады. Әсем киінген, сұлу келбетімен, маңдайы жарқырап, шыға келгенде, көздеріне оттай басылды.

Бірден домбырасын қағып-қағып жіберіп ашық назды дауысымен шырқаған ән, кең бөлмені алып кетіп, алысқа естіле бастады «қандай тамаша дауыс!» -десті. Бірнеше өлеңдер айтып, халықты қуантып тастады. Соңында Данагүлдің «Заман-ай» әнін естіген жұрт көңілдері босап, көздеріне жас алды, қайғылы «екі жастың» қосыла алмай арманда кетуі, бүкіл елге «қазақ елі мен жұртына» естен кетпес «мәңгілік мұң болып» қала берді. Ақылжан қуаныш үстінде болды, өмір бойы көрмеген ағасымен қауышуға, асықты. Жұлдыз бастаған қыздар тобын, «Ән көшін» совет басшысы мен мұғалімдер шығарып салды «халық күн сайын мектепте» оқитын болады деп сендіріп, шығарып салды. Қонақжай ел, өз берекесімен, дамыл таппай, саманнан үй көтеріп, ақ үйлердің тізбегін молайтып, сәнді ауыл болып, құлашын жая бастады. Салынған үйлер, орманның жиегін басып, сұлу тартқан көрнісімен әсемдене түскен. Аққан бұлақта, гүл шоғына оранып, тоғанға құйып, көгеніске молайған. Етек жағы, құлпыра өскен шабындық, жайлымға ұласқан. Керемет табиғаттың бұл құбылысын байқаған Асылжан: Бір жыл ішінде қандай тамаша өзгерістер болған, өзім таңғалып, тұрған үйімді, әжемді әрең таптым, көше өзгеріп «басқа құбылысқа» көшкендей әсер қалдырды!-деді жігіт көпшіліктің назарын өзіне аударып.

Ақылжан өзі жеке күренді мініп, Данагүлмен қатарласып есіліп отырды, баратын жер қаншама алыс, дөнестерді басып өтуге тура келді. Данагүлдің сұлу жүзі, қасқа маңдайы ерекше жарқырап, иегінің астында толқынды ақ бейнесі жараса түсіп, мөлдір көзін Ақылжанға жиі тастап, күлімсіреп қояды. Кейде екеуі оңаша, артта жүрген болып, ұзақ әңгіменің кілтін ашқандай, жігітке бар ықыласын ашып, қатты ұнатып келе жатқанын сездіреді. –Жігітте тайынар емес: Мен сол Данабике тойында ұнатып, мөлдір көзіне бірден «ғашық» болдым, бірақ ұмытқаным жоқ, кейін қайтсемде тауып алуға бекінгенмін «жолым болды, құдай қалап, жоқ жерде кездесіп», екі бірдей қуанышым, қойныма симай «бақытты» екенімді сездіріп келемін!-деді Ақылжан. Данагүлде көңілді, осы жігіттің етегінен ұстауға бекінді, әр сөзіне күлімдеп, жақын тартумен болды.

Ақылжан оңаша мезгілді пайдаланып: Данагүл сен менің маңдайыма біткен бақытымсың, бір өзінді алғаш рет көргеннен-ақ сүйдім, бірақ сездіруге реті болмай, көңілсіз елге оралдым, сен менің жаным да, арманым да, бақытым да, бір өзің, ренжімесен, ағамды көріп қосылған соң, сол тұрған үйіне сені келіншек қып түсіргім келеді, тойды кейінде жасай береміз, өзінді бір сәт қасымнан шығарғым келмейді «жаман айтпай жақсы жоқ» тар заманда бәрін күтуге болады!-деді ат үстінен құшақтап, алғаш бетінен сүйді.

Қыздыңда денесі қызу тартып, атымен қатарласып, біраз әңгіменің бетін ашты. Қыз мойнына қызыл орамалын тартып: Менде бір көргеннен ұнатып, айтқан әнінді сағынатынымын, керемет дауысыңды «сондағы жастар көпке дейін айтып, әңгіме ететін» мен сөзімді беремін «енді менде сенен айырылғым келмейді» барған соң күн сайын сағынатын боламын!-деді Данагүл мөлдір көзін, жігіттің сұлу ажарына ұзақ қадап. Біраз жүрістен кейін, көгілдір тартқан қалың аймақ алыстан сағым тартып, көзіңді ала берді. Баю соққан желде, жылы лебімен желдетіп, бойыңды жылытады.

\* \* \*

Құшақ жайған жаз самалы, қош иісті жұпарымен әсемдене түседі. Ылтипат нәр алғандай боласың. Толқыған қалың шөпте, жазық даламен ілесіп кең жайылған. Сар дала, қобыз үнін, бағыттап, кейде ескен желдің бағытымен дыбыс шығарып қояды. Бұлда бір табиғаттың құбылысы деп, ой түйесің. Қара жол бағыты, ұзаққа созылған алыстағы көк буырыл тартқан зәулім биік қарағайлы орман, аспанмен таласып, ерекше бір әсер қалдырып, жақындай түседі. Бізде келіп қалдық. Жалпақ көл, көл жағасына салынған самсаған ғимраттар, отау тіккен тамаша ақ үйлер, жиектеп тартып, көгілдір ағаш бауырына қарай ығыса түскен. Ақылжанның бірден көзіне түсіп: Бұл қалай қазірде, сұлу шахардың бой көтеруі «менің таңым бар? әлде түсім ба?» деген ой жетелеп, сұрап білгенімше, таң қалумен болдым!-деді Ақылжан Данагүлден сұрастырып, жанынан жібермеді. Жұлдыз бастап, өзінің үйіне келіп бас тіреді. Аттың дыбысын естіген болуы керек, Ғанижан үйден ытқып шығып, Жұлдызды құшақтап сүйе бастады, басқасында жұмысы болмады. Жұлдыз сен тұратұршы: Мынау сенің туған інің Ақылжан!-деп таныстыра бергенде, өкіріп барып құшақтай алды, екеуі біразға дейін аймаласып, беттерінен сүйісіп, мауқы басылғанша, құшақтарын айырмады.

Әлден соң Жұлдыз түсіндіріп, қалай кездескенін, бірге ән салып Түбекте болғанын айтып, бірге алып келгенін сөз ғып жеткізді. Ғанижан қуанып, алғысын барлық қыздарға жеткізіп, оларды қонақ қылып, Ақылжанның келуін «шағын» той жасап, атап өтті. Данагүлде қуанып: Екеуіде бір-бірінен айнымастай ұқсас, ағалы-іні болып қосылуларың, қандай тамаша болды!-деді. Той өткеннен соң Ақылжан Данагүлді үйіне апарып салуға, екеуі далаға бірге шығып, көше бойымен ақырын жүріп, бірінің-бірі қолын ұстап, орманды ағаштың саясына қарай бет ұстады. Алғашқы кездесуі, сая көлеңкеге келіп, Данагүлдің қолын өзіне тартып, жақындата бастады. Қыз денесін тартып, кейін шегінбеді. Қызулы жігіт бойы, шыдамады қос қолымен белінен ұстап, денесіне жақындатып түйістіре бастады. Оймақтай аузына ернін апара беріп, сүйіп алды, қызда мойнына орала түсіп, ернін еркіндеп жігіттің аузына бере түсті. Қыздың асыл денесін түгелдей өзіне тартып, беттесіп, бойын жарастырып, қатты сүйді, қызда айанып қалған жоқ, кеңінен ашылып, өмірлік жарынның қолын қақпай бауырына жабысып, ұзақ тұрды.

Сүйіскен қалпын жалғастырып, құшырлана сүйген жігіттің қалпы енді, қызды ешқайда қасынан жібермеуге бекінді. Бұл алғашқы ғашықтық қадамы, махаббат

сұлулығымен жалғасып, әсем жүздері бір-біріне тең келгендей болып бекіді. Қызда қатты сүйді, жігітін құшақтаған бойынан айрылмай, кеткісі келмеді, түнді бірге өткізуге бекініп, Ақылжанды аймалаумен болды. Жігіттіңде сағынышы басылмай, Данагүлді қайта—қайта сүюмен болды, мөлдір көзін ерекше сүйіп, мауқын басқандай болды, бірақ қызу қыз бойын қоса алып, жабысқан қалпымен ұзақ тұрды. Жігіттіңде іздегені сол еді, сұлу қызын тауып, көңілі өсіп, қатты қуанды. Қаншама күндерді өткізіп, мөлдір көзін сүйіп қалғаннан соң, кездесе алмаймыз ба? деп налып жүрді. Бірақ қайтсемде сол қызды табамын деп, басқаны ұнатпады, Данагүл Ақылжанға ерекше «ғашығы» болып бекіді.

Сол ғашығы алдынан шыққанына, сенер- сембес болып, ойы түйіліп қалды. Данагүлдің өзі танып, Ақылжанның ойын растаған соң, сол ғашығы екені, ойына түсті. Қызда сол жігітті таппай, ешкімді маңайына жақын ұстамады, үміті үзілмеді, ақыры кездесіп бірін-бірі ұзақ сүйді. Сырларымен бөлісіп, көк күмбезді аспан әлеміндегі жұлдызда жымыңдап, жас жүрекке ауытқып, толқынды ауа тынық жел, сая бір шақтың, дамылсыз өзіне тартқан, күшіде нұрға толы, бейнесін ұсына түсті. Данагүлді үйіне жеткізіп салған соң, Тағыда Ақылжан бойын өзіне тартып, армансыз сүйіп, ертеңге дейін қоштасты. Бір жағынан көрмеген ағасында сағынып, үйден бірақ шықты. Әлі кеш емес, түн мезгілі, бір-біріне бауыр басып, қалай ержетіп, адам болғанын сөз етіп, біраз өмір жолдарын, көрген қиындықтарын айтып, баян етті.

Ғанижан: Сен енді ешқайда бармайсың, «апамның өсиеті»бар, інің ер жеткен соң, өзіңнің жаныңнан шығарма, бірге болыңдар, деп, парыз қылды, сол парыз менің ойымнан ешқашан шыққан емес. Ал, Данагүл болса қыздың төресі, ақылды қыз қазір жаңа салынған Мәдениет үйін басқарады «біздің тұңғыш рет, үйлену тойымызды» кереметқып өткізгенде сол Данагүл, оның сұлулық келбетіде, жарасымды сөзіде, адам қызығарлық, өзі сүймегенді маңайына жолатпай, қыз ұятын сақтап, беделін асырды, айтқан әніде ұмытылмастай есте қалып, жұрт жүрегінде сақталумен болды!-деді.

Мен бұрыннан білемін алғаш рет тойда ән шырқап, менен мөлдір көзін алмай, біраз қарасып сырттай бір-бірімізді ұнаттық «ғашықтық» махаббатым сол қызға көргеннен-ақ бекідім, енді міне жолымыз түсіп тағыда жақындасып, бірден мені танып, сондағы сырымен бөлісті. Олда мен сыяқты қапыда қалып, кездесіп сөйлесе алмағанын айтып, махаббат оты сөнбегенін есіме салды, үміті үзілмегенін айтып «бір кезігерміз» деумен жүре беріпті!-деді Ақылжан. Онда жақсы болды, сол қызға үйлен, осында бірге тұрамыз, үй үлкен!-деді ағасы. Бүгін көрсең әңгімені пысқта, жасың келді, оқуыңды да бітірдің, үйлену тойын өткіземіз!-деді Ғанижан сөз аяғын жалғастырып, інісіне тапсырма берді.

Ақылжан көп аялдаған жоқ, Данагүл айтқан Мәденит үйіне бет алды. Әдемі сәнді киініп, жарқыраған жүзі ашыла түсіп, ұзын бойлы, келісімді денесі, қыз қызығатындай болып, соққан жүрек дүрсілі, еріксіз тездетіп, ғимраттың алдына

алып келді. Бір кезде есік ашылып, басына киген камшат бөркі, қызыл көйлегі үстіне жарасып, ұлттық ойумен әшекейленген желеткесі, қолаң қара шашын алдына жіберіп, күмістей жылтыраған, құлағындағы сырғасы, жарқырауық мойыншағы мойнына түсіп, сұлу жүзін беріп, мөлдір көзімен тесіле қарап, Ақылжанның алдынан шыға келді. \* \* \*

Танымастай өзгерген, сұлу жүзін көргенде, жігіттің бойы балқып, қолын ұсына берді. Қызда қолын созып, жігіттің белін орап құшақтай берді. Жігіт бірден құшағын кеңірек ашып, бар денесін өзіне тартып, құшақтап аймалаумен, сүйе бастады, жаны қалмады, елжіреп тұра алмады, бойлары беттесе түсіп, сағыныш сезімдерін басқандай болды. –Ақылжан: Сенің уақытың бар ма? Бар болса, ауыл шетіндегі қалың орман жағына қыдырып қайтайық, кеше кеш болып қалған соң, аралап жүре алмадық!-деді жігіт. Онда сен тұра тұр, мен жеңіл киініп келейін, сосын барамыз!-деді қыз жүгіре басып, ішке кіріп кетті. Енді қанша жүрсекте, уақыт көп!-деп жігіт ойын тұжырымдады.

Әлден соң Данагүл киініп шыға келді, сұлу тартқан келбеті сол қалпы, ақырын жүріп жылжумен, шет көшедегі көл жағасына шығып, бойлаумен орманға бет алып келеміз. Әлсін-әлі құшақтап, Данагүлге ағаммен болған сырды, айтып ашылғым келіп, бір жағы жаңа танысып бас салғаным өзіме ыңғайсыз болып, өз-өзімді тежеумен болдым. Кейде үзіліп барып, сөзімді жалғап әкетсемде, ойым қыз үстінде болды. Данагүл бірден сезді ма?! Қыз жұлып алғандай мөлдір көзін маған қадап: Айтпақ не ойың бар жасыр ма?! Мен «мәңгілік» сендікпін «өз сүйгенімді жаңа таптым, қандай жағыдай болмасын, мен әр қашанда жаныңда боламын» Сонда ғана біздің арамызда орындалып, бақытты өмір сүретіндігімізге сенемін!-деп қыз күлімсіреп сөйледі. Айтпасқа болмайды?! Қашанғы мен жасырамын, бір тәуекел, қызды құшақтап, ақ тамағынан сүйіп біраз мауқын басты да, сөйлеп кетті: Данагүл менің енді сен жан жолдасымсың, Менің бақытымда сен!, Жанымда сен!, Жарымда сен! Мен біраз ойландым, бірден айтуға батылым бармады, сені ренжітіп алсам, айырлып қалам ба? деп қорықтым, сөздің шыны керек, сондықтан бөгеліп, сөз арасында үзілгенімде сол еді, ал өзің айтпасқа қоймадың ғой, айтайын!-деді жігіт.

Мен жас болсамда, жетім болып өмірдің бәрін көрдім, енді үй болып, жар сүйу қандай тамаша, құшағыма алып күндіз-түні қасында болып, қайта-қайта оймақтай аузынан сүйіп, бар өмірімді қызға арнап, балқып жатсам, сол арманым болар ма еді?!-деді Ақылжан құшақтай беріп, жарының оймақтай аузына барып сүйіп, қадалып серікпеді тұра берді. Менде осы ойымда болды заман болса мынау «тар заман» әліде ескінің етектен тартып «қыз бақытын» құртып жатқандар жойылар емес, сопаң етіп көрініп қояды, сондықтан тез үйленіп «от басын» құруға келісемін!-деді қыз. Осы сөзді естісімен Ақылжан қызды көтеріп алып, біраз ұстап тұрып, аузынан сүйе берді, сүйе берді...Бойын шаттық билеп «мен өмірде бақыттымын» деп жар салды. «Үйлену тойы». Мәдениет үйі ерекше әсемделіп, жиналған халық лық толды. Ән айтумен басталған Жұлдыз бен Ақжарқынның

тамаша дауыстары, кең залдағы адамдардың бойын билеп, көңілдерін өсіріп, жаңа заманның есігін айқара аша бастады. Тамаша бойларына әсер қалдырып, ұмытылмастай «мәңгілікке» жол сілтеді. Бұл жаңа заманның алғашқы ұшқыны еді.

Екі жас сол бетімен бірден үйге оралып, өздерінің бөлмелеріне келіп кірді. Әдемі жиналған бөлме іші, дүниеге толы, көз алар емессің, бұл Ақылжан мен Данагүлге жасаған Ғанижан мен Жұлдыздың тарту-сыйлығы болатын. Ал-қызыл түрлі түсті матаға оралған, төсектермен атлас шымылдығы ішіне кіре берген екі жас, бірін-бірі құшақтасумен төсекке қисая берді. Лүпілдеп соққан жігіттің жүрегі, қуаныш сезіммен, жарын құшақтап денесін өзіне тартып, бойымен беттесе түсті. Еріндері жабысып, бүкіл ажарын қыз ашып, денесін ұмсына берді.

Жалын тартқан жігіт денесін бірден өзіне меңгеріп, ала түсті, қос алманың арасынан өткізіп, балқыған дене қызуы жігіттің бойын алып, қыздың асыл денесіне қарай ауысы бастады, тек Жаным!- деген сөзін естіген бойда, жігіт қыздың балқыған денесін, қапсыра құшақтап, өзіне тартып босатпады, ұзаққа созылған дене қимылы, нұрға толғандай, ләзат сезіммен жата берді, күн көзі арқан бойы көтерілгенше, қыз жарының бауырынан шыға алмады. –Арпалыс шақ. Махмет Төлемісті шақырып алып, көлік дайындатып, бірнеше адаммен Татарстан жеріне баруға бұйрық етті. Колхоздарда «косилка» тапшы, қол орақпен өнетін түрі жоқ, шөп тасуға арба мен шанада керек, айыр-күрек, бел орақта қажет бола бастады. Ақылжанды Төлеміс инженерғып алып, осы керекті, құрал сайманды, бірге әкелуге жүктеді. Ертеңіне жолға шығып, көш легі Татарстан жеріне бағыт ұстады. Жол өте алыс, өгіз арба, аттылар салт мініп, жол бағытын көрсетіп алдында жүріп отырды.

Бұл Ақылжанның алғашқы сапары болатын. Ертемен Махмет органның адамдарын бірге ертіп, «Түбек» колхозына бүкіл аймақтың басшыларын жинады. Ондағы мақсаты, бәріне істеліп жатқан Түбектің іс-тәжрибесін көрсетіп, егін мен мал шаруашылығы қалай дамығандығын, халықтың нанға деген тоқшылығын айту еді. Жиын екі күнге созылды. Ең бірінші, егін адқабын көрсетіп, жыл сайын, жер көлемін көбейтіп, тарыныда егіп тастаған. Содан кейін мал қоныстарында болып, салыған бірнеше сарайларды көріп, мал базыларына тасылған шөптерді байқап, үйілген маяларға көңілдері толды. Бұлақ маңайы толған қазылған шұңқыр, оп айдалып, үйілген саманның легі, біраз жерге дейін созылған, салынған ақ үйлер, бірнеше көше бойына қатар тізіліп, ауыл көркін өзгертіп жіберген. Махметтің айтуымен ұста мен ағаш шеберханасында ашып, сынған арбаның доңғалақтарын өздері істеп, өгіз қамыттың бірнешеуін жасап шығарған.

Өрісте жеке тайыншалар бағылып, оларды үйретіп жұмыс көлігіне беріп, бар шаруашылықты, өгіздің күшімен атқарған. Махмет түгел бәрінде бірін қалдырмай, алаңға жинап, үлкен жиналыс өткізді. Алдымен сөз алған Махмет: Сендердің бәрің істеліп жатқан жұмыстың барысы мен танысып, салынған үйлерді көздеріңмен көрдіңдер. Колхоз басшысы Сұлтан, осыларды ұйымдастырып, соңына бүкіл халқын ерте біліп, колхоздың барлық салаларын, аз уақыттың ішінде, жолға қоя



білді, бұл оның іскерлігі мен көрегендігі, партия мен үкіметтің талабын қалт еткізбей орындауы «нағыз оның адамгершілігі мен ер жүректігі» міне бізге осындай адам керек, жаңа өмірдің саясатын түсініп, халқын үлкен аумақты ел қылып, тұрмысын көтеріп, жағыдайын жасап шығуы «шын басшы» деп осыны айтады. Ал бізде, жалқаулық пен қолынан ештеңе келмейтін, жұмысы өнбей, әркім-бір бұра тартып, дамылсыз қапаланып, бірде өртеп, бірде малынан айырлып қалып, қабылеті жоқ «бишара»құсап өмір кешіп жүргендер, арамызда жиі кездеседі! Біз ондайларды аластатуымыз керек, ол үкіметке зиянын тигізіп, бар малынан, егістегі нанынан айырлып қалуымыз әпден, қарақшылық топ жоққып жіберуің сәтін күтіп, бір мезетте қапыда қалдырады, қарсы тұрар басшы жоқ, қырағы болар адам жоқ!

\* \* \*

Міне осындай, мезгілді күтіп «ұйымдасқан жауыздар» колхоздың шаруасын тас-талқан етпек, біз ондайға жол бермейміз! «тек қана қырағылық керек» уақытында тез хабарласып «жылдам- жеткізген дұрыс» біз оларды қайтсекте қолға түсіріп, сазайын береміз, талайдыңда бетін қайтарып «бәрінде» қолға түсірдік, «тар заманды» тарылтып жатқан осылар, қаншама алып жатқан даланың ұшы-құйры жоқ, алысты шарлаған жазық дала, сол далада басымыз симаған қазақ өз жазасын алып «келмеске» кетті!-деді Махмет сөзін аяқтап, бүкіл ауыл басшыларына қатаң ескертіп, құлағына жеткізді. Әлден соң Түбек басшысы Сұлтан Алменов қонақтарды ас ішуге, орман бауырайындағы тігілген бірнеше ақ үйлерге шақырды! Аспан мен таласқан биік ағаштар, самал саясы, құлпыра біткен, көк алаңда өскен түрлі-түсті гүлдер, қатар тізілген ақ отауларды орап алған.

Сұлу табиғат келбетіне қызықпаған адам жоқ, барлығыда лек-легімен отауға бет ала бастады. Далада бірнеше жершак қазылып, қазан көтерген, маңайы толған қыз-келіншектер, ас түсіріп дайындап жатты. Қызыл-жасыл киген, сұлу ажарлы бойымен қонақтарды жайғастырып, кең дастархан жайды, астауға салынып бағылан-тоқты еті тартылды, тағыда балық пен құс еті, көгеніс дастарханға әкеліп қойылды, артынан қонақтарға шай орнына «арбуз» берілді. Бұл алғашқы жаңа өмірдің «тартуы» еді. Сұлтан қонақтарды құрметтеп шығарып салды.

Ұмытылмас бас қосу «Түбек» жерінде «мәңгілікке» есте қалды. Сол бетімен, қонағасы біткен соң ауданға оралды. Жұлдыз қыздармен колхоздарға барып, сауатын ашып, артынан концерт қоюды ұмытпады. Барлық жерде естіген ауыл адамдары Жұлдызды сағынышпен күтіп, қараңғылықты жолға тастап, жаңа өмір көшіне ілесіп, қалмауға тырысып бақты, бар ынтасымен тез үйреніп «әріптерді» жаттаумен болды, сөз құрап, жаза бастады, түсінген қалың жұрт үмітін үзбеді, тырысумен болды, ізденіспен болды, ақыры ой арманы іске асты. Сармойын мен Көкталдың балығы, ел аузынан түспеді, мол болды. Өзен-көлі барлар жатпады, оларда, ау құрып алғашқы табыстарымен бөлісіп, істерін жалғастыра берді, молшылыққа кенелді. Сыбсыңның Қарақамыс қонысында, мал бағып қыста аңшылықпен айналысқан Бектас дала қасқырының бірнешеуін алып, ел аузына

іліге бастады. Ол кезде қасқырмен арпалыста болуы, нағыз ер жүрек батыр деп, бағалады.

Әкесінен қалған мұра «бүркітті» жанындай көріп, мәпелеп бағып асырап, қаншама жылдан бері, малын түгелдей аман сақтап, төл алып, үкімет малынан шығын шығармай «атақты малшы» аталып, өзінің жеке жылқысында көбейтуге тырысты. Орта жасқа келседе, қарулы «сен тұр-мен атайынның» өзі, даланы кезіп қоян мен түлкіні қағып тастап, қасқырдыда жиі алып тұрды. Бүркітінің күтімі жақсы, қоян етін беріп асырап, қомақты-күшті қоңын семіз етіп, қасқырдың талайын «бүгіп» тастап алғанның өзі. Бектастың аттары сайлы, бір емес екі атты, жеке күтімде ұстап, көк төбел айғыры, аспанмен таласып, талай атылған адымды шабысы, қасқырдың өзін қуып жетіп, аяғымен тарпа бас салатын. Бектас қай уақытта аңға шықсада, астында көк төбелі, қорықпайтын қолында батулы бүркіті, көрген жерінде-ақ шарпып түсетін. Бұл туралы Махметтің құлағына шалынды, ол тез арада Бектасты бүркітімен алдыруды бұйрық етті. Қыстың қақаған аязы, боран өрлеп, жел бағытымен, көз қаратар емес. \* \* \*

Жаю борасында жолды бітеп, жағалай жолсыз қылып, кең аймақты алып жатты. Қатынаста шамалы, топ атылар болмаса, бірлі-жарым жолаушыға топ қасқыр бас салып, атын жеп өзіне қауып төндіріп, құрсауында қалып қойса, өлтіріп тындыруға бет түзеді. Осының бәрін ой өзегінен өткізіп, Махметке ауыр тиді «үкімет малын сақтау»бірінші кезеңде тұрды. Не істеу керек! Шешімі қалай? Өрбіген дала қасқыры «ұялы» топ болып, малға шабуын тоқтатар емес. Жазық, кеңістік дала, әр жерде қоныс тепкен екі-үш-ақ үй, жапан тұз, еш қатынаста жоқ, қымсынған қасқырда жоқ «өздері билеп-төстеп» дала өңірін түгелдей өзіне қаратып алғанға ұқсайды. Қай жердеде шабуылын тоқтатар емес. Түн мезгіліне жатпай, қорадағы қойларға төбеден түсіп, түгелдей қырып кеткеніде, естіліп жатты. Бектас келді деп, хабар етті. Махмет атып тұрып, Бектастың қолын алып амандасып, қасына отырғызды. Осының қандай амалы бар? Бүркітінің күші келе ма?-деді Махмет. Әрине айту қиын, бірақ мен өз өзімді қорғауыма жарады!-деді Бектас.

Мен саған бір сыр айтайын, Торғай жерінде қойда көп, олар топтасқан бүркітшілерді қыста біріктіріп, бір колхоздың малын қорғап, апанын құртып, содан екіншіге барып, бетін қайтарып малдарын аман сақтайтын көрінеді. Бірақ бүркіті өзіміздің даланың асыранды бүркіті емес, сонау Гималай тауында арқарды аулап, тау шыңында ұя салып, күн көретін көрінеді. Оны Орта Азиядағы Бұқар базарына жыл сайын, құстың балапандарына дейін әкеліп, үнділер сататын көрінеді, онда тек үнділер емес, бүкіл араб елдерінен Мысырдан, Пакистаннан, Қытйдан, Монғолиядан, Араб әмірлігінен, Сахара шөлайтын басып, түйемен қатынап, айлап жатып, араб кілемдері мен қытай жібектері, Гималай бүркіттерін өткізіп, астық пен күріш, жеміс-жидектер алып кететін көрінеді.

Олардың тек қатынасы, түйемен ғана, өркештің екі жағына тиелген заттармен, лек-легімен ай жүріп, құмды аймақтарды басып, шөлайт жерлерден асып,

қатынайтын көрінеді!-деді Махмет. Бектас ойланып барып: Онда біз, олардан екі-үш есе жақынбыз, неге бармасқа?-деді. Онда сен, екі-үш адамды серік қылып, жіберейін барыңыз!-деді. Әрине барамын, хабарын айтып, қозғау салсаңыз болды, осындағы көрші ауылда бүркіт ұстаған жігіттерге хабарласып көрейін, олар бірге барып, әкелуге жәрдемдесіп, тандап, ақылдасып алуға керек, жауабын тез арада келіп өзім айтатын боламын!-деді Бектас. –Бектас сол бетімен көрші ауылдағы бүркітші Қалау мен Айымбет, Жантастар бірден құптап, бүкіл колхоздың малын қорғауға бекінді.

Көктем шығысымен хабар еткен Махмет бәрін жинап алып, Бұхарға баруға Бектасқа тапсырма беріп, шығарып салды. Бектас көк төбелмен, жанына жылқы байлап, қаражат қылуға өзімен алып жүрді, Қалау мен Жантас бірге еріп, көп жүріп, Бұхар базарының қақпасына бірақ тоқтады. Алыс жолдан келген, түйелер тізбегі толастар емес, біраз күтуге тура келді. Олар тек түйемен ғана қатынап, жүктердің бәрін үстіне таңып байлап, тізгінін бір-біріне жалғастырып, арасынан ешкімді өткізбей, ыңыранған түйелердің артқы-соңын күттік. Оларда ат, өгіз, есек малын пайдаланбайтын көрінеді, алыс Сахараға тек қана түйе ғана шыдайтын көрінеді, шөлге шыдап, бірай шөп жемеуге бар, жануарды таңдаған. Аяқталысымен бізде ішке кіріп, қайнаған адамдардың ортасынан бірақ шықтық.

Барлық базардағы заттарға көз қызығарлық, қалай тамашадерсің?! Айтқан Үнді адамын іздестіріп, тауып алдықта, алдында тұғырда тұрған ғажайып үлкен көкшіл-қоңыр құсты көзіміз бірден шалды. Айтса-айтқандай екен, қомақтанып тау қошқарының денесіндей, екі қанаты алапты арбаның көлеміндей, тұмсығы иіліп барып, шотаяқ құсап, басына домбая біткен, көзіде көкпенбек жалақтап жан-жағын бақылап, асау тұлпардың келбетін жасап, қозғалып ыңыранып қояды. Күн көзімен шапақ атқан көзінің жарқыраған сәулесін, маңайына түсіріп, ерекше бір нұр шашқандай құбылта түседі. –Таң қалған Қалау: Мынау бір керемет, осыны саудалап, алайық!-деді. Бектаста қарсы болмады, бұл ертең ақ қайтарады, енді қасқыр емес даланы меңгеретін, мына бүркіттің өзі болады!-десті. Апарған жылқыға келісіп, басқа-бас айырбастап, бүркітті алып жолға шықтық.

Бүркіттің атын «Гималай» деп атадық. Арнаулы тұғырымен алып, ер тоқымның жанына жалғастырып, мықтап бекіттік. Дала бүркіті сыяқты қолға ұстауға болмайтынын білдік, ол өте ауыр, қол көтере алатын емес, сондықтан тек тұғыр деп, Үндінің өзі тапсырған еді. Жолымыз болған соң күндіз-түні жүрумен, апта жүріп, аман-сау оралдық. Бектас келісімен, жеке бөлмеде ұстап, жем-сауын беріп, қондандыра бастады, қоян етін молғып берді.

Қанатын жайғызып, тарап сылаумен, алып аяқтарын дамылсыз сүртіп, борбай жүндерін тарап, мойынның үстін сылады. Келіп көрушілер ғажап құстың түрін көріп «бір керемет»-десті. Қатулы күз дауылы бітіп, жер бетін қар басып, сай-саланы толтырып үлгірді. Қытымыр аязда, боранымен жалғасып, малшы қауымды қысып тастады. Жаю борасын жолдарды бітеп, қатынас мүлдем тоқтады. Боранның

дамылсыз соққаны, бүкіл қоныстардың жолын бітеп, үстін алып кетті. Қанша соққан мен саябырлап, жел бағыты өзгеріп, басыла бастады. Аяз болғанмен, бораны тоқтап, кеңшілік орнай бастады. Махмет аңшыларға хабар жібертіп, түгелдей бүркіттерімен Жаланашқа жинады. Оларға әдейі арнап, көшпелі үш-төрт адамдық «қоныс-будкасын» дайын етіп, істетіп қойған. Бұл аты шулы, үлкен аймақ, қоныстарда көп, біраз мал осында шоғырланған. Биік дөңес, қабаттасып барып тау құсап, кең шатқалымен алып жатыр. Қыс болса, қасқыр үймелеп, мекен еткен.

\* \* \*

Махмет кимелі шанамен көсемдетіп, Төлеміс екеуі орталыққа келіп аялдап, Махмет қара жорғасымен, қасындағы кісілерді алып, сол айтылған дөңеске бет түзеді. Бектас бастаған бүркітшілерде, келіп жаңа будкасына кіріп, жем-сауын беріп, дайындық жасап жатты. Махмет Бектастың бүркітін бірінші көруі «бұл ғажап құсқой!» деп бірден таңырқады. Төлеміс: Мен мұндай алпауытты бірінші көруім, біздің дала бүркіті, оған қарағанда қарға сыяқты екен!-деді. Бектас қоянның бірнешеуін алып, бүркітіне астаумен алдына қойып, бірнеше қайталаумен болды. Бектас: Біз мұны «Гималай» деп ат қойдық!-деді.

Сол кезде ауылдың көп азаматтары аттарымен, шатқалға келіп қалған еді. Арасында көп көрген, қасқырдан талай жылдар зардап шеккен егіде кісі «сан жылдар мекен еткен қасқырдың ұясы» осы кездеп көпшілікке жайып салды. Бектас аттыларға төмен барып, өзі бастап көрсету үшін, көк төбелге мініп, шаба жөнелді. Шатқалға жинап алып, бұта басқан жерлердің бәрін сүзіп шығуын тапсырды, осы жерлерде бұталардың астында тығулы «апан» бар екенін айтып жеткізді. Қолдарында бір-бір «құрық-сойыл»мен қосқолдап ұрғылап, талдың басын сүзе бастады. Ат аяқтары, арғымақ аттар құсап «сарт-сұрт» етіп шатқалдың бетін ойрандап «дүркірете» бастады.

Қайта қосқа оралған Бектас, ер тоқымындағы тұғырға жалма-жан «Гималай»ды отырғызып дайын тұрды. Әлден соң: Қасқыр кетті! Көкжал кетті!-деген дауыстар, шатқалды алып кетті. Тұғырда тұрған құс, алысты бағыдарлап, өткір дөңгелек үлкен көзімен қасқырды шалып қалып «зып» етіп ұшқанында ешкім байқамай қалды. Көкжал нағыз қасқырдың еркегі, атылған бойы, аттыларды соға-моға, қарды боратып, кең жазыққа салып келеді. Зулап ұшқан бүркіт, қанатын кең жая түсіп, үстінен барып «сарт» еткізіп бірден ұшырып түсірді, домалап барып, басы жартасқа соғылып, табанда жан тапсырды. Көріп тұрған Махмет: Қалай ғажап, бірден көкжалды құлатты!-деді. Төлемісте: Енді біздің көзіміз ашылды!-деп қалды. Көк төбелмен шауып жетіп, Бектас бүркітін тұғырына отырғызып, олжасын жамбасына байлап, қонысқа оралды. Алғашқы олжасын Махметке байлады.

Тағыда Бектас жем-сауын беріп, қоңын күте бастады, астауға салынған қоян етіне тойғызып, алғашқы жемін мол етті. Оның ойында, әкесінің қалдырған өсиет сөзі: Әр сайын ұшқан құсыңды, жем-сауын беріп, отыруды ұмытпа, күш шығаратын тамағы сол ет, ол әрбір аңға жан ұшырып, бар күшімен басым етуі

керек, әйтпесе аңға жем болып, жаралы болады!-деген. Сол сөз Бектастың ойында болатын. Махметте: Өте орынды, ұмытпағаның дұрыс!-деді. Тағыда айқай шықты: Тобымен кетті! Қасқырдың көбі кетті!-десті.

Тұғырында отырған құс, аспанға бірақ көтеріліп, бағыдарлап алдыда, құлдилап барып, озып бара жатқан қасқырды, қанатымен ұрып құлатып, жерге топ еткізді, қыңсылап барып, басымен жерге соғылған бойы тұра алмай жатып қалды, сол қалпымен өліп кетті, екіншісіне бас салды, аюлы тұяғын сұғып жіберіп, қасқырды көтеріп алып, жоғары ұштыда, жерге тастап жіберді, бірден жан тапсырып, бітіп кетті. Құс қанатын қақтыда, ұшып алып, жонға бетін түзеді, жазықпен қашқан қасқырды қуып жетіп, үстіне бірақ қонды, ауыр салмақты көтере алмай, майырлып барып, жатып қалды, көзінен бүріп, қызыл-ала қан етіп, жанын шығарды. Көк төбелмен шауып келіп, құсын Кеу!Кеу! леп шақырып, тұғырына қондырды, атымен желіп отырып бүкіл олжасын жанарына байлап, төбелмен дөңестегі қонысқа тартты.

Бектасты Махмет жолдастарымен қоршап алып, бүкіл алғыстарын жаудырып: Енді біз ештеңеден қорықпаймыз «қасқырдың билеген дәуірі осымен бітті» Гималай аман болса, билік сонда болады!-деп, қаркылдасып күліп бәріде мәз болды. Жеті бірдей қасқырды алып, көжектерін атпен соғып, көп жылғы мекен еткен апан құлады, қасқырдың көзін құртып, Қайғыға аттануға бет түзеді. Махметті жолдастарымен шығарып салып, Бектас бүркітшілерімен, будканы тіркеп, қар басқан қара жол табанымен есіліп отырды. Махмет колхоздың басшыларына тапсырып, бүркітшілер барған жерде қарсы алып, аттылармен көмекке адамдарды жіберіп отыруды тапсырды.

Бектас Қарасу қонысына бет бұрып, қыратты бетке ұстап, Қайғы колхозының жыл сайын, отар қойына шауып, әптен жеп жемтік қып, қаншама шығын келтіргенін, естіген болатын. Сол беткейге тығылып, апан қазып, жұмсақ құмға ұялап, күшіктеп өрбіткен «ұялы» қасқыр тобы осы жерде екенін байқады. Самсаған оюлы іздері, бар төңіректі алып, тал түбіне келгенде жоқ болып кетуі, соның айғағы болып қала берді емес-пе?! Енді бүркіттерін дайындап, Қалау мен Айымбет бірінші болып жемін беріп, аттарын дайындап, қолдарына құстарын ұстап, төменнен айғайды күтті. Әлден соң түлкі кетті! Қос түлкі кетті!-деп дауыстай бастады. Қалау атына мінгенше, құсы қолынан «лып» етіп, зулаумен, шүйліге түсіп, үстіне барып «тарс» еткізді, ұзын тұмсығын сұғып жіберіп, көзін шығарып, қар бетін жосадай қан етіп, әлін кетіріп құлатып үлгірді, түлкі сол бетінде жан тапсырды.

Болмай тағыда ұшып, шауып қар тіліп кетіп бара жатқан, қызыл түлкінің ізіне түсіп, жетіп алып, аюлы аяғының тырнағын төмен ұстап, басынан бүріп құлатты, алқымын қиып жіберіп, табанда өліп кетті. Қалау атымен шауып, соңынан қалмай, олжасын алып құсын қолына қондырып, көңілді жүзімен, қосқа оралды. Жем-сауын дайын еткен Жантас, бірден мақтап арқасынан қағып, Қалауға дайын еткен

қоян еті бар астауды ұсына берді. Кезекте Айымбетте дайын тұрды. Бектас: Талғамандар неде болса соғып ала беріндер, осылай үйретіп, қасқырғада салармыз!-деді. Айымбет басын изеп, келіскен болды. Бектас құсын жемдеп дамыл таппады, сылап-сипап, аяқтарының жүнін тарап, қанаттарын сүртіп, аяқтарының аюлы тұяқтарын кірден тазартып, күтуде болды.

Содан соң Жантастың бүркітіне жол беріп, қасқыр кездесе соған жібереміз!-десті. Уақытты оздырмай апанды табу болды. Ат жүрісі бәсеңдемей, шабыс күшейді, жер қыртысы қозғалғандай «сартылға» ұласты. Түлкі мен қоян өте көп болды, Айымбет жіберіп, ой бағытын нұсқап, қызыл түлкінің жолын кесті. Бүркіт барғанша жоқ болып, тығылып үлгірді, бүркіт аспанға қалықтап, түлкінің көрнуін күтіп, аспанды айналумен болды. Аттылар түлкі кірген жерді байқап қалып, қалың талды ұрғылап быт-шыт етті, атып шыққан түлкі жонға қарай салып жөнелді. Ызаға булыққан Айымбеттің бүркіті, аспаннан құдилап келіп, үстіне тарс құлады, зор күшті көтере алмай, екі бүктеліп құлап түсті, сол түскеннен өліп кетті.

Айымбет соңынан шауып, қасынан бірақ шықты, ашулы бүркіттің тұяғын әрең босатып, қолына қондырды. Ол кезде Жантаста шабу үстінде, екі қоянды бірдей алып, олжасымен екеуі, қос басына көтеріле берді. Дүбірлі шатқал аймағы, адам баласы баспаған жер, ат тұяғынан мазасызданып, екі-үшеуі тобылғы түбінен атылып, қалың қарды бората, кеңістікке бетін салды. Айғайға ұласып, түгел жерді алып кетті. Тұғырда отырған құсы, жалт беріп, ұшумен зымырап, қасқыр тобының артынан салды. Лезде қуып жетіп, дауылғып боратқан құйындай болып, қос қанатымен кезектеп, салып жібергенде, біреуін құлатып, екінші сокқанда «көкжалын» ұшырып, жар қабағындағы сайға құлатты, басы қайрылып, денесінің астында қалып, қыңсылаумен екеуіде өліп кетті.

Бектас барғанша, құс тез көтеріліп, қанатын бауырына жинап, ызғумен қасқырға жетіп алды. Шоңды аяғының найзадай тұяғын, денесіне бірден үстіне түсіп, батырып сығып тастап, лақтырып жіберді, тоңқая барып, жан тапсырды. Бірден үш олжалы болған Бектас, барлығын жинап алып, құсын тұғырына отырғызып, көк төбелмен желумен қос басынан бірақ шықты. «Гималай» құсының кереметтігіне көзі жеткен, сырт адамдары, таңғалумен болды, бұндай құсты көрмегендерін айтып, аттылар ауыл адамдарына жеткізді. Бектас тұғырымен құсын, қоныстың ішіне алып, дайын астаудағы қоян етін, алдына қойды, тағыда қайталаумен болды, бойын күтіп, қонын түсірмеді. Қалау тағыда батылдықы танытып, қасқырға жіберіп, сынамақ болды. Бектас бірден байқап қалып: Сен тағыда, қоян етін беріп, тойғызып ал, әлі кетіп, қасқырдың жемтігі болып жүрмесін «тамақ-күш атасы»деп текке айтпаған, қазір мен өзім бақылап, бүркітіңді көрейін!-деді.

Әлден соң, құстың қасына келіп, қонына қолын сұғып, көріп еді, сидіған бұлшық еттен басқа, толығының әлсіз екенін бірден білді. Жоқ! Олай етуге болмайды, дамылсыз жемдеп, қуатын көтер!-деп Бектас Қалауға бас салды. Ол түсінген болуы керек, шешініп жіберіп, қоян етін турап, ұсақ қылып алдынан

айырмады, денелерін тарап, сипалап қанатын жайып, бар күтімін жасаумен болды. Жантаста құр жаю емес, Қалауды келеке етіп, бүркітін тек қасқырға жіберемін деген мақтаншылығын айтып, жасырын Айымбет екеуі уажалаумен болды. Қарқылдап күлісіп, Бектас жоқта Қалауды ортаға алып «кеппе» деген ат қойып, қалжың етті. Қалауда шыдамады «екі қу ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» аншы болғандарыңды ұрайын, неге мақтанып дардай боласыңдар, алғандарың екі қоян ғана!-деп күлумен сырттай берді. \* \* \*

Айымбет пен Жантас кілт тұрып қалды, мына сөзі өзегінен өтіп кетті, не дерін білмей, екеуі бір-біріне қарасып, отыра кетті. –Жоқ! Бұлай болмас, біреуді қаралағанша өзіміздің құсты баптағанымыз дұрыс!-деді Жантас. Айтар сөзі болмады, үндемей барып, құсын қолына отырғызып, астаудағы дайын еттің жанына отырғызып, құсын баптай бастады. Күндіз-түні мазасы кетті, қашан қонды болғанша, маңнан кетпеді. Алып аяқтарымен тұяқтарын тазартып, қоңының жүнін тарап, сылап –сипаумен болды. Бұл Жантастың құсқа деген ынтазары еді. Бектастан көріп, әрбір шабуыл сайын, осылай күтуді ыңғай етті. Атылар дүбірі толастамады, тағыла қасқырдың апанын тауып алып, дүркіретіп ала жөнелді. Қашты! Өне қашты! Тобымен қашты! Көп болғаны, бөлтіріктері ере түсті. Ызалы қасқырлар бірінен соң бірі ытқумен, жан-жағына қарамай, бәрі бір беткейді ұстап, жұмсақ қарды боратып, алай-дүлей ғып, алысқа тартты.

Аттылар бөлтірік соңынан қуа түсіп, алдын орап қоршап, алды құрықпен бергілеп, бөлтірікті түгелдей соғып бітірді. Үлкен сайыс, алда тұрды, бақылап отырған құстың мазасы кетіп, соңынан қия салған құс, алдын бастап бара жатқан қасқырдың көкжалын бірден көріп, дауылды қанатын кеңге жайып, «сарт» еткізіп соғып жібергенде, ұшып түсіп, тас-балшыққа соғылып «быт-шыт» болды, сол бетімен тұра алмай жатып қалды, саудасы бітіп кетті. Шапшаң ұшып, көз ілестірмей, аю тырнағымен бүріп алдыда, сұқ тұмсығымен тамағын орып жіберді, қансыратып, табанда құлатты. Енді екеуі қосара шауып, алыстай бергенде жетіп алып, қос қанатын, дауыл желдің күшімен, екеуін бірдей, кезектеп беріп өтіп, құлатып үлгірді, домалаған денелері, саз балшық үйілген қатты жерге соғылып, тырапай асты, сол асқаннан өліп кетті.

Бектас екі аттыларды шақырып, жинап алуды тапсырып, өзі құсын тұғырына отырғызып, дөңеске бет түзеді. Апан бітті!, қасқыр бітті!-деп шуласқан ауыл адамдары қоршап алып «рахметін» жаудырды, қоныстағы малшы қауым қуанысып «бар пәледен» қуанғанын айтып, жеткізумен болды...Бектасқа Махмет айтып, ең бірінші қауыпты аймақтарды, шолып апандарын құрту кезекте тұрды, енді сол колхоздарға жол тартты. Махмет алғашқы жұмыстарына риза болып, бүркітшілерге, таңдаулы аттарды беруге Төлеміске тапсырды. Фатима әкесінің жалғыз қызы, өте көрікті болып Үшқарасу ауылында өсті. Әкесі сіңірі шыққан кедей, сол кедейлігіне ызаланып, көпшіліктен ұят көріп, жалғыз сиырыда құтаймай, қайыршылықты басынан өткізді.

Ол кезде Фатима өте жас болатын, бірақ елдің ауызына ілігіп, қазірде ер жетіп, анасына қолқанат бола бастады. Қыздың атағын естігендер, малына масаттанып, төсек жаңарту жолына түскен адамдар жасырын кезіп сонау Тірсектен келіп бас сұқты. Жоқшылықтан уайымға батқан әкесі, «жасырын құдаларын» қарсы алып, олжалы болуға ыңғай тартып, «қыз саудасына» көшті.

Шеткерек көше, қыз үйі орталықтан алыс, болып жатқан жағыдайды ешкімде біліп, сезер емес. Қыз әкесі Мәжікен колхозғада кірмей, өз бетімен жеке өмір сүруді қалады, келген амдарды қабылдамай, үй ішінің адамдарында болып жатқан жаңа дәуірден, қолын үздірді. Фатима талай жылап, әкенің аюандық ісіне қарсы тұруға, батылы бармады, ол өте жас өміргеде араласып көрген емес. Төбеден басқан кара бұлт, кетпей тұрып алды. Тек өзінің сүйген жігітімен құрбысы арқылы сөйлесумен шектелді. Жанжігіт талай үй маңында болсада, Фатимамен кездесе алмай амалы құрып, налумен үйіне кештетіп оралды. Фатима осыларды ойлап төсек тартып, уайыммен жатып қалды. Мен күйеуім деп таныстырған, шоқша сақалды, көзі батпаған, егіде тартқан бәйбішенің бұйрығымен, жас қызға қызығып, ертең бүкіл үй шаруасын, қатыгез кемпірдің нұсқауымен жүретіндігін айтып, екі отауғып, екі жерде ұстайтындығын айтып, ақтала бастады. Қутындаған Тұқан, өзін қуатты екенін көрсетпек болып, сөз тастап, қызды көрмекке ауыз салды.

Құда болып келген сөзуар, кара сақалды Бүкен сөзді салмақтап, айтпақ ойын, артқа жымқырып, бірінші кезекте мал иесі, күйеуге берудің амалын жасап, ой пікірін біліп, қыз әкесінің жолын кесу еді. –« Алмақ барда, бермек бар» уәдеміз келісіп, бір-бірімізбен жараса түссек, күйеудің тартынар жері жоқ, малы үйірімен дайын!-деді құда. Бұл алдымен сөз басы, айтар уәжім әлі алда екенін ұмытпағайсыз!-деді. –Қыз Фатима дауы бітер емес, орныққан құдалар, отырысын кеңге салып, шешініп жеңілденіп, айтыстың кереметін жалғай бастады. Мен сөзден ешқашан жеңіліп көрген емеспін!-деді Бүкен масаттанып, бүкіл үй билігін өзіне икемдеп. Фатима тағыдыры қыл үстінде тұрды.

Әкесіде оларға икемделіп, сөздеріне құлақ салып, құданың құйрығына көпшік салып, мақтауын жасырмады. Іздегеніде сол еді. –Туыстары: Сен жекеленбей, жалғыз қаласың, колхозға кір, от басына сиырда береді, малыңды шөпсіз қылмайды, егін салып халыққа кеусен үлестіріп «нанға» қол жеткізесің, қызың қолды болып кетпей тұрғанда, қатарымен қалаға оқуға жібер!-деп айтып құлағына құйған еді. Оның бірінде керек қылмай, өз білгенін істеп, жақындарымен қатынаспай қойды. Жанжігіт әптен шыдамы таусылған соң, қараңғыны пайдаланып, үй маңына келіп, қыздың терезе жағынан аңдумен болды «ойы бір хабарды» өзінің аузынан естігісі келді. Бірақ түк шығара алмады, сүйгенін далаға шығармай, анасы екеуін қамауда ұстады. Әпсәтте қарақшылар, көріп қалып Жанжігіттің соңынан түсті, аттылар қамап алып, қол жұмасауға көшті, қарулы жігіт екуін атынан құлатып, үшіншісі байқаусызда артынан келіп, мойнына қыл арқанды салып жіберіп, атымен тебініп сүйретіп ала жөнелді. Жанталас үстінде



болған жігіт, өлмеудің қамын ойластырып, қалтасындағы бәкіні алып, қыл арқанды қиып жіберді.

Қарулы қолдар қойсын ба? Бәрі бір кісідей жабыла түсіп, арқанмен қол аяғын байлап, жонға алып кетті, қашама күн жүріп, шөлайт жердегі құмды аймаққа апарып тастады. Ол жерде ешкім жүрмейтін, қатынас жоқ, мыйдай далада Жанжігіт байлаулы қалпымен жатып қалды, көп күн жатты. Алыстан мұнартқан, түйе керуенін көріп «айғайлап» даусын шығарып «құтқарыңдар» деп жалынды. Жақындаған сайын жігіттің дауысы, анық естіліп «бұл қандай адам болды екен» деп таңырқасты. Керуен басы: Тоқта!-деп бұйрық етті. Екі адам жалма-жан қасына барып, байлаулы жатқан жас жігітті көріп, арқанды шешуге кірісті, түк шығара алмады, арқанды шешілмей етіп, шимайлап байлаған. Қалтасынан пышағын алып, арқанды жалма-жан кесіп жігітті босатып алды. Тұруға шамасы келмей, құлаумен болды, әпден әлсіреп, енді өлуге шақ қалғанда, керуен келіп, жанын аман сақтап қалды. Жігітті көтеріп алып, арбаға отырғызып жылжи түсті. Әлсін-әлі тамақ беріп, шөлін басып, қуаттандыра бастады.

Болған істі баяндап, керуен басына жайып салды. Жанжігіт қуаттанып бұрынғы қалпына келе бастады, бірақ Фатимасын ойлап, қолды болып, шалға зорлықпен кетті ма?-деп болжам жасады. Неде болса, жолдағы ауылдың бірінде қалып, үйіне жетуге асықты. Керуен ұзақ жолға шыққан, олардың баратын жері алыс болған соң, бар рахметін айтып, шығарып салды. Керуен ауылдан ұзай берді. Жанжігіт қатар салынған үйлердің біріне кіріп, бас сұқты. Қоғадай жапырлып, үй иесі қарсы алып, төрді нұсқады. Танысып, шай ішіп қуаттанған жігіт, өзінің елін айтып, ондағы қалған жарының дағыдыры «қыл»үстінде екенін жеткізді. Айаушылық танытқан үй иесі, баратын адамдармен хабарласып, көлікке мінгізіп жіберді. Біраз жүріп үйіне оралды, ата-анасы қуанып, баласының амансау оралғанына құдайы беріп, үлкендердің батасын алды. Сол күні кеште, кеш оралған жендеттер «жігіті өлді-енді бұл өмірде жоқ» деп, құда Бүкенге жеткізді. Бүкен: Бірден қаранып қалмандар, қызды бүгін қайтсекте әкетуіміз керек!-деп қадап айтты.

Ол кезде айдаған жылқысы, бөгет бауырындағы жайлымға ұстап, хабар еткен еді. Қыз әкесі Мәжікен мен Бүкен сөз байласып, тез адамынды жібер, иелік қылуды ұмытпағанын айтып тапсырды. Мәжікеннің күткені осы еді, көршісіне жасырын айтып көндіріп, айдап әкелген үйірге ие болып қабылдап, бағымға тапсырды. Ол кезде қызды, атына өңгеріп алып, бәріде тайып тұрды. Қараңғы түн, қою бұлт басқан аспан, ай жоғалып көрінбей қойды, Сатыр-сұтыр ат жүрісі жалпақ қара жол үстімен көсіліп келеді. Бүкеннің ойында ештеңе жоқ, қызды отау үйіне түсіруге асықты, артынан қуғыншыда байқалмады. Қас пен қабақта жоқ болған Фатима келін болып, шал қойнына «тоқалдыққа» берген әкесі, қызының өз орнын тапқанына шүкіршілік айтып, үйіне жылқыдан орала бергенде, сау еткен «қызыл жағалыларды» көріп, аттан түскен бойы қалшып тұрып қалды. Қыз ағасы бастап келіп, қасында Жұлдыз бар: қыз Фатима қайда?-деп бас салды, үй ішіне кіргізіп

жауаптай бастады. Қолына кісен салып, шалды бірге алып, Жұлдыз бастаған «қызыл жағалылар»Тірсекке жол тартты.

Ентелеген ат жүрісі, алыс жолды басып, жазық даланың жайқалған шөпті алқабымен, ұзына бойы созылған үлкен ауылға келіп бас тіреді. Шалдың айтуымен киеу Тұқанның үйін тауып алып, бірден қоршап алып, үйінен ешкімді шығармай, Тұқанды бірден ұстап қолына кісен салып, басқа Бүкенді жендеттерімен іздестіре бастады. Жұлдыз бірден үйге кіріп, Фатиманы іздеді, үйде жоқ болып шықты, Тұқанды жауаптап қайда кеткенін айтқызуға тырысты. Тұқан зорламақ болып, белінен ұстап өзіне тартып, алыса бергенде, қайнап тұрған шайдың ыстық суын бетіне шашып жіберіп, шыға қашқан, сол қашқаннан жоқ болып шықты, іздемеген жері қалмады. Беті күйген Тұқан бірден ойбайлап отырып қалды, түгелімен бет-аузы күйіп, көзін шарпып, соқыр боп қалған. Балыгердің көмегімен өз-өзіне келіп, көзін ашып, жүруге жараған. –Фатима өзеннің жағасына тығылып, су жиегімен жол бағытын тауып алып, ертемен таң сәріде кетіп бара жатқан, ат арбаны тоқтатып, ілесумен ауылына бағыт ұстады. \* \* \*

Үстінде көйлегі, етегіне дейін «дал-дал» болып жыртылған, кеудесіндегі камзелінде бір түймеде жоқ, үзіліп біткен, арбаға мінген соң, қымтанып білдірмеуге тырысып, тіс жармады. Бірақ қара көзі, оюланып ішіне түскендей, көздің жасы ытқып-ытқып шыққандай болып, есінен кетпеді. Болған іске болаттай болғысы келіп бақсада, көңілі босап, қорған болар не ағаның, не інінің болмағаны Фатиманың жанына батты, іштей жылаумен жалғыздығын есіне алып, налыды. Қыздың осындай қалпын көрген жолаушы, қыздың ауылын барып, үйіне жеткізіп салуға сөз берді. Фатима қуанып, жолы болғандай: Мен өз үйіме емес, құрбымның үйіне жеткізсең болды!-деді. Жанжігіт дамылсыз келіп, құрбысынан сұрап, еш қабар болмаған соң, уайыммен күн өткізді. Түс ауа, құрбысының үйіне тоқтаған арбадан түсіп жатқан қызды көзі шалды, қыздың денесі өзінің сүйгені Фатимаға ұқсас біреу, Жанжігіт көрісімен ентелеп жүгіре басып, келе бергенде, Фатима жалт қарап, жарының бейнесіне көзі түсіп, қарсы жүгірді, қолдарын жайып құшақтасып, сүйісумен біраз тұрды, байқап қалған құрбысыда айқайлап: Фатима!-деп келіп жылап, екеуі бірдей дауыс қылып, көрісумен мауқын басты.

Ол кезде жиналған жұрт қарсы алып, Фатиманы құшақтап, бірге жыласты. Әлден соң Жанжігіт пен Фатима бірге қол ұстасып қыз үйіне қарай жүгіре басып келе берді. Есіктен кіре бере Фатима: Анашым!-деп, бар дауысымен айғайлап жіберді. Зәурен, бірден дауыс қылып, қызын құшақтап «алланың өзі көз жасымызды иіп, Фатимамды оралтты» енді менің арманым жоқ, өз теңін тауып жыламаса екен, бар тілегім осы!-деп көзінің жасын бою етті, жиналған жұртты жылатып, қызымен қауышты. Жігіт өзінің айтар сөзі болып, Фатиманың қолынан ұстап, оңашадағы анасының бөлмесіне кіре берді, алдына барып: Зәурен апа! Менде, өлімнен оралып «керуен көші» болмағанда, өмірмен қош айтысатын едім, бағымыз бар екен, мені құтқарып байлауымды шешіп, тамақ беріп, әлдендіріп,

бөтен бір ауылға әкеп, аманатқып кеткен жолаушының арқасында, аман-сау ауылға оралдым, Фатимада сондай қорлықпен, өзінің өткірлігімен жауынан құтылып оралды. Мен арман еткен сұлу жарымды, Фатимамды ұлықсат етсең, «келіншек қып» өз үйіме түсіргім келеді, енді өмірлік бірге болуға, бар арманым Фатиманы сүйіп өтуге, соған ұлықсатыңды бер!-деді Жанжігіт.

–Айналайын құлындарым «бердім батамды» бақытты болындар «ұлықсат»-деді Зәурен екеуінің бетінен кезек-кезек сүйіп, қуанышы қойнына симай, бағылан сойғызып, қалың жұртпен шығарып салды. –Жігіт үйінде ақотау тігілген, өлең жырмен қарсы алған қыз-келіншектер тойды бастап ала жөнелді, шашу шашылып, келіннің беті ашылды.

\* \* \*

Ән түні бойы жалғасып, екі ғашықтың аман-сау қосылуы «таңғажайып оқиғаның» сыры болып «батыл-ерліктерімен»өмірін сақтап, қосылуы халық аузынан түспеді. Бұл оқиға аудан басшысына жетті. Жұлдыз милиция тобымен, Бүкен бастаған жендеттерді, киеу Тұқан мен қыз әкесі жасаған «айла-тәсілдерді» органның адамдары жауаптап, ауданның түрмесіне тықты, бүкіл мал үкімет карамағына өтті. –Алғашында бой бермей, тартыс басталып, қыза түскенде, Фатиманың нағашысы Татан жұртты жинап әкеліп, жабық айтысты бірден бақылап, қызды зорлықпен әкетуге әрекет жасағанын біліп қалып, Бүкенге бас салды. Сен ақыл айтар кім едің, сенің дәуірің болыспен құрыған, қазір «совет» заманы «кедей-шаруаның» үкіметі, саудаға түсер Фатимам жоқ, ал күш сынаспақ болсаң далаға шық-бүкіл ауыл адамы осында, анау жендеттеріңді жинап ал, қолын сындырып кеміс қылмай тұрғанда!-деді Татан зілді дауысымен. –Жоқ! Біз, ешкімге қарсы тұрып, «күш» көрсетуге келгеніміз жоқ, қазір күн батысымен, жолға аттанамыз деп, майменкүлетіп шығарып салды.

Күн батып, қас қарая бастағанда Фатима сұлу жоқ болды. Бәрі ұмытылып арта қалды, жастар тойы түні бойы жалғасты. –Жұлдызға хабар етіп, Махмет айыптыларды «құдасымақтарды» милиция айдап әкеліп, ішке кіргізді. Бәріде кәріқұртаң, алып алар ештеңелері жоқ, біткен шал сымақтар. Махмет ыза болып: Сендер қай дәуірдің адамысындар? Қандай қақыларың бар, жас қызды саудаға салып, зорлықпен алып қашып, шал қойнына беріп, қатын етпексіндер ме? Бұл заман сендердікі емес, жастардың заманы, оларды қорғайтын үкімет бар, біз бармыз, жердің астына кіріп кетсеңдерде, тартып аламыз, аспанға ұшшандарда сирақтарыңнан тартып аламыз! Өз обалдарың өзінде, түрмеде қалған жастарыңда шіритін боласындар, Әкет бұларды!-деп бұйрық етті.

–Жұлдыз қасына ерген, Данагүл мен Ақжарқындарды алып, Фатиманың ауылына келді, түгелдей жинап, қыз біткенді қалдырмай жиын өткізді. –Біржағы қараңғы момын үйден шыға алмаған қазақ қыздарын оқуға тартып, болған оқиғаны түгелдей баян етті. –Бұл недеген сұмдық, әліде қойылмаған!-десті. Сабақ өткізіп толған қыз-келіншектердің бағын ашып, білімге сүйреді. Жетіктерін жазып алып, қалаға оқуға жіберуге көмек еттетінін ескертті, ішінде жаңа үйленген ғашық

жандарда Жанжігіт пен Фатимада баруға дайындалып жатты. Жұлдыз: Олар оқуын бітіріп келгеннен кейін, ауылын басқаратын басшы-маман болмақ!-деді. Жиналыс аяқталысымен, біраз сабақтан «оқып-үйрену» мәліметімен қаныққан ауыл тұрғындарына «Оқы, Оқы және Оқы!» деген Ыбырай Алтынсариннің қағидалы сөзімен аяқтады. Соңында «Ән көшінін» концерті басталды.

Сахнаға бірінші болып шыққан Жұлдыздың тамаша әнін тындап бүкіл жұрт, орындарынан тұрып қошемет көрсетті. Іле сала Данагүлде көп шырқады. Ақжарқынның «Қайран заманай» әнін естігендер көзіне жас алып, бойларын биледі, көңілдері босады. –Жұлдыз өзі сахнаға шақырған Фатиманының ерлігін айтып, өз бақыты үшін, өлім мен өмірдің тауқыметін тартып, қоршаған шытырманды бұзып өтіп, өз сүйгеніне қосылған «нағыз батыр қыз» -деп үлгі етіп бүкіл жиналған қыздарға айтып жеткізді. Сол қыз өзі шығарған «Арман-ай» әнін айтып береді!-деді Жұлдыз. Керемет асқақ дауысымен шырқаған ән, лезде бүкіл залды алып, кетті, зарлы мұңы, көрген зомбылығы әнге қосып халықтың көңілін босатты, жыламаған адам қалмады. Өмір қанаты, барлық жерде әнмен жалғасын тапты,«Оян қазақ!» болып, қыздар өмірге қолын созып «сүйген» теңін іздеді....Қыстың қақаған суығы, қытымыр аязды ала келді.

Жер беті, ұлпа қарға көмілгені біраз уақыт болды. Дауылды жел мен ұйтқытып соққан боранға қарамай, Бектас бастаған «бүркітшілер» Махметтің тапсырмасымен көп колхоздардың апанын құртып, дала қасқырының жолын кесе бастады. Табиғаттың тосын дүлейіне қарамай, дамыл таппады, жер-жерлерде малшы қауым қуанып, жылқыларын тебінге айдап, еркін ұстай бастады. Ірі қараларды сай жағалатып, өзеннің камысына жіберіп, бір мезгіл өріс қылды. Сондада әлі, түгел қалың ауылдар, қасқырмен арпалысын тоқтатар емес. Кеше ғана, Үшқарасу қонысына шабуыл жасап, албардағы қой табынын қырып кетіпті. Махмет естіген бойда, бүкіл колхоз басшыларын, сол ауылда жинауға бұйрық берді. Бектаста бүркітшілерімен алдын ала сонда болып, қонысын қондырып, құстарын жемдеумен, арпалысып жатты.

Атыларда ауылдан келіп, дөңестің етегіндегі жазық шатқалдың, тал-бұта басқан аймағын бағыдарлап, Бектастың өзі барып, дұрыстап сүзіп шығуды тапсырып оралды. Арғымақ төбел, аспанға атылып, шабысты елең етпей, ауыздықпен алысып, адымды жүрісі алып ұшып, сомбалдай қадамы, шапқан сайын жер ошақ жасап, ізін қалдырумен болды. Бектастыңда атқа отырысы, қозғалмай әптен үйреніп бекіп алғанға ұқсайды. Бұл бір емес, қаншама ауылдың қырат-дөңестері, арпалыс үстінде болған шақтары, қажытқан емес, қайта қайраттанып, кең алыптың шалқып жатқан жазық даласы мен қоныстарды қорғап, өз ойларын іске асырумен болды, түгелдей қасқырдың «арандатқан жауыздығынан» құтқару еді, сол мақсат Бектас үшін «тойтарыс берер қамалы» болды. Көпшіліктің тілегіде «осы пәледен» құтылу болды. Бектас төбелмен ұйтқытып қырға шыға бергенде, Махмет бастаған топ аттылар, қонысқа жақындап қалған еді. Махметтің ойы, көп айтылған

Бектастың «Гималай» құсының қимылын, бүкіл жұртқа паш ету еді. –Бектас бірден атынан түсіп, қонақтарды қарсы алып, құсын ат тұғырына отырғызып дайын тұрды. Аттылар дөңес баурайын кезіп, қолдарындағы құрықпен тал біткенді жапырып, жер қыртысын дөңгелендіріп, алып ат тұяқтарымен «астан-кестенін» шығарып, дамыл таппады.

Шыдамаған көкжал апаннан атылып, соңына қасқырдың біразын ертіп, жазық далаға қарды боран етіп, дауылдатқан шабысымен бет түзей бастады. Ат тұғырында отырған бүркітті көргендер, алып құстың отырысына маз болып, өткір ұзына біткен, әйдік тұмсығы, денесімен тұтаса бітіп, шомбалдай жуан аяқтарын көріп, тау қошқарындай отырған отырысының, жарқыраған алып көздері, күн сәулесінің жарығымен көкшіл тартып, жағалай елеңдеумен болды. –Дыбысты көзі шалып, көкжалдың су еткен жүрісін бірден сезіп, «лып» етіп, қияға салды. Өне кетті! жапырлаған адамдардың көзі, бүркіттің үстінде болды. Күн шайдай ашылып, қыраттан барлығын көріп, дәл алдынан ұшқандай айқын көрініп, алыстағы ауылда көз алдында тұрғандай болып, биіктен «табан астындағы» елес сыяқты, жақын тұрды. Құс сол бетімен қанатын бір жайып алдыда, дауылдатып барып, көкжалдың үстінен шығып «сарт» еткізіп, домалатып үлгірді, басы сайдың тік жарына соғылып, табанда кетті, екінші қанатымен тағы соғып, бірден ауыр соқынын көтере алмай жатқызып тастады, басы қайырлып барып, қыңсылаумен жан тапсырды.

Құс тағыда қанатын бауырына тартып, зуылдаумен қомды аяғының найзадай тұяғымен іліп алып, көтеріп алып жерге тастай берді, мылжасы шыққан қасқыр, бас көтеруге шамасы келмей, өліп кетті. Бәрін бағыдарлап алған құс, бір сәт аялдамады, тағыда ұшты, соңына түсті, жетіп алып, аюдай тұяғымен денесін қысып бүрістіріп, тұяқ тиген жерінен қаны кетіп, әлсізденіп барып, топай асты. Бектас көк төбелмен шауып отырып, соңынан қалмай құсының үстінен бірақ түсті. Жалма-жан атынан түсіп: Кеу! Кеу! леп, ат тұғырына отырғызып, қосқа тартты, олжаларын жігіттерге тапсырып, жинап алғызды. Бірінші көрген Махмет: Өне алды! Қатты соқты! Сарт еткізді! Көкжал құлады! Қанатымен тағы соқты! Бір емес бірнешеуін соқты!-деді. Қасындағыларда: Бұл керемет қой, тек кітаптан оқып білуші едік, енді міне бізгеде жеткені!-десті. Бұл Махметтің айтуымен Бұхарға жіберіп «Гималай»құсын алғызғанда, басшының өзі!-десті. Бектас келісімен құсын будканың ішіндегі тұғырына отырғызып жемдей бастады.

Қоян етін ұсақтап турап, астаумен алдына қойып, қайталаумен болды. Үсті-басын сылап-сипап, тараумен болды, қанаттарында жазып, сүртіп шаң жұқтырмады. Бектас: Енді бөлтіріктері ғана қалды деп болжам жасады. Бірақ аттылар, кезектесіп сүзіп, шатқалдың кең аймағын қамтумен болды. Өне кетті! Қасқыр кетті!-деген айқай, бауырайды алып кетті. Бұл қашқан бөлтіріктер, аттылар қуып құрықпен соғып, екеуін жатқызып үлгірді. Қалау бүркітін жалма-жан қолымен бағыттап, көтеріп нұсқады. Шапшаң ұшқан құс, жетіп алып, арқасына түсіп, көзін шығарып ағзып жіберді, ауыр жарасымен бөлтірік тұра алмай, жан

тапсырды, құс қанатын мол қақтыда, аспанға бірақ шығып, бөлтіріктің кетіп бара жатқан бағытын біліп, соңына салды, құйындатқан бойында, бірден басына жабысып, тамағын тұмсығымен орып жіберіп, бірден құлатты, қан көп кетті, бөлтіріктің денесі бітіп кетті. Қалау шауып отырып, олжаларын алып, жамбасына байлап, бүркітін қолына қондырып, жорғасымен қосқа бет түзеді. Бәріде керемет құс!-десті.

Апан осымен бітті!-десті аттылар қосқа оралып. Махмет қос басында бәрін жинап алып: Осында жиналған қауым! Өздерің көздеріңмен көрдіңдер «Гималай» құстың кереметтігін, басқа бүркіттерде қалысар емес, қаншама ауыл аймақтарда болып, өмір бойы мекен еткен «дала қасқырының» жолы кесілді, бұл үлкен жеңіс «үкімет малын сақтау»таңғажайып Бектас бастаған бүркітшілердің адал еңбегі, сол үшін Бектасты аудан орталығына көшіріп алып, үш бөлмелі жаңа үй беремін, басқаларына ат беріп, өздерінің жеке меншігінде қалдырамын!-деп Махмет үйдің кілтін Бектасқа табыс етті. Қол соғып шуласқан халық, оларды құттықтап бар алғысын жаудыра бастады. Басшы жүріп кетті. Алдарында Көктал тұрды, нағыз қасқырдың мекені болып бекіген жерге жол тартты. Дала өңірі, сарқылмас кең аймаққа созылған қар басқан, мекен тағыдыры, бүркітшілердің аузынан түспеді. Бектас Жантастың бүркітін көріп: -Құс жақсы екен, бірақ дәл күйін таппай жүр екенсің!-деп, нағыз үнмен бір сөз айтып қойды. Жантас бұған жалт бір қарап, қайтадан мойнын бұрып, сырт айнала берді. Естіген Қалау Жантасты мазақ етті. Жантас-ай! Жантас! Құстың тілін өзімде білемін!-деп мақтануың қайда? Енді неге бұлай болып қалды, әлде жай атақ құмарлығың ба?

-Сен Қалау жайыңа отыр, артыңды қысып, білімді бола қалғаның, бір рет қасқыр алдым деп, күреңді жай алған соң құтырайың дедің ба?-деді Жантас ашуға басып. Мен алсам, сенде алдың, не артығың бар!-деді Қалау сықылықтап күліп, ойнақы мінезге түскендей болып. Сол Қалау мен Жантас арасында кейде ел ішінде дау-жанжалдың алыс-тартысын көпке сырын білдірмей, нелер ойнақы қиын мінездер жасап қоятын. Мысқылшыл, әзіл күлкісі, бірде-бір тиылмайтын Қалаудың түлкімен ойнаған бүркіт тәрізді болып шығатын. Қазірде сол әдетіне баса бастады. Айымбетті оңаша алып, ақырын ғана сыбырлап, күлкі етіп келеді. Арасында қарқылдап күліп, жас күніндегі қылжақбасын айтып, біраз күліп алды. -Жантас бүркітін тұғырға қойып, астауға түлкінің қызыл етін, жалма-жан турап, бермекке ұмтыла бергенде, Бектас бірден сезіп қалып: Тоқтат! Бұның не? Бүркітінді біржола құртқың келе ма? Кім саған бер?!-деді.

Бектас астауды жұлып алып, етті сыртқа лақтырып жіберіп, Қалауға қоян етін дайында!-деп бұйырды. Ерінсең мына жігіттерді, дайындауға қоямын!-деді Бектас қатуға басып. Қазірде ет дайындалып бүркітіне бере бастады, тағыда бірнеше қайталанып беруді өзі қадағалап, Бектас әлсін-әлі құстың маңынан шықпады. «Қырсықтық-қыңыр бермейді, аңшының қолы жүрмейді» деген сөз бар, естерінде болсын, қаншама жүк біздің мойнымызда, соны ақтау сенімен-«біз»ойларыңа

сақтап, бойларында жүрсін!-деді Бектас ақылмен сөйлеп, бәріне жеткізді. –Жазық дала беткейі болған мен ұсақ сай-саласы көп, жазықтағы «оба» биік төбе құсап, маңайында өскен тобылғы, қалындап етекте алып жатыр. Сол төбеге орныққан бүркітшілер, аттарымен сүзіп тобылғыны тұтас құрықпен жапырып, апанын іздеуге бет бұрды. Самсаған қасқырдың қою іздері, айбарлы арыстанның аяғының таңбасы құсап, қар бетіне басылған. Ұйысқан қасқырда осыны мекен етіп, барлық жерге шабуылын бастағаны белгілі боп, малдың сүйек қаңқасынан аяқ алып жүрер емессің, тобымен айдап әкеліп осында жемтік қылғанға ұқсайды. Әлден соң, ырылдаған қасқырдың көп дауысы жиілеп шығып, тобылғының арасынан аттыларға атыла түсіп, арандатқан ауызын салып жіберіп, жоса қан етіп, аттың бетін қайтара бастады.

\* \* \*

Жалма-жан аттылар бірігіп ортаға алып, құрықпен оңды-солды басынан ұрып бір-екеуін жатқызып салды, қалған тобы жазықты өрлей жөнелді. –Бектастың ат тұғырындағы құсы, қашқан топты бірден байқа қалып, сытылып аспанға бірақ көтеріліп, сойқын күштің қуатымен төмен ызғып барып, қанатының оң жағымен «сарт» еткізгенде, екіншісін сол жағымен пергенде ұшқан құстай екеуінде домалап барып, сай қырына соғылып, табанда кетті. Құс қанатын бауырына қысып, басқаның соңына түсті. Ышқынып шауып бара жатқан, қасқырдың еркегіне барып, үстінен бірақ түсті, ауырды көтере алмай майырлып барып, бірден бауырлап жатып қалды, құс денесін былық еткізбей, сұқ тұмсығымен басынан шұқып, мыйын ағызды, қасқырдың да жаны бітті. –Бектас көк төбелмен келгенше, тағыда ұшып, соңғы қасқырға тарпа бас салып, ұзын тұяқтарымен көтеріп алып, аспанға ұшып, жерге қайта лақтырып жіберді, жерге түсіп, боршасы шыққан қасқыр, табанда кетті. Аттылар келіп олжасын жинап алып, апанын біржола құртты. Бектасты қоныс басында, арпалысты көзімен көрген ауыл жұрты бірі қалмай жиналып, ат үстінен көтеріп алып, аспандатып атумен болды, қуанысқан ел адамдары алғыстарын айтып, ауылында бағылан сойылып, қонағасы беруге шақырды, бәрі жиналып Көктал ауылында болды.

–Фатима той өтісімен, отау ішінде Жанжігітпен оңаша қалды. Таза ауа, жұпар иісі аңқыған, дала төсінің кешкілік жел лебі, түндіктен түсіп, дамылсыз баюлап соғып, рай танытқандай, әсерлі түннің тамаша кешін жасаумен болды. Жігіттің жүзінде құлпыра түсіп, өз сүйгенін құшақтап алуға асықты. Ол кезде шымылдықты түсіріп, төсек салып жатқан қыздың артынан барып құшақтап, өзіне тартып, төсекке қисая берді. Асыл денесі, жігіт баурына жабысып, әдемі ернінен сүйген бойы, қыздың қолы мойнына оралып, қызулы денелерімен беттесіп жабыса түсті. Жігіт қызуы лапылдаған от құсап, жалын ошағна ілігіп, дене бойын қыздың, ақшыл тартқан қос томпағының арасынан өткізе бергенде, балқыған дене қызуы, екеуінде алып жөнелді, нұрға толы бойлары бірімен-бірі беттесіп, сүйісумен жалғаса берді, сағыныш қос жүрегі арман асуында болды.

Сүйген ынтызар сезімі тыным таппады, Фатиманы құшақтаған бойы, асыл дүниенің кереметін, жаңа білгендей сүйген жарымен «мәңгілікке» сөз байлады. Асыл тас боп бітісті. Қыз жүрегі адал өмірдің жас ошағын, бойына қалап, айырылмасқа бекіді. Шын өмір салтанаты бойларын құптап, жас от басы болып, қаланды. Кеше ғана, Фатиманың көрген қорлығы, адам айтқысыз «сөз дастаны» қыз бойынан кетпеді. Өмірі қыл үстіне тұрды «өлім мен өмір» ауытқуда болды. Ұзаққа созылған «қыз дауы» бірнеше күнге созылып, жасырын шеткі үйдің, аяқ баспаған, дыбысы шықпаған жер үйдің ішінде болды. Бұлаң тартқан құдасымак Бүкен, бүкшейіп алып «аласапран өмірдің ошағын орнатып» берекесін алып, қасындағы күйеуді мақтап, өткізіп жіберудің амалын жасап, тырысып бақты.

Қызды шығармай, бөлме есігін тас бекітіп, алып кету амалына көшіп, қыз әкесімен оңтайлы ұпайын іздеді. Осының бәрі Фатиманың ойынан кетпей, түн ұйқысында шошып ойанып, ананың зарлы дауысы құлағында сақталып, қобалжумен болатын. Күйеудің зорлығы, қолын артына қайырып, іш киімін жыртып шешіп тастап, енді «қыз аманатына» қол сұғып, қатын етпекке бара бергенде, Фатима бар күшімен, қайнап тұрған қара шайнектің ыстық суын, бетіне шашып жіберіп, есікке тарпа бас салып, далаға қашып, өзеннің тік жарына барып тығылып, бойын сақтады. Беті күйген күйеу Тұқан, көзін аша алмай, ойбайлаумен бетін басып, отырып қалды. Осының бәрін жігітіне жайып салып, жүрегі орнына түскендей болып, Жанжігіттің бауырына кіре түсті.

Ыстық денесі бой тартып, батыл қыздың өткірлігі, өз өмірін «мәңгілікке» сақтады, «қыз аманатын» сүйгеніне табыстап, оймақтай ернін жігіттің сұлу жүзіне апарып, денесін еркін беріп ашыла түсті, күткен арманыда сол еді. Құлпыра біткен жігіттің көңілі өсіп, шөл даладағы өмірімен қоштаса жаздап «керуен» жолаушының арқасында аман қалып, сүйгеніне оралғанына қуанып, баурындағы қызды қайта-қайта сүйумен бар арманым Фатима деп топшылады. Ертеңіне Жұлдыздан хабар алысымен қалаға оқуға бірге аттанды, ой армандары, еліне білімді азамат болып оралуды қалады. Жаңа заманға ілесті. Таң ерте, күн жаңа ғана шығып, қызыл жалынымен аспанға өрлеп, күн көзін күтті. Жол үстінде, жолаушыға ілесіп Көкбие асты. Қара жол, ұзын тартқан арқанның шұбатылған ізі құсап, кең жазықпен алысқа өрлей берді. Қалың біткен жусан шөпте, жол бойымен жарысып, бұлғыр тартқан толқынды сағыммен беттесіп, жер бетінің жиегімен орай берді. Күнде аспанды басқан бұлтқа тығылып, көрінбеді. Бірақ ат жүрісі, бір келкі тоқтаусыз жүріп тұрды. –Көп жүріп, талай асулардан асып, қыраттарды басып, алыстан мұнартқан зәулім ғимраттарға көз тігіп, бұрын-соңды қаланы көрмеген, екі жас көздерін алар емес таңырқасумен болды. .

–Таныс жоқ, бірақ оқу орындарын бірден іздеп тауып алуға бекінді. Бірінші Фатиманы орналастыру еді. Фатима бірлен мұғалімдікті қалады, жастарды оқытып білімді етуге, қараңылықтың ошағын құртып, көзі ашық болғанын, әркім өз арманын, өз қолына алып «біреудің бодауына» кетпеуін қалап, өзі оқып білімді



маман болуға тырысып, бар күш-жігерін соған арнады, ауылы Фатиманың оралуын күтумен болды.

\* \* \*

Жанжігіт пен Фатима сұраумен мұғалімдік оқу орнын тауып алды, құжаттарын тасырып «жақсы оқыған» деп бірден қабылдап, жатахана берді. Жанжігітте оқуға түсіп, техника инженері болуды, арман етті. Екеуі бірге орналасып, бір бөлмеде жатып, сабақтарына дайындалып, кітапханадан кітаптар алып, білімін көтеру жолында күндіз-түні оқыды, қолдарнан кітап түспеді. Білімнің керегін түсінген екі жас, тез оқуын меңгеріп, жақсы оқыды, алдыға шыға бастады. Бұл олардың өмірге деген алғашқы сүйіспеншілік қадамы болатын. –Жыл бойына оқып білім алған екі жас, оқуларын бітіріп, ауылына оралды. Фатиманы Жұлдыз ауданға шақырып алып, ауыл мектебінің директорлығына бекітті. Өзі бірге келіп, бүкіл жұртты мектепке жинап, оқып білім алуға бекітіп, қоныстарға барып «он үйлік» ұйымдастыруды тапсырды, ауыл адамдары көзі ашық «заң-жобаларды» біліп, кітап оқуға қолы жетті.

–Жұлдыз өз сөзінде: Біздің жана ашылған ауданда елді қоныстар мен колхозда ешкім шет қалған емес, бәріндеде Фатима сыяқты өз ауылының қыз-келіншектері, мектеп басқарып «жаппай білімді ету» жолында «қараңғылықты» серпіп тастап, еңбек ете бастады «бұл үкімет талабы, партия талабы»-деді Жұлдыз барлық жиналған қауымға жеткізе сөйлеп. Жанжігітте жұмысқа ыңғайлы, дала жұмыстарына егін алқабын көбейтіп, тұқым себуди ұйымшылдықпен өткізуді өз мойнына алып, жақсы егін өсірді, шашпай-төкпей орып алып, қырманда молтилкамен бастырып, қолмен ұшырып, біраз астық алды. Бар малотилканы іске қосып, пар өгізбен бастырды. Халықты жұмылдыра білген ол, ауданда бірінші болып егінді аяқтады, тағыда келер жылға жер жыртқызып, егіс көлемін екі есеге көбейтті «нан болса эн болатынын»түсіндірді. Бұл жағыдай аудан басшысы Махметке бірден жетті. Махмет Көкталға баруға бет түзеді, қасында Төлемісте бар болатын. Үш ат жегілген кимелі қарындаш арба, ортада қаражорға қамшы салдырар емес, адымдап басқан ат аяқтары, шапшаңдап жол үстімен ызғып келеді, екпінді жүрістері, пәрешкедегі аттарда сартылдаған аяқтары, тақыр жолдың табанына тиіп «сарт-сұрт» етеді, жиектегі бидайық толқынымен артта қалып, арба доңалағы шаң боратып тастап келеді.

Кейде құстарда ілесе алмай, шырылдаумен үн шығарып, жаз шілдесін көрсеткендей, баю желмен соғысып қояды. Жол бойында, ағылған арбалар легі шөп тиелген бойы, қоныстарға бет бұрып, ауылдарына кетіп жатыр. Тағыда жолай көш көрінді, өгіз арбаның легі, тиелген қарағай ағаштары, құрлысқа апара жатқаны байқалады. Өрісте толған мал жайлымы, өзен бойына қатарласа тігілген ақ үйлер, бұрынғыдай емес жыртқық-жамаудан арылып, ақ кигіздермен орап тастаған ақ үйлер алыстан көз тартып, бойында алып қояды. Осыларды көріп, Махмет пен Төлеміс өзгерген өңірдің, дамылсыз «керуен легі» қайнаған жұмыстың, өрістегі мал басы өсіп, шалқыған дала өңірі, өзгеріп сала берді. –Қилыстан жалпақ өзеннің,

су беті желдің күшімен, буырқанып толықсып барып, шашырап жағаны ұрып, әлсін-әлсін тербеліп қояды. Бұл дауыл емес, жай желдің соққан самалы деп, ой түйесің. Жағада жақын орналасқан күрке қонысы «балықшылар», соларды бірден байқап, соғып өтуді жөн көрген Махмет аттың басын бұруға кеңес етті. Оларда аудан басшысын бірден танып, қоршап алды. Махмет олармен бұрын келерде сөйлесіп, аудан колхоздарына балықты беріп тұруды тапсырған еді. –Балықшылар бәріде бір дауыспен: Бірнеше колхозға беріп үлгірдік!-деп тізімін көрсете бастады. Махмет балықшылардың арқасынан қағып: Жарайсыңдар істерің оңға бассын!-деп арбаға беттей берді. Әлден соң ауылғада келіп жетті. Көше бойы сықасқан адам, бүкіл қоныстанда қалмай келген, малшы қауымда осында.

Жаңа салынған үйлердің кең көшесіне жиналған, халық алдына бірден өзі шығып сөз алды: Сіздердің бастамаларың жаман емес, бірақ көп нәрсеге мән бермей, шаруашылықты кейіндетіп, бар мүмкіншілікті пайдалана алмай, бос жіберіп отырсыңдар, мал басы өспейді, алынған төл өте аз, жағалай толған жайлыммен шабындық, қысқа аз дайындалып, өлім-жітім көп, бұл үкімет малы, мал басын сақтап, егін алу негізгі мақсат, колхоз сол үшін жұмыс істеуі керек! Осыған байланысты, оқыған білімі бар, қайраты мол жастарды басшылыққа тартып, колхозды басқаруға Жанжігітті сайлаймын!-деді Махмет. Қалың жұрт ду ете қалды: Өте орынды қолынан келеді!-десті. Шаруашылықтың бәрін аралап көріп, жаңа басшыға сенім артып, жаңа тапсырмалар беріп, ауданға оралды. Жұлдыз өзімен бірге өсіп, бірге оқыған құрбысы Мариям қаладан қол өнер оқуын бітірі келіп, Данабике ауылына, өз үйінің бір бөлмесіне «шеберхана» ашып, қыз балаларға көйлек тігіп, мүсіндей етіп, жарастырып ою салған тамаша төсек көрпелерді істеп, ауыл адамдарына сыйлай бастаған.

Осыны естіген Жұлдыз тез хабарласып, аудан орталығына шақырды. Құрбылар біраз бірін-бірі көрмеген, бірден шұрқырасып, құшақтасып қауышты. Жұлдыз құрбысын сөзге тартып: Сенің қолыңнан келеді, орталықтан ашып, бүкіл ел-жұртты өзіңе тартып «шеберхана» ашып, қыз-келіншектерді қарамағыңа алып, оларды осы өнерге баулып, үйретсең қаншама киімдермен қоса сырт киімдердіде, тігуіңе бар мүмкіншілік жол ашылар еді. Мен «тігін машинасын» Ресейге баратын адамдарға тапсырып, екі-үшеуін алдырамын!-деді Жұлдыз. Алдын ала бөлме дайындатып, қолы шебер қыздарды шақырып, ұйымдастыра бастады. Көп ұзамай «шеберхана» жұмыс істей бастады, «тігін машинаның» бірнешеуін әкеліп, Төлеміс табыс етті. Мариям өте шебер, аз уақыт ішінде, көйлектің неше түрін тігіп, ауыл жастарын қуантты. Енді сырт киімін тігемін деп дайындалып жатты, олардың үлгілерін қағазға көшіріп, әсіресе қасқыр ішіктер мен түлкі құлақшын тігуге болатынын Жұлдызға жеткізді.

–Жұлдыз Бектасқа хабарласып, қасқырдың терісін илеп, әкелуді тапсырды. Бектас бүркітшілерін жинап алып, қасқыр терісін жұмсақ етіп илеуді тапсырып, өзі бас болып, іске кірісе бастады. Кешкілік өз үйлерінде, теріге айран мен іркіт

жағып, жұмсақ етіп, илеумен дайын етіп, Мариямға жеткізді. Тон тігетін машинасымен, алғашқы «қасқыр ішікті» қонымды етіп тігіп, Махметке көрсетіп, Мариямның бастамасына оң баға беріп, Бектастың өзіне силады. Махмет талай жиындарда, жастардың қатысуымен: Сендер осы заманның жастарысыңдар, «қыз болсын- жігіт болсын», өздеріңнің кітаптан оқыған, я болмаса естіп білген, көздеріңмен көрген «жаналықты» аудан өміріне, сондағы халыққа, колхоз тұрмысына, ашқан жаналықтарыңды айтып, соны істетуге тырыссандар, біздің өміріміз бұданда жақсарып, келешек жастар мақтан ететін болады, жас қыз Жұлдыз шеберхана аштырып, қаншама халықты риза етіп, тамаша киімдермен силады, бұл тек бастамасы ғана, ертең болашақта бүкіл аудан жұрты, дайын киімді киетін болады «өмір алыс емес-бүкіл шаруашылықты басқаратын техника келеді»-деді Махмет, әрдайым жиналыстарда, сөзін қортындылап, жастарға жеткізіп отырды. Бектасқа Сағадан хабар жетті. \* \* \*

Қойлы ауылдың, қасқырдан көрген жапасын айтып, көз ашырмай, тапа-тал түстеде, албар ішіне кіріп, азулы тұмсықтар тойғанша жеп, сай-салаға әкетіп, әбігерге салған малшылар ұялы қасқырдан құтыла алмады. Кейбір қоныстарда, адамға шауып, аттарын жаралап, әрең дегенде аман құтылудың жолын іздеумен болды «арпалыста» қасқыр тобымен жүрді. Бектас барлығын жинап алып, сонау Торғай өңіріне қарай жол тартты. Керемет жер осы болды, қаншама мал басынан айырылған малшылар, қар басқан қора маңындағы жалғыз үйдің тіршілігі, қасқырдың жемтігіне айналды, қол көтеріп, шоқпар ұстар жағыдайы кетті. Қасқыр үстемі күшті болды, барлық жерді өздері меңгеріп, мидай даланың ошағын жақты, өлексе көбейді. Бектас ой мен қыр асып, тез жетудің амалын тауып, жол сүрлеуімен төтелеп, желіп отырды. Күнде ашық, қытымыр аязы болғанымен, борасын жоқ, жолы болды. Жер бетін аппақ қар басқан, жазық дала алысқа созыла түсіп, дөңес беткейіне қарай шектелген. Сол дөңес, біздер үшін жақсы орын болды. Алысты жақындатып, қонысты көріп, өзен бетіне дейін самсап тұра бастады. Біз келгенімізді бірден байқап, бірнеше атты адамдар жақындай түсті.

Бектас соларды күтіп, бәрін біліп алуға ой қорытып, құсын жемдеуге бет бұра бастады. Барлығыда қауырт, дайындық үстінде болды. Тағыда сол топқа аттылар қосылды. Етектің бәрі, бұта басқан аласа тал, бауырайдың бәрін тегіс қамтыған. Өзеннің беткейіне дейін жазық аймақ, қарауытқан ештеңе көрінбейді. Шауып отырып, дөңестен бірақ шықты, аттылармен танысып, істің мән-жайын сұрап білген соң, тез іске кірісуге жол ашылды. Бектас аттылардың сақтанып тобымен қозғалуды ескертіп, түгелдей сүзіп шығуды тапырды. Көбі жастар, алып ұшып, төмен құлдилап, шатқалдың талын пергілеумен сүзе бастады. Қимылдары шапшаң, әптен ашу- ыза сол қасқырдың үстінде болды, аянатын ештеңесіде қалмады, бір жыл емес, өмір бойы «арпалыспен» күн өткізгені белгілі болды.

Үйілген құмның тұсынан өте бергенде, ырылдаған қасқырдың, бірнеше дауысы, топқа естілді. Олар бірігіп қолдарында сойылмен құрық ұстаған бойы, неде болса,

шығуын күтті. Бір емес бірнешеуі, атқылап шыға бастады, топқада періп өтіп, бірінен соң бірі кең жазыққа бет алды. Арты бұрқыраған боран дерсің, біразға дейін басылмай, қасқыр амалын жасап ұзай берді. Бектастың құсы, зулаумен соңына түсті, әп сәтте қанатын жайып жіберіп, даулды желдің сойқан күшімен, жете беріп, оң қанатымен «гүрс» еткізді, домалап барып, жыраға соғылып табан тартты, екінші сол жақ қанатымен тағыда соқты, осы жолы мықтап соқты, бірден қасқырды сол жерінде бітіріп жіберді. Құс ізіне түсіп, жетіп алды, сом аяғының тұяғын созып жіберіп, көтеріп аспанға ұштыда, жерге лақтырып жіберді, қасқыр былық-сылық етіп, құлап өлді. Бойында әлі қуаты бар құсбегі, қанатымен желді өзіне тартып, дауыл күшімен тағыда, ұрып құлатты, сойқан қанатының пышақтай қыры, шың басынан тау текелерін құлатқандай қимыл жасап, екеуін тағы алды. Бұл кереметтігін бақылаған ауыл жұрты, таң қалумен құстыңда «өте әйдігі болатынына» көзі жетті. \* \* \*

Төменнен аттылар шығып: апан құлады, қасқырдың жолы кесілді деп, қуанысып айғайға басты. Бар пәле осы жерде екендігін білген, ауыл адамдары, бөлтірігімен онбір қасқырдың денесін көріп, бір-біріне айтумен болды. Қоян мен түлкіде дамылсыз қашып, бүркітшілер Қалау, Айымбет, Жантастар кезектесіп алып үйіп тастады, әсіресе қоян көп болды. Бектас: қоянның көп болғаны тіпті жақсы, жем-сауын алаңсыз молғып береміз!-деді. Екі күнге созылған шайқастан кейін, шеткі колхозға аялдауға тура келді, олда мүсәпірдің күнін тартып, қыс болса Қызылтуды маңайлап, шықпауға бекініп алған көрінеді, енді сондағы қасқырдың жолын кесу болды. –Қалау ат үстінде өзінің оспақ сөздерімен қулықтап, қатарласып жүріп келеді. Күн өткізбей тез жету еді. Сөзбен жол қысқарады!-деген Қалау жымыңдап Жантасты қалжың етіп сөзге тартып қояды. –Сен осы жерде қалсаң қайтеді, қояны көп көрінеді, әліде бар сыяқты!-деді мысқылдап. Қалсаң өзің қал, түлкіні көпқып аларсың, терісін құлақшынға жұрт сұрап жатқан көрінеді, қолың жүріп кетсе сатып байырсың!-деп Айымбетке қарап, біраз күлді.

–Жоқ! Мен оған кіріспеймін, ақша керек деп, өліп жүрген екеуің емессіндер ме!-деді Айымбет жымыя күліп. Қалаудың бұрыннан көздегені сол, қай жерден іліп кетем!- деуші еді. Іздегені табылды, түлкіні көптеп алуға өзінде бет бұрып, құс бегіне түлкінің терісін иіскетіп, дамылсыз күбектей бергеніде сол еді!-деді Жантас. Қалау сасайын деді, маңдайы терлеп, мұрны жібсіп қоя берді, жоқ мен олай істей алмаймын деген ойын жеткізуге тырысып бақты. Жантастың осал жерін бақылаумен болды, біресе озып, кейде қатарласып, жүріп келеді. Алып ұшқан аттарыда қонды, жолдың қалың қарын басып, бұрқыратып қояды. Біраз жер белден асып, дөңесті басып, ауыл шетіне барып бас тіреді. Едаәуір адамдар жиналып қалыпты, ішінде аттыларда байқалады.

Егіде тартқан колхоз басшысы өзі бастап, торысымен алдыға түсіп, шоқытумен ауылдан алыстай берді. Көл жағалауына жиіктеп салынған үйлер, көше болып, ауылы көркейе түскен. Қоныста мал қоралары шоғырланып, біраз малдың

барлығын байқатады. Бірақ басшының әңгімесі, биылда көп жылқыдан айырлып, жайлымдағы тебінде жеп кеткенін, әңгіме етумен болды: Жасар айламыз болмады, күніне бірнеше шауып, ірі қараныда құрбан етті! Болмаған соң, иттерді көп ұстап, абай еткенімізден түк шықпады, бірден иттерді қағып тастап отырды!-деді кохоз басшысы. Келген бетіміз, үлкен оба жағалай өскен қалың тал, ештеңені көрсетер емес, бірақ бүкіл мекені осы жерде. Қонысты орнатып, бірден құсқа жем бере бастадық. Жылы жерде тамағын тойғызып, астаудың ішін құрғатпай кезектесіп беруге көштік. Құба жон, дала төсінің қар жамылған, қалың ағашты аймақты мекен еткен қасқырдың ізі жағалай, алып жатты. Биік өскен талдың ішінен шығару оңайға соғар емес, сондада айқасып көру, біз үшін үлкен асу болды. Аттылар көбейе түсті, бастап келген басшыда осында болды. –Алып шайқас алдыда тұрды. Тұғырына отырғызып, жем-сауын дамылсыз жеп, оңалтуды ыңғай еткен бүркітшілердің дамылы болмады. Бұл үлкен сын болды. Көкжалдың бірнешеуі осы апанда қыстап, осы жерден шабуылды үдеткен. Айла-тәсілмен құныққан қасқыр, қалай келгенін бақылай алмай, малшылар санын соғып, қалумен болған. Сайдағы қарды паналап, көрінбейтін үйшік жасап, күндіз сол жерден шабуыл жасап, білдіртпеген. Осылай айласын асырып, қырып кетуі табан астында болғанға ұқсайды.

Бектас тұғырындағы бүркітін жемдеп, бола берді. Табан астында, айғайға басқан, аттылар қасқырдың тобын бірден байқады, қалың ағаштың ішінен атып шығып, жонға сілтеді.

\* \* \*

Ішінде көкжалдың бірнешеуі, ағаштың ішінен дамылсыз аттың жүрісі, сартылдаған аяқ алысы, жерді ағашымен қопарып ойран ету кезінде шыдай алмай, тобымен дүркірегені, жазықты алып кетті. Тұғырдағы құс «зып» етіп жонға салды. Көкжалды қуып жетіп, аюлы тырнағымен, найзадай денесіне батыра түсіп, басынан шұқып, сұқ тұмсығымен мыйын ағызды, қан шапшып қар үстін бойау етті, қасқыр өліп кетті. Құс қанатын бауырына ұстап зуылдаумен, аяғын созып жіберіп, денесін бірден көтеріп алып, аспанға ұшып, жерге тастай берді, мойны қайырлып барып, мылжасы шығып, жан тапсырды. Көкжалдың екеуі бірдей, дала төсіне қарай, бет түзеді. Байқап қалған құсбегі, қанатын жайып жіберіп, дауылдатқан бойда оң қанатымен салып үлгірді, домалап барып тасқа соғылып, бірден бітіп кетті, тағы екеуі бірінің артынан бірі қалмай жотаға өрлей бергенде қуып жетіп, екі қанатын кезектеп ұрып, орнында құлатты, балғадай қанатының қос сүйегі, алмас қылыштың қырындай тиіп, табанда жіберді. Аттылар келіп, бірнешеуін жинап алып, қос басына жеткізді. Бектас құсына жетіп: Кеу!Кеу! леп тұғырындағы ер тоқымының шетіне отырғызып, жол тартты.

Қарап тұрған ауыл адамдары, құстың кереметтігін көріп, мәз болды. Қалау түлкіге жіберіп, бірден екеуін алып, құсымен оралды. Жантаста түлкіні олжа етіп, жанбасына басты. Апан осымен бітті!-деп шабысқан аттылар қос басына бірден көтерілді. Колхоз басшысы бүркітшілерді, ауылға шақырып қонағасы беріп, шығарып салды. Енді қасқырдан көз ашқан малшылар, қорықпай жайлымға

жылқыларын жіберіп тұрды. Қалау өзінің сықағын тағыда жалғастырып, қулықтап жұртты күлдіріп қоюды, дағыдыға айналдырумен болды. Ол Жантастың үстінен түспеді, енді саған түлкіде жоқ деумен келеке етті.

Жантаста одан қалыспады: Сенінде оңып тұрған жерің жоқ, қасқырдан қорқып, түлкіге берілгенің, өзінде сол түлкінің «аржақ-бержағы» екенінді ұмытпағайсың!-деп салды. Қалау бұл сөзге жындана түсті: Көп етіп, менде анның бәрін соғып жатырмын!-деп басқаға айтып, мақтана берді. Жолақ тартқан ұзын көш сыяқты, Қараменді ауылы, Сармойын қопасымен нағыз қоныстың ортасы болатын. Ұлыған қасқылар түні бойы жатпай, ауыл төңірегін торлап, шауыпта қояды. Қалың қамыс, жағалай мал қонысы, биік төбе алыс емес, ат шаптырым, осы екі арада мекен етіп, бұл төңіректің барлығын, жемтік қып жаралап, басым еткен. –Ат үстінде Қалау, дамылсыз сөзбен түртіп қойып, Жантасты әзуалап, қоймады. Кейде көзін қысып Айымбетке, сол күнгі сәскеде ұшқан құсы, түлкі алудың орнына, ұшумен басқа жерге айналып барып, тасқа қонып, түлкімен ісі болмады!-деді Қалау. Олай емес, сен түсінбей бетіңе лағып, түлкі көріндіде талға тығылып жоқ болды, айласын асырып кетіп отырды. Бүркіт шығуын күтіп, тас үстінде қадағалап, талдан көзін алмай сұқтанып отырды. Аттылардың шабуылынан үріккен бойы, құйрығын көрсетіп, үлкен қызыл түлкі кеністікке бет түзеді, артынан жетіп алып үстіне «сап» етіп құлаған ауыр жүкті көтере алмай, жатып қалды, бүркіт денесін бүріп жансыздандырып, көзін ағызып үлгірді, түлкі сол бойында бітіп кетті!-деді Жантаст.

Айымбеттің құсы, бірден бөлтірікке шауып, аюлы тұяғымен денесін сығып, орнында құлатып өлтірді. Ат біткен дөңес баурын, сүзіп шығып, қасқырдың апанын тауып, қоршап алды. Ат дүбірі бірінен соң бірі шапқылаумен, қасқырдың шығуын күтті, Қалауда бүркітін қолына ұстап, жолын тосты, Жантаста Бектастың айтумен құсын дайындап, кезекте тұрды. Қар жамылған ойпат алаңы, құмы бетіне шығып, жұмсақ жердің әдісін білген, қасқыр бірнеше апанын қазып, ізін білдірмеуге тырысып, баққан сыяқты. Көпке дейін, сол апаннан шықпай, басқа жерден бой көрсетіп, дүркіреп ала жөнелді.

Ал! Шабыс, Қуыс! Топ дүбірі, жазық алаңға бет түзеді. Қарулы қол, қолында шоқпары, жетіп алып, біреуін жатқызша, екіншісіне тарпа бас салды, аттылар алдынан бөгеп, жанасалап тұмсықтан ұрып, құлатты. Құлағанмен қайта тұрып, аттыға атылып, айқара ашқан көкжалдың ауызы, шабына жармасып қызыл ала қан етіп алып түсті, тұмсықтан беріп үлгірген жігіт, шоқпарын қос қолдап тартып жібергенде, басынан тиіп домалап барып құлап түсті, жосадай қан кетіп, сол жерде өліп кетті. Жантастың құсы қолынан «сылып» етіп, соңынан түсті, жетіп алып аяғын көсілте ұзартып, алып тұяғымен қасқырдың беліне бас салды. Ұзын тұмсығымен тамағын орып жіберіп, қозғалтпай үстінен түспеді. Шабумен келген Жантаст, атынан түсіп, бүркітінің аяғын жорға шығарып алып, қолына қондырды, өлген олжаны қанжығасына байлап, қонысқа бет алды. Бектас көңілденіп: Мына көрдіндерме, тамағын тойғыза беріп, дамылсыз күтсендер қасқырдың өзін,

аласындар, сондықтан бірден қоңын түсірмей, құстың күшін басым ету керектігін, ойларыңнан шығармағандарың дұрыс, әйтпесе біз аңға құрбан болып кетуіміз мүмкін!-деді.

\* \* \*

Сонымен болған соқтығыс «апанын тауып алып» аңшылар ішінде Қалауы бар, жеті бірдей қасқырды соғып, қоянды үйіп тастды. Махмет айтқан қауыпты аймақ ықшамдалып, малшы қауымға жол ашылды, олардың кереметтілігін аңыз қылып, елді мекен айтумен болды «Гималай» құсы Бектас үшін «құс патшасы» болып, қала берді. –Төңіректен жиналған қыз-келіншектер Жұлдыздың басқаруымен қол-өнердің қыр-сырын меңгеріп, Мариямның үйретумен, колхоз орталығында ашуды Махмет бүкіл колхоз басшыларына ескертіп, бөлме беріп «тігін шеберханасын» ашуды қатаң тапсырды. Төлемісті жіберіп Татарстаннан, қаншама маталардың түрлері мен кездеме жібек, батсайы, барқыт, берендер алғызып, ашылған шеберханаларға таратып берді. –Халық азып тозған, үстерінде қырық жамаулы, сырт киімдері, әйелдер жамаулы көйлекпен, өңірі сөгілген шапандарды киіп, еркектердің басында жыртық тымақтар, әптен өңі түсіп тықырланған түлкі терісі, адам айтса наңғысыз түрлерімен алаңға жиналып, жаңа заманның келуін күтті. Сол заманды, ел жұртқа әкелетін бізбен-сіздер, партия мен үкімет бізге тапсырды, олай болса колхоз басшылары мен ауылнай, өз халқын, өз адамын, олардың күнделікті тұрмысын-күн көрісін бақылап, көмек ету, қолдарын жаңа өмірдің болашағына жеткізу «партиялық» борышымыз, осыны жүректеріңе сақтағандарың дұрыс!-деді Махмет басшылар алдында, міндет етіп тапсырған еді.

–Жаз жадырап, самал ескен жел ауыл маңын жылытып, көк майсалы толқын дала гүлімен ілескен, төңіректі ала түскен. Кең жайлау, суы мол осы аймақты көз салып, басқа жерден келушілер көз тігіп қызығып кететін. Жаға толған кигіз үй, ақотау болып орнаған. Бұрынғы ескі кигіз, жыртық үй бәріде ұмыт қалып, басшының айтуымен ауыл әйелдерін ұйымдастырып, қой қырқып, ақ жүннен кигіз үйге, текемет басып, туылдырықтың бәрін жаңартып «отау» еткелі көп болған жоқ. Сол отаудың бірінде Күлім, анасының орнына мал бағып, күрең төбелмен шапқылап, мал қайтарып, ат құлағында ойнауды әдет қылып алып, қорықпайтын. Кешкілік ән салып, мал соңынан қайтарда, дауысын естіген жұрт, шайын қоя салып тамаша дауысын тыңдауды, әдетке айналдырып, сағынышпен күтетін. – Асқақ әні бүкіл кешті аралап, сол өңірдің бәрін қамтитын.

Күлім анасынан аумаған, әнге құмар болып өсті. Анасының шығарған бірнеше өлеңдерін жаттап алып, ауыр жылдардағы «зорлық-зомбылық» естен кетпестей, өлең-жыр болып бекіді. Әкесі ертерек қайтыс болып, аурудан дүние салды. Күлім бар ауыртпалықты мойнына алып, пысықтығымен анасының орнына мал бағып, табын қойды айдап, отау маңындағы тартылған желге қосақтап, қой саууды ұмытпады, сауып болған соң қозыларын жіберіп емізетін. Анасы сауған сүттен, ірімшік- айран ұйытып, қазанға пісіріп, құрт қайнататын.

Қызының алдынан дайындап, тамағын беретін. Бұл шеткерек ауыл, Торғай малшыларыда суы мол өрісі кең аймаққа қызығып, өзеннің арғы бетіне отау үйлерін тігіп жайласқан. Қыз әніне бәріде ғашық болып кешкілік жұмыстарын қоя салып тыңдайтын. «Ел құлағы-елу» дегендей естігендер, сұлу қызды қалаумен болды. Сүйген жігіті Өмірәлі, колхоздың жылқысын бағып, Күліммен сөз байласып, өрісте кездесіп қалатын. Сұлу тарқан жүзін көріп Күлімді бірден ұнатып, сөз салумен болды. Атынан түсіріп, сөйлесуге бет түзеген жігітке біразға дейін көнбей қойды. Бет ажары сары тартқан, ат жақты қарулы жігіт әдемі жүзімен қыз көзіне түсе бастады.

Бірақ ыңғайын таба алмай қамығумен болды, шын сүйді. Қызға айтып жалынған сөзін керек қылмады. Өткір қыз, әр сөзді тауып сөйлеп, жігіттің аузын ашырмай, бетін қайтарумен болды. Қыз өзі жақсы көргенмен, сынау үшін бар амалын жасап бақты. Қыз әні, оның асыл дауысы, бүкіл ел құлағынан кетпеді. Тойларға шақырған мен анасын жалғыз тастап, барғысы келмеді. Жігітте армансыз сүйумен, көп ойлап сөзге тартар мүмкіндігін жасай алмай тежелумен болды. Қыздың сұлу жүзі күн сайын әсемделіп, киген киіміде өзіне жарасып «ақбоз атты Жібектің» бейнесін жасаумен болды. Алдына келіп сөз айтып, шығатындар батылы бармай, сөзден жығылып, кері қайтумен болатын. Алып ұшқан жүрегі, қыз таланты одан сайын, сұлу келбетін көрсетіп, алысқа естіле бастады. Жас жігіт, бар қуатын бойына жинап, өткірлік танытып, кешкілік мал соңынан кетіп бара жатқанда, қуып жетіп Күлімге: Біз ертең Тастөбеде кездессек болама?!-деді Өмірәлі, қатарласып келіп ат үстінен қолын алып. Әрине болады, сен неге асықтың, басқа жерде уәделескен адамың бар ма еді?!-деп қыз қой соңынан шауып ала жөнелді. Не айтарын білмей, сасып қалған Өмірәлі: уәделескен адамың бар ма?-деген несі, түсіне алмай ынжықтанып төмен қараумен, ауылына тартты. Қойлы ауылдың қозысыда, байқаусызда жамырап, қойға лап қойды, оны айыру мүмкін болмады, күн батудың азақ алдында тұрды, бүгін қой саууда іске аспады.

–Сол мезетте, кешті жамылып аттылар тобы, Күлімнің үйіне сау етті. Сыртта екеуі қалдыда, екі-үшеуі шірене басып, отау ішіне кіре берді. –Анасы қайдан білсін, кешке келген жай қонақтар деп, ойлап төсек салып, бәйек бола бастады. Еңкейе біткен бойы бар, қызыл мұрын, шоқша сақалды, көпті көрген көнеге Тәліп деген сөз бастап: өзін құдамын деп таныстырып!- тоқтаусыз сөз танабын біраз жерге дейін, айтып үлгірді. –Мынау қасымдағы күйеу, біздің отауымыз өзеннің арғы бетіндегі, топтасқан үш үй, жеке тігілген біздікі. Біреуінде мен тұрсам қалғаны күйеу Тобылдың жас отауымен бәйбішесінің үйі, ырыздық несібесі мол, малы көп, айтулы азаматтың бірі, белінен бала болмаған соң, ата-дәстүрін бетке ұстап, өздеріңнің алдына келіп қалғанымызда, соның айғағы, қыз қолын сұрауға келдік!-деді Тәліп.

–Бірден ыршып түскен Еркеш: Көтек-ау! Бұлар не дейді! Менің қызым әлі жас, әкесі қайтқалы малды өзі бағып, менің ден- саулығым жарамаған соң, күн көрісқып



жастайынан колхоздың малын бағып, араласа бастағаны, биыл ғана еді «оқуға шақырғанына бара алмай» қатты күйзеліп, мен үшін, қалған еді. –Мынау айтып тұрғаның не сұмдық, мен жалыз қызымды малға сатып, шалға бере алмаспын, ондай болса менің өлгенім артық, Күлімді бақытсыз етіп, өміріне балта шауып, махаббатын аяққа таптатып, келешегін құлатып бақытсыз етуге мен ешқашан жол бермеймін «малың түгіл, өздерің үйді босатыңдар», болмаса бүкіл ел-жұртты жинап «дал-дал»ғып далаға сүйреткізіп шығарамын!-деді Еркеш ашуға булығып, бар дауысымен есікті айқара ашып, айғай салды.

–Жоқ! Бұныңыз не, қыз бала жат-жұртқа жаралған, ол сенімен бәрбір бірге тұрмайды, ол кісінің жары, басқа үйдің адамы, отырып қалмасын деп, атастыру міндет қой деп, келген бетіміз еді. Сені қызыңнан айырып жалғыз тастамаймыз «жегенің алдында, жемегенің артыңда» ешкімнен кем болмайсыз, мынау сізге арнап тігілген қасқыр ішік!-деп алдына тастай берді. –Еркеш ішігін алдыда, Тәліптің бетіне лақтырып жіберді. –Күйеу: Малың дайын, өріске айдап әкелтіп қойғанбыз, тек қыздың өзін берсеңіз болғаны!-деді Тобыл қара біткен сақалын сипап. –Сендей қақбасты қайтеді, өзің екі бүктеліп әрең жүргенде, ол өте жас, өзінің бақытын, өзінің теңін өзі табады, сендерден сұрап қайтеді «қабаған ит құсап-шәуілдеумен» бос уақыттарыңды өткізбей, іс насырға шаппай тұрғанда тайып тұрғандарың дұрыс!-деді анасы тағыда қайталаумен құлағына жеткізді. –Олар кетер емес, әдіі күн батқасын келуі, «бір сұмдықтың» жолын пішіп келгенге ұқсайды. Еркеш далаға шығып тездетіп хабар беруге, есікті аша бергенде, артынан біреуі бастан ұрып құлатып түсірді. Талықсыған бойы іс-түссіз шоланда жатып қалды. Қызға көрсетпей, денесін көтеріп, үй сыртындағы мал қораның шөптесін жеріне апарып, жоқ қылды. –Тек қыз ғана өз бөлмесінде, өзіне ылайықты киімдерін тігумен болды. –Анасыда тіс жарып «құда сымақтарын» айтқан емес, қыз естіп білгенде емес, бәріненде би хабар, тек өз ісімен болып отыра берді. –Тәліп орнынан тұра берісімен, қызды әкетуге иек қақты.

Денелі екеуі қызды бірден ұстап алып, аузына орамал тығып дыбысын шығармай, байлаулы қалпымен, Тобылдың алдына отырғызып, өзенді бойлай шаба жөнелді, қалғандары соңына еріп, Торғай асты, сондағы Ақкөл аулындағы үлкен үйге апарып түсірдіде, күзет қойып қызды қараңғы жерде сақтап, ұстауға бекінді. Әзірше ешкімге сездірмей, тек күйеуге ұлықсат етіп, бір мәмілеге келуін сырттағылар күтті. –Қыз қанша жұлқынсада байлауын шешпей, тек күйеу зорлағысы келіп, бар амалын жасап, қыздың денесін өзіне түйістіруге бекінді. Қыз аяқпен теуіп маңайына жолатпады, қалжыраған шал ұйқымен бітіп кетті.

Күлім шалдың ілулі тұрған шапанынан бакісін тауып алып, қолының жібін әрең дегенде кесіп «бір жаны үшін» бәкіні қару етіп қолына алып, таң жаңа біліне бастағанда, отаудан әрең шығып, шеткі үйлердің тасасымен, өзен бойындағы қалың ағашқа барып тығылды, жол сол жерден өтет деп, болжады. Ертемен өгіз жеккен, арбаны көріп, соңынан жүгірді. Ол әйел адам, бірден көлікті тоқтатып, Күлімді

мінгізіп алды, болған істі баяндап жайып салды, көлік көрші Торғай ауылына бет түзеді. Күлімнің үстіне жаман киімдерді жауып, ешкімге көрсетпей, әйел барынша жасырумен, үйіне әкеліп, әңгіме басылғанша осында болуға кеңес етті. –Әйел сұрап біліп, сенімді адамдардан хабар жеткізді.

–Өмірәлі ол кезде, қасына жігіттер алып, бүкіл қойшы-малшылардың отауларын шарлаумен болды. Ес жерден таппады. Хабарда болмады. Күлімді ойлаумен күн өткізіп, көрші ауылдардан сұрастырып, Торғай асты. Қасындағы жолдастарыда, әр үйге кіріп шығып, іздеумен болды. Біреуіде тіс жарып, бөтен адам келін болып түспегенін айтып, жасырды. –Құда Тәліпті жендеттерімен табуға тырысты. Қыз анасы айтқан адамдардың аттарын сұрап, біраз ауылды аралап бақты. Өзенге түсіп аттарын шомылдыра бергенде, тал жағынан қыздың жылаған дауысын естіп, бәріде ұмтыла шапты. Келсе баяғы өзінің Күлімі, ағаш арасына тығылып кетуге көлік күткелі, қаншама күн өткізгенін айтып, көзіне жас алды.

Өмірәлі қызды құшақтап: Енді жылама, біз сенің қасындамыз, жолымыз болды, сені таба алмай бармаған жеріміз, баспаған тауымыз қалмады!-деді жігіт қуанып, Күлімді құшағына алып көтеріп барып, атқа мінгізді. Өзі жеке ер тоқымға отырып, жаралы аяғын көйлегімен орап үзенгіге салды. Ал! Кеттік деп, бәріде атқа қонып, ауылына тартты.

\* \* \*

–Біраз жүрді, кеш болмай ауылға жетіп, үйіне кіргізе берді. Қуанышында шек жоқ анасы қуанып, маңайын шақырып, шағын той жасады. Анасы: Өмірәлі енді сен кетпе, Күлімнің қасында бол, өмірін сақтап, арашалап қалдың, ол енді сенің сүйген жарың, өмірлік бір болыңдар «алланың өзі, көмектесіп көз жасымызды иді» -деді анасы Еркеш күлімсіреп екі жасқа қараумен болды. Бұл оқиға бірден Махметтің құлағына жетіп, қызды зорлықпен алып қашып кеткен «сойпауыттарды» тез ұстауға бұйрық етіп, Жұлдызды «қарулы жасақтармен» тез ұстап Торғай өңірінен іздеп тауып әкелуді тапсырды. Жұлдыз ақбоз атымен жол бастап, Ақкөлге жол тартты. Құлазыған кең дала төсі, шалқыған шөпті аймақты басып, жазықпен шектелген терең өзен, кең алқабымен, жағалы қамыстың бойын өрлеп, жол бетін басып, желіп отырды.

Өзен бойындағы шағын ауылдар қалып жатты. Ат тұяғының адымдары жолдағы қалың басқан құмды боратып, көшкен ел құсап, тобыр ат жүрісі тоқтар емес. Өзен бойында, дөңгелек өскен ағаштар болмаса, жазықта ешқандай бұтаны кездестіре алмайсың. Тек қана тайыз сай-жыралар, суы жоқ саз балшығы шыққан, ойпат құсап жазық жерді бөгей берген, бұл көктемнің тасыған суының жолы болып біткен. Жұлдыздың мойнындағы орамалы, желдің қарсы соққан бетімен, саябір тұтып, желпіп келеді, үстіне кейген қызыл көйлегі бойын алып, етегі ақбоз атының үстін жауып, қозғалып қояды, жарасқан желеткесіде, барлық мәнерімен, бетінің жүзін ашып, сұлулық қалпын сақтап, алдыға шығып оза берді, оларды біраз жерге тастап, күтіп алуды ұмытпады. –Жұлдыз кейде: Тез жүріңдер, баратын жеріміз

алыс, кешке қалмай, жарықта оларды қолға түсіруміз керек!-деді. Бұл орынды!-десті соңына ергендер, қатты жүріп бұларда асықты.

–Жұлдыздың ойы қызды құтқару болды. Қатал өмірдің, тарлығы жас қызды «бодау» еткені, кешірімсіз аюандардың ісін бетіне басып, әшкерлеу болды. Тарылған заманның, сұрапыл істері, қазақ даласының көріксіз бейнесін жасаумен, малын шашып қызды қойнына алып қатын етпек. Қаншама қыз тағыдыры осылай, жапа шекті дерсің. Ойласаң бар жердегі, кәрі құртаң «құтырған» айбарлы қасқыр құсап, жұлып жеп «алып -қашып» жасағаны мынау, тоқтау болар түріде көрінбеді. –Жапа шеккен кедейдің, қалың жұрттың малын ұрлап, байып-ап қулығын асырып, айласын жасырып, ел ішінде ірікпестен бой көтеріп, жас қыздардың қойнына барып, қатын етуді «әптен өнерғып алып», білгенін істеумен болды. Тойға шармандарды көптеп шақырып, ән-күй орнатып, бірнеше отау тіккізіп, көңілдерін асырып «қыз ойнақ» жасап, жазда өзен бойында шалқыған өмірге қолы жеткендей асыра сілтеу болды.

–Түс ауа Ақкөлгеде жетті. Ойымыз күйеусымақ Тобылды табу болды. Жағаға біткен үйлер қоңыр тартып, шөгіп барып орын тепкен, ауыл бір шама бар. Өзенді басып өтіп, талды ағашымен, тек ауылдың маңында ғана, жиектеліп барып алысқа бой ұрған. Сол кезде жел тұрып, асау толқынымен су беті дамылсыз жағаны соғып, кең аймаққа дүбірі естіліп, жатқанға ұқсайды. Ауыл халқы бұл дүбірді елең қылатын емес, әптен денелері үйреніп, шыға келеді. Бұндайға үйренбеген жолаушыларға, бүйірден соққан қатты дауыл жел болып, алаңдатып қояды. –Жай! Тәйрі буырқанып барып, өз бетімен басылады!-десті жұрт. –Жұлдыз барған соң, жиналған халық, маңайға толып кетті, оларда білген болуы керек тосыннан келгендерді қоршап алды. Айтар сөзін күтіп, ауыл адамдары, жас келіншек Жұлдыздан көз алмай қараумен болды.

–Жұлдыз бірден: Біз келгенде, өзеннің беті буырқанған дауылға ұласып, берекені алса, біздіде осындай ауылмызға дауыл тұрғызып «ойрандатумен жас қызымыз Күлімді» шал-құда Тәліп деген бастап, соңына ерткен кәрі тарлан, бүкшейіп қуаты біткен Тобылды күйеу етіп, сүйген жарынан айырып, бақытын құлатып, «апақ-сапақта» зорлықпен алып қашуы, адам емес «аюандардың» осы ісі бүкіл елімізді дүрліктіріп, жасағаны жетім қызбен жесір әйелді қорлап, ұрып-соғып бар істегені қаншама дерсің, бірақ олар заң алдында жауап береді, малын алып, өздері түрмеде болады!-деді Жұлдыз сөзін аяқтап. Көп уақыт болған жоқ, милиция Тәліп пен Тобылға кісен салып, алаңға әкеліп, жұрт алдына сүйретіп тастады. Көрген жұрт: Өте дұрыс болған, мұндайлар қашанғы жер бетінде жүре бермек, өздері тілеп алған, «тартсын сазайын!»-деп «қарғыс» айтып тарасты. Оларды «жалаң аяқ- жалаң бас» ат бауырына алып, айдап әкетті.

–Жұлдыз қасындағы жасақтар мен қыз ауылына оралды. Күлімнің үйін сұрап, үй маңына бара бергенде, ат дүбірінен үйден жүгіре шыққан Күлім мен Өмірәлі, қыз анасы Еркеш күлімдеп шыға келді, бәрінінде жайдарлы жүздері, Жұлдызды

аттан түсіріп алып, қошеметпен қарсы алды. Жұлдыз кетерінде қоштасып: Енді сіздер ерлі зайыптысындар, қалаға оқуға барындар, түсуге көмектесемін, Күлімнің қол шеберлігі бар «қол-өнерге» бірден қабылданады, бұл жаңа ауданның, жаңа өмірдің басталғаны, соған лайықты жастар «білімді оқыған, көзі ашық жастар керек» сол үшін партия-совет барлық жағыдайды жастарға туғызындар деп, жатыр!-деді Жұлдыз.

–Жұлдызды шығарып салып Өмірәлі мен Күлім баруға сөз беріп, сендірді. Күлім келін болып, ақотауға келіп түсті, қаншама тамаша ән шырқалып, бүкіл ауыл адамы ұмытылмастай жастар тойын, «үйлену тойын» аспанға көтеріп, шынайы махаббат орнатып, атап өтті. Күлімнің әнін тындауға жиналған жұрт қол соғумен «Анашым» әнін айтқызып, көңілдері босап, жылады егіде тартқан әйелдер Күлімнің бақытына қуанып, «өз сүгенін» табқанына, сұлу келбетті жұбайын қоса мақтап «батасын» беріп тарқасты. Үй іші тынышталып, жұрт аяғы басылып, оңаша қалды.

–Қыз жүрегі дамылсыз соғып, сүйген жарын алғаш рет, отырған жеріне өзі барып, мойнына орала бастады. Қызу тартқан асыл дене, жігіт қасына жақындай түсті. Ой арманы алып ұшып, тишымады. Жігітте жалма-жан, құшағын жая түсіп, бетін қыздың оймақтай аузына апарып, сүйіп алды, қызда қымсынбай, бар денесімен жайыла бастады. Қуаты мол жігіт назы, жібектей созылған белінен ұстап, өзіне қарай тартумен болды. Қызда ыстық денесін, жігіттің бойына беріп, беттесе түсті. Жігіт иіліп барып, жарымен сол орнында, жайылған төсек үстінде, қыздың аппақ асыл денесіне, бойынан өте берді, балқыған қызуы оттай жалын болып, екеуін бірдей шарпумен болды, лаулаған қызу дене бір-бірімен беттесіп, айрылмастай махаббат әлеміне шыға берді. Көп жатты, сағынышы басылмады, жылдар күткен жарын аймалаумен жігіт, бір сәт босатпай «қыз аманатын» иемденіп, гүлдер бағының нұрына бөлене берді. Сол бетімен ертеңіне қалаға бет түзеді. Даңғыл жол. Ат арба. Арбаға жегілген қыздың, қасқа күреңі, мал бағып бірнеше жыл серік қылып, қандай қиындық болсада Күлімді үйіне әкеліп, түсіретін. Қамшы салғызбайтын күрең бірден арбаны алып ұшып, қала бағытына желумен ызғып келеді.

Арман ойыда екеуінің оқуға түсіп, жеке үй жалдап, оқуға бекінді. –Жастар заманы, теңдік заманы, болашақ заманы, деген Махмет сөзін, алғашқы жиналыста колхозға бірігу кезінде, көшенің алаңына жиналған қалың халықтың алдында, айтқан сөзі, екі жастың ойынан кетпей, әлсін-әлсін естеріне алып, жол бойы әңгімелеп келеді. –Ақыры екеуіде жолы болып оқуға түсті, жеке бөлме жалдап, қаланың салынған тамаша ғимратын көріп, оқуына дамылсыз дайындалып, көп білуге тырысты, көп оқыды, кітаптары қолынан түспей, орысшаны да меңгеріп алды. –Кешкілік Күлімді оқуынан қарсы алып, әрдайым қасында болуға тырысты. Өмірәлі Күлімді қатты сүйді, оның қас пен қабағына қарап, ренжітпеуге тырысты, келген бетінде құшақтап, армансыз сүйумен мауқын басты. Қызда соны қалады, бір

кешіксе, өзі барып аймалап, құшақтап жігіттің денесін аулап, төсекке сүйрейтін. Қыздың бойындағы қызуы басылмай жарының денесін, өзіне тартып, қос қолымен мойнына оралып, ыстық ернін жігіттің бетіне тосатын. Жігітте өзінің қайратты қуатын қыз қойнына беріп, айрылмай бекитін.

–Қыз жарының тамағын дәмді етіп, жасаумен түн бойына жатпайтын. Аппак саусағының қолдары, тез істеп тамағын дайын ететін. Күнде солай жарының ерекше күтімде болуын қалады. Уақыт зымырап тез өтіп кетті, бір жыл оқып, екеуіде оқуын бітіріп «жас маман» атанып өзінің туған ауылына оралды. –Жаздың тамаша күндері өтіп, сар дала тартқан үлкен аймақ Сармойын көлі, дария теңіз құсап, су бетіне келіп қона бастаған құстарда сан жоқ. Түрлене түскен келбетіде өзгеріп, құс базары болып, кеңістікке жайылды. Арқар мүйіз тау қошқары болмасада, басқа аңның түрлері, қамыс арасынан көрініп қалатын. Бұрын байдың мекені болса, енді «жаңа заман» халқының илігінде, сұрапыл заман төңкеріліп сол бетімен шайыт болып, аққан арықтағы су құсап, шайылып барып жоқ болды. Махмет Бектасты шақырып алып, Сармойын құсына шабуылды тапсырды, ертең сол жерде кездесуге уәделесіп шығарып салды.

Бектас өзінің жолдастары Қалау, Айымбет, Жантастармен «қоныс орнына-кигіз үй» алып, жетіп үлгірді. Жазық алаңды тауып алып, орнықты. Айтса-айтқандай екен, құс базары түгелдей осында, қатар ұшқан қаздарда дамылсыз келіп, суға қонып жатса, шорағай қоңыр үйректер топ-тобымен су бетін берер емес. Бәріде таң қалып, кигіз үй ішіне жиналып, бүркіттерін жемдеуге кірісе бастады. Астауға садынған қоян еттерінде, кезектесіп құстың алдына тоса бастады. Қалың қамыстың арасынан түскен күн көзі, су бетіне үңіле түсіп, жарқыраған күмістей болып, жалтыраумен көзінді алып қояды. Үйректерде тобымен қамыстың көкшіл қоғасымен тамактанып, сүңгумен алып жеп дамыл таппай, шырылдаумен маңайынан шықпай қойды. –Бектас тұғырына отырғызған бойы құсын күтумен, бірінші бастауды жөн көрді. Махметте қасында Төлеміс бар, парешкелеп жегілген екі атпен, кимелі қара арбамен, бірден алаңға тоқтай бастады. Әлден соң, колхоз басшылары, ауылнаймен бірге келіп, көрмекке «Гималай» бүркітін қалың қаз бен үйрекке жіберуді көру үшін жиналған еді. Бектас көк төбелінің тұғырына құсын отырғызды да, өзі атқа мініп, жаға бойына өрлей бергенде, қаңқылдаған қаздың дауысын бірден біліп, тыпыршып барып, ұшып ала жөнелді. Бұл кезде, жиналған топ, жағаға қарай беттей берді. Бүркіт алып ұшып, қанатын бір жайды да, топ қаздың көтеріле берген артынан түсіп, қос қанатымен кезек-кезек «сарт» ұрып құлата берді, топылдап су бетіне түсіп, қанаттары қайырлып сынып түсіп ұша алмай, қылжиып су бетінде қала берді. \* \* \*

Бүркіт тағыда оралып, қалған тобын қирата соғып, қанаттарын қиратып, денелерімен бірге соғылып өзен бетін алып кетті, қаңқылдаумен ұша алмай, әлі кетіп басын суға салып, өліп тынды. Бектас жағадан құсының тұсына жетіп: Кеу!Кеу! леп шақырумен құсын тұғырына отырғызып, қонысқа беттеді. Жантасты

жалма-жан жіберіп, су бетіндегі қаздарды қайықпен жинап әкелуді тапсырды. Айымбет екеулеп жинап, олжаны толтырып жағаға оралды. Бір ұшқанда қарандаршы, он жетісін бірден қирата соқты, оның алып қанатының жасаған соққысын, жаңа көрдіндер «ғажап кереметін айтсайшы»!-деді Махмет бүкіл жиналғандардың назарын аударып.

Бұл ғажап құс, оның қыстағы жасаған дала қасқырын алып «апанын» құртса, мынау бір ұшқандағы «сұрапыл-сойқанның» кереметтігі!-десті. Махмет Бектасың арқасынан қағып: Осылай алған бағытыңнан тайма!-деді. Махмет барлығын жинап алып: Сендер бәріңде бүркіттің кереметтігін көрдіндер, неге біз осындай бар мүмкіндікті пайдаланып, «қазақ –қазақ болғалы бүркіт ұстап, ата салтын жоғалтпаған халықпыз» сондықтан табиғаттың тегін беріп тұрған «ырыздық несібемізден айрылмауымыз керек» барлық жерде қаптаған өзен мен көл, ауыл жанынан өтіп, «құс базарын» көріп жүрсіндерде, тек бүркіт ұстап ұйымдастыру ғана қалды!-деп, Махмет барлық басшыларға бұйрық етті.

Бас изесіп, орындауға бет бұра бастады. –Ұшып келіп жатқан қаздың легі, толастамады. Қанша болсада кең алыпқа сыятындай, су беті, жеңіл толқын, бейнесімен жарасып, қабылдап жатты. Жағадағы көк майса құрақта, бауылдыр тартқан, су бетіндегі көк жапырақ қалпағыда, құсқа қоректік жем болғандай, ұйысып жатты. –Қалау бүркітін қолына ұстап, қаздың тобына қарай шоқытып ала жөнелді. Бектас бүркітін күтумен отырдыда, Қалауға алаңдап су бетінен көзін алмады. Қиқулаған қаз дауысы, көл бетін алып кетті.

Қалаудың қолынан сыдырла ұшқан беті, аюлы тырнағымен аяғын созып жіберіп, қаздардың астынан барып, бір-екеуін төсімен ұрып, төмен құлатты, қатты соққан екпінді зулатып, ұшқан бағыты, тағыда топ еткізіп түсіре бастады. Балғамен ұрғандай, айбарлы қатты денесінің күші, қанаттарын сындырып, ұша алмайтындай етіп, бітіріп жіберді. –Жантас қайықпен келіп жинап алып, Қалау бүркітімен келгенше, олжасын көрсетіп: Сенің құсың мықтылығын көрсетті!-деп мақтауын асырды. Қалау масаттанып: Біз Айымбет емеспіз, тағыда алатын түріміз бар!-деп сөйлеп кетті. –Айымбет естіседе бұл жолы, тіс жарып ештеңе айтқысы келмеді, бірақ ойына сақтап, Қалаудың ыңғайын күтті. Жантас бүркітін дайындап кер жорғасына мініп, жағаны барлап, топ үйректен көз алмай, қамыстың тасасына жасырынып, жақындай түсті, сылдырды білдірмеді. Дәл тұсынан қолын көтеріп, бүркітін жіберіп үлгірді. Сойқан шабыс басталып, қанатымен шорағай үйректерді тобымен соғып, құлатып үлгірді. Кері соғып тағыда, бірнешеуін су бетіне топ еткізіп, шулатып тастады.

Әлсіздері қуаты кетіп, қылжиып барып су бетінде қалқумен болды. Бектас риза болып, Айымбетті қайықпен жіберіп, жинатып алғызды. Олжа жаман емес, байытып тастады. Тек қана Айымбеттің құсына кезек берді. Күтімі жақсы, серіктік танытқан құс, жағалайын бірден барлап, ағып ұшып, қаз тобына килігіп, аюдай сұр тұмсығымен, ұзара өтіп, қаз мойнына бірден жабысып, қиып жіберді, тағыда

бірнешеуіне тарпа бас салып, құлатып тастады. Бектас құстың өте шапшаңдығын байқап, кереметтігіне сүйсінді. Олжалы қазды алып келді. Бектас ой қорытып: Біз білмей жүр екенбіз, бүркіттерді жете баптамай, тамағын берумен шектеліп, бар қоңы құстың күштілігі сонда екенін!- айтып басқаларға жеткізіп құлағына құйды. Бектас құс еттерін арнаулы көлікпен аудан орталығына жіберді.

Өздері кигіз үйде, бірнеше күндер өткізіп, құс базарының «арпалыс-шайқасында» болып, жата берді. Дала ауасы, жылы күннің, жадыраған бейнесі, желмен толқып бойында ала берді. Құлпыра түскен өңірде, айдың көлдің тамаша райына шомылғандай әсемделіп көріне түсті. Ашық аспанның көгілдір күмбезі, күн сәулесін барынша беріп, маңайға нұрлы лебін таратумен болды. Қалау бір сәт, Жантасқа жақындап, күліп қойдыда, қасына барып отыра кетті. Жантас бұл қылығын жаратпады, тағыда келеке етіп, «жылым құрт» құсап отыра кеткенін бірден түсінді. Бірақ сөз айтып қалуды Жантас қаламады. Әлден соң баяғы сарынын бастап Қалау Айымбетке көзін қысып, күлдіде отыра берді.

Жантастың жаратпағанын біліп, сөз бастамады. –Жантас: Сен осы неше жыл болды, сенің құс ұстағаның!-деп Қалауды сөзбен шымшып алды. Қалау бірден түсініп, бірнеше жыл болсада, осындай аттаққа Бектас арқылы келгенін сездірді. Құр кеуде құмарлығын Жантас көзінше айтып салды. Қалаудың іздеген оспақ сөзі осы еді. Мырыс күлдіде: Сенінде оңып тұрғаның жоқ,қыста қоянды айналдырып, енді үйрекпен амалыңды асырғаныңды кім білмейді? Атағына ісің сай деп, текке айтылмаған жұрттың сөзі рас қой!-деп топшылады. Бұлар шекіспей бітіспеді, эзілдері кейде бір-біріне ашу шақырып, қызара бөртіп, іштерінен тынатын. Басып айтар Бектас өзінің құсбегімен айналысып, шаруасы болмады, соны білген Қалау өз ойын оспақтап шатумен болды.

Жантас ақылды кісі, бәрін ойына қортып, айтысып қалмауға бекінді. Бектас білсе, бұлардың не деп, ренжуі мүмкін деген тоқтамға келіп тоқтады. Бірақ Қалау қоятын емес «үйрек» деген ат қойып, Жантастың әрбір сөзін күлкіге айналдырып, мысқылдап күлумен болды. –Айымбет тағыда атына мініп құсбегімен, жағаның үлкен қамысты жерін паналап, үйректің топ жеріне жіберуге бет ұстады. Жете беріп оң қолын көтере түсіп, құсбегін бағыттап, үйректің тобына жіберді. Қанатын жайып, бір тастадыда, дауылды желдің күшін туғызып, шапшаң барып, ұшқан үйректің соңын ала, қос қанатын кезек-кезек пергілеп, қанаттан қайырып су бетіне топ еткізді, ұша алмаған екі-үшеуі, су сабалап, жан ұшырғанмен түк шығара алмай, томсырайып барып, өліп кетті. Жантас тез қайықпен жинап алып, қос басына барып, олжасын үйіп тастады. Айымбетке риза болған Бектас құсын тағыда баптағанын айтып: бұданда кереметтігін көресің әлі!-деді. Жастың сұлуы атанған Күлтай, отырған қыз болсада, өнерге деген өзінің қабылеті, ел ішінде жастарға арнап тіккен көйлегі, кісі қызығарлық әсемдеп жасалған. Бәрін өзі қолымен қайып тігіп, қыздарға жарасымды етуі, бүкіл ауыл адамдары біліп, Күлтайдың қолынан киім киуді қалады.

\* \* \*

Өзінің құрбысымен, кешкілік болмаса үйінен шықпай, жұртқа көрінуге ұялып, бір мезгіл инағашты мойнына салып, бұлақтың суына құрбысымен баратын. Сол кеш. Бұлақ едауыр жер, ауыл шетінде. Ғұлман колхоз жұмысынан оралған беті, күнде атын сонда суарып, бұлақтың тастай суын ішіп, күн ыстығында шөлін басып, жуынып қайтатын. Атын жетектеген бойда, бұлаққа жақындай бере, екі қыздың мойнында инағашы бар, суға келе жатқанын бір-ақ сезді. Біраз көзін айырмай, караумен болды, өзі көрінбей ат тасасында тұрыпта қарады.

Сұлу тартқан тамаша қыз, аппақ жүзін сәл көрсетіп, бұлақтың қалың ағысына қарай беттей берді. Үстіне киген көк көйлегі етегіне түсіп, қызыл желеткесі ою-айшықтармен қошқар мүйіз салынған түрі, сұлу нұрын әсемдеп аша түскендей болып, ақ жүзіне беттесе берді. Ғұлман өзіде еститін, бұрыннан өзі ғашық болып, кездесе алмай, тек бір тойда ғана бір-біріне сырт қарасып, мөлдір көзін алмағаны есінде болатын. Сол кездесу ойынан кетпей, қатты сүйіп, ұнатып қалғанын жеткізер кез болмағанына қатты қынжылып жүретін. Енді міне сәті түсті. Қыз су алып жатып, жалт етіп, жігіт жүзін бір шолып өтіп, мөлдір көзін тік қадап, жігіт бойынан алмай, ұзақтай берді. Жігіт жақындап, етектен атын суарып, жалма-жан қасына келіп, Күлтайдың бос шелегін алып суға толтырып, жерде жатқан инағашын алып беріп жатып, қолын ұстай алды. Ажарлы жігіт, сұлу тартқан келбетімен Күлтайдың иілген ақ саусақты білегінен қоса ұстап: Менің Күлтай саған айтар, оңаша бір сөзім бар!-деді. Құрбысы суын алып, бұлақ маңынан шыға берді.

Қызда жігіттен білегін алмай, айтуын күтті. Ғұлман қызға жақындай түсіп: Мен бірнеше жылдан бері, өзіңді алғаш рет тойда көргеннен бері, ғашық болып, бар арманым сенің үстіңде болды, қалай кездесіп көрсем деп, көре алмай уайымға баттым, мен саған сөзімді беремін «мәңгілік өзіңмен боламын!-деп жігіт ағынан жарылды. Қыз мөлдір көзін, жігіттің жүзіне қадап: Менінде күткен арманым сен едің, мынау екеуміздің «мәңгілікке тігілген орамалым», екеуміздің қайылып атымыз жазылған, әр дайым сұрткен сайын мені есіңе алып, қоятын боласың!-деп орамалды Ғұлманға ұстата берді. \* \* \*

—Жігіт жүзі жайдарлы болып ашылып сала берді. —Қос қолымен құшақтап, асыл денесін өзіне тартып, оймақтай аузынан сүйіп алды. Қыз құшағынан шығып: Ертеңде осы бұлаққа су алуға келіп тұрамын!-деді Күлтай иығына инағашын салып, суымен құрбысына қарай бет түзей бастады. Ғұлман Күлтайды караумен көзін алмай біраз жерге дейін, шығарып салды. Тамаша жүзін көріп, көңілі өсіп, берген орамалын қайта-қайта иіскеумен, қыздың жұпар иісі бойын алып, балқытты. Жігіттің басына бақ орнағандай, асыл өмірдің тамаша күндерін, Күлтаймен бірге өткізуді қалаумен болды. Ынта жігері өсіп, жарқын келбетін әлсін-әлсін ойына түсірумен болды, сағынышы қызға деген тоқтамады. Ертеңгі күнін тағы күтті. Сылдыр аққан бұлақта құлпыра түсіп, асудай жиегі гүлге оранып, мөлдір суымен асып-тасып жатты. Етегі толған қалың ағаш, ақ қайыңдар, қатар тұрып бұлаққа



иілген. Көркем табиғат мәнері, айшықталып барып, күмбез аспанның көгімен тілдескендей, күн сәулесін шашып, дала өңірін құлпыртып, жайыла түскен. Күлтайдың жүзі ерекше әсем тартып, ашыла түскен келбеті, бір ағарып, бір қызарып, жігітін алғашқы сүйуі, бойынан кетпей ынтасы жігіттің бойына ауыса берді. Сағынышы да, өрлеумен толды, ой-сырыда жігіттің сұлу жүзін аңсаумен болды. Сол оймен Күлтай терезе алдына барып біраз отырды. Бірге болуды арман етіп, үйінен шыға алмай сөзге қаламын деп, қорықты. Бірақ жігітке айтып, кешкілік сөйлесуді қалап, күнде көріп тұруды арман еткен қыз тағыдыры басылмады. Жігітке күндіз Күлтайдың үйін паналап келумен болды, бірақ кездесуге ыңғайы түспей, атымен шолып үйіне оралды.

Кешкілік кез. Күнде сәулесін шашып, қызыл тартқан жалынды от құсап, әлден соң тарай бастады. Күлтайда екі шелегімен жалғыз бұлақ басына орала берді. Атымен шауып келген Ғұлман бірден атынан қарғып түсіп, шелегін жерге қойып үлгірген Күлтайды жалма-жан құшақтап екі бетінен кезектеп сүйіп, құшағынан шығармады. Жігіт салған жерден: ауылдың шетіндегі қалың ағашта кездесіп жүрсек қалай қарайсың?!-деді. Күлтай: Мен оған қалай барамын, жұрт көзіне түскім келмейді, сөз қылады өсектеп «ағаш аттың басына» іліп қоюға бар!-деді. Олай болса мен бір амалын табармын!-деді. Жігіттің қызу тартқан шыдамы таусылды, түні бойы ойлаумен болғанын қызда өз пікірін сүйгеніне жеткізді. Жігіт тағыда өзіне тартып аузынан сүйді: Мен сенімен қосылғым келеді той жасап «үйлену тойын» өткізсек қалай қарайсың!-деді. Неге асығасың «мен мәңгілік» енді сенікімін!-деді қыз жігіттің денесіне жабыса түсіп. –Жоқ! Мен қорқамын, саған қызықпайтын адам жоқ, бәріңіңде аузыңда сенің сұлулық жүзіңді әңгіме етіп, өнерінді сөз қылумен болатындар көп!-деді Ғұлман.

Менің сүйетін бірақ адамым бар, ол алдымда тұрған көркем жігіт, өзім қалауыммен «серттескен орамалымды» бердім, мен үй ішімен ақылдасып көрейін, сосын бір жауабын айтармын!-деді Күлтай ыстық ернін жігіттің бетіне тоса беріп. Қыздың алып ұшқан жүрегі орнықпады, тез қайтуға ыңғай жасап, шелегін асынып ақырын ғана жылжи түсті. Жігіт кешкілік үй маңына баруға бекінді, бірақ қыз терезе алдына отырып, сырт хабарын күтуге келіскен еді. Ғұлман Күлтайды көре алмаса, тұра алмайтындай, керемет сағынды.

Сол сағыныш кешкілік жетелеп, Күлтай үйінің маңында болды. Терезе алдында қызды көріп, шығуға белгі берді. Қараңғы түсе бере, көз байланып, ешкімді, ешкім білмейтін уақытты пайдаланып, қара қасқасымен, үйдің сыртына шыққан қызды іліп алып, алдына отырғызып, ауыл шетіндегі қызылға қарай, шаба жөнелді. Арман еткен кезіде осы еді. Өзіне тиген қыз денесін, аттан көтеріп алып, қалың ағаш ішіне кіріп жоқ болды. Қалың өскен шөп үстіне Ғұлман шапанын жайып жіберіп, екеуі бірдей құшақтасумен сүйісе бастады. Жалын атқан дене қызуы ерік бермеді, жігіт асыл денесін өзіне жақындатып, белінен құшақтап бауырына тарта бастады. Қызда жабысып сағынған сырымен бөлісіп, жұмсақ шөп үстіне қисая берді.

Қыз бойын алмай, жігітке ашылып, бар денесін бойына беріп беттесе түсті. Жігітінде арманы, өз сүйгенін «мәңгілікке» жар етіп, «қыз аманатын» алуға бет бұра бастады. Қызда қарсы болмады, сүйген жарының бауырынан шықпай, ыңғайына көне берді. Қызулы денесі, ерік бермей жарының аппақ дене бітіміне қарай жол тартумен, тірелген бетінде балкумен, нұрға бөленіп, асқақ өмір ошағына алып кетті. Олар ұзақ жатып, түн жарымын бірге өткізіп, үйіне оралды. Күлтай камшат бөркінен бастап, әсем көйлектерді өзіне тігіп, берен қамзелімен бүкіл киімдерін жарасымды етіп, дайын тұрды. Атластан шымылдықта тігіп, желбіршек салып көркем етті. Күлтайдың аяғы ауырлай бастады.

Ғұлман қалаға оқуға кетіп, бітіріп келгеннен кейін үйленетінін жеткізіп, Күлтайды уайымға батырды. Түні бойы жылаумен жатып қалып жүрді. Анасы сезіп, шалына айтып «масқара» болғанын жеткізді. Бірақ қыз менің өз сүйгенім бар, оқудан оралысымен «қосыламыз» деп анасын тежей берді. Әкесі ырыққа көнбей, қызды тез жоғалтуға бет түзей бастады. Әкесі ырыққа көнбейтін, қатал адам, сағын көшкіннің бойына жұқтырмайтынның нағыз өзі, қатқан тайық құсап, ешкімге барып илікпей өзімен өзі болып, қызының тағыдырына қарап, басында имеді. Жолаң тартқан жүгенсіз ел адамы болып, қайрымсыз құлақтының өзі болды. Басқаға айтар дауа болмай, болымсыз дүние үй ішіне орнады.

Сұрапыл тұрмыстың кейпін жасап, аласұрған ит құсап, арсылдаумен маңайына ешкімді бастырмай, топай етті. Құрғақ сөздің құдырына орнағандай, ортаны керек қылмай, масайрап өмір кешуге бет бұра бастады. Тамылжыған тамшының, құба жонда адасқан адамның кейпін жасап, тас бүркеніп оңаша жатып жүрді. Қабағы түйулі, дүрдейген ауыз, қасқа басы, құлдилап біткен құлағы, ешкімгеде ұнамай, Африканың сар даласынан келген адамдай, тағы болған жануардың қамытын киіп, есі шығумен болды. Ойы малдан пайда тауып жарылғану есінен кетпеді. Күн іздеді, түн іздеді, шеңгелдеп келіп, қармағына ілігер жан болмады. Ойымен маңайды шарлап, таусылды құба жон асыпта көрді, жолықпады. Асыл тамақ, от басын менсінбей, өзіне лайықты жан іздеді. Бөтеннің іші-бауырынан өтіп, өзіне тартып, пайданың жолын іздеді.

Сұрағанға бергені, сонау Батпақарадан, аттылар келіп, үйіне құлады. Олар біреу емес бірнешеу, қыз іздеп «тоқалдыққа» тұзақ құрғандардың нағыз өзі болды. Төлеп басын изеп, көріп болғандай, бейтаныс адамның алдына түсіп, үйіне қонақ қылып, шашыла бастады. Ертең бұлардан көп олжалы жылқыны үйірімен құлатады деп, болжаумен болды. Көш бастап келуінің өзі, атағы бар, ауылына сүйкімді қызды қалап, Төлеп үйіне аялдағаныда сол еді. Сыртан сұрап пішіп келген келісінде Сұқан құдамын деп, өзін бірінші таныстырып, қақ төрдің басынан орын алды. Қасындағы өңі қашқан, беті толған безеу мен әжім басқан егіде кісіні күйеу Мажит деп, таныстырып сөз бастауға ыңғайлана берді. –Алыстан қыпшақ елі болып, бел баласы атанған, орынды жердің ортасынан шыққан, ел азаматы деуіне болады. Күйеуде сол елдікі, қолы кең, араласып құнды күйеу етсеңдер, бар малыда, сенің

албарында болады. Алғашқы бет ашар деп, бір үйір жылқыны жайлымға тастап, қалаған кезде айдатып алармыз. Сөз түйіні, мынау қасымдағы азаматқа, қызынды берсең, бүкіл келген шаруаның тетігі шешілер еді. Атам қазақ қалай өмірге келді дерсің?! Оларда осылай, қыз алып, келіншек алып, тұқымын көбейтіп, руын сақтаған айтулы ел болып, қалың қазақтың атын шығарған.

Неге бізде солай істемеске?! Қыз басқа жұрттың адамы, ол сол жұрттың өзіне ұрпақ әкелетін адам, осыдан барып рулы ел құралады, елден қазақ жұрты құралады деген сөз. Бұл сөзді көреген кісілер айтып, ел тағыдрына ұран еткен, асыл адамдардың қалдырған сөзі. \* \* \*

Төлеп құда! Осындай асыл сөздерді, ойыңа тоқып, дау-дамай қылмай өзіміз шешіп, қызынды жөнелтуге келісім берсең болғаны. Бізде елге хабар жіберіп дайындық етуді тапсырып, дүрілдетіп өткізсек деген ойдамыз. Саған сеніп, сенің кісі жатырқамайтын қылығыңа батып, қуанып отырмыз, ісіміз оңын бере көр деген тілекпен, сіздің бірер сөзінді күтіп, шешіміңе қарап нағыз құданы тапқанымызға қуанып, берер малды айдап әкелуге рұқсат етсең болды. Үйір алыс емес қыр астындағы, кең жайлымда бағылып жатыр. Сыртада біздің адамымыз, шешім болса орындауға дайын. Қызды алуға күнін белгілеп, осы айдың аяғына дейін бастаған ісімізді орындасақ екен.

Тағы бір айтарым, аулыңа айтып, жария етпей, өзіміз ғана шешіп, біз келген ізімізді білдірмей, уәдеңізбен келісіп тайып тұруға дайынбыз!-деді Сұқан сөзін айтып, құдасымен байланысын жасай бастады. –Әлден соң қыз әкесі Төлеп: Мен келісімімді бердім, бірақ қызым осы айдың аяғына қарай, кешкілік ымырт жабылған кезінде ешкімнің көзіне түспейтін болып, тобырмен келмей, білдірмендер. Жылқыны өзім адам апарып, сендердің көзіңше санап алып, жуастауының мойнына жіп байлап белгі саламын, ертеңгі күні ешкімге қолды болмауына, алдын-ала жасаған қорғанышым!-деді Төлеп. Осы сөзді аузынан естіген құдалар қуанысып, кетуге бет бұра бастады. Жолай малды беруге құданы алып, ешкімге сездірмей тайып тұрды. Қырат астындағы кең жайлымда, бір үйір жылқыны тез арада шүйірліп, айдап әкеліп санап тапсырды, ішінде құлынды биелерде қаншама, ие болған Төлеп байып шыға келді, қол алысып, келер күнді белгілеп, жол асты. –Күлтай тағыдыры қыл үстінде тұрды.

Ұйқысыз өткен күндерінде есеп болмады. Солумен жүдеп, тамақта ішпеді, анасынанда еш қайыр болмады. Шалынан қорыққан ана айтар сөзі болмай, жылаумен болды. Амалы таусылды. Жылқыны жасырын емденген қыз әкесі, бұрынғыданда қатынының басына таяқ орнатуды қоймады. Үйдің шаңырағы құлап, астында қалған адамдай, уайыммен күй тартып, күн өткізумен болды. Ғұлманнан хабар болмады. Ол оқуда, қатал әкенің, Күлтайды «тоқалдыққа» бермек болып, осы айдың аяғында әкетуін естіген емес, бәріненде бей хабар. Күлтай өзінің жақын құрбысына айтып, хабар етуді тапсырды. Күлтай Ғұлманның өзі көрген терезе алдына шығып, күн сайын түн мезгілінде, бәрі ұйқыға кеткенде отыруды қалап,

сүйгенін күтумен сол жерде болды. Сымбат құрбысы, оқудағы Ғұлманға хабар айтып, тез жетуін жеткізді: Әйтпесе осы айдың аяғында Күлтайдан мәңгілік айырласың!-деді құрбысы қалаға өзінің інісін жіберіп.

Оқудан тауып алып Ғұлманға жеткізіп, қаладан оралды. Күлтайға айтып қуантты. Көп болған жоқ, оқудан оралған Ғұлман, кешкілік үй маңына келіп терезе алдында жылап ақырын ғана зарлы дауысымен, күтіп отырған Күлайды бірден байқады. Күлтайда даладағы тықырды сезіп жүгіре шықты. Екеуі бірден құшақтасып сүйісіп, мауқын басты, сағыныш сезімдері, болған уайымдарын, келген құдаларын айтып, жайып салды. Күлтай өте жүдеген, бұрынғы қалпы жоқ, әпден басылған момын қыз болып, Ғұлманның құшағынан шықпады. Көз алдына елестеген, тік жар, тұңғиық өзен, кетіп бара жатқандай, мұнаймен болды. Әке қахары аямады. Ғұлманға өзінің аяғы ауырлығын және жеткізді. Жарын енді бір сәт үйінде қалдырмауға бекінді. \* \* \*

Ғұлман құшағын алмай: Сен өзің тіккен киімдерді «үйлену тойына» арнаған ақ көйлегінді алып шық, біздің үйге барамыз, ертең қалаға бірге кетеміз, сонда мен оқуымды бітіргенше бірге болып, сосын ауылға келіп «үйлену тойын» жасаймыз!-деді. Күлтайда қалуға қорықты, дайындап қойған, түйелі киімін алып шығып, Ғұлман үйіне беттей бастады. Бұл жағалай бұлт басқан қараңғы түн болатын. Ешкім көріп байқаған емес, үй іші сезгенде жоқ. Күлтай жүзі құлпырып шыға келді, ажарына қан ойнап, бұрынғы сұлу қалпына келе бастады. Ертеңіне олар ертемен қалаға оралды. –Күлтай Ғұлманмен бірге болды, аяғы ауыр ешқайда жібермеді. Күлтай бірден қол өнер училищасына, түскісі келді. Оның өнерге деген алғырлығы, барлығын өзі пішіп тігетін еді, тіпті қолында тігін машинасы болмасада, ауыл жастарының сұранысын қайтарған емес. Ғұлман сұрастырып тауып алдыда, екеуі бірге барып, құжаттарын тапсырып, Күлтай бірден қабылданды, ол оқуын жақсы оқып меңгеріп алды, тігін машинасына, алғашқы арнап тіккен көйлегін Ғұлманға туған күніне арнап кигізді.

–Ғұлман: бұндай тамаша көйлекті, мен алғаш рет киіп отырғаным!-деді жарының бетінен сүйіп, біраз аймалаумен болды. Көп ұзамай Ғұлманда оқуын Күлтаймен бірге аяқтауға жақын қалды. Күлтай өте жақсы бітіріп шықты «диплом» алып туған аулына «шағын шеберхана» ашсақ деп, жобалап, оқу орнынан екі тігін машинасын сұрап алды. Ғұлманның бітіруіне жеті күн қалғанда қалалық ауруханада босанып, ер бала туды. –Ғұлман жерлестерімен қуанып, Күлтайды құттықтап «гүл» шоғын ұсынды, жолдастарыда силықты үйіп тастады.

Ғұлман ауылына хабарласып, ата-анасына «сендер енді немерелі болдыңдар» жақында үшеу болып, үйге барамыз!-деді. Қуанған ата-анасында шек болмады, олар тойға бағылан дайындап, той өткізуге бекінді. Ғұлман оқуын аяқтасымен Күлтайды алып, үшеу болып елге оралды. –Болған оқиға, қыз дағыдыры, аласапран айтыс пен малға құныққан әкесінің қылығы Махметкеде жетті. Естісімен бірден Шәптікөлге, бүкіл колхоз басшылары мен ауылнайларды тегіс жинады, жергілікті

халыққа алаң толып кетті, әсіресе кәрі құртандардың бірін қалдырай, жинауды бұйрық еткен болатын. Жұлдызға тапсырып сондағы отырған қыздар мен келіншектердіде қалдырмады. Әпсәтте алаң тыныштана қалды.

Махмет бірден ортаға шығып сөз алды: Біз қаншанғы жас қыздардың бақытын құлатып, өмірін өшіреміз, жақында осында болған «айтыс-тартыс» қыз дауы, қатал әке Төлептің бұйрығымен «тоқалдыққа» қызын беріп, саудаға шығарып, бір үйір жылқыны емденіп, келісім жасап үлгірген. –Бұл іс органның адамдарына жетіп, қыз алуға келе жатқанда жолын кесіп, түгелдей айыптыларды, Төлептен бастап түрмеге қамады, оларға енді бостандық жоқ, сонда шіритін болады. –Сонда осындай, ауылдағы «аюандардың ісін» білмей қалуына кім сенеді?! Ауылнай қайда? Ол осы жердегі үкімет адамы, совет басшысы, біз оған барлық праваны беріп, халықпен жұмыс істеп, олардың тыныштығы мен еңбектегі жұмыстарын қорғауға, колхоз жұмысына басқарма екеуіне арнайы тапсырдық.

Олар не істеді, келген адамнан, ауыз бастырыққа бір құлынды бие алып, білмеген болып, ізін жасырды. Біздің органның прокуроры анықтап, осындағы ауылнай Жүкенді жауаптап қамауға алды «олар ұйымдасқан банда» есебінде, енді өмірін қоршалған қорғанның ар жағында өткізетін болады. Сондықтан осындағы үлкен ақсақалдарға айтатыным, бұндайға бармай қырағы болып, ауылға келген бөтен адамдарды, әсіресе Батпақара мен Торғай тосыннан келетіндер «қыз аулап» мал беріп қызықтыратындардың бірден жолын кесіп, совет басшысына қабарлауды ұмытпандар! Әсіресе осындағы жиналған қыздарға, ата-ананың шалымсыз бұйрығын тыңдап, кәрі адамға баруды тоқтатындар, сендердің бәріңдіде Жұлдыз есепке алып, оқуға жібереді, болашақтарыңды ашуға көмектеседі, өздеріңнің сүйгендеріңе қосыласыңдар, заман енді сендердікі, өмірден қалыс қалып, өкініп жүрмендер!-деп Махмет қатаң айтты \* \* \*

Сондықтан халықпен жұмыс істей алатын, қолынан іс келетін жастарға сенім артып, совет басшылығына оқыған жастарды қоюға шешім қабылдадық. Бұрынғы Жүкенді бір жола босатып, жұмыстан қуғанбыз, оның жемқорлығын бетіне басып, айтылған енді оның қалған өмірін орган шешетін болады. Осы ауылдың жігіті жаңа ғана оқуын бітіріп оралған, оның ерлігі өзінің сүйген қызы Күлтайды жендеттердің құрсауынан құтқарып, екі жас бір-бірімен қосылды, балалы болып, оқуларын бітіріп, ауылдарыңа оралды!

Олар осында, мен әдейі шақыртып алдырдым, бері шығындар, менің қасыма келіндер!-деді. Жалма-жан екеуі қол ұстасып, аудан басшысының жанына жақындай түсті. –Махмет бірден екеуінің қолын алып: Ғұманды советтің басшысына тағайындаймын, Күлтай Жұлдыздың қарамағында, жастар ұйымын басқарады және қол өнер шеберханасы колхозда Күлтайдың басшылығымен жұмыс істейтін болады, сондықтан екі жасқа осындағы жаңа үйдің кілтін тапсырамын!-деді Махмет, кілтті қолдарына ұстата бастады. –Ду қол шапалақтаған халық риза болып «оларға бақыт тіледі» көпке созылған жиналыстан кейін ауданға

бет түзеді. Ғашықтар көңілі құлпыра түсті, жүздері жарқырап, өміріне бақ орнады. Құлдилап аққан жұлдыздай Бектастың бүркіті, қаздың тізбегіне барып оңды-солды «сатыр-гүтір» қанатының перісі, қылыштың жүзіндей, қирата соғып, су бетіне түсіре берді, қираған дене мен қанаттары су бетінде қалқумен жайын тапты. Бұл керемет күштің басымдылығы, олжаны төгіп тастады. Бектас құсын тұғырына қондырып, қостағы Жантастарға бұйрық етті. Олар қайықпен жинап алып жағадан бірақ шықты. Қалау Жантасты күтіп, бүркітін бірге жіберуге келісіп, дайын тұрды. –Ойласқан Жантас айнып шығып: Жоқ! Мен жіберсем тек өзім ғана жалғыз етем, Қалаудың қыңыр сөзі маған керегі жоқ, өзі жеке бара берсін!-деді.

Қалау атына мініп, жағаға салды, біраз жүріп құстардың жиі жағын іздегендей болды. Ол кезде қазда жағаға жоламай көлдің ортасынан шықпай қойды. Қалау қайтып оралды. Жантас: көрдіңдер ма? «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің!»-деп айтып Қалауға жеткізді. Бектас қайтып оралғанын байқап қалып: Сен асықпа, жағадан күт, жаңа қаздар тізбегімен ұшып келіп қонақтай бергенде, бас сал, сол жерде қырып саласың!-деді. Қалау атына мініп, жағаны өрлей берді.

Қалың бұлт құсап, екі тобы су бетіне қона бастады. Қалаудың қолынан «лып» беріп ұшқан құс Қалауғада сездірмей, бара айқасып, тұмсығымен басынан шұқып, тамағын қиып жіберіп, су бетіне түсіре бастады, қан алып кетті, жүндері борап, су бетіне жайыла бастады. Қансыраған бойы, қалқумен тынды. Қалау бүркіті екі-үшеуін олжа етті. Ол кезде бәріде құстарын күтіп, жем сауын беріп, бойын күтумен болды. Бектас әрбір ұшқан сайын, қоян етін беріп, құсының күтімін азайтпады. Ендігі кезек екеуінде болды. Айымбет қамданып, шапшандық көрсетіп, алып ұшып, құсымен топ үйрекке беттей берді. Қалау Жантасқа жақындап: Сен қашанғы қозғалмай отыра бересің, жұмыртқа тапқан тауық құсап, бармаймысың жағаға!-деп мырс күліп келеке етумен болды.

Жантас сөзіне құлақ аспай, сырт айналып, қоныстан шығып кетті. Бүркітін қолына алып, сыртта отырып жемдеуді қалады. Қалаудың әзіл сөзіне құлақ түрмеді. Құсбегінің үсті басын сүртіп, тұяқтарын тазартып, қанатын дымқыл шүберекпен, жұққан қанды кетірді, әптен аяқтың тұяқтарын жуып, қоңындағы борбай жүндерін тарады, олай істемесе қатып қалған қан, аяқ қозғалысын жібермей, ұйысқан қан жүнімен кедергі жасауы әптен болатынын сезді. Соны түсінген Жантастың жаны шығып, тез қалпына келтірумен әлектенді. Құсы қайратты, басқан адымының аяғы, тез қозғалып, дене ширағымен алып түсетіндей, о жырая қарап қояды, естілген қаз дауысының сыбсыңына құлақ асқандай, елеңдеумен болды. Бұл бүркіттің қажымас қайраттылығы, әр дайым басым етуі еді. Жантас күрең қасқасына міндіде, үзенгімен тебініп, құстың шыққан көп дауысына қарай, қанқылдаған қаздың үстінен түсті.

Ер тоқымға байланған, дөңгелек батынасты, тобылғы қамшының сабымен екі-үш ұрып қалғанда, үйректер тобы үркіп барып, тік көтерілді. Қаршыға бірден соңына түсіп, астынан ала бере, қос қанатымен жайдың отындай жарқылдатып,

лып-лып беріп, соғып өтті. Бектас көріп: Күшті берді! Қағып тастады!-деп сүйсініп көзін алмады. Қаршығасын шақырып: Кеу! Кеу! -леп қолына қондырды, жайдарлы жүзімен қосқа оралды. Олжасында қайықпен Айымбет өзі барып бәрінде су бетінен жинап әкелді. Кезек Айыбетте тұрды. Бектас ешкімнің көңілін жықпады, кезек беріп бүркіттерін сынаумен болды. Боз атына мінген бойы Айымбет, жедел жортып, жағаның басқа жеріне қарай бағыт ұстады, қалың қамыстың жанындағы топ үйректерді құсбегі байқап, тырши бастады.

Жетер-жетпесте алып ұшып, көріне бергенде, үйректер бірден сезіп қалып, қамыстың ішіне тығылып үлгірді. Қаршыға қалықтап барып, жағадағы, биік дөңестің үстіне барып қонды. Жағалай көз тастап, қамыстан басын алмады. Біраздан соң, үйректер қамыстан шығып топтасып ұша бергенде, қаршыға құйындатып барып, астынан найзағайдай атылып «сатыр-сұтыр» айқасқа басып, бірнешеуін құлатып үлгірді. Бектас бақылап тұрып: Қаршыға кереметтігін жасады!-деп мақтауын асыра сөйледі.

Қайран қыран! Недеген бап! Қарық қылды ғой!-деп құсты бәріде мақтады. Аңшының кереметтігі, баптап күтудің шеберлігін жасағаны, міне бірден көрінгені осында!-десті.

\* \* \*

Қалауда Айымбеттің азаматтық шеберлігіне сүйсініп, арқасынан қақты. Өзіде осылай болсам деумен қаршығасын баптауға кірісті. Баптағанда ешқандай, ұсақ зат деп, назар аудармауды қоя салмай, оның керектігін мына қаршығадан байқап, қимылының тездігі бірден білінеді!-деді Бектас қайталап. Енді олар көлді тастап, Көктал өзенінің бойына баруға дайындалып жатты. Ондада құс базары, кең өзеннің арнасымен, толы болғанын байқаған Бектас, жолы үсіп барып қайтқан. Жаздың осы бір тамаша кезі болатын, аспан ашық кең дүние, шалқар бұлақ, тау суындай, аса бір ғажайыппен құбылысқа бөленіп, көңілімізді ала берді. Келіпте жеттік.

Кең көше, ақ үйлермен топтасқан ауыл сәні, өзгеріп сала берді. Ауылды қиып өткен үлкен өзеннің арнасы, жарқырап, күмістей шағылсып көзді алып қояды. Дауылда тұрып, кешеғана басылған көрінеді. Жағада ізі қалғандай, буырқанған кейпі, жағаның балшығын құлатып, кейбір жерін тік жарғып, ораған. Алып күш, қатты толқын, жағаны шайып, сазын шығарып батпақ еткен. Құрғақ жерін тауып алып, қонысты орнатып, жем-сауын беруге ішіне кіріп, құсымызды күте бастадық, бапты керек етті. Жағада бірең сараң өскен ирім талмен терек ағаштары көрінеді. Екі беті өзенге тірелген кең жазық даланың, биік өскен бидайық шөптері, сарғылт тартып, аймақтың бәрін сары далаға бейім еткен.

Ұшып келіп жатқан құстарда көп, кең алқымға жайыла түсіп су бетінде жүзуде. Аты шулы Шошқалы ауылы, колхоз болып, біріккелі бастарынан шум кетпей, тағыда бір сойқанның шығып қалғаны, елді мекенді дүрліктірді. Жер жағыдайы жақсы болғанымен, адамдарының ішінде сатқындық жасап, сырттағы Қамысты ауылымен Торғай өңірін келген, «ұрылармен» жасырын қатынас орнатып, малды

шығарып беріп, өзі көп олжаға батып отырған. Ауылдың маңында үлкен аңғар, суы жоқ, қалың тал өскен, өте терең құндыз сыяқты, ертеде тасқын сумен шайылып, пайда болған. Ұрылар осы жерге айдап әкеліп жасырған. Оған ауыл адамдары баруға қорқатын. Соны пайдаланып, ұрының ұясы еткен. Секен айтулы ұры, Торғай өңірінде кәсіп еткелі біраз жыл болды. Көрші ел болған соң, жұрт бұрыннан естіп біліп, оның аяласы, ешкім таба алмайтын етіп, ізін жасырып отырған. Ауылда Бекен бірде жұмыс істеп, колхозға мүше болғанымен, көбіне ауырдым деп, жұмысқа шықпай қоятын. Кешкілік кез, өрістен оралған малшылар болып, Секен қасында адамы бар, екі атты Бекеннің үйіне сау етті. Іздегенге құлдык, Бекенде ұрлыққа жақын адам. Кешкі келген қонақты, атам қазақ кет демейді!-деген мақалмен, жарық етіп кіріп келген екеуді қарсы ала бастады.

Төрге шығарып сый-сыпат көрсетіп жатты. Өңгіме басы колхоздың жылқысын ұрлау болды. Секен әккі адам, ол бірден: сен айдасып шығарып берсең, біз ешкім танып білмейтін, жерден екі жылқы әкеліп, албарыңа байлап беремін! Ол жылқы сенікі, оны ешкім іздеп «менің жылқым» деп, келмейді!-деді Секен. Бекенніңде күткені сол еді, мал болса өлмейтінін білді. Қараңғы түн, екеуі келіп Бекенді атқа отырғызып жонға алып кетті. Жылқылар жүрген жайлымға барып жасырынды. Жылқышыны бақылап, екі айғырдың үйірін, айдап әкетуге әрекет жасап, қараңғыда жуас билерді ұстап, үйірді бөліп алу ойларында болды. Ешқандай дыбыс шығармады, жылқышының ізін аңдыды. Бір мезетте жылқышы үйір жылқыларын айналып өттіде, күркесіне бет алды. Бұлар жалма-жан аттарына мініп, жуас билерді ұстап-қосақтап, екі үйірді бөліп алып, амбарға бет алды, сол жерде тығып ұстап, қосақтап айдап әкетуге бекінді, алдынан жол бастап, артынан жылқылар еретінін түсінді. Осындай ептілік айламен, талай жылқының ізін құртқан, Секеннің жоспары іске аса бастады. Шығарып берген Бекенге, өздері мініп келен екі жылқыны беріп, мәзғып үйіне шығарып салды.

Секен таң атқанша бірнеше қайталап келіп, өзінің бізбен көршілес ауылының, даладағы қонысына апарып тықты. Қоныста ешкім жоқ, бәріде жайлымға көшіп кеткен. Ойы осы жерден, өзінің ұрлықтан жиналған малы тұрған, Қамысты қопаға апарып тығу еді. Ол жерді ешкімде сезіп білмейтін. Бекенге жылқы малы қайдан келгенін, білмей бәріде аң-таң?! –Жоғалған малды іздеу басталды. Үкімет малы түгелімен қолды болды. Жағалай ат шаптырып іздеушілер, көрші Торғай, Батпақара жеріне дейін барып қайтты, бірақ ізі жоқ, ешкім көрмедік деп, ақталумен болды. Бұл хабар ауданғада жетті. Жасақ тобы, атқа мініп, бүкіл жайлымды шолып, бөтен екі жылқыны қайдан алғанын білуге, бірден Бекеннің үйіне бас тіреді. Үйді қоршап алып, жауаптай бастады.

Мойнына алмай, сатып алғанын айтып, жолатпады. Көршілерінен сұрап, Бекеннің бұрыннан сатып алатындай қаражаты жоқтығын білді. Жалғыз сиырынан басқа ештеңесі жоғы анықталды. Аудан прокуроры, шындығын айтқызуға тырысты. Егер айтпайтын болсаң, қысым жасаймыз деп, ескертті. Әлден соң,



жылқыны шығарып беруші мен, аты Секен Торғай жерінен. Онда бізбен барасың сол адамды, табамыз тек түрін айтып, танысаң болды!-деді тергеуші. Атқа отырғызып, жол асты.

\* \* \*

Көп жүрді, айтқан Секеннің ауылынада жетті. Жұрттан сұрап, шеттегі қоныр үлкен үйге келіп бас тіреді. Үйді бірден қоршап алып, іштен ешкімді шығармады. Үйінде жоқ, келмегелі біраз болыпты, әйеліде қай жерде екенін білмей шықты. Қасындағы үйден бір қарт кісі шығып, ауласындағы орындыққа отырып, көзін алмай аттыларға қарай берді. Тергеуші қасына келіп, сәлем бергеннен кейін, Секенді сұрастыра бастады. Сіз білмейсіз ба? Ол қайда болуы мүмкін!-деді. Осыдан біраз жер, Қамысты копа, ай дала, ойпатты жер, қалың қамыс басқан, ешкім ішінен іздеп таба алмас, жекеленген аймақ!-деді қарт кісі. Аттылар көп бөгелген жоқ, бірден жол тартып, сол копаға бет түзеді. Айтса, айтқандай екен, ұшы-құйры жоқ, дуал сыяқты қалың қамыс, дөп дөңгелек, ойпатты алып жатыр. Аттылар дыбысын шығармай, тасада тұрып, келе жатқан екі аттыны көзі шалды, олар жақындап келе берді.

Милиция тобына дайын тұрындар деп бұйрық етті. Сол кезде, қарсы алдынан атылар шығып, екеуін бірден қоршап алып, қолдарын көтертіп, кісен салып үлгірді. Милиция майоры Бекенді алдына әкеліп, беттестіріп: Сен білесің ба? Бұл осы Секен ба?-деді. Я! Соның өзі! –деді Бекен. –Онда үкіметтің малы қайда тез тап, айтпасаң басқаша айтқызатын боламыз!-деді майор қатуланып. Бұлтаруға шамасы жоқ, қолында кісен, мынау қасымдағын босат, осы барып, қамыстың ішіндегі қамаудан айдап шықсын!-деді Секен ұры.

Майор қасына қаруымен жасақтарды жіберіп, өзі сыртта күтті: байқандар адамдар жабылатын болса, атындар бірақ маңайларына ешкімді жолатушы болмаңдар!-деді. Олар біраз айналды, қамалған малға толы қамыс ішінде ірі қараға дейін, бірін қалдырмай айдап шықты. Түгел малды өздеріне айдатып, тағы іштен қосылған топты, алдарына салып, малымен Шошқалыға айдап әкелді. Үкімет малы түгелденіп, қалғаныда колхозға өтті. Түгелдей кісен салынып, аудан түрмесіне әкетті. Өңір тыныштамады «алып-сатар»мен «сойқан -собырлар» бірінен соң бірі, жаңа құрылған колхоздарды айналдырып, маза беруін тоқтатпай, қастық жасаумен болды.

Тойтарыс жасап, жолын кесті, қара тордың ар жағына жіберді. Түсінбеушілік әліде етек ала берді...Айжібек өткір қыз атанып, Саға ауылында жалғыз өзі ерекшеленіп, көзге түсе бастады. Домбырамен салған әні ойын-тойларда бірінші өзі бастап, айтатын болды. Оның әнін тыңдауға сонау қоныстардан жиналып келетін болды. Оқу бітіріп келісімен мектепте мұғалім болып, түгел жұрттың сауатын ашып, бірнеше қабат сабақ оқытты. Жұлдызда оны мақтап, ауданға шақыртып, сыйлықтар берді. –Сұлу тартқан келбеті қара көзіне жарасып, жігіт біткенді бірден өзіне назарын аударып жүрді. Бірақ олай болғанын қаламасада,

жігіттер сөз айтып қалуын тоқтатпады. Көбін бірден сөзбен қайтарып, маңына бастырмады. Өзі ұнатпағанды ұрсып, жолын кесті.

Сабақты көбіне жайлымдағы малшы қауымдарға барып, кигіз үйдің біріне жинап, сабақ өткізді. Еңбегіде текке кеткен жоқ, олар хат танып, жазуды үйренді. Домбырасын тастамай өзімен алып жүрді, сабақ соңынан ән шырқап, қара халықтың көңілін көтерді. Айжібек кейде: Кім сабаққа құлық қоймайтын болса?! Мен өлеңімді айтпауға бармын!-деді. Бәріде жаппай оқып үйренуге құлақ қойып, Айжібектің айтқанын орындайтын болды. Жалаңаш ауылының жігіті, жүзі жарқын тамаша келбетімен бірден Айжібектің көзіне түсіп, бейтаныс жігітті бірден ұнатып қалды. Ол Айдархан болатын, жақында қаладан оқуын бітіріп келіп, құрлыс мамандығымен колхозда жұмыс істей бастады. Екеуі алғаш рет колхоздың кеңсесінде кездесіп қалды. Бірақ бірін-бірі білмейді, таныс емес. Айжібек жаңа келген жігітті, құрбысының туған күніне шақыруды қалады, ол кезде құрбысы колхоздың құрлыс жөніндегі бухгалтері болатын. Онымен жақсы таныс, құрлысты аралап, салынған үйлерді есепке алып, қоныстардағы қоралар мен үйлердің бітуін тексеріп, жиі шығып жүретін. Айжібек пен қоса Айдарханды шақырып, туған күнін атап өтуге жиналып жатты.

—Айдархан ерте келіп, гүл шоғын ұсынып, әдейі далаға барып «тюлпан»ды теріп әкелгенін білді. Бір кезде айдай жарқырап, басына киген камшат бөркі, қызыл көйлегі ұзарып етегіне түскен, желеткесі өте жарасып, оюлы қошқар мүйіздер салынып, ұлттық дәстірді бетке ұстап, сұлу тартқан келбеті, ашыла түскен ажарымен қара көзін жігіттің жүзіне бір тастады да, дайын столдың шетіне барып отыра кетті. Құрбысы Әнипа, бірден таныстырып, екеуін қатар отырғызды. Айдархан: біз бұрыннан таныспыз, кеңседе көргенмін!-деді. Қызда басын изеп, рас дегендей ылтипат көрсетті. Әнипа: Ол таныстық емес, жай кездесіп кім-кімді көрмейді «онда сендер би таныс адамсындар, ал қазір бір-біріңмен қол алысып, шынайы таныс болдыңдар!-деді. Рас! Солай екен ғой!-деді қыз.

—Айдархан бірден ұнатып, жақындай түсті, әңгімелері де ұнасып, арасында қыз күліпте қояды. Жігіттің салмақты кескіні, айтқан сөзі қызға бірден ұнады. Ақшыл тартқан жігіттің жүзі, сұлу ажары, қою қара шашына, қыздың көзі бірден түсіп, тесіле қарап ажарынан көзін алмады. Жігітте бетін бұрып, аппақ қолының саусағын ұстап, әңгімеге бүйітті. Өздері бірден тіл табысып, қыздың сылдыр әдемі дауысы, жігітке ұнап, ұстаған қолын алмай, біраз тұрды. Жігіт бойындағы ыстық лебі, лаулаған оттың жалыны құсап, қыздың қолын бірден ысытып, алып кетті.

—«Бір көрген біліс-екі көрген таныс»!-деген қазақтың асыл сөзі әлі жатымда. Сондықтан біз қайда жүрсекте, енді танысбыз, ашық сөйлесіп, адал ниет білдіру мен үшін үлкен мәртөбе»-деді жігіт қолынан қысып. Айжібек көңілі бірден ауды, тамаша жігітті өзіме қаратып, жар ету, бұл менің арманым еді, сол арманым осы таныс жігітімнің үстінде болды, ойын сырғылып ақтарсам ба? депте ойлады, бірақ әлі ертерек танысқаным жаңа ғана!-деп ой түйді. Айдархан енді айрылмасқа

бекінді. Толық үйін сұрап алып, барып кездесіп тұруға келісіп, қыздың рұқсатын алып, көңілі көтеріліп, өзіне тамаша жар тапқанына қуанды.

–Қыз: Кейбір жігіттер көрсе қызарлық, бүгін ұнаған біреуімен, келесі тойда екіншісімен танысып, қайсысын ұстарын білмей «екі кемеден ұстаған-суға кетер» деген, үшінші күні керексіз болып далада қалды!-деді қыз салған жерден. –Жоқ! Ол дұрыс емес, әркімнің өзінің сүйгені болады, соны жар етіп «мәңгілікке» ұстап құшақтап, от басын құрған дұрыс!-деді жігіт сөзі. Қыз күлімдеп: Сіз сүйгенінді аласыз ба? Әлде қыз сүйгенін алаыз ба?-деді. Мен өзім сүйген адамды аламын, ол менің «мәңгілік» жарым болмақ, мен сүйгесін қызда сүйетіні сөзсіз, екі байлам бір жерден шығуын қалаймын, шынайы махаббат сонда ғана орындалады!-деді. Әнипаны құттықтап туған күніне сыйлықтар жасап, ән айтылды. Айжібектің назды дауысы, сылдыр аққан бұлақтай болып, сызылып шыққан жіңішке дауысы, естен кетпестей болып, бойында қала берді. –Айдарханда қолына домбыра алып, асқак дауысымен шырқай түсті. Дауысын естіген жұрт: «мұндай дауысы, домбыраға салып, ешкім бұлай айтпап еді!»-десті жұрт.

Жансұлуым! Сағынышым!-деген әндерді домбырамен біраз айтты, бұл ән Айжібекке арналып айтылғанын сезген Әнипа, құрбысын құшақтап, екеуінің қалып сөйлесуін керек етті. Айжібек бірден көніп, жігіттің бетіне қарап, басын изегендей болды. Айдарханның іздегеніде осы еді, қалай ғана, отырып оңашада сөйлесем ба? деген ойы мазалап, бойын ала берді, енді міне жолы болып, жеке бөлмеде өз ара келісетіндігін, сездіріп үлгірді. Біраздан соң бәріде тарқап, үшеуі ғана қалды. Әнипа оларды жеке бөлмеге апарып кіргізді. Есігін жауып, өзі үй шаруасымен бола берді. Айдархан қызды бірден көтеріп алып, жұмсақ төсекке отырғызып, өз ойының сырларын айтып жеткізуге бекінді.

Жасыратыны жоқ, мен енді қашанғы жаспын деп, жүре беремін, өз сүйгенімді алып құшақтап, баурыма басып, қызығын көрсем деймін, сол сұлуым міне сенсің, сонда көргеннен бері, бойымды бір уайым басып, өзіңнен айырлып қалам ба деп, қайғырумен болдым, қалай кездесудің жолын іздедім. Сәті түсіп, енді менің алдымда, сол сүйген қызым Айжібек!, Жаным! -деп, құшақтап, аузынан сүйіп, бауырына тарта бастады. Қызда қолын жігіттің денесіне жіберіп, құшақтай берді. Ыстық тартқан денелері, түйісіп қызуларын баса алмай, жабыса берді. Жұмсақ ернінен қайта-қайта сүйіп, басын алмады. Қызда беріліп, бойымен шашылып, жігіттің денесіне қарай жақындай түсіп, аймалай берді. Қанша жақындасқанмен «қыз абыройын» сақтауға тырысты.

Қызда: Мен енді сендікпін, қашанда жаныңда болып, бар арманым «сүйгенім» деп, айтатын боламын!-деді. Осылайша тарқасып, қызды үйіне шығарып салды. Саға шеткі ауыл, дамылсыз келіп кетушілер көп, көбіне Батпақарадан ат сабылтқандар, жол үсті деп, айалдаумен болатын.

Аспанды қара бұлт басқан кез болатын. Айды ұрлап көрсетпей, жұлдыздармен бірге басып, қараңғылық орнаған кез. Тұтқиылдан соққан дауыл құсап, топ аттылар қыз үйін қоршап, әрекет жасауға көшті. Маңайына жан жуытпай, үйден ешкімді шығармай қамап ұстап, екі адам ішке кірді. Қыз әкесі төсек тартып ауырып жатып қалғаны біраз уақыт болды. Жалғыз анасы шырылдаумен қорқып, бір сұмдықтың болатынын сезіп, есік пен төрге жүгірумен болды. Қызға көрінбе тез тығыл!-деп байбалам салды. Айжібек ескерусіз кілем артына тығылып, білдірмеуге тырсты. Келген екеуі: Тез қызды табыңыз, ол қайда?-деп анасының қолын қайырып, ойбайлата бастады.

Ол оқуда, қалада!-деді анасы. Жоқ! Сен өтірік айтасың, ол баяғыда оқуын бітіріп, мұғалім болып істеп жатыр, кеше ғана біздің адамдар, мектеп жанынан көріп қайтқан! Ал тіпті болмаса, ұлпа- топаныңмен үйді өртеп жібереміз, бізді ешкімде таба алмайды, біз бұл жақтың адамы емеспіз!-деді жендеттің біреуі. Айжібектің үйіне келген аттыларды байқап қалған Әнипа Айдархан жатқан үйге жетіп: Тез жет Айжібекті әкетуге келген аттылар, үйді қамап алып «сойқанды» салып жатқанға ұқсайды!-деді құрбысы көзіне жас алып. Сол –ақ екен, жүгіре басып Айжібектің үйіне келе берді, екеуі бөгеп, алдынан шықты, екеуін екі беріп, жұдырақпен жатқызды. Есікті аша бергенше болған жоқ, қарағұстан тиген үлкен соққыдан, басы айналып құлай берді: Айжібек! Айжібек! Тез кет! Құтыл мыналардан!-деп айқайлаумен, басынан қан кетіп, жерге құлай берді. Айдарханның дауысын естіп, жүгіре шыққан беті, есік алдында құлап жатқан, сүйгенін бірден көріп, жылаумен құшақтап алып басын көтере берді. Кеткен қан үйдің алдын алып кетті, әлден соң денесі жансызданып, басын сұлық салып өліп кетті.

Жылаған қыздың дауысын естіп, көршілері жинала бастады. –Енді маған өмір жоқ, сүйгенімнен айырылдым, менде мұндай өмірді қалаймын!- деп, Айжібек қолындағы үшкір пышағымен, өз ішін орып жіберіп, Айдарханның үстіне барып құшақтап, жан тапсырды. \* \* \*

Арашаға ұмтылған көпшілік, барып басын көтергенше, екі қыршын өмірімен қоштасты. Бүкіл ауыл адамдарымен келген, ауылнай Темеш үлгіре алмай санын соғып, бетіне қалды. Естіген халық «дүр» сілкінді. –Ол кезде аттарына мініп, қашуға бет алған жендеттерге бас салып, аттан аударып алып, тепкілеп қолдарына қыл арқанмен байлап, топтастырып албарда ұстады. Шындықтарын айтқызып, сырт тоғайдың етегінде күтіп отырған, күйеу мен бастап келген құдасы бар, кісілерді айтып жайып салды. Темеш аттыларды ертіп, соңына салды: Оларды жібермей тез ұстауымыз керек!-деді.

Сол бетімен шауып отырып, айтқан жерді тауып алып үстінен түсті. Оларды бірден қоршап алып, бүлік еткізбей, аттан суырып алып, қолдарын байлап, Айжібектің үйіне әкеліп, ұсталған топқа қосты. Құрбысы Әнипа ауданға қабарласып «милиция тобыды» келіп үлгірді. Майор бірден жауап алып, екі жастың өлімін көрсетіп «аюандарды» көпшілік тепкілеп жанын шығарды, бастап

келген шал тепкіге шыдай алмай бірден өліп кетті. Махмет бұл сұмдықты естіп, бүкіл адамымен Саға бойына жиналды. Келмеген адам қалмады. Обылыстың жауапты өкілдеріде осында болды. Қайғылы қаза, бүкіл аймақты «дұр» сілкіндірді.

Айжібектің жалғыз бауыр інісі Ермек бірден байқаған болуы керек: Тәтетайым! Жібек тәтем! Мені тастамашы, қайда кеттің? Мен жалғыз қалдым-ғой!-деп өкіріп жылаған баланың зары, көпшілікті жылатып, көңілдерін босатты. Жылаған баланы көрген Махметте, келіп бірден арбадан түсіп, баланың басынан көтеріп, өліп жатқан тәтесінен айырып, басынан сипап, өксігін басты, қасына алып аюмен болды. Әлден соң жиналған халықтың алдына шығып: Біз қайран екі жастан айырлып қалдық, олар енді ғана от басын құруға келісіп бірін-бірі сүйіп «ғашық» болды. Олардың оты сөніп, бақыты құлады, болашағы жойылып «мәңгілікке» кетті, енді не қалды ботадай боздаған артында жаңғыз інісі қалды, әке-шешесіде өмірден өтті. Соның бәрін, мынау «тұрған аюандар» жасады, екеуін бірдей өлтіріп тынды, бұлар енді қалай жер бетін басып, адамбыз дейді!

Жоқ олар адам емес, тағы хаюандар, жазықсыз екі жастың қанын арқалап, қалай өмір сүрмек? Сондықтан олар атылу жазасына кесілуі керек! Келген обылыс өкілдері, көршілес Батпақара мен Торғай өңірі, біздің жас қыздарымызды «бодауға» ұстап, жерімізге ойран салып, «тоқалдыққа» баса көктеп алып қашып, мына сыяқты екі жастың ғұмырын қиып, өмірден өткізіп отыр «бірдей бір үйдің от басын түгелдей қырып, шаңырағын ортасына түсіріп, жалғыз баланы жетім етіп қалдырды!»-деді Махмет бүкіл халықтың санасына жеткізіп «қайғылы қазаны» бірге жерлеуін тапсырды. Ермекті қаладағы «мектеп-интернатына» өзі апарып тапсыратын болды. Айыптыларды түгел кісендеп, аттың баурына алып, ауданға айдап әкетті.

Айдархан мен Айжібектің жарқын бейнесі, ел аузында аңыз болып қала берді, жұрт жүрегінде «мәңгілікке» ұялап, естерінен кетпеді. Төнген қара бұлт торлаумен болды. Ай мен жұлдызда, жоғалып қайғы-қасыретті білгендей, дала беткейі бу тартып, тұманға ұласқан қалың бейнесі жер бетін жауып тұрды. Табиғаттың бұл тосынын, жұрт жаманшылыққа жорыды. Тағыда кімнің не ойластырғанын ешкім айталмады. Заман тарлығы, жау жағадан алса, ескі етекпен тартып тыныш өмірді қаламады. Зұлымдық күш, аюандық істер, өкім зорлық, өртеп құрту, алып қашу, ұрлық-тырнық көрермаушылық етек алып, қасарысып түйіндеумен жолды бөгеп, халықтың берекесін қашырды. –Ұшқан құс тізбегі, Өзенге келіп қонып жатты. Қоңыр мойын үйректерде су бетінде. Кеше ғана буырқанып басылған Көктал өзені, Бектастардың меншігінде болды. Дамылсыз күтім мен баптау қаршыға үшін қолайлы болды. Күш болмаса, бүркіт кімге керек! Қалаудың ойы, құсының бәрінен басымдылығын қалап, басқаларды артқа тастап, күлумен болды. Сықағы үзілмеді. Іліп тарту оның бейнесімен бірге жаралған болып бекіді.

Тағыда сол, Жантастың қолынан астауды алып, өзінің құсбегін жемдеуге бет ұстады. Жантасты бәрінен аластатып отыруға бейім етті. Сөзінде сөйлетпей, өре

түсіп өзі, білгіш болып сөйлейтінді шығарды. Айымбетте ештеңе айталмай, сырт айналып кетумен жүрді. Ол сабырлық танытып, екеуінің уәзіне бой бұрмады. Үндемей отыруды қалады. Бектас жағаны бақылап, көк төбелімен біраз жерді аралап, құстың қалың жерін айтып жеткізді. Ол барлығынада құстарын тез жемдеп, жаңа жерге, өзен суына, ұйысқан қаздың тобына жіберуді тапсырды. Өзі бүркітін тұғырына алып астаудағы етті, алдына қойды. Баптауын бастап, қоңына қарап, денесін тараумен болды. Қалау атына міндіде, қаршығасын қолына алып, жағаны өрлей түсті. Топ үйректер келіп қона бастады. Қолынан «лып» етіп шыққанын байқамай қалды. Жағаға келгенше бүркіт, үйректі бақылап, қонғанын бірден білді. Көкшіл айнадай көзі, алыстағын байқап қалатыны, сүйегіне біткен.

Сол қалпы, зуылдап ұшып, көтеріле берген, алдыңғы топқа барып килікті. Жұмыр соққан қос қанаты бірінен соң бірі, найзағайдың отындай жарық-жұрық етіп, беріп құлата берді, қанатары сынып, майырлып барып, құлай берді, үш-төртеуін құлатып үлгірді. Шапшаңдығы құстың бірден тез алып тастағаны, Бектастың ойынан бірақ шықты. Баптаған қалай екенін, Қалау түсініп, әрбір ұшқан сайын, күтуге бекінді. Құсын қолына қондырып, қонысқа оралды. Айымбет қайықпен жинап әкелуді ұмытпады. Жантас баптау үстінде болды. Азда болса Қалаудан құтылғанын жақсы көріп маңайына жоламады.

Енді Жантастың кезегі келді. Құсын қолына қондырып атымен шаба жөнелді, оның ойы қараша қаздың өзіне жіберуге, тобын іздеді. Әлден соң, қолындағы батынасты, ұрып қалып, бүкіл құс «дүр» ете түсті, қаршыға тез ұшып, зулаумен топқа киліге түсті, Аяғын созып, аюлы тырнағын ұзарта түсіп, қаздың басына жармасып, ұзын тамағын орып жіберіп, екіншісіне бас салды, аяғының алып күшімен тұяғын батырып, денесін қысып тастап, суға лақтырды. Қаз қаршығаның соққысын көтере алмай жан тапсырды. Жантас жетіп келіп, жағадан қаршығаны: Кеу!Кеу! леп шақырумен, қолына қондырды. Жантаста олжасыз емес, Қалаудың мазағына төтеп беруге енді дайын тұрды. Қалау тағыда жіберуге құсбегін қолына отырғызып, жағадан бірақ шықты, Бектас байқап тұрып, көзін алмай біраз жерге дейін қараумен болды. Бабы келіспеді ма? Құсбегі салқын ұшып, топты жіберіп алып, аспанды айналып, биік теректің ұшар басына қонды.

Қалау бұлай болады деп, ойлаған емес, теректің тұсына жетіп, қаршығасын шақырып алып, кейін қайтты. Бұл күн мен үшін жолым болмады деп, уайым етті. Айымбет бет алып, бағын сынауға, өзі бастап, қара жорғасын бір тебініп, жолай тартты, қаз бен үйректің нағыз тобырына барып ілікті. Қолын көтеріп бағыттай берген қаршыға, қараша қаздың үлкеніне жармасып, алыса түсті, қаз қанатын қайта-қайта соғумен бүркіттің уысынан шығып, сытылып барып, қаңқылдаумен тобына қосылды. –Қарап тұрған Бектас ызаланып: Бұларға не болды, Айымбетте жайына қалды!-деді. Тұғырындағы құсты, баптауды тездетіп, Бектас өзінің құсын жіберуге биімдеп, ат тұғырына отырғыза берді. Құсбегі алысқа көз салып, ат үстінде тыпыршумен, жағадан ұшқан құстарды көріп қалып, артынан «сойқанды

сала» зымырап тартты. Қанатын керіп алып, бойын ықшамдап, соңына бірден түсіп дауылдатып барып «сарт» еткізіп оңды-солды, қанатының күшімен найзағайдай атылып, біразын құлатып түсірді. Су беті, ақ тұманға толы, қаз жүндері бұрқырап алып кетті. Олжа көбейді. Бұл керемет!-десті достары.

Қалау жалма-жан қайықпен жүзіп, бәрінде жинап алып алып шықты. Жүздерінде күлкі ойнаған бұрынғы қалпы, Бектасқа риза болып, өздерінің қаршығасының әлсіздігін ұмытып, орны толды!-деп шүйіркелесе бастады. Бектас оралысымен: Сендер бір аз нәрсеге мойымандар, бүгін болмаса, ертең алатын боласындар, тек ерінбей баптаудың жолында болғандарың дұрыс!-деді. Ойласқан олар: Шынындада біз, бастаған істі, жолға тастап, тездетумен әңгімеге ауып, бос қыранның баптауын ұмытамыз, бұл дұрыс емес, бастаған істің аяғын тосумен болғаны дұрыс!-десті. Дала қыраны қанша дегенмен, бабын келтірмесең, кішірейіп жегеніде бойына жұқпай, күші кетіп әлсіздік бойын алып кетеді.

–Астауды жартылай бермей етті толтыра беріп, тойғызған дұрыс, олардың тамағы басқа емес-«тек ет»!-деді Бектас. Ол кезде түс ауған кез болатын. Шапак атқан күн сәулесі, жарқырай түсіп, өзен бетін күмістей жылтыратып, көзге шағлысып, қарай алмайсың. Құс базары тоқтар емес, бірі кетіп жатса, үлкен топ ұшып келіп, су бетіне қонып жатыр. Пырылдаған үйректер ерсіл-қарсыл ұшумен айдың көлдің суындай, өзен бетін берер емес. Бұл жақсы ырым, ырыздық халықта болғаны абзал, сол үшін Махмет Бектасқа тапсырып, сенім артқаныда сол еді. Қалайда орындап, ел игілігіне бір сәт, жәрдеміміз болса, халықтың көңіліде өсіп, біздіде ойлайтын адам бар екен!-деп түсінеді. Бектастың ойынан осы сөз, ешқашан шыққан емес, әрбір кезін босқа жібермеуге тырысып, осы өңірге жеткізуді қалады. Сонан соң, Саға өзеніне баруға, ойын білдірді, алған құстарын сол өңірдің жұртына тарату!-деп ұғынды. Бозжігіт Бірліктен, колхоз жұмысына араласып, оп айдап саман басқалы, біраз болды.

Сол саманның әдемілігінен қаншама үйлер салынып, бой көтерді. Мықты шыныққан жас жігіт, ажарыда ешкімнен кем емес, күнде атымен пар өгізін суаруға барғанда, өзен бойынан бір сұлуды көзі шалды. Бірақ ол қызды бұл ауылдан кездестірген емес, бірақ қолында шелегі бар олда суға келген тәрізді. –Бозжігіт екінші күні тағыда көріп қайран қалды. Бұл кім өзі? Қайдан келген қыз? Ешкім айта алмады! Бірақ өте сұлу, ажары киген киімімен қоса бойына жарасып, жігіт көңілін ала берді. Бозжігіт көргеннен бері, айдың көлдегі аққу сыяқты, көз алдынан кетпеді. Қалай тауып? Тілдесем!-деген ой мазалаумен болды. Қыз сонан соң, су алуға келмеді. Тек басына орамал тартқан келіншек, алдынан шығып көлбеңдей берді. Айтпақ ойы барма? Қараумен болды. Бозжігіт қасына жақындап сөз тартып: Бұрын сыпайы бір қыз суға келе беруші еді, енді сіз дамыл жоқ, шелекпен қатынауда болдыңыз!-деді жылы сөйлеп, қызды біліу еді. Келіншек пысық, жалт бір қарады да: Оны қайытіндеп ең? Ол менің туған сіңілім, ауылдан келді, қалада оқуда болатын, ертең осы жерден бірден қалаға оқуына кетуі керек, демалысы бітіп

қалды!-деді келіншек. –Қалай кездесуге болады, танысып білгім келеді!-деді жігіт өтініп сұрап. –Жарайды онда, анау тұрған шеткі ақ үй біздікі, соның маңына келіңіз, мен сәлемінді айтып жеткізейін!-деді келіншек.

Бозжігіт қуанып кетті, атын тез суарып, үйіне барды да, дұрыс киініп айтқан үйге бет түзеді.

\* \* \*

Күнде ұясына батып, қараңғы көз байлауға жақындай түсті. Үй маңында үлкен өскен жалғыз ағаш, жуан терек тасасында адам көрінер емес, сол терекке барып тұрып, қыздың келуін күтті. Әлден соң, сықырлап сырт есік ашылып, өзі көрген сұлу бикеш шыға келді. Жігіт көрініп, ағаштың тасасынан қызға қарай жақындай түсті. Қызда көрген жігітін, бірден танып, өзен жағасындағы кездесуін есіне алды. Бірақ таныс емес, бірін –бірі білмейді, көз жүгіртіп ұнатып қалғаны болмаса, атында білмейді, бірінші көруі еді. Қыз сыпайы танытып жақындай түсті. Сіз ба? Шақырған! Қандай жұмыспен!-деді қыз. Мен сізді бірден ұнатып қалған едім, ең болмаса танысып, атыңызды білейін дегенім еді!-деді жігіт қолын ұсынып. Менің атым Бозжігіт, ал өзіңізші?-деді.

Қызда қолын беріп: Менің атым Сырсұлу!-деді. Енді міне таныс болдық, мен осында тұрамын, колхозда жұмыс істеп жатырмын!-деді. Ал мен болсам оқуымды жақында бітіріп, мұғалімдік мамандық алып, осы ауылға орналассам ба деймін, жаңа мектеп, көп салынған үйлер, әдемі ауыл көркі, қызыл отау, еттекке тартылған қайың ағаштар, жазық дала, жайлым өрісі, бәріде сұлу табиғаттың қалпын жасап, көркейе түскен! Жастарыда көп, кең пидалы жүздері жарқырап, кішіпейлік танытады. Егіс алқабыда мол көрінеді, нанғада тоқшылық байқалады, сондықтан осы ауылды қалап, оралсам ба деймін!-деп сөзін салмақтап, сыпайы сөйледі. Аппак жүзінің төменгі жағында, қара нүктелі меңі бар, сөйлеген сайын тамаша ақ тістері көрініп, оймақтай ауызының жұқа еріндері, бірге қозғалып қояды.

Қолаң шашы, қиюлы қара қасы, бетіне өң беріп, ажары ашыла түскендей, пысық қыз екенін бірден аңғартты. Жігіт ойы бірден алып ұшып, осы өзімнің іздеген, болашақ жарым!-деп ішінен жорыды. Соққан жүрегі, бой тартқан денесі мазасызданып, қызды ұнатқанын айтуға батылы бармай, жай сөзбен шектеле берді. Жарасқан киімі, жібектей созылған белімен жұптасып, сәнді етіп бейнесін көрсете берді. Айтары жоқ! Жігіт қатты сүйіп қалсада, қалай жақындап, ең боласа қолынан ұстап, бойымның қызуын бассам!-деп армандаумен болды. Қыз жолатар емес, сыпайлық танытып, сөйлеумен болды. Кейіп кетіп, қолын ұстасам, бұл ақымақ па? Әлде есі дұрыс емес, ақылсыз ба?-деп ойлап қаладыма дедім. Сондықтан қалайда ебін тауып, қыздың әр сөзіне жауап беріп, бар білгенімді ортаға салдым. Қызға деген, асыл махаббатым, қатты сүйіп қалғанымды жеткізу, маған оңай болған жоқ! Қызда сезімтал менің қысылып тұрғанымды, аңғарса керек: Сіз қысылмаңыз, менде өзіңдей жаспын, аспаннан түскенім жоқ, бар болғаны бір-екі рет өзен жағасында көргенім болмаса!-деді.



Бозжігіт: Мен сіздің алдыңызда қатты қысылсамда, ойымдағы бар сырды, өзіңе айтып, ашылсам ба?-деймін. Айтыңыз мен тындайын, не сырыңыз бар, бүкпеңіз!-деді. Мен көргеннен бері бірден сүйіп қалдым, сол кезден бастап ұйқыда қашты, алаңдаумен болдым, сонда таныспай жіберіп алғанымға өкіндім, бірақ жолым болды, өзіңді көріп танысқанымға!-деді Бозжігіт. Менде бірден ұнаттым, сұлу келбетіңді көріп, осы жарым болса ғой шіркін деумен, уайымда болдым!-деді Сырсұлу. Жігіттіңде күткен сөзі осы еді. Қызу тартқан қолын, қыз қолына соза берді. Ақ білегінен ұстап, қолын өзіне тартты. Қызда қымсынбады, жігіттің ажарына караумен болды. Көзін қадап, ажарына сүйсінгендей, бейне танытып, күлімдей түсті. Сырсұлу ашыла өйлеп: Ал енді мен оқуда болсамда, қапаста жүрген жанмын. Мені үй ішім, сыртымнан айттырып, қалың малын алып, Дүзбан деген кісіге беруге шешім қабылдап, қойған көрінеді.

Ол Дүзбан шал адам жетпістер шамасында бәйбіше-тоқалынан бала болмаған соң, елінен мал жинап, жас қызға көңілі ауып «кұлшылық» еткен. Ел жұрты, ағайындары қарсы болмай, құптаған көрінеді. Сол қапастан қалай шығарымды білмей, кейде оқудан келген соң, жылаумен жатып қалып, сабағымнан қалып қойған күндерімде болды. Ойыма түскен сайын: Алдымда тік жар, құласам тік жар ішінен айдахар шығып жұтып қоятындай түс көріп, шошып оянам. Қыз деген өте жасық, байлаулы түйенің ботасы құсап, боздаумен әркімнің жетегіне еріп, кете барады, менінде бүгінгі халым сол болмақ. Естуімше өзім көргенім жоқ «Дүзбан» өте қатал, айтқанынан қайтпайтын, қара сұр жылан көрінеді, «жердің түбіне кетседе суырып аламын» дейтін көрінеді! Содан қатты қорқамын, үйімді тастап, осы жақтан пана іздеуіме тура келді!-деп қыз көзіне жас алып, біраз жылады. Бозжігіт: Сен енді жылама, қасыңда мен бармын, ешкім сені басынып, зорлықпен әкетуге жол бермеймін, жастарды қорғайтын үкімет бар!-деп құшағын жайып, қыздың асыл денесін өзіне тартып, уатқандай болды. Қыз денесі қалшылдап, қорқып қалғаны басылар емес.

Дүзбанның сөзі бойынан кетпей, ұйықтаса ойынан кетпей, әптен қорыққан. Сол қорқыныштан үйінеде жоламай, күйеудегі апасының үйіне келіп, паналап оқуын бітіруге азақ қалғанда, жендеттерімен түнді басып, «алып қашуы» ғажап емес деген ой мазалап, келгендегі беті еді. Апасы сұлу жігіт Бозжігітті сырттай естіп білетін, кейде көріп, сіңілісіне ұнатып, жар болуын қалап, ой қорытып, таныстыру амалын жасап, суға жіберуіде, сол жігіттің дамылсыз келіп, атын суаратынын білетін, өзі көріп ұнатып танысар деп, оқудан шақыртып алуыда сол болатын. Қыз бірден: Мен енді сендікпін «өзімнің сүйген жарым»деп, өмір сүретін боламын!-деді қыз бойын жігіттің құшағынан алмай.

Жігітте: Сертім- серт, менің «мәңгілік» Жарымда! Жанымда сен! Мен енді сенің қасыңда бірге боламын, оқуыңада бірге барамын, қорықпа!-деді Бозжігіт алғаш рет, аузынан сүйіп құшақтап, қызуын басты. Қызда мойнына оралып, денесіне жақындай берді. Жігітте өзіне тартып, әсем денесінің, жінішке белінен қапсыра

ұстап, оймақтай аузынан сүйе бастады. Қос жүрек жаңа табысқандай болып, нұрға бөленумен, отты денелері лаулаған оттың жалыны құсап, жігіт қыз бойына, ыстық қызуын бере бастады, қыздың күткен сағынышыда сол еді. Көп ұзамай Бозжігітпен, оқуға бет алды. \*\*\*

Қыз үйі Құмжотада, сонау Қамысты бойындағы Орқаштан, аттылар келіп, берген берешегі бар, көп жылқыны матап байлап, әкелгенде солар, Дүзбан бастап өзі келіпті! Қызды әкету жоспарын жасап, шабармандарды да дайын еткен. –Қыз әкесінің қарсы алмасқа амалы жоқ, құда түсіріп алдына көп мал салып, айдап жеткізіп бергенде осы Дүзбанның өзі. Бұл аумалы-төкпелі заманның кезегінде барын беріп, қызым жас деген соң, пісіп оңды-солын тануы керек деген еді, біраз күтіп құданы мазаламаумен болды. Тобыр аттылар, ауылға көрінбей жоқ болды, шулатқысы келмеді, олар жақын тоғай ішінде тығылып, жалғыз атты Дүзбанмен хабарласып, келіп отырды.

Дүзбанның соңында үйге келген, үш-төрт адам, қыз әкесін ортаға алып, бұрынғы беріп тастаған, көп жылқыларын айтып, көңілдендіріп қайтқанын есіне салды. «Қыз дауы» өрши бастады. Төрде отырған төспелер біріне соң бірі сөзді қағып алып, ұзақ сөйледі. Қыздың жасауына дейін, өздері жасап, ақотаулы үйі бар екенін айтып, бәлек бола бастады. Бүкіл елде келіннің келуін күтіп, оң жол тілеп Дүзбанді шығарып салғанда, қалың жұрт, сол елдікі болатын. Төрде төселген көрпе үстіне тағы да қалыңғып салып, қос жастықпен ыңыранып, Дүзбан өзінің сөзін сөйлеген соң, кеуіп бар істі тындырғандай, байлығына сеніп, пісіп отырды. Маңызды сөйлеймін деп, жұрттың мазасын қашырды, тұрпайы тұяқ, сылқымды бейнесі, опай-тұпай асқан келбетінің, адам көргісіз түрі, жаны бардың заты жоқ, құбылысын жасағанның өзі. Кім сеніп! Кімге опа бергендей? Даңғыл мұса, денесін кәрілік басқан дың кеспенің өзі. Сүйтіп отырып, қалай айтып, қызда үміті барын, осы үйге кірісімен, бастағанда сол! Айқышталған соқпақта, кең жаурынды, жендеттерде іздегені қызды алып түсу. Ілмешек сөздеріде, бәрін бір ұста соққан алып кетер алпауыттар! Тіміскілеп жүріп, сұрап жүріп, нағыз қыздың әдемі көріктісін, бойында тек асыл сөздері бар ақылдысын, шертіп жүріп, ел аралап біліп алғанға ұқсайды.

Дау қыза бастады. Дүзбан қасындағы, қосшыларына беріп, сөйлетіп қойды. Өзінде сөз бастап: Жақында өзіммен қатар ағайыным, Торғайдан барып құда түсіп, жас қызды қойнына салып, соның құдайысының ішінде болып, аттанып келген бетіміз еді!-деді. Тағы да сөз солардан шықты, ол былтырғы түскен қызды айтып, бала сүйгенін әңгіме етті. –Шынында да қазақтың үлкендері көреген, болашағын болжап, келер ұрпақ өзінің өмірін ұзартты деп мәз болып, «тоқалдық» жол нағыз айқын жол, руын көбейтіп, ата-дәстірін ұстайтында осы!-деді тағы біреуі. Бұзылмас қамал болған қыз дауы, созыла берді.

Астан-кестен шыққан тар өмірдің жолы «Тар жол тайғақ кешу болып» қала берді. Әптен әктіленіп, ер аралап, кәсіп етіп, жас қыздарды ұрлаумен, шал қойнына

салып, айласын асырғандардың өздері жиналып, ешкімді сөйлетер емес. Өзекті сөздің өзегін құртып, кер тарпалығымен елді бүлдіріп, шулатып, арттарында із қалдырғанның өздері, жұрт аузынан: Қара жер жұтсын! Көгермесін! Көктей жұлынып, көмусіз қалсын!-деген сөздерді естіп жүрседе, ойларын алысқа салып, қыз бейнесін өздеріне жақындата берді. Қыз әкесі Сарқыт: Мен алғаным, өткен заманның еншісінде қалды, қазір басқаша, ол мал төңкеріс кезінде қолды болып «аласапранның тұяғына ілініп» дымы қалмады, менде орнын сипап, өрістен оралып, жоқ болғанын көзіммен көрдім!-деді. Ендеше солай демеймісің «сауда-сақал сипағанша» деген осы!-десті бәрі дүркіреп. Жылқы қайда? Қыз қайда? Бәрі біттіме?-десті отырғандар тыпыршып.

–Жоқ! Бұлай болуға тиісті емес, бір жылқы емес, бір үйірді қалай жоққып жіберу, дегенің не? Ешбір амалға симайтын қулығыңда айтып не керек? Табасың! Таппасаң өзіңнің сорың біз малмызды жібермеспіз, тек қызынды берсең болды, өзің жайыңа қаласың!-деді Дүзбан ашуға булығып. Дүзбан қасындағы қосшысын басқып, жендеттерді қосып: Бүкіл жайлымды тексеріп, бар малдың ізін біліңдер, нақа жоқ болса, олар орнын басатын етіп, айдап әкетеміз!-деп ақырын құлақтарына айтып, жеке тапсырмамен аттандырды. Олар бірнешеу болып қыр асты. Жалпақ жайлымды аралап, өздері білетін, айғырды іздеді.

Құлаң жүздің, құйрығын тартты, ат сабылтып дөңес шапты, көрінген жылқыларды аралап, айғырды танып, көкшіл биелер солардыдікі болып шықты. Олардың малының тұқымы басқа, түрлері бөлек, ажыратып түгендей түсті. –Қыз әкесінің шайып салма сөзін, жоққа шығарып, бар малы орында екенін, айтып келіп жеткізді. Құда Сарқыт Сен бізден құтыла алмайсың, жылқың орнында, өтірік айтып не қылғаның? Онда келіскенің дұрыс, өзің айтып, өз сөзіңнен айнығаның қалай? Бермек барда-алмақ бар!-деген қазақ атам. Сол сөз даналардың сөзі, біз неге аяққа басып, солардың айтқанымен жүрмейміз, «елде тыныш, жұртта тыныш» сол тыныштық тек өзіңнің қолыңда «сабыр түбі сары алтын»-деп өзіңнің сөзіңді күтудеміз!-деді Дүзбан. Тоқырау заман қай заман? Әлеуметтік ісімізде оңға басып, ел аралап, үлкендердің батасын алып, қойнына өзі қалаған қыздарды апарып салғанымыз, осылардың бәрінің есінде, нанбасаңыз сұраңыз қалаған адамдарыңнан!-деді қосшы би.

Ауыл адамдары үйден Сарқыттың көрінбегенін біліп, қатары жиналып оншақты болып, үйіне кірді. Сірескен құдалар тұрар емес, келгендерді жаратпай, төрді өздері алып, ығыспады. Қатарласып келіп жайғасты. Қанша олар сөзге жүйрік болсада, ауылдың үлкені Жайраннан ешкім асып кете алмады. –Оларды сөзбен тойтарып, дымын шығармады. Қашаннан бері, жас қызды саудаға салып «қыз дауын» тудырып, дала қасқыры құсап, тыныш жатқан елімізді ойрандап, қызды «тоқалдыққа» әкетуге жасаған қандай әрекетің бар, ең бірінші маған соны айт!-деді Жайран Дүзбанға бас салып. Жоқ біздің бұрыннан еншіміз бар, құда түсіп, алдына жылқы салып, әкеп қонақ қылғанымыз есінде! Сол келісіммен келгеніміз бүгін

үшінші күн, дауымыз бітпей, келісім болмай дағыдарып тұрғанда, сендер келіп, кірісіп кеттіңдер!-деді күйеу. Амал құрыды, сөз басылды. Бірақ қыз дауының шегі болмады, келгендер өзінше басты, ауыл адамдары қиқылжынды су сепкендей басты. Арада бірақ сөз айтысы кезекпен тоқтамады.

Әркім өзінше ойын айтып, қыздың ұзатуын қалады. Олар кімдер-келген майталман дүрде жыққандар. Жайран байсалды сөйлеп: Бұларың ешбір шараға симайтын «басым» зорлық, бұлай боларын кім ойлаған, ортадағы ең алып алар ақылды қызымыздың бақытын құлатып, болашағын кесіп, өмірін тас-талқан қылу кімге керек «жарымаған жанның басын ит жеген» кулардың ісі түкке аспайды, қу мойындарыңды қуартқанша, тірі тұрғанда елдеріне барып, қатындарыңды қуантқандарың дұрыс, айтпағымда осы!-деді Жайран. Сопиып тікен құсап, аластатып үйден кетіру, ауыл адамдарының іштей ызасы қайнаумен болды. Томпиып тобық бұзардеп, келеке етер кезектің жолын тосты. Буылдыр тартқан өңірлері сөгіліп, пышырайып жағыдайларыда кете бастады.

Гүжілдеген Дүзбаннің сөзі «аяқ басты, сөзі қашты» кебінін кийіп үндемес болып, тығылумен састы. Кейде берген малын сөз етіп, көпшілікке айтып, беріп тастағанын тұмар етумен жеткізген болды. Қыз мал емес, сатып берер сарт емеспіз!-деп Жайран қайтарып тастады. –Алар тұяқта жоқ, ол енді сенікі емес, қыз әкесі Сарқыттыкіде емес, үкімет малы!-деп Жайран екеуінде сөзбен тоқтатты.

Мұжырайып барып, мұрнын ұстап отырып қалды. Қасқыр болам деп, бәріне жөн айтып, арсылдаумен ешкімге сөз бермей, өзі ғана сөйлеп, құданы басып, сөйлеткізбей тасағаны, бұлай қалды. «Өзіңнен зорлар шықса өзегің қиылады, асыптасу шайылып тынады»-деген осы!-десті. Қыз бақытын ешкімде қиалмады. Таусылған ағын су құсап, өте шықты. Дүзбаннің қыздан үміті бір жола үзіліп, жардан құлағандай болып, сола бастады. Айтар сөзінде бітіп, қосшыларын жұмсап, Жайранға тойтарыс беруін қалап, ым қақты. Одан ештеңе өндіре алмады, қосшысы сөз бастай бергенде, Жайран бірден аузын жауып ашырмай тастады. Кесектеп айтқан сөздері, өңменін өтіп, өзегін майыстырды, сасқалақтап барып, топай құсап, тобыры шықты. Алас-күлес өздерімен өздері күбірлескен болып, енді сөз айтуға беттері бармады. Құр сөз-құрама сөз болып, аяқ асты болды. Жанталасқан олар қай жағынан тиісудің амалын таба алмай, өңдері сұрғылт тартып, бойларын баса берді. Көкректері қақ айырлып, сынған шыны құсап, шетінеп біте бастады.

Әлден соң Дүзбан: алыстан келгеніміз болмаса, бергеніміз болмаса, ештеңені алмадық, үш күнге созылған айтыстанда дәнеңе шығара алмадық, айтқан сөзі, құда болып келгені, есте қаларлық болсада, жай болып, аспанға ұшып тосылды, ұшқын шаң болып, маңайды торлап жоқ болды!-деді Дүзбан қатты қинала сөйлеп. Жайран: Сен қалай ойлап ең, «қыз дауын» жасап, қызара бөртеп, өміріне балта шауып «қатынғып қойныңа жатқызып» ойынды іске асырғың келді «тоқалдыққа» алып, қара түнекті орнатып, бүкіл шаруаны істетіп қойып, бәйбішеңе бүкіл билікті беріп, біздің қызымызға «отымен кіргізіп – күлімен шығару» ешқашан бола

қоймас, ойлағаныңды өзің басыңа жақ, олда өз сүйгенін табады!-деді. Сырсұлу оқуын аяқтап Бірлік ауылына, сүйгені Бозжігітпен, жолаушылармен ілесіп, қара жол үстімен, ат арбаға отырып, бет түзеді. Аспанды басқан бұлттарда, жаңбырға ұласып, күн күркіреп найзағай ойнай бастады.

Жауған жаңбырда құйып өтті. Бозжігіт шапанын шешіп, Сырсұлудың денесіне жауып, жаңбыр өткізбеді. \* \* \*

Өзі денесін құшақтап, салқын ауадан қорғап, тоңып ауырып қалмауын, бақылаумен бар амалын жасаумен болды, денесін қымтап құшағынан шығармады. Асыл жарын қатты сүйді. Бел асып, көп ауылдарды басып тоқтаусыз Көкбиеге келе бергенде, алдарынан түсі суық екі атты, арбаға жақындай беріп, тарпа бас салды. Қызды әкетуге әрекетеніп, ұмтыла бастады, қолынан шап беріп ұстап, аттың үстіне сүйреп, алып қашуға тырысты.

Бозжігіт қарулы қолымен қолындағы, сойылды жұлып алып, басынан беріп құлатты, атқа тез мініп алып, екіншісін желкесінен ұстап, лақтырып жіберді, екеуінде ат бауырына алып, союмен қолдарын арқанмен байлап, сай бойына тастады. Сырсұлуда атқа мініп, шауып отырып, Бозжігіттің қасына келіп: Жүр кеттік!-деді. Қыз жасынан атқа құмар, әке орнына малдыда бағатын. Қосылған екі жас, атпен шауып отырып, жігіт ауылынада жетті. Үй маңына бара бергенде екеуіде аттан түсіп, тізгінін қолдарына алып, ақырын аяндап, тігілген отауға жақындай түсті.

Алдарынан келген қалың жұрт, бірден қоршап алып, қыз-келіншектер, қыздың басына шәлі жауып, алдарынан шымылдық ұстап, отауға кіргізе берді. Әнмен бетін ашып, шашу шашылды. Қалықтаған ән әуені кең аймаққа жайылып, сала берді. Ауылда ешкім қалмай түгел тойға жиналып, тамаша әндер айтылып, зарлы мұңдармен жыласқан халық, тыңдаумен болды. Қыз бен жігіттер айтысыда, көрші ауылдан келгендер, кілең өнершіл жастар, домбырамен шырқап, бүкіл елді мәз етті. Ол кезде Жұлдызда, осы ауылға келген беті, естіген қыз тағыдырына бірден ара түсіп, қыздың ауылына НКВД-нің майорын жіберіп, түгел ұстатып, қаланың түрмесіне әкеткенін жеткізді. Қыз бен Жігіт қуанысып, жолда болған, оқиғаны айтып жайып салды. Жұлдыз халық алдына шығып: Сендер көбің білгенде шығарсыңдар сүйген екі жастың өмірі, аяқтан тартқан қас жаулардың қолына түсіп, өздерінің өжеттігімен құтылып шығып, «үйлену тойын» жасап, өз бақыттарын тапты. Осылай көбі қосыла алмай құрбан болып, кешеғана Айдархан мен Айжібек өмірден өтті!-деді Жұлдыз. Жұлдыздан естігендер көзіне жас алып: қандай аянышты жас ғұмырын жерге жасады!-десті.

–Тойға әдейі келген Жұлдыз өзі ұйымдастырған «Ән көші» ауыл-ауылды аралап, халықтың көңілін көтеріп, думалы әндер шырқалып, совет заңдарымен танысты, заң өкілдері бірге болып, жұрттың көкейіне жеткізумен болды «жаңа

өмір-жаңа салтпен» қалана бастады. Бүгінде сол, Жұлдыз өзі бастап, Данагүл мен Ақжарқын әндерін тыңдаған жұрт, қол соғумен қошеметтерін аямады.

Данагүлдің «Замана-ай» әні, оның мұнды дуысы, бүкіл отырғандардың бойын алып, көздеріне жас алып, егіде кісілер жылаумен болды, өмірдің қатал тауқыметін көргендер болған істі басынан өткізіп, «жауыр-жапамен» өмір өтізгенін, есіне алды... Ауыл қыздарыда көп болды. Жарасымды киінген, сұлу жүздері, бойына түскен, ұзын бұрымдары, қосыла бітіп ән салумен, кешті көңілді өткізуге тырысып бақты. Соңынан ұлтық ойындармен, қос ауылдың айтыскерлері, домбырамен шырқата түсіп, Ән-қалжыңмен бірін-бірі түйреумен қалың жұртты күлдіруде болды. Бұрын-соңды болмаған «үйлену тойы» екі жасқа арналып «Ән көші» шырқалған ән, тамылжыған бойды алып, көңілді көтеріп, қуантып тастады.

Жүрекке орнаған асыл сарын ғажайып құбылыс керуеніне ұласқандай, сырғалы мойын сымбатымен көрінген қыздар үні жалғасын тапты, өмір ошағы мәңгілікке орнағандай болды. Сұқсын тартқан тағы аң сыяқты, артта қалып, бір жола жолыда кесілді. Ол өткен өмірдің аянышты белесі болып қала берді. Тозығы жеткен тобырлар, топай болып, қатып сенді, күнмен қоштасып, қара торға бас тіреп, бір жола жоғалды. Әнде айтылып, біразын жылатты... Қапас өмір қайғымен бітті. Бозжігіт өз жұмысын тапсырып, бұрынғы жылқысына оралды. Күн бауырға түсіп, келе жатқан кез еді. Жайлауда үйір жылқылардың, жайлымнан басқа жерге, от ауыстырып дамылсыз көшкен бағыты, бір сәтте үзіліп барып, жиілеп кетті. Қайда кетті! Алып кетті! Тиіп кетті!-деп даурығып ел іші жатпады. Осындай тынышсыз күндері сақтық ойлаған Бозжігіт жылқының түнгі өрісін, елдің ортасына қарай беттетуші еді.

\*\*\*

Сол жылқы өзеннен су ішіп, дөңес беткейіне қарай жайылған. Түн баласына жылқының соңында болып, Бозжігіт маңайдағы ат шабысын көріп, мазасызданып жылқының жайылған бағытына шығып, қолында құрығы, жамбасқа байланған жұмыр шокпар, қаруымен қорықпады. Бір кезде өзінің серігіде Сейітқазы, үстінде жалаң шекпені, басына киген жалғабай бөрігін, баса киіп, күлімсіреп барып, Бозжігіттің қасына келіп парласып тұра қалды. Жылқылар бір орнында тұрмай, жайлымнан шеттей берді. Ұзаққыраған жылқыны, құрығын қолына алып, кеудесін жарқыраған айға қаратып, қабдалын жамыла салып, бұрқыратып ала жөнелді. Көз байланғанша болған жоқ, алдынан күрең айғыр ағып өтіп, үйірінен қағылғандай тосырқанып шапты. Келсе үйір жоқ, қайда кеткенін ешкімде аңғармады «Күрең айғырдың үйірі мүдем жоқ»!

Бозжігіт ышқынып шауып отырып, айғырдың соңынан салды, бүйірдегі қалың талға орала беріп, оқырандап, нос көрсетіп, тебініп келіп «сарт-сұрт» еткен дыбысты тез байқап қалып, айдап әкетіп бара жатқан, аттыларды көзі шалды. Бозжігіттің атыда мықты көп жылқыдан өзі таңдап мінген торысы, қос аяқтап қаңбақша ызғумен алдын орап, қолындағы шокпарын кезеп, бастаушы ұрыны барып, арқасынан беріп ұшырып түсірді, екеуі келіп жабылып, түк істей алмай,

оларды аттан құлатып, жаю топырлатып ат бауырына алып, құрықпен ұрып, денелерін жаралады. Біреуі аяғы сынып жүре алмады, Сейтказы жетіп қолдарын артына байлап, үшеуін бірдей қоныс басына әкеліп, таң атуды күтті. Сейітказы: Сенің болғаның қандай жақсы болды, әйтпесе мені мерт қылып, бар жылқыны айдап әкетіп жоқ қылу еді!-деді.

Ертеңіне Сейтказыны жіберіп хабарын айтып, ұрыларды түгелдей ұстап әкетті. Сейітказы жас жігіт, өзінің сүйгені бар, бірақ аққан жұлдыздай, сөніп барып жоқ болды. Өшкен емей немене! Қызығын, ыстық жалыны дәл осы жылы бір кеште Ақерке аз күнде ғайып болды. Шүмектен күйеу келді. Осы жолы алғалы келді, әкетеді!-дейді. Сейітказы тек дерт құшып, айырлу зарын зарлап, қалғалы тұр. Қылал шара барма осы дүниеде, жоқ па? Өмір осы жастықтан басқа тілегі жоқ. Ілгері тілеудің бәрі орындалмай бетіне қалды. Тек қана бірақ тілеу-ол соның жолында өлу, өзін мерт қылу, деген ой жетелеп, мұңын ала берді. Ұзын өрім, қолаңшашын мойнына орап, қыпша белден қысып өзіне жақындатып, жұмсақ ернінен қайта-қайта сүйіп, тұратын күн болса, бар арманым осы деп, қимас едім, ар жағы мені жалмап әкетседе өкінбес едім.

Арманымда қынжылу болмас еді. Сейітказының Ақеркесіне айтқан зарыда сол еді. Қызды келіп алып кетті. Қоштасып зарлы үні, елді жылатып кетті. Кеткенде мол кетті. Момын ел, жылаумен қалды!-деді Сейтказы қиналып. Ол кезде Сейітказы Бозжігіттің, ақылымен болып, ұйымдаса бастады. Жігіт мұңын тыңдағандар көп болды, ат дайындап, қолдарына қару алып, соңынан шығуды қалады. Ақерке қандай қыз еді? Қызда: жаным сенімен шықсын!-деуше еді. Қою қара қасы маржандай ақшыл тартқан келбеті, бет ажарымен жараса біткен бойындағы киімі, әсем түздің құбыласындай көріне беретін. Сол арман дүние бітіп, жоқ болды. Әке мен шешенің сөзінен шыға алмай, өзі сүймеген адамды барып құшты. Не болды, қара түнек орнаған қыз арманы бір күнде шайылып, ағын су құсап, ағып кетті. Жігітке ақыл салған Бозжігіт қана, «қалайда әкеліп Ақеркені саған қосамыз»-деді. Жігіт қуанып, тәуекелге бел байлап бекінген ауыл жігіттерін көрді. Кең дала төсіде жадырап сала берді. Көк аспан әлемі жарық жұлдыздың көзін ашып, ғашықтар мұңын шашқандай жымың қағып, әлемді жарық қылып жолын аша түсті. Ерке бұлаң төсінде ойнағандай далада құлпырып сала берді. Ұшқан қанатты құста, алыстан сермеп, хабар айтқандай жарының көңілін қостап, айдың көл беті, масатыдай құлпыра біткен, сағымдай жайқала түсті.

Мұнартқан қыратта, қалың ағаш саясына бөленіп, биік тартқан ұшар басы, көкшіл күмбезді аспанмен таласа біткен келбеті, әдемі түрде болғандай, табиғат сұлуымен жараса түскен. Бізде көз алмай қараумен, бағыдарлап бағытымызды болжам еттік. Аттылар шабысы қоятын емес, Бозжігіт бастап, алып келеді. Өзіде кешеғана, табан тірес «соғысты» басынан өткізіп сүйген жарын жауыздардың, жұмған жұдырғынан шығарып алып, тойтарыс бергені, әліде есінен кетпеді. Соқтығыс болмай бітіспес деген елміз!-деп тұжырымдады.

Содан бері тағы Ақерке тағыдыры, аяқ астында жоқ болғанын, есін ала берді. Созылған кара жол, аңқып келеміз. Жол түсіп, қызды қайтарып алу, әркімнің ойынан бір сәт шықпады. Міне келіпте қалдық!-десті. Ауыл шетіне барып, қалың ағаш тасасынан көз салып, ортадағы үйлердің бірінде, тігілген ақотау, маңайы толған адам, ән айтылып, кешкілік алысқа естіліп жатты. Жасырын барып бір үйден, болып жатқан тойды көріп, аяқталуын күтті.

Әлден соң аяқ жүрісі басылып, ауылда тыныштық орнай бастады. Бозжігіт қасына бір-екеуін алып, отау ішіне құлақ салып, жылаған қыз дауысын естіп, есіктен сығалап, жалаңаш күйеудің, қолынан қызды тартып, төсекке сүйрелеп жатқанын бірден байқады. Сейітқазы шыдамы таусылып, кіруге бет ала бастады. Бозжігіт ымдап «тұратыр»деп, тоқтатты. Қыз көнбеді, итеріп жіберіп, маңайына жолатпады. Қауқары жоқ шал, әлі кетіп қайрат қыла алмады. Қолынан тартып, шымылдыққа кіргізе бергенде, қыз жұлқынып, қолын босатып алып бар күшімен итеріп жіберіп құлаттыда, есікті ашып, сыртқа жүгіріп шыға келді, қашуға асығып аяғындағы желең кебісін шешіп, бүгіле бергенде Ақерке!- деп, Сейтқазы бірден құшақтап алды. Қыз бірден сүйгенін көріп, көзіне жас алып, көрген қорлығын айтып, жайып салды.

Қорықпа енді біз бармыз!-деп Бозжігіт қыз бен жігітке тез кету керектігін жеткізді. Бәріде жүгіре басып, аттарымен тұрған топ жігіттерге жетіп, Шұқыр ауылын тастап Бірлікке жол тартты. –Ақерке болған уақиғаны есінен шығара алмады, әлсін-әлсін көзіне жас алып жылаумен болды. –Батыл қыз өз абыройын сақтаумен болды. Қанша айналдырып, қатын етпек болған күйеуге көнбей қорғаныс үстінде болды. Бұл кереметтік!-деді Бозжігіт. Өзіде басынан өткізген жарының оқиғасын әңгіме етіп ат үстінде Ақеркеге айтумен болды. Жігіт бірден үйіне апарып түсіруге бекінді.

Қызда қарсы болмады, енді өмірімді жалғыз өткізбеймін!-деп жорамалдады. Қасындағы достарыда қостап: Ақотауды барған бетте дайын етеміз!-десті. Жігіттің бойындағы арманына ақыл берген осы Бозжігіттің өзі болатын. Сонымен екеуі аттарын тебініп: Жүр!Жүр! десіп, алға шыға берді. Ақерке бұдан бұрын ештеңе айталмайтын еді, енді өз өзіне келіп, бар арманы жан ұшырып Сейітқазыны, ат үстінде жанасалап барып құшақтап: Жаным! –деген сөзді айтып үлгірді. Жігітте: Сен менің «мәңгілік» Асылым!-деп, қолынан тартып, аузынан сүйді. Екі жас жаңа ғана табысқандай болып, бүкіл қорлықты бойынан шығарып, сұлу жүзімен жайраңдап шыға келді.

Арттан айғай шығып, қуғыншылар дөңестің үстіндегі кара жол шаңын бұрық еткізді. Бозжігіт қолдарына қаруын алып, сәл айалдап, келуін күтті. –Жігіттер қарулы топқа қарсы тұрды. Таңда атып, аспанда шайдай ашылып, тынық жел баюлап барып, басылғандай болды. Бозжігіт алға шығып ентелеп келе жатқан егіде кісіні көріп, қолында ұстаған шокпары, салып өтуге дайындалып, жалпылдап шапанының етегі, қоса қозғалып, бойын ыңғайлай берді.



Бозжігіт төбелмен қарсы шауып, құрықпен белуардан беріп, жалпайтып жерге бірақ құлатты, сол жатқаннан мол жатты тұрмады, оның атын ұстап алып шылбырымен жетектеп, ауылға бет түзеді. Олар бірден қорқып батылы бармай, сол орнында қозғалмастан тұрып қалды. Аяғы сынған кісіні, атқа мінгестіріп, кейін қайтты. Қарулы қолды олар бірден байқап, қашқан тек жігіт пен қыз ғана деп, ойлап оларды тез алып келеміз, деген шабармандар, ойынан ұтылып барып жоғалды. Ақерке сөзі жігіттің арманыда сол болатын, қыз бар үнімен құмарлық сыбырмен айтты. Екі жастың есін алған жалын бұларды осындай шаққа жеткізді. Олар армансыз бірін-бірі сүйумен болды. Жаным!Жарығым!-деп, жігіттің бетіне, ып-ыстық бетін басты. Көзіне толы жаста кетті. Аздан соң, өзінің тамаша бейнесін, жігіттің бойына бергендей болды.

Екеуі ат үстінде болсада, бірін-бірі жібермей, сағыныш сезімдерін білдіріп, қоя берді. Құдайдың бергені, жолымыз түсіп, жарымды алып қашып, келе жатқаным, маған берген бақыты, аман-сау қыз қалпында қайтарды!-деп қуанып жүзі ашыла бастады. Барарда ойым -ойға бөлініп, санам мыңға таралып, қорқыныш билеген бойымыз, жаудың асуындай болсада, қамал бұзып, алып кетер жайымыз бар екенін бірақ түсіндім, сол жетелеу, мен үшін арман белесі болып, орындалды. Сұмдық сыры, күйеу зорлығы, түкке аспады. Өз қолымыз өзімізге жетті, қуаныш сәті орнады «мәңгілікке» орнады.

Жайлымда болған тартыс «ұрлықта» осылардың адамдары, айласын жасырам деп, қолға түскені, Бозжігіт қарулы қолымен соққы беріп, қайтарған-ды. Бұрыннан, жасырын Ақеркені білгенде солардың адамы, келіп-кетіп, сөз байласып, мал тоғытам, бай етем деген кара сөзі, қаперінен шықпай, бай-балам жасап, әрекетте болды, алдап тастап, қыз әкесін көндірмек болды. Олар келіп, қыз әкесіне кісі салумен қатар, ес жия бере, көлденең ара ағайынға кісі шаптырған. Естіген жұртта: Арандатып, жас қызды, қалай әкетудің амалын жасап, қулықпен келгендердің бәрін шығарып жіберіп, оңаша өздерінің арам, ниетіне көшіп, күлекей қылған. Бергеніде жоқ, жылқыда жоқ, бірақ қызды алып кетті, пайдамен кетті, санды соғып қалған жұрт, әкесін кінәлап, күнәкер!-десті. Бәріде артта қалды. Қыз бен Жігіт айырлар емес, бірден Сейітқазының үйіне келіп «келін» болып түсті. Әке-шеше арманыда сол еді, Бейсенбек пен Күмісте ес қалмады, бүкіл ауылын шақырып, тойын өткізді. «Қыз дауы» басылмады, Шұқырдан Тұмақ күйеу, жасырын жендеттерін жинап, Ақеркені, әкетудің амалын жасап, Бірлікке астұртын келіп, өзен жағасындағы қалың ағаштың арасына жасырынды. \*\*\*

Күйеудегі қыздың үйін түн баласына торлаумен болды. Қарулы қол, сайдауыттай күштілер, ешкімнен қорықпай, қаймықпауға бекінді. Тұмақтың бар арманы, қызды алып, бауырына басып, енді айрылмасқа бекінгенін айтып, жендеттердің мықтысын жібергеніде сол еді. Кетіп қалған қызды қайтесің, ол өзінің сүйгеніне шықты!-десті. Күйеу көнбеді, алғашқы бетін ашқан менмін деп,

пәлесін салды. Ақерке қыздың ақылдысы, үйге келісімен жігіт анасы Күмісті шаруадан шығарып, бәрін өзі істеді.

Үйін әсемдеп, түгел жаңадан жасап, көрпе жастыққа шейін өзі тікті. Тұсына атлас шымылдық ұстап, жарының көңілінен шығып, аймалаумен кешкілік қасынан шықпады. Қараңғы түн. Дамылсыз жауын құйып, жер біткенді суға толтырды. Жолды батпақ басты. Алай-түлей дауылда, аспандағы бұлтты айдап, әкете берді. Саябір жел орнады. Әлден соң жауыннан кейін, күн көзі шығып, көгалды қалың аймаққа ұласқан, дала өңірі жасарып шыға келді. Ақерке үй маңындағы сиырларын айдап, өрістен келген бетінде, албарына байлап, сауа бергенде, сырттан аттылар келіп, үстіне қалың шекпен жауып, ат үстіне өңгеріп, алып қашты.

Ауылдан кеткенше үнін шығармай, аузын байлап, жөнкіле түсті. Осы жолы кара түнек, бір жола орнағандай сезінді. Мен барғанмен оған әйел болып, жүре алмаймын, онда менің өлгенім жақсы!-деп бақырған қыздың сөзіне құлақ аспады. Бұл қаспен-қабақта болған, ешкімде білмей қалды. Жарыда қаперсіз, отыра берді. Біраз күтті келмеді, не болғанын білмей, далаға шығып, айналаны қарап, жүгірумен жанталасты. Бірақ түк шғара алмады, үй маңында топ аттың ізін көрді, тез Бозжігітке жетіп айтуды жөн көріп, атына жайдақ міне салып шабумен жетті. Әкетті! Ақеркені тағы әкетті!-деді. Бозжігіт аң-таң: күйеудегі қызда несібар, қандай аюандар еді, тағыда бас салып ұрлағаны несі?-деді. Барған бетте, қызды үйдің бір бөлмесіне қамап, басқа бір адам, зор денелі, бетін әжім басқан, иешілік қылып: Қыз енді ешқайда бара қоймас, мен шал емеспін!-деп кесіп айтты.

Әлден соң желең шешініп қыз жатқан бөлмеден бірақ шықты. Қолдары катулы, күші бар, қолын бірден жіберіп, белінен мықтап ұстап, қызды шыңғыртып, өзінің зор денесінің астына сала берді. Іш кейімінің бәрін жыртып тастап, қыздың ақ денесіне жабысып, жұлқынған қолын артына қайырып, жансыздандырып, күшін кетіріп, өз білгенін, қыз төсіне шығып, ойрандата бастады. Амалы таусылған қыз, бар абыройынан айырлып, жылаумен болды. Қара жуан, біраздан соң қызды тастап, бөлменің есігіне құлып салып, жалғыз қалдырды. Қыз қылар амалы болмады, есік терезеде бекітулі, сыртқа шығар тесікте болмады. Амалы бітті. Бағы құлады. Сүйген жарыда бітті. Бір амалын тауып қашуға, ретін таба алмады. Зынданға салған құлдай ұстап, жан адамды қатыстырмай, маңайына жолатпады. Сейітказы Жұлдызға хабарласып, жасақ отрядын жіберіп, Ақеркені іздеуге бет түзеді. Бәріде келісімен Бозжігіт бастап атқа қонды. Түнделетіп, ауылына келіп, өзі көрген, шал үйіне ат тіреді. Үйді бірден қоршап алып, мылтық атып, дыбыс берді. Естіген көрші-көлемге дейін ауыл адамдары жиналып қалды.

Үйден дүрліге шыққан, адамдарды бірден тұтқындап, қызды тауып беруін, тездетіп жауаптай бастады. Көршілері бірден, қоспақ үйді көрсетіп, осы үйде кешкілік топ аттылардың тұрғанын жеткізді. Бұрынғы шалда, жуан қарада мойындарына алғысы келмей, ақталумен болды. Милиция майоры, тез тінтіп шығуға, бұйрық етті. Әлден соң, есіктен жылап жүгіре шыққан Ақеркені көріп,

Сейітказы бірден құшақтап бауырына басты. Жуан қараны көрсетіп: Мынау маған білгенін істеп, зорлық жасады, кешірімес зорлық!-деп қолына ұстаған жуан таяқпен, басынан беріп құлатты. Бірден қан кетіп, тұра алмай жатып қалды, әлден соң есін жинап, қолына кісен салып, аудан түрмесіне алып кетті.

Ақерке жылаумен жол бойы көрген қорлығын айтып, біраз мойыды. Жігіті қатты аяп: Жылама, сенің кінәң жоқ, мұндай аюандардың, қылығы емес пе? Олар түбірімен құрымай тыныштық орнамауына бар!-десті. Құтырған ит құсап, азды-көпті малына семіріп, қыз біткенге көз салып, бақытсыз ету, еттеріне сіңіп кеткен аурудан шыға алмай, басылмай жатқаны «бір құмалақ-бір қарын майды шірітеді»-деген емес пе? Міне солар ел ішін дүрліктіріп, білгенін істеуде!-десті. Үйіне қайтып оралған Ақерке, жарымен бірге жүріп, үй шаруасын істеуге келісті. Түн баласына қорқып, ауылнаймен хабарласып, болған оқиғаны жеткізді.

Ол Жігітке «шиті мылтық тауып беріп» қорғануды тапсырды. Үйлену тойын өткізу белгіленіп, ауыл жастарын шақырып ән-күй базарын жасап, шырқалды. Ақеркені ауыл жастары өлең айтуын сұрады. Олар оның әнін ойын тойларда талай тыңдаған, таң қалған халық қайта-қайта айтқызумен болатын! Ол көбіне өзі шығарып, зарлы мұңын айтқанда жұрт бірден, көзіне жас алып Ақеркежан-деумен тарасатын. Бозжігітке жұбайы Сырсұлмен айтқанын қалап, Ақеркеден көздерін алмай, отырысты. Айтпасқа болмас деп, Сейітказыны қасына алып, көзінің жасын сұрткендей болып, жарқыраған ажарын жұрт көзіне аша түсті.

Өзі шығарған «Өмірім мен Азабым» әнін, асқақ дауысымен шырқап, мұнды жолдары, бүкіл елді жылатты, Сырсұлуда: Қандай өмір кешкені дерсің!-деп, таңдайын қақты. Солардың бәрін басынан өткізіп, өзі сүйген жігітіне қосылу, нағыз барып тұрған батыл қыз!-десті қалың жұрт. Ән айту біразға созылды, түн ауа жастарда сұйылып, тараса бастады, ұмытылмас ән, ауыл аспанында қалықтап, басылмады. Екі жастың оңаша қалғаны, қыз сағынышының алғашқы өз сүйгеніне деген махаббаты, еріксіз жігітінің баурына жақындап ене берді. Жұмсақ жайылған төсек, үстіне көтеріп алып, сұлу қыздың жүзін өзіне қаратып жұмсақ ернінен сүйе түсті. Бойын қызу алып, қыздың денесін өзіне тартып икемдеп, жібектей созылған белінен қысып ұстап, бар дене қуатын, жарының аппақ санына қарай жылжыта түсті. Қызда күткені сол еді, қабыса түсіп, дене балқуымен жалғасты, үстерін күн нұрының шапағаты түскендей болды, біраз жатты.

Көп ұзамай аяғы ауырлап, үйден шыға алмады. Жары сүйгенін аймалаумен болды. Басына қонған бақыт құсын, Ақеркесінің жанынан шықпады, көп күткен сүйген жарының қасында болғанын қалады. Сұлу ажары ашыла түскен «ғашығы» күн сайын әдеміленіп әсемдене түсті, оған ешкімде жетпестей болып «Қыз Жібек»тің өзі болып, жігіт бойын қызықтырып өзіне ала берді. Көрген ауыл адамдарыда: Қандай тамаша жарасымды жастар!-десті. Бұл ауылда болған оқиғаны естіген Махмет, заң орындарының адамдарымен бүкіл ел жұртын Бірлік ауылына

жинады. Келмеген адам қалмады. Болған соқтығыстар, дүрліккен ауыл адамдарының есінен кетпеді. \* \* \*

Махмет жиналғандарды бірден өзіне қаратып: Біз бәріміз бір тағдырдың адамымыз, бізге тиген тар заманның арпалыс күші «Жас қыз біткенді» зорлықпен «тоқалдыққа» алып, кеше ғана жылаған қыз өмірден өтіп, «Денемді шал сипаған құрт жесіндеп, жартастан қыз құлапты терең суға» кетерде зар жылаған қыз дауысы, бәрімізді «дүр» сілкіндірді, ол аюандарға қарсы тұрар адамның болмай қалғаны, өкінерлік, ал осындай оқиға осы жерде болды!

Соған өзінің ержүректілігімен тойтарыс беріп, бәрін жеңіп, табанға салды, ол осы жердің жас жігіті Бозжігіт деген, осындай азаматтар шығып, өз жерінің аюлы жас қыздарын қорғап, ел тыныштығын сақтап, ұрылардың жолын кесіп «елін-туған жерін» сақтаса, қандай дұшпан болсада аяқ басып келе алмас еді! Сондықтан Осы колхозға Бозжігітті колхоздың басшысы етіп тағайындаймын, ол елінде, жерінде қорғайтынына сенемін, енді ешкімде «қас дұшпанда аяқ басып» келе алмайды! Барлық жерлерде осындай болашақ алғыр, күшті, батыл жігіттердің ел басқарып, шаруашылықты алға бастырса деген үміттемін, олар табылады, колхозды басқаратын болады!-деді Махмет.

Қол соққан халық, бір ауыздан қолдап, аудан басшысына ризалық білдіріп тарасты. Колхоз жұмысы күндіз-түні дүрілдеп жүре бастады, нанда молайып, молшылық ел ішіне кіре бастады. Сар даланың өңі өзгеріп, шуақ күндер туа бастады. Жер біткеннің шөбінде қуарып, ағаш жапрағыда, маңайға шашылумен болды. Түсі өзгеріп, ағаш басындағы сары алтын құсаған, бейнесін тастап, өңірді өзгертіп тастады. Бұталарда қуаң тартып, сидиып бітті. Соққан дауыл басылмай, қаңбақ-қиандарды үйіріп сай-жыраға әкеліп тықты. Өзен бетінде бірең-сараң құста кетіп, дүркіреген дауылдың екпінімен тыныштамады.

Құлаң құйрық наз орнады, тамылжып біткен орын ғана қалды. Қуаң жүздің берекесі қашып, суық жел апан түйенінде мойнына оралып, ықтасын іздеді. Жайлым бітіп, бәріде жылы орын іздеді, көшкен ел, қонысына қайтып оралумен болды. Бұл алғашқы қыстың қатал біткен тықыры болатын. Биыл тасыған шөпте, мал қораларына жеткізіліп, қылышын сүйреткен қысқа қарсы тұру, ең маңызды жұмыстың басы болып, колхоздың тағыдыры, осында тұрды.

Қара жол шаңға айналып, басылмады соқан дауылдың күштілігімен, жол бойы созыла біткен, шаң қорғанына айналып сала берді. Жол жүріп болмайды, көзінді басып, мұрныңды тұншықтырып, бетіңе соққан жел, ұсақ тастармен бойыңды бергілеп, құтыңды қашырумен болды. Батылы барып, ешкімде далаға шыққысы келмеді. Қолайлы сәтті күтті. Көп ұзамай қар жауып, бүкіл аймақты басып, ақ көрпесін жауып тастады. Тастағанда қалыңғып мол тастады. Шұнақ аязды қоса ала келді. Тағыда жел тұрып, жаю борасын тұрып, арты боранға ұласты. Бұл табиғаттың тосыны емес, жылдағы қыс, қайтып оралды. Осыны пайдаланып дала

қасқыры, өрби түсті. Бектас бастаған аймақтан, малдың қорын тапқан «дала қасқыры» жұлып тартумен дамыл таппады, малшынында берекесі кетті. Үкімет малын сақтау, бойларын қорқыныш биледі.

Махмет Бектасты шақырып алып: Данабике, Шұқыр, Шөптікөл ауылдарын камтуды тапсырды. Ертеңіне бәрі жиналып, Данабике жеріне бағыт ұстады. Қоныстарына келген бетте қалың қардан орнын тазартып, орнықты. Енді өз құсбегін қолдарына алып, дамылсыз баптауға кірісті. Етте туралып астауда дайын тұрды. Жазық даланың, биік «оба» үсті, қоныстан өте алыс емес, бірнеше қатар салынған сарайлары, албардағы малдары, түгелдей көрініп, басылған боранның бір сәт тыныштығы, бүркітшілер үшін жақысы болды, орайы келді.

Төменге созылған, жазық даламен біте орын тепкен, бұл өңірдің қасқырыда, біз тұрған обаның жағалайындағы талдың арасындағы «апанда» мекен еткені айтылды. Аттыларда толып кетті. Келген бетінде қасқырдың аюдай іздерін кесіп, тал түбінде жоқ болғанына аң-таң болып, қалысты. Бектас олармен сөйлесіп, өзінің іс-қимыл жоспарымен бөлісті, сақ болуын ескертіп, ызалы көкжалдар бәріне баратынын пысықтады. Төмен құлдилап, сатырлаған аяқ алыстары, обаны алып кетті. Қарды боратып, өздерінің жүрісіне жол ашып, таптаумен қарда жұқарта бастады. Ол ыңғайлы!-десті. Бектас тұғырындағы бүркітіне жем-сауын аямады, астауды қайталаумен алдына тосты. Барлығыда қалыспады, Бектастан көргенінің бәрін жасады. Солай болуыда керек шығар. Құсбегі басымдық тек күштілікті керек етеді, күшті болу берген тамағына байланысты!-деді Бектас.

Алып күш «Гималай» бүркітінде болды. Ызалы бейнесі, дамылсыз мазасыздануы, қасқырдың ырылдап, атты адамнан қорықпауы, қайта қарсы шауып, жарақат етуі айдан анық. Обаға жағалай салып, мекен еткелі біраз жылдың жүзі болғанға ұқсайды. Соны тауып табанға салу, үстін таптап көзін жоғалту, әдісі алдыда тұрды. Әліде ат жүрісі толастар емес, шыққан қасқыр байқалмайды. Бектас байқап қалып, талдың сыртынан емес, етекті қойып, ішіне кіріп сүзіндер деп, бұйырды. Топтасқан тобыр ішінен сілтеп сүзе бастағанда, атылған қасқыр тобы, оқ құсап жоғары шығып, талды басып, атқылаумен болды, жазықтағы қарды боратып, құйындата басты, алысқа басты. Айғай үсті-үстіне үйілген қардай болып, бораумен құсбегінеде жетті. Тұғырында отырған құс «лып» етіп, шыға зуылдаумен, қатар кетіп бара жатқан көкжалдың екеуін көзі шалды. Қанатын бірден қомақтап, зуылдап келіп, асау күшпен оң қанатымен сарт еткізіп соғып жіберді, көкжал домалап барып, үйілген тас балшыққа басымен соғылып, бірден бітіп кетті, екіншісін қуып жетіп, үстінен басып, тағыда сол қанатын «гүрс» еткізді, сай қабағына соғылып, жатып қалды. Қаршыға ұшумен қасқырдың беліне қонып, аюлы тұяғымен қапсыра қысып, жанын бірден шығарды.

Соңғы қасқыр ұзап кетседе, соңына салды, жетіп алып аюдай тұяғымен іліп алып, жоғарыға тік көтеріліп, төмен лақтырып кеп жіберді, жерге құлаған қасқырдың мылжасы шығып, табанда жан тапсырды. Бектас көк төбелмен шауып

келіп, қаршығасын шақырып, ат үтіндегі тұғырына қондырды. Құсбегінің кереметтігін бірінші көрген ауыл адамдары «бұл ғажап» екен!-десті. Обаға көтеріліп құс бегін тұғырына отырғызып үлгірді. Адамдарын жіберіп, олжаларын алғызды. Терісін сыпырып алып, ауданға жіберуге, илеп дайын етуді Айымбетке тапсырды, оның бұл жұмыс қолынан келетінін, Бектас бұрыннан білетін. Өзі жемдеп, баптаудың әдісіне көшті.

Қалау мен Жантас дайын тұрды. Бектас оларға: Енді сендер бақтарыңды сынап көріңдер!-деді. Қалау құсын қолына отырғызып, атына міне салып, төмен құлдилап берді. Сол кезде, тағыда басқа апанның тұсынан атыла ұшып, қарғумен төмен салды. Бұларда көкжал құсаған ғұбан екені байқалып қалды. Бүркіт соңынан салды. Қанатын бауырына қыса түсіп, зымыраумен үстінен бірақ шықты, бұл керемет ұшуы еді. Үстінен басып, арқасына мініп ұстап, ұзын тұмсығын жұмсап, көзін шығарып, қараңғы етіп ағызып жіберді, құлаған бойы қасқыр аяғын тырмалаумен бітті. Қалау жетіп келіп құсының аяғын әрең шығарып алып, қолына қондырып, олжасымен қос басына жүріп кеті.

Жантас көз алмастан, соңғы қасқырдың ізіне шапты. Құста байқаған болуы керек, «лып»қойды, зырғыған құс тоқтар емес, ұшуы ширақ, жанталас үстінде, сол қалпымен үстіне баса қонды. Ауыр аяқтардың тұяғын денесіне батыра түсіп, жүрісін бірден шамалатып, тұмсығын соза беріп, тамағын орып жіберді. Қан сау етіп қар үстін алып кетті, қансыраған бойы жан тапсырып, өліп тынды. Бұлардың алысына Бектас маз болып мақтау үстінде болды. Олжа бұл жолы жаман емес, баптауды бастауға бетбұра кірісті. Айымбет әкелген қасқырдың, жылыдай тұрғанында терісін алуға мықтап кіріскен еді, Бектастың айтуынша: Бәріңде қасқыр ішік кийетін боласыңдар!-деген еді.

Қалау тағыда бүкшендеп, икімі келмей жатқанын байқап қалған Жантас қарқылдап күліп, Айымбетке көз қысты: Ананы қарашы дегендей, иегімен нұсқады. Айымбетте біліп төмен қарап күлдіде, өз шаруасымен бола берді. Қалау қызара бөртіп: Қарынның кесірінен көп нәрседен қағылып жүрмін!-деп шындығын айтып салды. Осы жайды ақырын ішіне түйді де, Қалау Жантастың бір ыңғайын күтті, қайтару кегі ойында болды. Тымырық сөзге тырысып бақты. Сұғып алған ащы тіл Жантастан шығайын!-деді. Қалау әзіл соқпағын ешкімге жібермейтін еді, бұл жолы, ештеңе табалмай састы. Атқа мінгенде Жантастың ат үстінде отырысы, баяғы жетпістегі шал құсап, құлама болғанын сынап өтті. Қалау мазақ етіп: енді сені, аңғада жіберуге болмайды, бір жерде тонқалақ асып, жерге құласаң, дененді мен сүйеп әкелмеймін!-деді. Ондай шал кісі кімге керек, масылғып ортамызға ұстап!-деді Қалау тағыда сөзді қоздырып. Күн ашылып, желде басылғандай болды, төменнен ат шабыс тоқтамады, оба үлкен аймақты құраған, жағалай өскен ағаштың ішін сүзіп шығу оңайға түспеді. Пергілеген жастардың қолындағы құрықтардың, сартылы басылар емес. Олар әптен ыза болғанға ұқсайды, жыл сайын табынға

шауып, жаман үйренген. Басып жеп, сүйретіп әкетумен әккі болған, өлексеге толы, маңайда сүйек қаңқалары толып жатыр.

Апан інінің дәл, үстінен шыққан, аттылардың тұяғы батып, бірінен соң бірі, ойып құлатып, жыра жасай бергенде, атып шыққан тағы екі қасқыр, дала төсіне қарай жол тартты. Бектастың қаршығасы, қасына барғанша «жұлқынып» ұшып, қиғашты салды. Дауылдатып барып, алып дененің қанатымен ұрып өтіп, домалап барып, басы тасқа соғылып, жатып қалды, екіншісі кұа түсті, оның құтылмайтынын біліп, ағып барып, екінші қанатын жұмсап, үлгірді. Домалап барып, тас-талқаны шығып, қатты соққыны көтере алмай, өліп кетті. Алып денелі құсты көргендер, аңтаң бұл өзіміздің дала қаршығасына ұқсамайтын құс!-десті. Апан бітті!-деп, аттылар жоғары көтеріліп, Бектасқа баян етті. Оларға рахметін айтып, шығарып салды.

\*\*\*

Бектас Шұқырға бет ұстады, олда аты шулы, аймақтың бірі болатын. Өткен жылы адамға шауып, жаралап кемісқып кетті, сол бетімен аяғынан айырлып, мүгедек болып қалған. Онда тобыры бар ұялы қасқырдың тұқымы!-десті. –Жұлдыз «Ән көші» көп жерлерді аралап, халықтың тұрмыс-жағдайын біліп, Махметтің тапсырмасымен «отырған қыздармен сөйлесіп» олардың болашағына ақыл-кеңес беруді тапсырған болатын, бірін қалдырмай сауатын ашып, таланттарын қалаға оқуға жіберуді ұсынған, заңмен таныстырып, артынан халық алдында әнмен концерт беруге келген-ді.

Сол бетімен, олар Данабике жерінде болды. Халықты мектепке жинап, бірін қалдырмай, қазақ қыздарын сөйлетіп, сөзге тартып, болашақ өмірдің, жастар үшін керектігін түсіндірумен болды. Тамаша киінген, сұлу бикештер, ауыл сәні болып, оларда Жұлдыздың басқарумен өлеңдер айтып, көңілдерін көтерді. Ұмытылмастай болып «Ән көші» қалың жұрттың жүрегінде сақталып, әсіресе Данагүл мен Ақжарқынның әндері «мұнды» өлең болып, естерінде қалды. Жұлдызды Көктал ауылы асыға күтті....

Сұлуым ауыл мектебін жақсы оқып бітірседе, жалғыз шешесін тастап, оқуға қатарымен бара алмады. Көбіне үйінен шықпай отырған қыз атанып, Үшқарасу ауылында болды. Оның ажарына көрген адамдар бірден ғашық болып, сөз тартуды қалады. Сондықтан бір пәлеге кезігемдеп, үйінде болды. Сұлуымның құрбысы Сарықыз қалада оқуда болатын. Сарықыз ауылдағы құрбысын жақсы көріп, келген сайын, бірге болып, үйінде кешті өткізетін. Сарықыз оқуда, көршілес ауылдан келіп қалада оқып жатқан Мағауия деген әдемі жігітті кездестіріп, танысқан болатын. Бірақ Сарықыз өзінің сұлу құрбысын айтып, оқуға келе алмағанын жеткізген еді. Қыз бірден: Сен соның теңісің, ол өте сұлу «ай мен күндей» екеуің жарасып, қосылсандар қандай жақсы болар еді!-деп бірнеше рет кездескен сайын ойына салатын. Осы жолы сол жерлесімен оқудан демалысқа оралды. Қыз шақырып, ауылындағы құрбысы Сұлуымға таныстырғысы келді. Жігіт кет әрі болмады, келісті. Бұл құлпырған жаздың тамаша жылы кезі болатын.

Қыздың сол жігітті көруге аңсары ауып, сырттай ұнатқан болып, құрбысының айтуымен жақсы көрді. Сарықыз келетінін айтып, алдамайтын жігіт деп, мақтаумен болды. Сұлуым өте көркем, тамаша жүзі тамылжып салған әніде бір ғашық жарының бар екенін, айтып әнін сүйеу қылып, үйінде ұзақ айтатын. Қолынан келмейтіні жоқ, қарап отырмай істе тігіп, Сарықызға көйлек тігіп, кигізгенде сол құрбысы. Жастайынан бірге оқып, бірге өскен, бірге жатып, айырылмастай дос болып, бірін-бірі көре алмаса тұра алмайтын. Келмей қалса үйіне барып, өздері қалаған үйде бірге қонатын. Тамаша көйлегін көргендер қызығып Сарықыздың үстінен көздерін алмай қоятын. Мағауияда жігіттің сұлуы, ақшыл тартқан әдемі келбеті, маңдайы жарқырап, көңілді жүзі, жерлес десе бар жанын беретін, сыпайы жігіт, мінезінде келбетіне ылайық.

Сұлуым айтқан жігітті асыға күтті. Бір күні Мағауия жолы түсіп, қыз аулына келіп, астындағы мінген атымен Сарықыздың үйін сұрап, ақшыл тартқан қоржын үлкен үйге бас сұғып, есікті ашып кіре берді. Алдынан қыз анасы шығып: Ол құрбысының үйінде, содан табасың! Мен даладан көсетейін деп, бірге ере шықты: Сонау тұрған ақ үй, жанында үлкен ағаш өскен!-деп нұсқады. Апайға рахмет айтып, атына мініп, шоқытып барып, көрінбей тасасына атын байлап, үй маңына келе берді.

Сыртқы есікке жақындап, есігін қағып, тұра бергенде, үй ішінен жүгіріп келіп, есіктің тиегін ашып жіберді. Баяғы өзіне таныс жерлесі Сарықыз қуанып бірден қарсы алып: Кір үйге! Уақытында келдің! Өте жақсы болды!-деді. Сарықыз бірден: Сұлуым қайдасың қонақ келді! Мағауия келді!-дей бергенде алдынан бір тамаша қыз шыға келді. Өте сұлу сымбатты, әдемі киген киіміде жараса түскен. Сарықыз бірден таныстырып: Құрбым Сұлуым, ал мына жігіт аты Мағауия!-деді. Айтса, айтқандай екен!-деп ішінен бірден ұғынды. Сұлуым дайындап қойған шайға шақырып, қонаққа жол көрсетті. Мағауияда ажарлы жігіттің өзі, келбетіне ақылыда сай, жұмсақ сөйлеп, қыз көңілінен шыға бастады.

Шай ішкенде Сарықыз, екуін қатар отырғызып, таныса беруін қалап, шайды өзі құйып күтуде болды. Мағауия ашылып кейде күлдіріп, көңілді отыруды қалады. Шай ішіліп болған соң, кең бөлмеге, қыздың жатқан бөлмесіне келіп бас сұқты. Бөлме іші қандай тамаша, тұста өзі тоқыған кілем, ұлттық өнермен әшекей салынған қызыл түсімен көрік беріп тұр, төрде текмет үстінде тағы тоқыған жаңа кілем төселген, төсек көрпелер жайылып, құс жастықтар тасталған жерге отырып, дем алғандай болып, әңгімеге баса бастады.

Тап-таза оймақтай үй іші, көңілді жүзінді алып, қояды. Кілем тұсында, Сұлуымның қызыл көйлегімен көк желеткесі түрлі-түсті жібек маталармен безендірілген, жоғарғы жағында камшат бөркі көрінеді. Сарықыз таныстырып: Бұл киімді Сұлуым өзі қолынан шығарып тіккен, ал мына кілемдіде жалғыз тоқып, тұсына ілген. Ұлкен төсшағашты қоршаған, атлас шымылдық, бойымен жарасып, күн сәулесінің жарығымен жалт-жұлт етіп, жарқырай түскен. Сарықыз әлден соң,



екеуін оңаша тастады да, үйіне барып келемін деп, есіктен шығып, жауып кетіп отырды.

Мағауия пысық, ашылған жігіт, бірден сөз бастап: Сұлуым енді біз жақын адамбыз, танысып-біліскен соң, ұялмай әркім өзінің ойын айтып ортаға салғанымыз, өте орынды, ал мен болсам өзінді бірден ұнатып, болашақ жарым осындай болса екен деп, қалаумен келген бетімде сол еді, Сарықыз көрген сайын айтып, сырттай өзінді «ғашық» етті!-деді жігіт күлімдей сөйлеп, Сұлуымның оң қолын ұстап, өзіне тартты. Ыстық қолы, аппақ білегімен жылжып келіп, бойымды бірден алып жөнелді. Менде бойымды билей алмай, жалын оты құсап шарпып өткендей болды. –Қыз қолын жинап алдыда: Менде құрбым айтқан соң бір көруге ынтықтым, оның әрбір сөзін есіме сақтап, ойлаумен, менің сүйген адамым болса екен деп, қаладым!

Содан бері: Сенің жүзің менің ойымнан шықпады, ылғида мен оны қайтсемде осында шақырып, екеуінді таныстырамын, біріңе-бірің лайықтысыңдар «Қозы мен Баяндай» өмір сүретін боласыңдар, бір жаманға кетіп қор болма деп, талай менің есіме салғанын білемін!-деді қыз қара көзімен, жігіттің жүзіне қарап, сүйетіндігін білдіргендей болды. Жігітте өте ұнатып, қолынан ұстап, кеудесіне басты, алып ұшқан жүрегі толастамай қамықты, бірақта қыздың аппақ бетінен көзін алмай, біраз тұрды.

\*\*\*

Батылы бармады. Танысқаны жаңа ғана, тек өздерінің сырларымен бөлісіп, біраз, әңгімемен отырды. Қыздыңда бойын билеген, сағыныш сезімі ойанғандай, ыстық қолын жігіттің алақанында болғанын қалағандай, тартып алмады. Жігіт бойын қыздың қасына жақын отырып, жібектей созылған денесінен ұстағысы келді. Әлден соң жігіт, ақшыл білегін, кеудесінен алып, бетіне басты, мөлдір таза білегі ақматадай көрініп қызықтырған соң, аузымен сүйіп алды. Ыстық денесі басылар емес, шыдамы таусылды. Қызда әрі кетпеді, олда өз сүйгенін, құшақтағысы келді, бірақ ұялып, іштей басыла берді. Жігіт қолын жіберіп, жіңішке белінен ұстап, өзіне жақындатып, жылжыта түсті. Қос қолымен құшақтап, асыл денесін өзіне тартып, ыстық тартқан ернінен сүйіп барып, үзілді. Қызда шыдамады, мойнына оралып, жігіттің денесіне жақындап, бойы ашыла түсті. Жігіт арманыда осы еді, жалма-жан бар құшағымен қызды еркін сүйіп, дамылсыз құшақтаумен болды. Ақ тамағынанда сүйді, қыздың бойын өзіне беттестіріп, қызуын басқандай, қыз денесін босатпады. Арманыда осы болды.

Жарын тапқан қызда көңілді жүзімен, ақшыл тартқан ақ тістері көрініп, жігіттің сүйген аузымен беттесіп, жасырумен болды. Жігіт құшағын алмай қыз сағынышын өзіне тартып, жібермеске бекінді. Лаулаған отты денесі, қызға ауысып, сүйісумен қызуын қайтара алмады. Қыз денесін шарпыған жігіт қызуы басылмай түгел қыз бойын алып, құшақтасыумен бөлмедегі көрпе үстінде біраз жатты. Ұзақ жатты...Қыз жүзінде, ұялаған бір кірең кетпей қойды. Ол кірең уайым болып, қыздың түрін алып, солғын тарта берді.

Қанша жігіт құшақтап, өзіне тартып, жанын беріп сүйседе, қатып қалған уайым, көңілінен шықпады. Мойыған бейнесін байқап қалған жігіт, айтқызуға тырысып бақты. Мағауия оймақтай ернінен қайта-қайта сүйіп, көңілді етуге, тырысты бірақ болмады. Жаным! Жарым! Асылым!-деген жігіт сөзі жібіте алмады. Болмадың ғой сұрап, мен сені бірден бұл оқиғаға араластырғым келмейді, жазым болып, сенен айырлып қалам ба?-деп қорқамын. Сондықтан өзім айтып, ол адамға өзім сазасын беріп, маңайлатпауға бекінген едім!-деді қыз көзіне жас алып. Жылама! Мен сенің жарыңмын! «Мәңгілік» жарыңмын! Сені қорғау мен үшін бақыт, сол бақытты біреудің қолына бере алмаспын!-деді Мағауия.

Ол Түйебай деген кісі, орта жасқа келген, мені сыртымнан қызғанып, алмақ ойы бар, жағалай тор құрып, мені қолына түсіріп, зорлап қатын ету керек деп, дамылсыз соңымнан қалмай жүр!-деді. Көрсет маған, үйін айт қайда тұрады, аржағын өзім көремін!-деді Мағауия шыдай алмай орнынан атып тұрып. Тұра тұр Сарықыз келсін, бірге шығып көрсетерміз!-деді. Мағауия оқуда бокспен айналысып қала «чемпионы» болған, күш көрсеткен ондайлардың талайын ұрып құлатқан, ешкімненде қорқар емес, тек Түйебайды бір көру еді. Көп ұзамай Сарықызда келіп кірді.

Мағауия мен Сұлуымды үйіне қонаққа шақырып «тоқты» сойылғанын жеткізді. Қыз жасырмады Сарықызға бұрында айтқан болатын, Түйебай әліде соңымнан қалмай, түнеугүні ұстап алып, кешкілік үйіне сүйреп, әрең құтылғанын жеткізді. Ол өте жынды, қарулы адам, ашумен бәріне барады, жұрт қорқып маңайына жоламайды, талайды ұрып төбелес шығарғанын, бұрыннан білемін!-деді Сарықыз. Маған көрсетші, кім болмақ түгіл, көрейін!-деді Мағауия. Олар үшеуі үйден шығып, Түйебайдың үйіне маңайлай берді. Мағауия салған жерден: Сендер жасырынып тұра тұрындар, мен шақырып көрейін деп, үйіне тартты. Есігін қағып: Түйебай шық!-деп айғай салды.

Әлден соң есік ашылып, іштен еңгезердей, қара кісі, түксейген қабағымен, бірден жігіттің денесіне жабыса түсті. Мағауия сасқан жоқ, есік алдынан шығарып алдыда, қос қолымен кезекпен «періп-періп» жібергенде, тоңқалақ асып, басымен үйдің тасына соғылып, қан кетіп жатып қалды. Әлден соң есін жинап, бір қарадыда шекпенін алып, қара жолға қарай кете барды. Сол кеткенінен оралмады. Қорқып қалған халық қуанысып Мағауияны қоршап алды: Бар пәледен құтылып, қандай жақсы болды!-десті. Сұлуым жүгіріп келіп, Мағауияны құшақтап, бетінен сүйді, қолынан ұстап, құрбысының үйіне бет алды. Ертеңіне Сұлуымды алып, Мағауия қалаға тартты. «Ғашық жарын»сүйумен аймалап жанынан, бір сәт шығармады, Сұлуымды қол өнер оқуына түсіріп, жеке отбасын құрып «үйленді»! Бақытты екі жас, бір жылдан кейін, ер баласымен оқуын бітіріп туған ауылына оралды....

*Ж. Махметов. Махмет Оразалин*  
*Екінші кітап*  
*Роман*

Формат А5, объем стр. 202. Тираж 100 экз

«ҰлтССО» АҚ полиграфиясында басылды.  
Қазақстан Республикасы,  
Астана қаласы, М.Әуезов көшесі, 28/1  
тел.: 8 (7172) 32 40 05

